

Қазақстан Республикасы  
Оқу-ағарту министрлігі

Ы. Алтынсарин атындағы  
Ұлттық білім академиясы



2025-2026 оқу жылында  
Қазақстан Республикасының  
жалпы білім беретін мектептерінде  
білім беру процесін ұйымдастырудың  
ерекшеліктері туралы

# ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ ХАТ



Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі  
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

2025-2026 оқу жылында

Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін  
мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың  
ерекшеліктері туралы

## ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ ХАТ

Астана  
2025

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми-әдістемелік кеңесі шешімімен ұсынылды (2025 жылғы 5 маусымдағы № 2 хаттама).

**«2025-2026 оку жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін үйімдастырудың ерекшеліктері туралы»** әдістемелік нұсқау хат. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2025. – 172 6.

Әдістемелік нұсқау хатта Қазақстан Республикасы білім беру үйімдарының мектепалды және 1-11-сыныптарында 2025-2026 оку жылындағы оку-тәрбие процесін үйімдастыру жөніндегі материалдар берілген.

Әдістемелік нұсқау хат орта білім беру үйімдарының басшыларына, педагогтеріне, әдіскерлерге, білім басқармалары мен бөлімдерінің, білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаменттерінің басшылары мен мамандарына арналған.

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы жекелеген үйімдардың мұддесін ұсынуды немесе қорғауды мақсат етпейді.

## МАЗМҰНЫ

<b>6</b>	<b>I 2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНДА БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТАҮРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРИ</b>
<b>7</b>	1.1 Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру бойынша нормативтік құқықтық актілер
<b>12</b>	1.2 Үлгілік оқу жоспарларының ерекшеліктері
<b>13</b>	1.3 Мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабактастығы
<b>17</b>	1.4 Мамандандырылған білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері
<b>21</b>	<b>II БАСТАУЫШ, НЕГІЗГІ ОРТА ЖӘНЕ ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУДІҢ МЖМБС, ҮОЖ, ҮОБ ІСКЕ АСЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРИ</b>
<b>21</b>	Тіл және әдебиет
<b>37</b>	Математика және информатика
<b>47</b>	Жаратылыстану
<b>64</b>	Адам және қоғам
<b>80</b>	Технология және өнер
<b>95</b>	Дене шынықтыру
<b>97</b>	«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық»

99	III ИШКІ ЖӘНЕ СЫРТҚЫ БАҒАЛАУДЫ ӨТКІЗҮ ЕРЕКШЕЛІКТЕРИ
110	IV ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТАҮРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРИ
122	V ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ
127	VI АРНАЙЫ БІЛІМ БЕРУ
133	VII БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ПЕДАГОГТЕРИ МЕН БАСШЫЛАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІН ӘДІСТЕМЕЛІК СҮЙЕМЕЛДЕУ
138	VIII АУЫЛ МЕКТЕПТЕРІНІҢ ӘЛЕУЕТІН ДАМЫТУ
140	IX ОҚУ ПРОЦЕСІНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ КІРІКТІРУ
148	X ПЕДАГОГТЕР ЖАРИЯЛАНЫМДАРЫ: АКАДЕМИЯЛЫҚ ЖАЗЫЛЫМ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚ
156	Білім беру жобалары білім беруді дамытудың драйверлері ретінде
160	Атаулы күндер
161	1-ҚОСЫМША. Оқу пәндерінен бөлім бойынша жынытық бағалау сандары

## **Құрметті әріптестер!**

2025–2026 жаңа оқу жылында білім беру сапасын арттыру, тәрбие жұмысын жетілдіру, білім алушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу, педагогтердің кәсіби да-муын қамтамасыз ету секілді маңызды міндеттер түр.

Аталған міндеттерді іске асыру мақсатында әзірленген әдістемелік нұсқау хат сіздерге оқу-тәрбие процесін тиімді үйімдастыруда көмекші құрал болады деп сенеміз.

2025–2026 жаңа окужылына арналған әдістемелік нұсқау хатта келесі бағыттар қамтылған:

- оқу бағдарламаларының мазмұнын сапалы іске асыру;
- оқу жетістіктерін бағалау және академиялық адалдықты ұстану;
- мектепке дейінгі және бастауыш білім арасындағы сабактастық;
- «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде тәрбие жұмысын жүзеге асы-ру;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды психологиялық-педагогика-лық қолдау;
- педагогтер мен мектеп басшыларының үздіксіз дамуы;
- ауыл мен шағын жинақты мектептердің әлеуетін көтеру;
- педагогтердің ғылыми мақала жазуына, зерттеу жұмыстарын жүргізуіне әдістемелік қолдау көрсету.

### **Назар аударыңыз!**

Қазақстанда 2025 жыл – Жұмысшы мамандықтарының жылы деп жарияланды. Білім беру үйімдарының алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі – білім алушыларға мамандықты саналы таңдауға негіз болатын еңбек нарығындағы сұранысқа ие мамандықтарды таныстыру, мамандық таңдауға қолдау көрсету, жұмысшы мамандықтарының маңыздылығын түсіндіруге бағытталған кәсіптік бағдар беруді қамтамасыз ету.

Мемлекет басшысы «Орталық Азия – Қытай» саммитінде сөйлеген сөзінде еліміздің ғылыми әлеуетін нығайту, бірлескен зертханалар мен инженерлер академияларын да-мыту мақсатында 2026 жылды – Білім және ғылыми зерттеулер жылы деп жариялауды ұсынды.

Бұл бастама бірлескен зертханалар мен инженерлер академияларын дамытуға бағыт-талған. Білім беру үйімдарының басты міндеттерінің бірі – білім алушыларды зерттеу іс-әрекетіне белсенді тарту, ғылымға деген қызығушылықтарын дамыту, сондай-ақ жо-балau мен танымдық іс-әрекеттің негізгі дағдыларын қалыптастыру.

Биылғы оқу жылында білім алушылардың жобалық ойлауын дамытуды қалыптастыруға, ғылыми-танымдық іс-әрекетке белсенді қатыстыруға ерекше назар аудару керек, сон-дай-ақ білім алушылардың функционалдық сауаттылығын, цифрлық құзыреттіліктерін дамыту және үлгерімі тәмен білім алушыларға академиялық қолдау көрсету бойынша жұмыстар жалғасын табады.

# 1

## 2025-2026 оқу жылында білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері



2025-2026 оқу жылында білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері мыналар:

- оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда – 33 оқу аптасын, 2–11(12)-сыныптарда – 34 оқу аптасын құрайды;
- мектепке дейінгі және бастауыш білім беру бағдарламаларының сабактастығын қамтамасыз ету жоспары іске асырылуда;
- сапалы және қолжетімді білім беру үшін заманауи форматтағы «Келешек мектептері» жобасы іске асырылуда;
- еліміздің 17 аймағында 5022 ауыл мектебінің әлеуетін дамыту бойынша «Ауыл мектебі – сапа алаңы» жобасы жүзеге асуда;
- «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында бейіндік сыныптар құрылуда;
- барлық орта білім беру ұйымдарында педагог – кәсіби бағдар берушілер білім алушылардың ерте кәсіптік өзін-өзі анықтау жұмысын ұйымдастыруда;
- педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарына өзгерістер енгізілуде (ҚР Оқу-ағарту министрінің 25.02.2025 жылғы №32 бұйрығы).

## 1.1 ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕР

2025-2026 оқу жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін іске асыру кезінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы» және т.б. заңдарды және басқа да заңнама актілерін басшылықта алуы және оқыту процесін келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асыруы тиіс:

1	«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы	<a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031</a>
2	«Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2024 жылғы 27 наурыздағы № 161 бұйрығы	<a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2400034631">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2400034631</a>
3	«Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығы	<a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029767">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029767</a>
4	«Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы	<a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249</a>
5	«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізу дің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы	<a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V080005191_">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V080005191_</a>
6	«Білім беру ұйымдарында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 26 мамырдағы №123 бұйрығы	<a href="https://uba.edu.kz/ru/nauka/9">https://uba.edu.kz/ru/nauka/9</a>
7	Қазақстан Республикасында ауыл мектептерін дамытудың «Ауыл мектебі – сапа алаңы» тұжырымдамалық тәсілдерін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 31 қаңтардағы №21 бұйрығы	<a href="https://uba.edu.kz/ru/nauka/9">https://uba.edu.kz/ru/nauka/9</a>

8	«Қазақстан Республикасындағы инклюзивті саясаттың 2025 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 30 желтоқсандағы № 1143 қаулысы	<a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2400001143">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2400001143</a>
9	««Үлттық білім беру деректер қоры» ақпараттық жүйесін қалыптастыру, сүйемелдеу, жүйелік-техникалық қызмет көрсету, интеграция және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 тамыздағы № 354 бұйрығы	<a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029187">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029187</a>
10	«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттардың түрлерін, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың нысандарын және оларды есепке алу мен беру қағидаларын, сондай-ақ білім беру үйымдарында білім ауды аяқтамаған адамдарға берілетін анықтамын ысансын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығы	<a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1500010348">https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1500010348</a>
11	«Тәлімгерлікті үйымдастыру қағидаларын және тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 160 бұйрығы	<a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020486">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020486</a>
12	«Орта білім беру үйымдарына арналған жекелеген пәндер бойынша оқулықтар мен базалық оқулықтардың, мектепке дейінгі үйымдарға, орта білім беру үйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы №216 бұйрығы	<a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020708">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020708</a>
13	«Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдарын қоспағанда, тиісті типтердегі және түрлердегі білім беру үйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы	<a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029329">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029329</a>
14	«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, орта білім беруді, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 қарашадағы № 596 бұйрығы	<a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700016138">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700016138</a>
15	«Мектепке дейінгі, орта білім беру үйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру үйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарактандыру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығы	<a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013272">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013272</a>

16	«Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қарашадағы №83 бұйрығы	<a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013317">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013317</a>
17	«Мемлекеттік білім беру үйымдарының бірінші басшыларын ротациялауды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 11 қарашадағы №559 бұйрығы	<a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100025128">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100025128</a>
18	«Мемлекеттік білім беру үйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 31 наурыздағы № 57 және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2025 жылғы 31 наурыздағы № 96 бірлескен бұйрығы	<a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2500035900">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2500035900</a>
19	«Мектепке дейінгі үйымдардың және жалпы білім беретін мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарының, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдеғі № 130 бұйрығы	<a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020317">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020317</a>
20	«Орта, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарында, оның ішінде қолайсыз ауа райы метеожағдайларында, сондай-ақ тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде (жекелеген обьектілерде) төтенше жағдай, шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген, төтенше жағдайлар жарияланған кезде қашықтан оқыту бойынша және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарында онлайн-оқыту нысанында оқу процесін үйімдастыру қағидаларын, сондай-ақ қашықтан оқытуды ұсыну бойынша білім беру үйімдарына қойылатын талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 27 қарашадағы № 349 бұйрығы	<a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300033682">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300033682</a>
21	«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, орта білім беру үйімдарында педагогикалық қенес қызметін үйімдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 2 сәуірдегі № 125 бұйрығы	<a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020292">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020292</a>
22	«Білім беру обьектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы	<a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100023890">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100023890</a>

23	«Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын өзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы №175 бұйрығы	<a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020567#z1">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020567#z1</a>
24	«Үздік педагог» атағын беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 16 қаңтардағы №12 бұйрығы	<a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V15H0010279">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V15H0010279</a>
25	«Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыруды және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курсан кейінгі қолдау қағидалары» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы №95 бұйрығы	<a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013420">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013420</a>
26	«Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы №26 бұйрығы	<a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013085">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013085</a>
27	«Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы №564 бұйрығы	<a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017553">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017553</a>
28	«Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы №18 бұйрығы	<a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013067">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013067</a>
29	«Жеңімпаздары, жүлдегерлері және оларды дайындаған педагогтер бюджет қаражаты есебінен біржолғы сый-акымен көтермеленетін жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №333 бұйрығы	<a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200028915">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200028915</a>
30	«Жалпы білім беретін пәндер бойынша респубикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесін және оларды іріктеу өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 514 бұйрығы	<a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1100007355">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1100007355</a>
31	«Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығы.	<a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200031053">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200031053</a>

32	«Қазақстан Республикасы білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал обьектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы № 117 бұйрығы	<a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200027414">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200027414</a>
33	«Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №4 бұйрығы	<a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200026618/compare/kaz">https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200026618/compare/kaz</a>
34	«Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметтінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі № 92 бұйрығы	<a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2500036047">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2500036047</a>
35	«Педагогтің жұмыс уақыты мен демалыс уақыты режимінің ерекшеліктерін айқындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 21 сәуірдегі № 153 бұйрығы	<a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020449">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020449</a>
36	«Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 21 шілдедегі № 224 бұйрығы	<a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300033166">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300033166</a>
37	«Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 31 тамыздағы № 748 қаулысы	<a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000748">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000748</a>
38	«Білім беру ұйымдарына және олардың аумақтарына әкеleуге тыйым салынған, оларда пайдаланылуы шектелген нәрсeler мен заттардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 25 мамырдағы № 235 бұйрығы	<a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100022857">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100022857</a>



### Назар аударыңыз!

- Қолданыстағы НҚА-дағы өзгерістер мен толықтырулар Әділет ақпараттық жүйесінде көрініс табады.
- Педагогтер МЖМБС, Үлгілік оқу жоспарлары, Үлгілік оқу бағдарламаларының электронды нұсқасымен жұмыс жүргізе алады.

## 1.2 ҰЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЛАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Орта білім беру үйымдарындағы білім беру процесі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген Ұлгілік оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген орта білім беру үйымдарының (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру) қызметінің ұлгілік қағидаларына сәйкес, білім беру үйымдары:

- орта білім беру үйымының түрін ескере отырып, оқу процесі қай ұлгілік оқу жоспары бойынша үйимдастырылатынын, оның ішінде қысқартылған оқу жүктемесі бар ұлгілік оқу жоспарын дербес таңдап алады;
- таңдалған ұлгілік оқу жоспарына сәйкес білім беру үйымының ерекшеліктерін ескере отырып, жұмыс оқу жоспарын және вариативтік компонент пәндерінің жұмыс бағдарламаларын өзірлейді.

2025–2026 оқу жылына арналған жұмыс оқу жоспарын өзірлеу кезінде Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің ұлгілік оқу жоспарларын (оның ішінде тәмендетілген оқу жүктемесімен) тиісті білім беру деңгейіндегі оқу жүктемесінің ерекшеліктерін ескеру талап етіледі.

Бастауыш білім беру деңгейі бойынша жұмыс оқу жоспарын өзірлеу барысында ескерілуі қажет:

- «Көркем еңбек» пәнін кезең-кезеңімен бөлу шеңберінде 4-сыныпта «Бейнелеу өнері» және «Еңбекке баулу» жеке оқытылады, әрқайсысына аптасына 1 сағаттан бөлінеді.

## 1.3 МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖӘНЕ БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУДІҢ САБАҚТАСТЫҒЫ

**Мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабактастығының қамтамасыз ету бойынша жұмысты ұйымдастыру**

Балабақша мен мектеп арасындағы өзара іс-қимыл Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндettі стандарттарын, сондай-ақ Мектепке дейінгі және орта білім беру бағдарламаларын үнде-стіру мақсатында тірек балабақшалардың, тірек консультациялық пункттердің және тірек мектептердің өзара іс-қимылын қамтамасыз ету бойынша қадамдық іс-қимыл жоспарын іске асыру мақсатында түлектердің балабақшадан мектепке біртіндең көшуіне жағдай жасауға бағытталған.

**Өзара іс-қимылдың негізгі міндеттері:**

- мақсаттарды, міндеттерді, мазмұнды, сондай-ақ белгіленген нәтижелерге қол жеткізу жолдарын айқындаудың бірыңғай тәсілдерін өзірлеу;
- тәрбиелеу — білім беру процесінің барлық қатысуышыларының-мұғалімдердің, тәрбиешілердің, балалар мен олардың ата-аналарының тиімді өзара іс-қимылды үшін жағдай жасау.



**Назар аударыңыз!**

Мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабактастығының қамтамасыз ету үшін педагогтерге көмек көрсету мақсатында мектепке дейінгі ұйымның орта білім беру ұйымымен өзара іс-қимылды бойынша ұсынымдар өзірленеді <http://irrd.kz/sites/irrd.kz/uploads/docs/2025/04/d-k1410.pdf>

**2025-2026 оқу жылында мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарында тәрбиелеу- білім беру процесін ұйымдастыру**

2025-2026 оқу жылында жалпы білім беретін мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптары тәрбиелеу-білім беру процесін жүзеге асыруды мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді (бұдан әрі - НҚА) басшылыққа алады.



## Назар аударыңыз!

НҚА Балаларды ерте дамыту институтының [www.irrd.kz](http://www.irrd.kz) сайтында орналастырылған (НҚА айдары)

### **Мектепалды сыныптар қызметінің тәртібі**

«Білім туралы» ҚР Заңына сәйкес балаларды мектепалды даярлау 5 жастан бастап отбасында, мектепке дейінгі үйымдарда, жалпы білім беретін мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарында жүзеге асырылады.

Мектепке дейінгі үйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес мектептердің, (лицейлер мен гимназиялардың) мектепалды сыныптарында тәрбиелену-білім беру процесі 1 қыркүйек пен 31 мамыр аралығында (Үлгілік бағдарлама мазмұнын менгеру кезеңі) жүзеге асырылады.

Оқу жылы бойы мектептің (лицейдің, гимназияның) ішкі тәртіп ережелеріне сәйкес каникулдар белгіленеді.

Мектепалды даярлық бағдарламасын өткен тәрбиеленушілерді мектептердің (лицейлердің, гимназиялардың) мектепалды сыныптарынан шығару жыл сайын 31 мамырда жүзеге асырылады.

### **Тәрбиелеу-білім беру процесін үйымдастыру**

Мектептердің (лицейлер мен гимназиялардың) мектепалды сыныптары тәрбиелеу-білім беру процесін:

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29031 болып тіркелген);
2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген);

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары бастауыш білім беру мазмұнымен сабактастықты қамтамасыз ететін үйымдастырылған іс-әрекеттің мынадай түрлерін қамтиды: коммуникативтік («Сөйлеуді дамыту», «Көркем әдебиет», «Қазақ тілі»), коммуникативтік және танымдық («Саят ашу негіздері», танымдық және зерттеу («Математика негіздері», «Қоршаған

әлеммен таныстыру», шығармашылық («Сурет салу», «Музыка», «Жапсыру»).

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына<sup>2</sup> сәйкес мектептердің (лицейлер мен гимназиялардың) мектепалды сыныптарында аптасына ұйымдастырылған іс-әрекеттің саны - 20 сағатты, мектепалды жастағы балалардың құзыреттіліктерін қалыптастыру бойынша ұйымдастырылған бір іс-әрекеттің ұзақтығы - 20-25 минутты құрайды.

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндеттін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі -Үлгілік бағдарлама) сәйкес іске асырады.

#### **Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнында:**

- тәрбиелеу-білім беру процесінің міндеттерін іске асыру;
- ұйымдастырылған іс-әрекеттің мазмұны;
- білім беру әрекетін тиімді кіріктіру;
- тәрбие мен оқытудың сабактастық, үздіксіздік қағидаттарын қамтамасыз ету;
- ұйымдастырылған іс-әрекеттің күтілетін нәтижесі қарастырылады.

Мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарының педагогтері жылына бір рет перспективалық жоспар әзірлейді, аpta сайын Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттар тізбесі 1 – қосымшаға<sup>2</sup> сәйкес циклограмма құрады, жылына үш рет (бастапқы – қырқүйекте; аралық – қантарда; қорытынды-мамырда) Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын менгеру бойынша мониторинг жүргізеді.

Мониторинг нәтижелері бойынша тәрбиеші оқу жылына баланың Жеке даму картасын<sup>2</sup> толтырады. Баланың жеке даму картасы мектептің (лицейдің, гимназияның) мектепалды сыныптағы барлық балалар үшін толтырылады. Түзету, дамыту іс-шаралары критерийлер бойынша орта және төмен деңгей көрсеткен балалармен жүргізіледі.

Оқу жылының соңында мектептің (лицейдің, гимназияның) мектепалды сыныптың тәрбиешісі бастауыш сынып мұғалімі бала дамуының одан әрі жеке траекториясын анықтау үшін Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын менгеру қорытындылары бойынша Ұлттық білім беру дерекқорына баланың Жеке даму картасын<sup>2</sup> толтырады.

«Педагог мәртебесі туралы»<sup>3</sup> ҚР Заңы 8-бабының нормасына сәйкес мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарында кәсіптік қызметтің жүзеге асыратын педагогтерге айлық жалақысын есептеу үшін бір аптаға нормативтік оқу жүктемесі – 24 сағатты, күніне - 4,8 сағатты құрайды.

Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізу кезінде педагог түсіндіруге уақытты көп бөлмей, оның орнына көрсетуге, балалардың әрекеттерді орындаудына (іс-әрекеттерге, ойындарға, пікір алмасуға, зерттеулерге, шығармаларға, сурет салуға, шешім шығаруына) мән беруі қажет.

Педагог әрекетінің алгоритмі:

- балаларға айтып беру;
- балаларға көрсету;
- балалармен бірге орындау.

Мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сыныптарда балалардың қызығушылықтары ескеріліп, ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізу күннің бірінші немесе екінші жартысында білім беру ұйымының оқу-тәрбиелеу процесінің кестесіне сәйкес кіріктірілген түрде немесе жеке жоспарланады.

<sup>1</sup> <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1200008275>

<sup>2</sup> <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000020317>

<sup>3</sup> <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1900000293>

## 1.4 МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

### **Нормативті-құқықтық қамтамасыз ету**

Дарынды балаларды анықтау, ғылымның, мәдениеттің, өндірістің дамуы үшін талантты жастардың білім алуын қамтамасыз ету әрқашан мемлекет пен қоғамның басты назарында болып, Қазақстанның маңызды кадрлық ресурсына үлес ретінде қарастырылған. Зияткерлік әлеуетті сақтау және көбейту міндетін шешушдің негізгі факторларының бірі дарынды балалармен жұмыс жасаудың тиімді жүйесін қалыптастыру: дарынды балаларды анықтау, дамыту, әлеуметтік қолдау, қабілеттерін жүзеге асыру, олардың жан-жақты дамуы мен білім алуын қамтамасыз ету үшін жағдай жасау. «Дарынды балаларды қолдау жүйесін құру - «Дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау мен қолдаудың қазақстандық ұлттық жүйесінің тұжырымдамалық негіздері» тұжырымдамасының негізі болған ұлттық білім беру бастамасының басым бағыттарының бірі (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 16 қазандағы № 574 бүйрүғы).

Зияткерлік тұлғаны дамытуға, білім беру қызметін ұйымдастырудың тілдерді, ғылым, мәдениет, өнер негіздерін тереңдеттіп оқытуға бағытталған элитарлық білім беретін мамандандырылған білім беру ұйымдары келесі нормативтік-құқықтық құжаттарды басшылыққа алады: Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Зан, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бүйрүғы, «Жоғары және жоғары оқу орнанан кейінгі білім беру ұйымдарын қоспағанда, тиісті типтердегі және түрлердегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бүйрүғы.

Мамандандырылған білім беру ұйымдарына білім алушылар «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бүйрүғы негізінде конкурстық іріктеу арқылы қабылданады.

### **Мамандандырылған ұйымдардың қызметіне қойылатын міндетті талаптар:**

- білім алушылар мен педагогтердің құқығы мен денсаулығын сақтау;
- мектептің оқу жоспарының құрылымына қойылатын талаптарды сақтау және негізгі білім беру бағдарламасының пәндерін (курстарын) оқуға бөлінетін оқу уақытының нормасын орындау;
- мамандандырылған мектептің білім беру бағдарламасына енгізілген пәндер (курстар) бойынша оқу бағдарламаларын толық көлемде орындауды қамтамасыз ету;

- мектепте білім беру процесін заманауи оқу және компьютерлік жабдықтармен жарақтандыруды, қажетті біліктіліктегі педагогикалық кадрлармен жасақтауды, білім беру процесін қолданыстағы талаптарға сәйкес ұйымдастыруды көздейтін білім алудың заманауи жағдайларын ұйымдастыру.

Оқу жұмыс жоспарын әзірлеуді мамандандырылған білім беру үйімі «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы негізінде дербес жүзеге асырады.

Мамандандырылған мектептердің оқу жұмыс жоспарларын білім беру үйіміндең әкімшілігі бекітеді және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығымен келісіледі.

Мамандандырылған білім беру үйіміндең әлеуетінің мүмкіндіктеріне сәйкес бейіндік пәндер, сондай-ақ таңдау бойынша курстар, электривті курстар және мамандандырылған компонент ішіндегі білім салаларын айқындаиды.

Мамандандырылған білім беру үйімдары білім беру бағдарламаларын құрастыру, білім беру процесін ұйымдастыру жалпы өзінің даму перспективаларын айқындау кезінде «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сүйенеді.

Дарынды адамдардың әлеуетті мүмкіндіктерін неғұрлым толық дамыту үшін оқу бағдарламасының жекелеген пәндерін тереңдетіп оқытуды көздейтін мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламалары әзірленеді.

Сыныптарды қосымша бөлу жүйесі, икемді вариативтік кесте, деңгейлік бөлу жүйесі, консультациялар және таңдау бойынша пәндер арқылы жалпы орта білім беру деңгейінде бейіндік саралауды жүзеге асыру мамандандырылған білім беру үйіміндең толық күн режимінде жұмысын талап етеді.

Бейіндік пәндер бойынша зертханалық, практикалық жұмыстарды жүргізу кезінде сыныптарды 2 топқа, шет тілдерін және шетел тілінде оқытатын пәндерді оқыту кезінде 3 топқа бөлуге рұқсат етіледі.

Бәсекеге қабілетті тұлғаны даярлау мақсатында мамандандырылған білім беру үйімдары білім берудің мазмұнына, шарттары мен нәтижелеріне қойылатын заманауи мемлекеттік талаптарды ескере отырып, негізгі білім беру бағдарламаларын, оқу пәндері (курстары) бойынша жұмыс бағдарламаларын, перспективалық жоспарлаудың өзге де құжаттарын әзірлеуді жүргізеді.

Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес, мамандандырылған мектептердегі білім беру мазмұны мектеп тарарапынан дербес әзірленетін, қабылданатын және жүзеге асырылатын білім беру бағдарламаларына сәйкес айқындалады. Бұл бағдарламалар жалпы орта білім берудің мемлекеттік деңгейде ұсынылған ұлгілік негізгі білім беру бағдарламаларының негізінде құрастырылады.

**Ұлгілік негізгі білім беру бағдарламалары** – бұл тиісті білім беру деңгейін менгеруге қойылатын мақсаттар, міндеттер, құрылым, оқу пәндерінің мазмұны мен күтілетін нәтижелерді айқындастын нормативтік құжаттар. Аталған бағдарламалар білім беру ұйымдарына өздерінің білім беру бағдарламаларын әзірлеуде әдістемелік негіз және бағыт-бағдар береді.

**Мектептің негізгі білім беру бағдарламасы** – бұл білім беру ұйымының оқу-тәрбие қызметінің стратегиясын, оқу жоспарын, оқытылатын пәндердің тізімін, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлауды, әдістемелік тәсілдерді, білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау түрлері мен құралдарын қамтитын ішкі нормативтік құжат. Бұл бағдарлама педагогикалық кеңесте бекітіліп, мектеп үшін міндетті болып табылады.

Сонымен қатар, мектеп жыл сайын келесі оқу жылында білім беру процесінде қолдануға ұсынылатын оқулықтар мен оқу құралдарының тізімін әзірлеп, бекітеді. Мұндай тізімдер білім беру процесінде қолдануға рұқсат етілген, сараптамадан өткен оқулықтар мен бағдарламалар негізінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 11 наурыздағы № 60 бүйрүғына сәйкес жасалады. Аталған бүйрүқ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бүйрүғына өзгерістер енгізу туралы болып табылады («Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға және орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, соның ішінде электрондық түрде қолдануға арналған тізбені бекіту туралы»).

Аталған шаралар білім беру кеңістігінің біртұтастығын қамтамасыз етуге, мемлекеттік білім беру стандарттарының орындалуына және мамандандырылған мектептердегі білім сапасын арттыруға бағытталған.

Білім беру бағдарламасын қалыптастыру кезінде **міндетті** және **қосымша** оқу сабактарын ажырату керек.

**Міндетті сабактарға** инварианттық компоненттің оқу пәндері бойынша сабактар, сондай-ақ вариативтік компоненттің сафаты есебінен білім алушылардың таңдауы бойынша сыныптарда іске асырылатын элективті курстар жатады.

Элективті курстарды әзірлеуге, бекітуге және іске асуруға қойылатын талаптарды сақтау қажеттілігіне назар аударамыз.

Қосымша оқу сабактары қосымша білім беру бағдарламаларын іске асуруды

көздейді және мынадай форматта өткізілуі мүмкін:

- пәндік секциялар, үйірмелер;
- қызығушылықтар бойынша бірлестіктер (шығармашылық, спорттық, әлеуеттің мәттөндіру және т. б. бағыттар);
- білім беру жобалары.

### **Мамандандырылған білім беру үйымдары үшін үлгілік оқу жоспарына сәйкес білім беру процесі:**

- бейіндік оқытудың білім беру бағдарламалары;
- әмбебап оқытудың білім беру бағдарламалары негізінде құралады.

### **Дарынды балалармен жұмыс істеудің жалпы қағидалары:**

- Бақылау және диагностикалық әдістерді қолдану (тесттер, сауалнамалар, портфолио);
- Мұғалімдердің, ата-аналардың және психологиярдың бірлескен жұмысы (бұл командалық жұмыс әр баланың ерекшеліктерін терең түсінуге, олардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға және әлеуетін толық ашуға бағытталады);
- Баланың қызығушылығын, қабілеттерін және жетістіктерін ескеру (бұл баланың өзіне деген сенімін арттырып, оның әлеуетін толық ашуға көмектеседі. Ол үшін баланың қызығушылығын анықтап, оқыту бағдарламаларына байланысты іс-шаралар үйымдастыру, қабылеттеріне қарай оқу бағдарламасына бейімдеу);
- Әр баланың ерекшеліктерін ескере отырып, тиімді оқыту бағдарламасын құру (оқу үлгерімі, білім деңгейі, оқуға қатынасы, пәндерге қызығушылығы, оқу стилі, интеллект деңгейі (IQ), шығармашылық қабілеті, темперамент, мінез-құлық ерекшеліктері, эмоциялық жағдайы, әлеуметтік бейімделуі ескерілу қажет);
- Жаңа білім алуға және дамуға ынталандыру (жаңа білім алуға және дамуға ынталандырудың тиімді тәсілдерін ұсыну қажет. Мысалға: қызықты тақырып ұсынып, қызықты фактілермен, сұрақтармен немесе проблемалық жағдайлармен бастау, күнделікті өмірмен байланысты мысалдар келтіру, ойын технологияларын, жарыстарды, викториналарды, рөлдік ойындарды қолдану, сабактарды табиғатта, мұражайда, көрмеде, т.б. өткізу);
- Әлеуетін ашу және дамыту (түрлі байқаулар, конкурстар, сайыстар баланың қабілеттерін көрсетуге және оларды одан әрі дамытуға мүмкіндік береді. Өзінің күшті жақтарын анықтап, әлсіз жақтарын жетілдіруге, креативтілікке, өзгеше ойлауды, жаңа идеялар ұсынуды талап ететін конкурстар арқылы шығармашылық әлеуетін арттыру).

# 2

## Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің МЖМБС, ҮОЖ, ҮОБ іске асыру ерекшеліктері



### ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ

«Тіл және әдебиет» білім беру саласы бойынша «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына сәйкес:

- бастауыш білім беру деңгейінде «Әліппе», «Ана тілі», «Қазақ тілі», «Әдебиеттік оқу», «Орыс тілі», «Шетел тілі», «Букварь», «Обучение грамоте», «Қазақ тілі», «Литературное чтение», «Ұйғыр/ Өзбек/ Тәжік тілі», «Русский язык», «Шетел тілі»;
- негізгі орта білім беру деңгейінде «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті», «Орыс тілі мен әдебиеті», «Орыс тілі», «Орыс әдебиеті», «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Ұйғыр/ Өзбек/ Тәжік тілі», «Ұйғыр/ Өзбек/ Тәжік әдебиеті», «Шетел тілі»;
- жалпы орта білім беру деңгейінде қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстанию-математика бағыттары бойынша «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті», «Орыс тілі мен әдебиеті», «Орыс тілі», «Орыс әдебиеті», «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Ұйғыр/ Өзбек/ Тәжік тілі», «Ұйғыр/ Өзбек/ Тәжік әдебиеті», «Шетел тілі», қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстанию-математика бағыттары бойынша, «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Орыс тілі мен әдебиеті» пәндері оқытылады.

Жоғарыда аталған оқу пәндері бойынша оку жүктемесінің көлемі «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің Үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БФМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығының (2023 жылғы 26 қазандағы № 323 және 2024 жылғы 8 ақтандығы № 27 өзгерістер мен толықтырулармен) 1-3, 11-15-қосымшаларында (1-4-сыныптар), 6-8, 16-20 қосымшаларында (5-9 сыныптар), 21-30, 85-90 қосымшаларында (10-11 сыныптар) көрсетілген.

#### Бастауыш білім беру

Бастауыш сыныптардағы «Тіл және әдебиет» білім беру саласы білім алушының тілдік тұлғасын жан-жақты дамытуға, оқу сауаттылық негіздерін, ойлау мен коммуникативтік қабілеттерін дамытуға бағытталған.

Басты назар әртүрлі жанрдағы мәтіндерді саналы әрі мұқият оқуға (қазақ және балалар әдебиеті), байланыстырып сөйлеудің ауызша және жазбаша түрін қалыптастыруға, сөздік қорды байытуға, ойды анық, ретпен және қисынды жеткізуғе, сондай-ақ диалог жүргізу, тыңдай білу, өз көзқарасын дәлелдеу сияқты коммуникативтік құзыреттіліктерді дамытуға бағытталады. Сонымен қатар, көркем және ақпараттық мәтіндерді талдау, салыстыру, интерпретациялау және жеке пікірін білдіру арқылы білім алушылардың сынни және шығармашылық ойлау қабілеттері дамиды. Көркем шығармалар мазмұны арқылы мәдени мұра, адамгершілік пен азаматтық ұстанымды көрсету негізінде ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар тәрбиеленеді.

Оқу-тәрбие процесін кіріктіруге ерекше назар аударылып, оқу материалдарына «Адал азамат» бағдарламасының мазмұнын қосу ұсынылады. Бағдарлама білім алушыларда отансүйгіштік, әділдік, еңбеккорлық, жауапкершілік, өзгелерге құрмет және өзін-өзі дамытуға ұмтылу сияқты қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған. Бұл қасиеттер оқу мәтіндерінің мазмұнымен және сөйлеу әрекеттерімен тығыз байланысты контекстік тапсырмалар арқылы тәрбиеленеді және білім алушылардың тұлғалық дамуына ықпал етеді.

Оқу бастауыш сыннып білім алушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып, іс-әрекетке, тұлғаға бағытталған және құзыреттілікке негізделген тәсілдерге сүйенеді. Сонымен қатар, оқу процесіне тұрақты мотивациясын қалыптастыруға және оқуға деген сүйіспеншілігін арттыруға ықпал етеді.

Оқу барысында әртүрлі тапсырмалар (әңгіме құрастыру, ертегі оқу және сахраналау, мәтін мазмұнын талқылау) ұсынылады. Мысалы, білім алушылар диалог құрастыруы, мәтінді қосалқы кейіпкердің атынан баяндауы немесе оқығаның өзінше түсіндіріп беруі мүмкін.

Қазіргі технологиялар, әсіресе жасанды интеллект құралдары бұл процесте тиімді қолданылуы мүмкін. Чат-боттар арқылы мәтін құрастыру, түзету және талдау жұмыстары үйімдастырылады. Бұл жазбаша және ауызша сөйлеу дағдыларын, оқуға және жазуға деген қызығушылықты, коммуникативтік және шығармашылық қабілеттерді дамытуға септігін тигізеді.

Тілдік білім беру тек функционалдық сауаттылықты қалыптастырумен шектелмей, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды тәрбиелеуге де бағытталған. Мысалы:

- «Тыңдалым және айтылым» бөлімінде білім алушылар диалогке қатыса отырып, өз көзқарасын білдіруді үйренеді. Бұл – құрмет, төзімділік, жауапкершілік және қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырады;
- «Оқылым» бөлімінде мәтін құрылымын талдау, сөздердің тура және ауыспалы мағынасын, тұрақты тіркестерді қолдану арқылы білім алушылардың ойлауы, сауатты сөйлеуі, сынни көзқарасы және ұлттық дүниетанымы дамиды;
- «Жазылым» бөлімінде мәтін құрастыру, ойды жүйелеу және өз пікірін дәлел-

ді жеткізу арқылы шығармашылық, дербестік, еңбекқорлық және нақтылық дағдылары қалыптасады.

Әрбір оқу мақсаты мазмұн, тапсырмалар және оқыту әдістері арқылы маңызды құндылықтарды қамтып, білім алушы тұлғасын жан-жақты дамытуға бағытталған. Құндылықтар күнделікті оқу процесіне кіріктірілу арқылы жүзеге асырылады. Мысалы:

- тәуелсіздік және отансүйгіштік – «Менің елім» тақырыбында Қазақстан тура-лы мәтіндерді оқу, ел тарихы мен көрнекі жерлері жайлы ақпараттар үсыну арқылы қалыптасады;
- бірлік және ынтымақтастық – жұптық және топтық жұмыс түрлерін ұйымдастыру арқылы ынтымақтастық пен өзара көмек дағдылары дамиды;
- әділдік және жауапкершілік – ертегілер мен әңгімелерді тыңдау барысында кейіпкерлер әрекетін бағалай отырып, дұрыс пен бұрысты ажыратуды үйреп-неді;
- заң және тәртіп – «Менің мектебім» ортақтақырыбы аясында мектеп тәртібімен танысып, мектеп ережесін сақтау туралы өз көзқарасын білдіру арқылы дамиды;
- еңбекқорлық және кәсіби біліктілік – «Мамандықтар әлемі» ортақ тақырыбы аясында мамандық туралы әңгіме құрастыру және сұрақтарға жауап беру арқылы еңбекке құрмет пен болашақ мамандықты таңдауға қызығушылық қалыптасады;
- жасампаздық және жаңашылдық – мәтінді әртүрлі форматта жалғастыру тапсырмалары арқылы білім алушылардың креативтілігі мен шығармашылық қабілеттері дамиды.

### **Негізгі және жалпы орта білім беру**

«Тіл және әдебиет» білім беру саласының мазмұны білім алушылардың жас ерекшеліктеріне, қажеттіліктері мен қызығушылықтарына сәйкес тілдік дағдыларын дамытуды; қазіргі әлемде тілдерді оқып-үйренудің маңыздылығын түсінуді; рухани-адамгершілік құндылықтарды дамытуды; көптілді және көпмәдениетті әлемнің тұтастығын түсінуді; қарым-қатынас процесінде тұлғаарлық және мәдениетаралық байланыстарды орнатуды; өзге елдердің мәдениетімен танысу арқылы әртүрлі қозқарастарды сыйлай білуге тәрбиелеуді; оқыту тілінде түрлі ақпарат көздерімен, оның ішінде интернет ресурстарымен, жасанды интеллект арқылы өз бетінше жұмыс істей білуді; шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауды дамыту және пайдалануды қамтамасыз етеді.

Мектептегі оқыту мен тәрбиенің тұтастығы «Адал азамат» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 26 мамырдағы №123 бұйрығы) бағдарламасында белгіленген базалық құндылықтарды пән сабактарына кіріктіру негізінде жүзеге асырылады: «тәуелсіздік және отаншылдық», «бірлік және ынтымак», «әділдік және жауапкершілік», «заң және тәртіп», «еңбекқорлық және кәсіби біліктілік», «жасампаздық

және жаңашылдық».

**«Қазақ тілі» пәніне** аталған құндылықтарды кіріктіру үшін мынадай алгоритмдік қадамдарды ұсынуға болады:

- 1. Тақырыпты анықтау:** тақырыпты таңдау (оқу жоспарына сәйкес қазақ тілінің грамматикасы, лексикасы, фонетикасы немесе әдебиет тақырыптарын таңдаңыз); құндылықтарды байланыстыру: тақырыпты таңдағанда, оған сәйкес келетін құндылықтарды анықтаңыз.
- 2. Оқу мақсаттарын белгілеу:** құндылықтарды оқу мақсаттарымен үйлестіру (мысалы, «Тәуелсіздік» тақырыбында білім алушыларға қазақ халқының тарихы мен мәдениетін үйрету);
- 3. Сабак жоспарын құру:** сабак құрылымы (сабактың әр кезеңіне: кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімдеріне құндылықты кіріктіруді жоспарлаңыз);
- 4. Оқу материалдарын таңдау:** әдеби шығармаларды, мультимедиялық ресурстар пайдалану (қазақ әдебиетінен тәуелсіздік, отаншылдық, бірлік, әділдік сияқты құндылықтарды насиҳаттайтын шығармаларды таңдаңыз).
- 5. Тапсырмалар мен жаттығулар:** жазбаша жұмыстар (білім алушылардан эссе, шығарма немесе реферат жазуды сұрау арқылы құндылықтарды тереңірек түсінуге мүмкіндік беріңіз).
- 6. Білім алушылардың пікірлерін тыңдау:** дискуссия жүргізу (сабак соңында білім алушылардың пікірлері мен ұсыныстарын тыңдап, құндылықтарды қалай түсінгендерін талқылаңыз).
- 7. Бағалау:** кері байланыс (білім алушыларға өздерінің жетістіктері мен кемшіліктері туралы кері байланыс беріңіз).
- 8. Қорытындылау:** сабактың нәтижелерін талдау (білім алушылардың білім деңгейін, құндылықтарды түсінүін және сабактың тиімділігін бағалаңыз); болашақ сабактарға ұсыныстар (сабактан алғынған тәжірибе негізінде келесі сабактарды жоспарлауда қолдану).

Осы алгоритмдік қадамдарды орындау арқылы қазақ тілі пәнінде аталған құндылықтарды тиімді түрде кіріктіруге болады. Мысалы: 5- сынып бойынша «Ана тілі – ұлт байлығы» тақырыбын оқытуда «5.1.1.1 тірек сөздер мен ұсынылған иллюстрациялар арқылы тақырыпты болжау» оқу мақсатына «Адал азамат» бағдарламасының 6 құндылығын кіріктірудің жолдары.

- 1. Тәуелсіздік және отаншылдық.** Тақырыпты болжау: Білім алушыларға Қазақстанның тәуелсіздігі мен отаншылдық тақырыбында иллюстрациялар мен тірек сөздер ұсынылады. Мысалы: Тәуелсіздік туралы өлеңдер, мақал-мәтеддер, тарихи деректер. Білім алушылар өз ойларын, сезімдерін білдіре отырып, тақырыпты болжайды.
- 2. Бірлік және ынтымақ.** Тақырыпты болжау: Білім алушыларға бірлік пен ынтымақты білдіретін суреттер (мысалы, халықтың бірлігі, достық) ұсынылады.

Мысалы: «Бірлігіміз – берекеміз» тақырыбында топтық жұмыс ұйымдастыру. Білім алушылар иллюстрациялар арқылы бірліктің мәнін түсініп, болжau жа-сайды.

3. **Әділдік және жауапкершілік.** Тақырыпты болжau: Әділдік пен жауапкершілікке қатысты тірек сөздер мен иллюстрациялар (мысалы, әділдік символдары) беріледі. Білім алушылар әділдік туралы мақал-мәтедермен танысып, оларды қолдана отырып, тақырыпты болжайды.
4. **Заң және тәртіп.** Тақырыпты болжau: Заң мен тәртіпті бейнелейтін иллюстрациялар мен тірек сөздер ұсынылады (мысалы, құқық қорғау органдары, тәртіп). Мысалы: Білім алушылар заң мен тәртіптің маңыздылығын түсініп, тақырыпты болжau барысында заңға қатысты сөздерді қолданады.
5. **Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік.** Тақырыпты болжau: Еңбекқорлықты және кәсіби біліктілікті бейнелейтін иллюстрациялар (мысалы, еңбек процесі, мамандықтар) беріледі. Білім алушылар еңбек туралы тірек сөздер арқылы тақырыпты болжau кезінде еңбекқорлықтың маңыздылығын талқылайды.
6. **Жасампаздық және жаңашылдық.** Тақырыпты болжau: Жасампаздық пен жаңашылдықты білдіретін иллюстрациялар мен тірек сөздер ұсынылады (мысалы, инновациялар, шығармашылық). Білім алушылар жаңа идеяларды, жаңашыл жобаларды талқылап, тақырыпты болжau барысында шығармашылықтарын көрсетеді.

Тақырыпты болжau барысында білім алушылар тек тілдік дағдыларын емес, сонымен қатар әлеуметтік және моральдық құндылықтарды да меңгереді.

«Қазақ әдебиеті» пәніне аталған құндылықтарды кіріктіру үшін мынадай алгоритмдік қадамдарды ұсынуға болады:

1. **Тәуелсіздік және отаншылдық.** Тәрбиелік мақсаты: білім алушыларға қазақ халқының тарихы мен мәдениетін, тәуелсіздік жолындағы күресін таныстыру. Іс-әрекет: тәуелсіздік тақырыбында әдеби шығармаларды (мысалы, Е. Жұніс «Менің атым -Тәуелсіздік» өлеңі) талдау. Отанға деген сүйіспеншілік туралы эссе жазу.
2. **Бірлік және ынтымақ.** Тәрбиелік мақсаты: қазақ әдебиетіндегі достық, бірлік тақырыптарын зерттеу. Іс-әрекет: қазақ әдебиетіндегі достық пен ынтымақты бейнелейтін шығармаларды (мысалы, Ж. Баласағұн «Құтты білік», М.Шаханов «Нарынқұм зауалы» поэмасы, т.б.) оқу, топтық талқылаулар ұйымдастыру.
3. **Әділдік және жауапкершілік.** Тәрбиелік мақсаты: әділдік, моральдық жауапкершілік туралы түсініктерді дамыту. Іс-әрекет: әдебиеттегі әділдік мәселесін көтеретін шығармаларды талдау, кейіпкерлердің әрекеттеріне жауапкершілік тұрғысынан баға беру (мысалы, «Күлтегін» жыры, «Қобыланды батыр» жыры, т.б.).
4. **Заң және тәртіп.** Тәрбиелік мақсаты: заң мен тәртіптің қоғамдағы рөлі туралы

түсінік қалыптастыру. Іс-әрекет: қазақ әдебиетіндегі заң, тәртіп тақырыбындағы шығармаларды (мысалы, С. Мұратбековтің «Жусан иісі» повесі, Ш. Құдайбердіұлы «Еңлік-Кебек» дастаны, т.б.) оқу, заң мен тәртіптің маңыздылығын талқылау.

- 5. Еңбеккорлық және кәсіби біліктілік.** Тәрбиелік мақсаты: еңбеккорлық, кәсіби біліктілік туралы түсініктерді дамыту. Іс-әрекет: еңбек туралы қазақ әдебиетіндегі шығармаларды (мысалы, Ү. Алтынсариннің «Қылшаш Сейітқұл», «Атымтай Жомарт» әңгімелері, С. Торайғыров «Шығамын тірі болсам адам болып», «Шәкірт ойы» өлеңдері, т.б.) оқу, еңбеккорлықтың маңыздылығын талқылау, шығармашылық жұмыстар жазу.
- 6. Жасампаздық және жаңашылдық.** Тәрбиелік мақсаты: жасампаздық пен жаңашылдықты әдебиет арқылы көрсету. Іс-әрекет: жасампаздық пен жаңашылдық тақырыбында заманауи қазақ жазушыларының шығармаларын (мысалы, Ж. Сахиев «Айдағы жасырынбақ», «Дабыл» фантастикалық әңгімелері) талдау, инновациялық идеялар туралы пікір алмасу.

**Тілдік пәндерде ЖИ қолдану жолдары.** «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті», «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндерін оқытуда жасанды интеллектіні енгізу – білім мазмұнын жаңғыртып, білім алушылардың тіл мен әдебиетке деген қызығушылықтарын туғызып, қабілеттерін дамытуға бағытталады.

Педагог жасанды интеллектіні қолдануда бірінші кезекте нақты мақсатын анықтап алуы керек. Мысалы: білім алушылардың шығармашылық қабілетін дамыту; грамматика мен пунктуацияны меңгертудің жеңіл, түсінікті, білім алушыға қызықты жолдарын қарастыру; әдеби шығармаларды талдауға көмектесу; интерактивті тапсырмалар арқылы қызығушылықты арттыру.

**ЖИ-ді сабакқа кіріктіру мысалы:** Қазақ тілінен морфология, синтаксис салаларын өткенде мәтінге лексикалық талдау жасап болғаннан кейін жасанды интеллектінің көмегімен грамматикалық тақырыптарды басшылыққа ала отырып, жедел тест немесе сұрақтар құрастыруға болады.

Қазақ әдебиеті сабағында Абайдың шығармашылығын өту барысында «ЖИ-ді қолданып, «Абайдың қарасөздері туралы сұхбаттас», «Қандай идеялар қозғалғанын анықта» деген тапсырмалар беріп, білім алушылар өздеріне керекті материалды қалай ала алады, сұрақты нақты жауап алу үшін дұрыс құра ала ма, алған жауаптарын өз көзқарастарымен толықтыра ала ма т.б. сұрақтар төңірегінде білім алушылармен бірге ауызша талдау жүргізу оларды қызықтырады.

«Жазылым» дағдысы бойынша «эссе жазып, ЖИ арқылы грамматикалық қателерінді анықта» немесе «эссе жазу үшін ЖИ арқылы тақырыбында қатысты идеялар жинақта. Оларды өз ойынмен салыстыр» т.б. тапсырмалар орынданату арқылы білім алушыларды заманауи технологияны тиімді пайдалануға үйрету қажет.

Педагог білім алушыға ЖИ арқылы алынған тапсырмалардың жүз пайыз дұрыс бола бермейтіндігін түсіндіріп, ЖИ арқылы жасаған жұмыстарына сынни көзben

қарап, зерделеу керектігін түсіндіруі қажет. Білім алушы ЖИ-ге сеніп, ойлану қабілетін тежемей, көрінші білім көкжиегін көңейту үшін құрал ретінде пайдаланын үнемі назарда ұстау он нәтиже береді.

**Мектептегі ағылшын тілі пәнін құндылыққа негізdep оқыту мен жасанды интеллектіні кіrіктіру.** Шетел тілі – мәдениетаралық коммуникация құралы ретінде құндылықтық ұстанымдарды кіrіктіру үшін зор әлеуетке ие. Оқу материалдарының тақырыптық әртүрлілігі, аутенттік мәтіндер, сөйлеу жағдаяттары мен жобалық тапсырмалар адамгершілік және этикалық дилеммаларды талқылауға, әртүрлі мәдениеттердің әлеуметтік тәжірибелерін зерделеуге, рефлексия, эмпатия және сынни ойлау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Сабақты жоспарлау кезінде «еңбекқорлық пен кәсібілік», «жасампаздық пен жаңашылдық», «әділдік пен жауапкершілік» сияқты негізгі құндылықтарды қозғайтын мәтіндер мен тапсырмаларды енгізу орынды. Мәтіндер аутенттік те, бейімделген де болуы мүмкін, алайда олардың тақырыптық және моральдық-этикалық мазмұнға бай болуын қамтамасыз ету маңызды.

#### 1-кесте. Оқу процесіне құндылықтық бағдарларды кіrіктіру моделі

Құндылыққа бағытталған оқыту стратегиялары	Ұсыныстар мен іс-әрекет түрі	Күтілетін білім беру нәтижесі
1. Проблемалық жағдайларды құру	Білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сай моральдық дилеммалар, таңдау жағдайлары, мәдени нормаларды салыстыру сияқты тақырыптарда пікірталас үйімдастырыныз. Құндылықтық ойлауды дамыту құралы ретінде пікірталас, дебат, эссе жазу, рөлдік ойын сценарийлерін пайдаланыныз.	Білім алушылар әртүрлі жағдайларда моральдық және этикалық аспектілерді анықтап, талдай алады, өз көзқарасын дәлелді түрде білдіреді, балама пікірлерді ескеріп, құндылықтарға негізделген саналы шешім қабылдай алады.
2. Пәнаралық байланыстар	Ағылшын тілі сабағының мазмұнын гуманитарлық және жаратылыштану пәндерінің тақырыптарымен байланыстырыныз. Академиялық адалдық, әділдік немесе технологиялардың әлеуметтік салдары секілді мәселе-лерді талқылау әртүрлі контексте құндылықтарды теренірек түсінуге ықпал етеді.	Білім алушылар ағылшын тілі сабағы мен басқа пәндердің мазмұнын параллель қарастыра алады, ғылыми және әлеуметтанушылық құбылыстардың моральдық-этикалық аспектілерін талдай алады және пәнаралық контексте құндылықтық пайымдарын дәлелді түрде білдіре алады.

3. Рефлексиялық ұстанымды қалыптастыру	<p>Жасөспірімдердің күрделі тақырыптарды қорықпай талқылай алатын психологиялық қауіпсіз орта қалыптастыру маңызды. Білім алушылардың жеке пікір айтуын, өзіндік ұстанымын қалыптастырып, оны саналы әрі дәлелді түрде негіздеуін ынталандырыңыз.</p>	<p>Білім алушыларда моральдық және әлеуметтік мәні бар мәселелер бойынша өзіндік пікірін саналы түрде білдіруге, оны дәлелді түрде негіздеуге және құрмет пен психологиялық қауіпсіздік атмосферасында пікір алмасуға қабілетті тұрақты рефлексиялық ұстаным қалыптасады.</p>
4. Бағалау жүйесіне интегриялау	<p>Бағалау критерийлеріне құндылықтық ұстанымды интерпретациялау мен білдіруге бағытталған тапсырмаларды қосыңыз. Мысалы, моральдық тақырыптағы эссе, әлеуметтік жағдайларға негізделген презентациялар, мәдени айырмашылықтарды талдау – бәрі сыни және этикалық ойлауды, құндылықтық пайымдарды дамытуға және пәнаралық, әлеуметтік контексте өз ұстанымын дәлелді білдіру дағдысын қалыптастыруға көмектеседі.</p>	<p>Білім алушылар оқу материалының моральдық-этикалық аспектілерін кіріктіру, әлеуметтік маңызды мәселелер бойынша өз ұстанымын білдіру және негіздеу, сондай-ақ дәлелді коммуникация барысында адалдық, әділдік пен құрмет қағидаттарын қолдану қабілеті арқылы құндылықтық-мағыналық рефлексияның қалыптасқанын көрсетеді.</p>

Ағылшын тілін оқытуда құндылықтық компонентті кіріктіру қосымша жүктеме емес, жалпы білім берудің бағытын күшейтетін стратегиялық вектор болып табылады. Әдістемелік икемділік, мақсатты жоспарлау және педагогтің айқын аксиологиялық ұстанымы білім алушылардың бойында тұрақты этикалық-моральдық қағидаттардың қалыптасуына және саналы құндылықтық бағдарларына негізделген шешімдер қабылдауға дайын болуына жағдай жасайды. Сабактарда негізгі құндылықтарды оқу мақсаттары мен тапсырмаларға кіріктіру арқылы жүзеге асыруға болады:

**2-кесте. Негізгі құндылықтарды оқу мақсаттары мен тапсырмаларға кіріктіру үлгісі**

Негізгі құндылықтар	Оқу мақсаттарының үлгілері	Үлгі тапсырмалар	Ескертпелер
Тәуелсіздік және отаншылдық	<p>6.4.2.1 understand independently specific information and detail in short, simple texts on a limited range of general and curricular topics</p> <p>6.3.8 Vertraute gedruckte und digitale Ressourcen selbstständig nutzen, um Bedeutungen zu überprüfen und das Verständnis zu vertiefen.</p> <p>6.3.8 Utiliser de manière autonome des ressources papier et numériques familiaires pour vérifier le sens et approfondir la compréhension.</p>	Үлттық қаһарман немесе мереке туралы қысқа мәтінді оқып, мазмұны бойынша сұрақтарға өз бетінше жауап беру.	Мәтінмен өздігінен жұмыс істеуде дағдыларын дамытады, бұл ретте мазмұны туған мәдениетке саналы көзқарас пен азаматтық бірегейлікті қалыптастырады.
Бірлік және ынтымақ	<p>8.1.8.1 develop intercultural awareness through reading and discussion</p> <p>8.1.4 Den Großteil der impliziten Bedeutung in längeren Gesprächen zu allgemeinen und unterrichtsbezogenen Themen weitgehend ohne Unterstützung verstehen.</p> <p>8.1.4 Comprendre, presque sans aide, la majorité du sens implicite dans une conversation prolongée sur des sujets généraux et scolaires.</p>	Әр түрлі елдердің мәдени дәстүрлері тура-лы мәтінді оқып, үқастықтары мен айырмашылықтарын талқылау, алуантүрлілікке құрмет білдіру.	Жаһандық контексте мәдени бірлік пен ынтымақтастықтың маңызын түсінне отырып, төзімділік, жана нашырлық пен сыйластықты дамытады.

Еңбеккорлық және кәсіби біліктілік	<p>9.1.1.1 use speaking and listening skills to solve problems creatively and cooperatively in groups</p> <p>9.2.5 Mit Mitschülerinnen kooperieren, um Lernaufgaben gemeinsam zu besprechen, abzustimmen, zu planen und zu priorisieren.</p> <p>9.2.5 Interagir avec des camarades de classe pour coopérer, discuter, se mettre d'accord, planifier et établir des priorités en vue de réaliser des tâches d'apprentissage.</p>	<p>Білім алушылар топпен жұмыс істеп, жағдаяттық тапсырманы шешеді (мысалы, мектептегі іс-шараны үйымдастыру), рөлдерді бөлісіп, нәтижені ұсынады.</p>	<p>Ынтымақтастық, әркімнің еңбегіне құрметпен қарау және кәсіби қызметке саналы көзқарас қалыптастыру дағдыларын дамытады.</p>
Әділдік және жауапкершілік	<p>5.1.3.1 respect differing points of view</p> <p>5.1.7 Die Meinung des/der Sprechenden in einem einfachen, unterstützten Gespräch zu einigen allgemeinen und unterrichtsbezogenen Themen erkennen.</p> <p>5.1.7 Identifier l'opinion du/des locuteur(s) dans une conversation simple, avec soutien, sur certains sujets généraux et scolaires.</p>	<p>Талқылау тақырыбы: «Ережені сақтамай жеңіске жету — әділетті ме?». Білім алушылар өз көзқарастарын дәлелдеп, өзгелердің пікіріне құрметпен қарауды үйренеді.</p>	<p>Мұндай тапсырма сындарлы диалог жүргізу, өзгелердің пікірін құрметтеу дағдыларын қалыптастырып, жеке жауапкершілік пен әділеттілік сезімін дамытады.</p>
Зан және тәртіп	<p>7.4.9.1 recognise inconsistencies in argument in short, simple texts on a limited range of general and curricular subjects</p> <p>7.3.9 Widersprüche in Argumentationen in kurzen, einfachen Texten zu einigen allgemeinen und unterrichtsbezogenen Themen erkennen.</p> <p>7.3.9 Identifier les incohérences dans les arguments présentés dans de courts textes simples sur certains sujets généraux et scolaires.</p>	<p>Қарама-қайшы тұжырымдары бар мәтінді оқып, логикалық сәйкесіздіктерді анықтау, түзетулер жасау немесе дәлел келтіру.</p>	<p>Сын тұрғысынан ойлау, логика, реттілік пен құрылымдылықтың қоғам өміріндегі және дәлелдеудегі маңызын түсінуге ықпал етеді.</p>

Жасампаздық және жаңашылдық	<p>3.4.3.1 create a poster or write a postcard using words and simple phrases</p> <p>3.4.1.1 schriftlich elementare persönliche Informationen geben (z. B. Name, Adresse, Nationalität, Hobbys, Interessen), gegebenenfalls mithilfe eines Wörterbuchs</p> <p>3.4.3.1 créer une affiche ou rédiger une carte postale en utilisant des mots et des phrases simples</p>	<p>«Болашақтағы менің қалам» немесе «Арманымдағы өнертабыс» тақырыбында қарапайым сөздер мен тіркестерді қолдана отырып, постер жасау.</p>	<p>Елестету мен шығармашылық ойлауды ынталандырады, сонымен қатар жазбаша сейлеу және көрнекі таныстыру дағдыларын қалыптастырады.</p>
-----------------------------	---	--	--

Мысалы, «3.4.3.1 create a poster or write a postcard using words and simple phrases» мақсатты жүзеге асыру барысында білім алушыда «Жасампаздық пен жаңашылдық» атты негізгі құндылық қалыптасады. Бұл үшін 7.2 бөліміндегі «Buildings in our Town» тақырыбына байланысты «Менің болашақ қалам» тақырыбында постер жасау тапсырмасын орындау ұсынылады.

Құндылықтарға бағытталған тәрбие үлгілік оқу бағдарламаларының тақырыптық мазмұны арқылы да қалыптасады. Мысалы, жаратылыстану-математика бағытындағы 10–11-сыныптарға арналған ағылшын тілі бағдарламасындағы «Фылым және ғылыми құбылыстар», «Адам миының мүмкіндіктері», «Органикалық және бейорганикалық әлемдер» бөлімдерін оқу барысында білім алушыларда «жасампаздық және жаңашылдық» сияқты негізгі құндылықтар қалыптасады. Ал қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10–11-сыныптарға арналған неміс және француз тілдері бағдарламаларындағы «Экономика және елдің бәсекеге қабілеттілігі» бөлімдерін оқу арқылы білім алушылар «тәуелсіздік және отаншылдық», сондай-ақ «бірлік және ынтымақтастық» сияқты құндылықтарға тәрбиеленеді.

**Шетел тілін оқыту процесіндегі жасанды интеллект (ЖИ) элементтері бар тапсырмаларды қолдану – оқытуды жекелендіруге, мотивацияны арттыруға және метапәндік дағдыларды қалыптастыруға ықпал ететін келешегі зор бағыт.** Генеративті ЖИ интеграциясы тапсырмаларын білім алушы деңгейіне бейімдеуге ғана емес, сонымен қатар нақты уақыт режимінде кері байланыс беруге мүмкіндік жасап, білім алушылардың оқу дербестігін дамытуға жәрдемдеседі. Мысалы, генеративті модельдер оқу үшін бейімделген мәтіндерді құрастыруға, лексикалық және грамматикалық тақырыптарға сай диалогтарды автоматты түрде генерациялауға, сондай-ақ жазбаша немесе ауызша сейлеуді бағалап, қателерді түзетуде қолдана алады. Блум таксономиясы деңгейлеріне сәйкес ЖИ-тапсырмалар түрлі когнитивтік деңгейлерді қамтуы мүмкін: сөздік қорды қайта жаңғырту (бірінші деңгей) және грамматикалық құрылымдарды түсіну (екінші деңгей), тілдік білімді сөйлесім жағдаяттарында қолдану (үшінші деңгей), айтылымдағы мағыналық реңктерді талдау (төртінші деңгей), жазбаша пікірталастардағы дәлелдерді бағалау (бесінші деңгей) және ЖИ-нұсқаулары арқылы түпнұсқа мәтіндер құрастыру (алтыншы деңгей).

«7.4.9.1 Widersprüche in Argumentationen in kurzen, einfachen Texten zu einigen allgemeinen und unterrichtsbezogenen Themen erkennen» мақсаты аясында келесі тапсырманы ұсынуға болады: білім алушыларға қысқа аргументативтік мәтін ұсынылады, мысалы, «Fast Food ist gesund, weil es billig und bei Teenagern beliebt ist.» (Фаст-фуд пайдалы, себебі ол арзан және жасөспірімдер арасында танымал). Білім алушылар бұл мәтінді жеке немесе жүппен талдап, логикалық сәйкесіздіктерді (мысалы, «танымалдық» пен «пайдалылық» ұғымдарының шатастырылуын) анықтайды. Содан кейін сол мәтінді жасанды интеллект жүйесіне (мысалы, генеративті чат-ботқа) енгізіп, аргументативтік қателерді табуын сұрайды. Соңғы кезеңде топтық талқылау жүргізіледі: білім алушылар өз тұжырымдарын ЖИ жасаған талдаумен салыстырып, ескертудердің дәлдігін бағалайды, ЖИ құралдарының сенімділігі туралы қорытынды жасап, ақпарат көздеріне сынни көзқарасты дамытады. Бұл тапсырма Блум таксономиясы бойынша талдау және бағалау деңгейіндегі когнитивтік дағдыларды қалыптастыруға бағытталған.

Шет тілін оқытудағы құндылыққа бағытталған тәсіл тұлғаны қалыптастыруға, сынни ойлауды және мәдениетаралық контексте саналы коммуникация жүргізу қабілетін дамытуға ықпал етеді. Білім беру процесіне жасанды интеллектті интеграциялау оқытуды жекелендіруге, білім беру мазмұнын білім алушының жеке қажеттіліктеріне бейімдеуге және интерактивті өзара әрекеттесу мүмкіндіктерін кеңейтуге жағдай жасайды. Осының барлығы білім алушының когнитивтік, коммуникативтік және этикалық құзыреттердің тұтас дамуына мүмкіндік жасап, цифрлық трансформация жағдайындағы білім сапасына қойылатын заманауи талаптарға сәйкес келеді.

«Тіл және әдебиет» білім беру саласы пәндері аясында білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру.

Тілдік оқу бағдарламаларында берілген білім алушылардың алған білімдері мен дағдыларын өмірде кездесетін әртүрлі жағдаяттарды шешуде қолдана білуде негізгі мақсатқа жету үшін оқу сауаттылығын қалыптастыру және дамыту маңызды. Осыған байланысты ҮОБ-дағы оқу мақсаттарында пәндік (академиялық) және функционалдық (әртүрлі өмірлік жағдайларда қолдану, шығармашылық пайымдау, мәселені шешудегі сынни көзқарас және т.б.) құрамдас бөліктерін ажырату маңызды, мысалы:

**3-кесте. Функционалдық сауаттылығын қалыптастыру**

ҮОБ бөлімдері	Пәндік (академиялық) компоненті басым оқу мақсаттары	Функционалдық компоненті басым (әртүрлі өмірлік жағдайларда қолдану) оқу мақсаттары
Менің мектебім	<p>2.2.1.1* сұрақ қою арқылы (не істеді? қандай? неліктен?) мәтін түрлерін (әңгімелдеу/сипаттау/пайымдау) және құрылымдық бөліктерін (басы, негізгі бөлім, соңы) анықтау</p> <p>2.2.3.1 мәтін мазмұнын анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру</p> <p>2.4.1.4* дауыссыз л, р, ң дыбыстарының емлесін сақтап жазу</p> <p>2.4.2.5* дара және күрделі зат есім/сын есім/сан есім/етістікті анықтау</p> <p>2.3.6.1 бас әріп пен кіші әріптің биіктігі мен мөлшерін сақтап, оларды байланыстырып көлбеу және таза жазу</p> <p>2.2.2.1* синоним, антоним, омоним (сөздік қолдану) сөздерді ажырату және мағынасын түсіну, сөйлеу барысында қолдану</p> <p>2.4.2.1 мұғалімнің көмегімен түбір мен қосымшаны ажырату</p> <p>2.4.2.5* дара және күрделі зат есім/сын есім/сан есім/етістікті анықтау</p>	<p>2.1.2.1 мәтіннің тақырыбы мен тірек сөздердің негізінде мәтіннің мазмұнын болжаяу</p> <p>2.1.3.1 құнделікті өмірде кездесетін жағдаяттарға байланысты сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогке қатысу</p> <p>2.3.4.1 мұғалімнің көмегімен тірек сөздерді, сөйлем, суреттерді пайдаланып, қарапайым постер, құттықтау, нұсқаулық (бұйым жасау нұсқаулығы, қауіпсіздік ережесі) құрастыру</p> <p>2.1.5.1 аудио-бейнежазба мазмұны туралы өз ойын (ұнайды, ұнамайды, себебі ..., пайдалы болды, пайдасыз болды, себебі ...) білдіру</p> <p>2.2.5.1* дереккөздерден (сөздік, анықтамалық, энциклопедия) мәліметті табу жолын анықтап, берілген тақырып, сұрақ бойынша мәліметті іріктең алу</p>

Моя семья и друзья	<p>2.1.2.1 определять в прослушанном тексте, что хотел сказать автор/в чем он хотел нас убедить (используя опорные слова);</p> <p>2.1.6.1 произносить правильно слова: с трудным ударением, с сочетаниями «ЧТ», «ЧН», «ЩН» «ГК», «ГЧ», иноязычного происхождения</p> <p>2.2.3.1 отвечать на вопросы по содержанию прочитанного, формулировать вопросы с опорой на ключевые слова;</p> <p>2.3.7.2* определять и проверять безударные гласные в корне, изменяя форму слова/определять значимые части слова;</p> <p>2.3.7.4* обозначать парные глухие/звонкие, твердые/мягкие согласные на конце и середине слова, применять способы их проверки;</p> <p>2.3.7.8* переносить слова по слогам, с буквами й, ь, с двойными согласными</p>	<p>2.1.3.1 прогнозировать содержание информации на основе заголовка и опорных слов;</p> <p>2.1.4.1 участвовать в диалоге, высказывая свое мнение и выслушивая мнения других;</p> <p>2.2.4.2 определять художественные и нехудожественные тексты (стихотворение, рассказ, научно-познавательный текст)</p> <p>2.3.1.2 создавать небольшие тексты (рассказ) на основе особенностей художественного стиля (с помощью учителя);</p>
--------------------	--	---

Әрбір сабакта оқу мақсатына жету білім алушылардың қажеттіліктеріне және оқу материалының күрделілігіне немесе көлеміне байланысты реттеледі. Бұл жағдайда оқу мақсаттарын негізгі және сабактас мақсаттарға дұрыс топтастыру маңызды, мұнда негізгі мақсат пәндік бөлікті оқуға бағытталады, ал сабактас мақсат функционалдық бөлікке бағытталады. Оқытуда барлық оқу мақсаттарына жету маңызды.

Мәтінді оқу және түсіну дағдылары оқу сауаттылығының маңызды құрамдас бөліктерінің бірі ретінде бастауыш сыныптардан бастап дамытылып және мәтіннің түрлері: тұтас және тұтас емес мәтіндер (инфографика, кесте және диаграмма түрінде) ұсынылуы керек. Мысалы, 2.1.3.1 прогнозировать содержание информации на основе заголовка и опорных слов мақсатын жүзеге асыру үшін білім алушыларға келесі тапсырманы ұсынуға болады:

«Сыныптастарымның отбасындағы дәстүрлер» тақырыбына суреттер мен фотографиялардан тұратын өз парапланың дайында.

Ақпараттық қоғамда, үлкен көлемдегі деректерді өңдеу маңызды болған кезде, әртүрлі сауаттылықты дамыту қажет. Осылайша, оқу мақсаттарын жүзеге асыруды «6.2.1.1 мәтіннен негізгі және қосымша, детальді ақпаратты анықтау, түсіндіру»; «6.2.5.1 мәтіннен негізгі және қосымша ақпаратты, көтерілген мәселені анықтауға бағытталған нақтылау сұрақтарын құрастыру» әртүрлі көздерді пайдалануға негізделген тапсырмалар ұсынылады:

#### 4-кесте. Мәтінмен жұмыс

Тапсырма түрлері	«Су – тіршілік көзі» (Судың адам ағзасына пайдасы туралы)
<p>Мәтіннің негізгі мақсатын анықта. (Сол жақта берілген мәтіннің ақпаратын пайдалан).</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Судың жүрек-қан тамыр жүйесін жұмысын қыындастартынын айту.</li> <li>Судың пайдасы туралы нақты ақпарат беру.</li> <li>Судың дене температурасын реттейтінін баяндау.</li> <li>Судың үнемдеуді насиҳаттау.</li> </ul>	<p>Адам шөлдегеннен гөрі аштыққа шыдамды келеді екен. Зат алмасудың барлық процестері судың қатысуымен атқарылады. Организмде судың жеткіліксіз болуы шөлдеуге әкеліп соқтырады да, судың артық болуы жүрек-қан тамыр жүйесінің жұмысын қыындаады. Судың пайдалы қасиеттеріне келесілері жатады:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Су – қоректік заттектерді тасымалдаушы.</li> <li>Су – еру мен суспензиялау үшін тамаша орта. Көптеген субстраттар суда ериді немесе суспензияға айналады, осылайша жаңа заттектер түзетін реакцияларға түсе алады.</li> <li>Судың жылуды сақтау қасиеті жылуды сініріп, оны жылу өнімі және тер булануы ретінде шығара отырып, дене температурасын реттеуге көмектеседі.</li> </ul>
<p>Қай тұжырымды дұрыс деп санайсың?</p> <p>Сол жақта берілген мәтіннің ақпаратын пайдалан. Сұрақтың жауабы ретінде дұрыс жауап нұсқасын белгіле.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Адам шөлге, аштыққа шыдамды келеді.</li> <li>Су қоректік заттектерді жеткілікті түрде тасымалдамайды.</li> <li>Су жылуды сақтамағандықтан, дене температурасын реттейді.</li> <li>Судың артық болуы жүрек-қан тамыр жүйесінің жұмысын қыындаады.</li> </ul>	<p>Ағзаның қалыпты жағдайдағы су шығынының түрлі жолдары бар болса, ағзаға су түсінің екі жолы бар: судың зат алмасу процесінде пайда болуы мен ауыз арқылы тұтыну.</p> <p><a href="https://zhardem.kz/">https://zhardem.kz/</a></p>

ҮОБ-дағы оқу мақсаттарын жүзеге асыру үшін мәтінді оқудың түрлерін білу және пайдалану маңызды. Осылайша, «8.4.2.1 understand specific information and detail in texts on a growing range of familiar general and curricular topics, including some extended texts» оқу мақсатында мәтіннің нақты мәліметтері мен детальдерін анықтау үшін тұтас емес мәтінді және сканерлеп оқу стратегияларын пайдалану тиімді:



#### Applying

Task 3. If you have signed up to the gym, in the first month you can ...

- A) pay additional fees
- B) discount an idea
- C) pay 25% less
- E) be healthy
- D) call for free demo

5-9 сынып білім алушыларының оқу сауаттылығын дамыту бойынша әдістемелік ұсыныстарды Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА сайтынан табуға болады <https://uba.edu.kz/qaz/metodology/3>

Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру бойынша жұмысты жетілдіру үшін PISA, PIRLS және т. б. халықаралық салыстырмалы зерттеулердің материалдарымен, тест жинақтарымен және нәтижелерімен «Талдау» АҚ сайтынан танысуға болады <https://taldau.edu.kz/storage/app/media/PISA/%20%D0%B5%D1%81%D0%B5%D0%BF%20PISA-2022.pdf>

Оқу мақсаттарына жетуде оқу сауаттылығын дамыту үшін тапсырмалардың әртүрлі түрлерін пайдалану ұсынылады:

#### **5-кесте. Оқу сауаттылығын дамыту тапсырмалары**

Оқу мақсаты	Тапсырма түрлері	Дағдылар
<b>Оқу сауаттылығын дамыту</b>		
9.2.4.1 әртүрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын, қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау;	<ul style="list-style-type: none"> <li>акпаратпен жұмыс істей білуге арналған тапсырмалар,</li> </ul>	сыни түрғыдан ойлау, ақпаратты іздеу, талдау,
8.4.2.1 understand specific information and detail in texts on a growing range of familiar general and curricular topics, including some extended texts;	<ul style="list-style-type: none"> <li>әртүрлі типтегі мәтіндермен (тұтас және тұтас емес) жұмысқа арналған тапсырмалар,</li> </ul>	мәтінді синтездеу және интерпретация
8.4.6.1 recognise the attitude or opinion of the writer on a growing range of unfamiliar general and curricular topics, including some extended text;	<ul style="list-style-type: none"> <li>мәтіннің нақты ақпараты мен детальдерін анықтау;</li> <li>оқу стратегияларын қолдану,</li> </ul>	лау, сөздік қорын молайту
4.3.3.1 trouver des informations spécifiques dans différents types de textes (réseaux sociaux, courriels, publicités, programmes d'événements spéciaux, dépliants et brochures: jour, heure, lieu, etc.)	<ul style="list-style-type: none"> <li>мәтінді сынни бағалау (талдау),</li> <li>екі немесе одан да көп дереккөздерді салыстыру,</li> <li>акпараттың растығын тексеру,</li> </ul>	
3.3.3.1 sehr kurze, einfache Anweisungen in vertrauten Alltagskontexten verstehen, (z.B. Essen und Trinken verboten), insbesondere, wenn sie bebildert sind	<ul style="list-style-type: none"> <li>акпаратты желіде іздеу,</li> <li>сөздіктермен және әртүрлі дереккөздермен, соның ішінде цифровық ақпарат көздерімен жұмыс істеу</li> </ul>	
2.2.6.1 сравнивать тексты описательного и повествовательного характера по следующим параметрам: тема, основная мысль, тип текста, ключевые слова (с помощью учителя) (ТУПР по учебному предмету «Русский язык» для 2 класса (с русским языком обучения);		

Білім алушылардың практикалық іс-әрекетінде білімді игеру мен қолданудың маңызды әдістемелік шарты жаңа білімді бұрынғы жиналған біліммен сабактастыру болып табылады. Бұл білім алушының шығармашылық түрғыдан ойлауын, әрі қарай ойын жетілдіріп, өзін-өзі дамытуға қабілетті жеке түлға ретінде қалып-

тасуына қолайлыш жағдай туғызады. Мысалы, «2.1.4.1 участвовать в диалоге, высказывая свое мнение и выслушивая мнения других» оқу мақсатына жету үшін диалогқа қатысты жабық және ашық сұрақтарды құрастырумен қоса, жүйелі және дәйекті құрылымдауды қолдану қажет.

## МАТЕМАТИКА ЖӘНЕ ИНФОРМАТИКА

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндепті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына сәйкес: бастауыш білім беру деңгейінде «Математика» және «Цифрлық сауаттылық» (1-4-сыныптар); негізгі орта білім беру деңгейінде «Математика» (5-6-сыныптар), «Алгебра», «Геометрия» (7-9-сыныптар) және «Информатика» (5-9-сыныптар); жалпы орта білім беру деңгейінде оқытудың екі бағыты бойынша «Алгебра және анализ бастамалары», «Геометрия», «Информатика» (10-11-сыныптар) пәндері оқытылады.

Жоғарыда аталған пәндер бойынша оқу жүктемесінің көлемі «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің Үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының (2023 жылғы 26 қазандағы № 323 және 2024 жылғы 8 ақпандығы № 27 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) 1-3, 11-15-қосымшаларында (1-4-сыныптар), 6-8, 16-20-қосымшаларында (5-9-сыныптар), 21-30, 85-90-қосымшаларында (10-11-сыныптар) берілген.

Оқу пәндерін игеру ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүргізіледі. Атап айтқанда, «Математика» (1-4-сыныптар) - 26-қосымша, «Цифрлық сауаттылық» (1-4-сыныптар) - 27-қосымша, «Математика» (5-6-сыныптар) - 52-қосымша, «Алгебра» (7-9-сыныптар) - 53-қосымша, «Геометрия» (7-9-сыныптар) - 54-қосымша, «Информатика» (5-9-сыныптар) - 55-қосымша, «Алгебра және анализ бастамалары» (10-11-сыныптар, ЖМБ) - 104-қосымша, «Алгебра және анализ бастамалары» (10-11-сыныптар, ҚГБ) - 105-қосымша, «Геометрия» (10-11-сыныптар, ЖМБ) - 106-қосымша, «Геометрия» (10-11-сыныптар, ҚГБ) - 107-қосымша, «Информатика» (10-11-сыныптар, ЖМБ) - 108-қосымша, «Информатика» (10-11-сыныптар, ҚГБ) - 109-қосымша.

### Бастауыш білім беру

Математика сабактарында пән мазмұнын тек арифметикалық амалдар мен логикалық есептерді меңгеру ғана емес, білім алушының тұлғалық дамуына ықпал ететін орта ретінде қарастыру маңызды. Математикалық есептер мен практикалық жағдайлар арқылы білім алушылар ой қорыта білуге, талдау жасауға, шешімін табуға, сондай-ақ табандылық, нақтылық пен жауапкершілік танытуға үйренуі тиіс.

Осылайша, пән мазмұны арқылы логикалық және сыни ойлау, мәселені шешу, топта жұмыс істеу, математикалық тілді сауатты қолдану сияқты негізгі құзыреттерді қалыптастыру қажет. Бірлескен тапсырмаларды орындау, шешімдерді тексеру мен есептерді шешу жолдарын талқылау кезінде адалдық, өзгенің пікіріне құрмет, еңбеккорлық және жауапкершілік сияқты құндылықтарды дарыту аса маңызды.

Бастауыш білім берудің Мемлекеттік жалпыға міндettі стандарты мен «Адал азamat» тәрбие бағдарламасында белгіленген құндылықтар мен негізгі құзыреттерді жүйелі түрде кіркіту маңызды әдістемелік міндет ретінде қарастырылады. Бұл – тапсырмаларды саналы түрде жобалау, сұрақтарды тұжырымдау және бірлескен әрекетті ұйымдастыруды талап етеді. Мұндайда математикалық мазмұн оқыту құралы ғана емес, сонымен бірге тәрбие құралына айналады.

Мысалы, тәуелсіздік пен отансүйгіштік құндылығы Қазақстанның табиғи байлықтарына, ұлттық валютаға немесе тарихи-мәдени нысандарға қатысты тапсырмалар арқылы қалыптасады. Бұл түрғыда тенгеге байланысты есептерді шешу, банкноттардағы суреттерді талқылау білім алушыларда мемлекетке құрмет пен тәуелсіздік туралы түсінік тәрбиелеуге ықпал етеді.

Тапсырмаларды өз бетімен орындау, әділ өзін-өзі бағалау және сыныптастарының еңбегіне құрметпен қарау жауапкершілік пен әділеттілік сезімін қалыптастырады. Ол үшін нақты бағалау критерийлері, өзара және өзіндік бағалау әдістері қолданылуы тиіс. Бұл академиялық адалдықты қалыптастыруға көмектеседі.

Амалдарды ретін сақтау, есептерді шешу және нәтижені тексеру білім алушыларда нақтылықты, тәртіпті және жүйелілікті дамытады.

Күрделі есептерді шешу, әртүрлі тәсілдерді салыстыру және тиімді тәсілді тандау еңбеккорлықты, мұқияттықты және тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастырады.

Тұрмыстық немесе кәсіби жағдайларға негізделген есептер (мысалы, құрылым, сауда, көлік шығындары) еңбек саласымен танысуға және кәсіби бағдарлауға ықпал етеді.

Сонымен қатар, стандарттан тыс логикалық тапсырмалар, өз бетімен есептер құрастыру, мәліметтерді визуализациялау (kesteler, диаграммалар, сывбалар) шығармашылық ойлау мен жаңашылдықты дамытады.

Есептерді әртүрлі тәсілмен шешу, тандауын дәлелдеу және нәтижеге жауап беру білім алушылардың дербестігі мен сыни ойлауын дамытады. Бұл құзыреттер қунделікті өмірде шешім қабылдау қабілетін және өзіндік сенімділікті дамытуға мүмкіндік береді.

Қазіргі заманда цифрлық технологиялар білім беру процесінің ажырамас бөлігі-

не айналып, білім алушылардың мотивациясын арттыруды, оқытуды дараландыруды және оқу мазмұнын жандандыруды маңызды рөл атқарады.

Оқу бағдарламасын іске асыру аясында келесі цифрлық құралдарды мақсатты түрде қолдану ұсынылады:

- арифметикалық амалдар, теңдеулер және мәтін есептерді пысықтауға арналған интерактивті тренажерлер;
- білім алушының дайындық деңгейін ескеріп, тапсырмаларды автоматты түрде құратын жасанды интеллект негізіндегі платформалар;
- математикалық ұғымдарды визуализациялау құралдары (интерактивті кестелер, сызбалар, графиктер, диаграммалар), абстрактілік идеяларды жақсы түсінуге көмектеседі.

Мұндай ресурстарды қолдану логикалық және алгоритмдік ойлауды дамытуға, есеп шығару және өзіндік оқу әрекеті дағдыларын қалыптастыруға, коммуникативтік және цифрлық құзыреттерді нығайтуға ықпал етеді.

Цифрлық құралдармен жұмыс барысында білім алушыларда ынтымақтастық, жауапкершілік, еңбекқорлық және дербестік сияқты құндылықтар дамиды және нығая түседі.

Жасанды интеллект технологиялары білім алушылардың даярлық деңгейі мен оқу қарқынын ескере отырып, жеке оқу траекториясын құруға, тапсырмаларды күрделілігі мен форматына қарай бейімдеуге, нәтижелерді жедел талдауға және кері байланыс ұсынуға мүмкіндік береді.

Аталған құралдарды құнделікті оқу тәжірибесіне енгізу, сондай-ақ оларды диагностика, бекіту және оқу материалын қайталау мақсатында пайдалану ұсынылады. Бұл тек пәндік емес, сонымен қатар метапәндік және негізгі құзыреттерді де дамытуға мүмкіндік береді.

Математика сабактарындағы құндылыққа бағытталған оқыту – бұл нақты педагогикалық тәсіл. Ол тек пәндік білімді ғана емес, сонымен бірге білім алушылардың тұлғалық дамуына, өмірлік дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді. Әрбір математикалық тапсырма – бұл жай ғана жаттығу емес, әділ, дербес және жаңашыл тұлғаны тәрбиелеу құралы. Осы тұрғыдан алғанда, құндылықтар мен құзыреттерді кіріктіру білім мазмұнының ажырамас бөлігіне айналуы тиіс.

### **Негізгі орта және жалпы орта білім беру**

Қазіргі білім беру тек пәндік және метапәндік білімді игеруге ғана емес, сонымен қатар білім алушылардың қоғамда толыққанды өмір сүруіне қажетті жеке қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған. Мектептегі математика курсын оқу барысында Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарында және «Адал азамат» тәрбие бағдарламасында (ҚР Оқу-ағарту министрінің бүйрығы 2025

жылғы 26 мамырдағы №123) белгіленген құндылықтар мен негізгі құзыреттерді дамытуға назар аудару маңызды.

«Тәуелсіздік және отаншылдық», «бірлік және ынтымақ», «әділдік жәеке жауапкершілік», «зан және тәртіп», «еңбеккорлық және кәсіби біліктілік», «жасампаздық және жаңашылдық» құндылықтарын математиканың мектеп курсын оқу процесінде кіріктіру білім алушылардың бойында берік білімді ғана емес, жауапкершілікке, адалдыққа, қоғам мен еңбекті құрметтеуге негізделген тұтас дүниетанымды қалыптастыруға ықпал етеді, сондай-ақ бұл оқуға деген ынтаны арттырады және мемлекетке, қоғамға және болашақ кәсіби қызметке саналы көзқарасты дамытады.

Информатика – жасанды интеллект элементтерін енгізу үшін қелешегі зор әрі икемді пәндердің бірі. Бұл пән аналитикалық ойлауды, алгоритм құруды және цифрлық жүйелердің жұмыс істеу принциптерін түсінуді дамытуға мүмкіндік береді. ЖИ-ді информатика курсының әртүрлі бөлімдеріне, пайдаланушы деңгейінде де, бағдарламалу негіздерін оқыту барысында да кіріктіруге болады.

ЖИ-ді кіріктіру мысалдары:

- мәтін, код генерациясы немесе деректерді талдау кезінде ЖИ құралдарын қолдану;
- компьютерге нысандарды тануды немесе командаларды орындауды үйреттін жобаларды орындау;
- ЖИ-дің қазіргі қоғам мен болашақ мамандықтарға әсері туралы тақырыптарды талқылау;
- адам әрекетімен салыстырғанда автоматтандырылған шешімдердің артықшылықтары мен шектеулерін бағалау.

Бұл тәжірибе білім алушыларға ЖИ-дің шынайы өмірдегі рөлін түсінуге және алынған білімді оқу мен практикалық тапсырмаларды орындау барысында тиімді қолдануға мүмкіндік береді.

Мектептің математика курсын оқыту процесінде құндылықтарды кіріктіру және құзыреттілікті қалыптастыру бойынша ұсыныстар:

- тәуелсіздік және отаншылдық – бұл ұлттық жетістіктердің сабак мазмұнына кіріктіру.

Мектептегі математика курсын оқытуда патриоттық тәрбие білім алушыларда туған елге деген құрметті, ұлттық мәдениет пен ғылым тарихына қызығушылықты қалыптастырады. Мысалы, қазақстандық ғалымдардың математикаға қосқан үлесін көрсету, елдің географиясы мен мәдениеті бойынша есептер шығару, тарихи ғимараттардың ауданын немесе қолемін есептеу, Қазақстанның демографиясы мен экономикасына қатысты мәліметтерді математикалық модельдеу. Сонымен қатар, табиғи ресурстарды (мұнай, көмір, ауыл шаруашылығы өнім-

дері) пайдалану тиімділігіне есептер құру ұсынылады;

- бірлік және ынтымақ – бұл білім алушылардың бірлесіп жұмыс істеуін, өзара көмектесуін, қолдау мен құрмет көрсетуін, сонымен қатар ұжымдық күштің ортақ мақсаттарға жетудегі маңызын түсіну.

Бұл құндылықтар бірнеше формада көрінуі мүмкін: топпен немесе жұппен жұмыс істеу (мысалы, әр білім алушы тапсырманың бір бөлігін шешуге жауап беретін, содан кейін топ түпкілікті нәтижеге жету үшін құш біріктіретін топтық жұмысты ұйымдастыруға болады), талқылау және проблемаларды бірлесіп шешу (мысалы, тапсырма бойынша жеке жұмыс жасағаннан кейін, әрқайсысы өз шешімін түсіндіретін талқылау ұйымдастырылады) басқалардың пікірлерін қолдау және құрметтеу (мысалы, математикалық дебаттарда немесе пікірталастарда білім алушылар өз шешімдерін білдіреді және қорғай алады, басқалардың шешімдерін құрметпен тыңдайды және негіздейді), ұжымдық жобалар (мысалы, мектеп бюджетін жоспарлау жобасы немесе сыныпта ресурстарды бөлу модельін құру);

- әділдік және жауапкершілік – бұл білім алушылардың оқуға деген адаптациясын, тапсырмаларды өз бетінше орындаудың маңыздылығын, сондай-ақ өз еңбегінің нәтижелері үшін жеке жауапкершілігін қалыптастыру.

Мектептегі математика курсын оқуда әділдік пен жауапкершілікке тәрбиелеу жетілген, тәуелсіз тұлғаны қалыптастыруды маңызды рөл атқарады. Бұл қасиеттер, әсіресе, нақты тапсырмалармен, объективті бағалаумен және оқыту стратегиясын жеке таңдаумен тұрақты жұмыс жағдайында жақсы қалыптасады. Мысалы, білім алушыларға өздерінің жетістіктері мен қателіктерін жазып, өз үлгерімін талдауға шақыруға болады; жауап берілмесе де, тырысқаны, пайымдағаны, логикалық қадамы үшін ынталандыру.

- заң және тәртіп – бұл шешімнің дұрыстығы мен рәсімделуінің дәлдігіне мән беру, математикалық ережелер мен алгоритмдерді сақтау арқылы білім алушылардың тәртіпке, жүйелілікке деген құрметін қалыптастыру.

Математика сабактарында логикаға, тәртіпке және дәлдікке деген құрметті қалыптастыру білім алушыларға оқуда жетістікке жетуге ғана емес, сонымен қатар ішкі тәртіпті, ережелерге назар аударуды және «зандарды» – математикада да, өмірде де сақтауға дайындықты дамытуға көмектеседі. Мысалы, тапсырманың екі шешімін ұсынуға болады: біреуі логикалық тұрғыдан дұрыс реттелген, екіншісінде бос орындар логикалық реті дұрыс берілмеген. Оларды талдай отырып, білім алушылар айырмашылықты табады және тәртіпті сақтау не үшін маңызды екендігі туралы қорытынды жасайды. Сондай-ақ, білім алушылар іс-әрекеттің немесе логикалық тұрғыдан дұрыс емес жерін тауып, дұрыс реттілікті қалпына келтіру үшін әдейі дұрыс шығарылмаған тапсырманы ұсынуға болады;

- еңбекқорлық және кәсіби біліктілік (ойлау икемділігі) – бұл күрделі және стандартты емес есептер арқылы білім алушылардың тұрақты тұрде дағдыларын дамыту, сонымен қатар жаңа жағдайларда математикалық модельдерді шешудің және қолданудың әртүрлі тәсілдерін табу қабілетін дамыту.

Математика сабактарында еңбекқорлық пен ойлау икемділігін дамыту жүйелі тәсілді қажет етеді, онда білім алушы үнемі қындықтарға, қызықты есептермен жұмыс жасауға және өз шешімдерін іздеу мүмкіндігіне тап болады. Мысалы, әр сабакты логикалық ойлау, зейінді қалыптастыратын қайталауға арналған шағын тапсырмалардан бастауға болады. Бірнеше шешім қабылдауға болатын немесе нақты жауабы жоқ тапсырмаларды беруге болады, мұндай тапсырмалар ойлаудың икемділігін, гипотезаларды тексеру қабілетін дамытады. Сондай-ақ, қолданбалы тәсілді қалыптастыруға және жүйелік ойлауды дамытуға ықпал ететін жағдайдың моделін құру немесе түсіндіруді қажет ететін тапсырмаларды ұсынуға болады;

- жасампаздық және жаңашылдық – бұл оқытуға шығармашылық тапсырмаларды қосу, өз тапсырмаларын құру, викториналар өткізу және деректерді визуализациялау, сонымен қатар стандартты емес тәсілдер мен түпнұсқа шешімдерді іздеуді ынталандыру.

Мектептегі математика курсын оқуда шығармашылық пен жаңашылдықты ынталандыру білім алушылардың икемді ойлауын, бастамашылығын және пәнге деген қызығушылығын қалыптастыруға ықпал етеді. Мысалы, дұрыс жауапты ғана емес, сонымен қатар шешудің жолын қажет ететін тапсырмаларды үнемі ұсынуға болады. Білім алушыларға игерілетін тақырып бойынша өз тапсырмаларын құруды, білім ғана емес, тапқырлықта маңызды болатын жарыстар мен ойындар үйымдастыруды, диаграммалар, графиктер мен схемалар арқылы визуалды ойлауды үйретуді ұсынуға болады;

- дербестік және саналы таңдау – бұл білім алушылардың есептерді өз бетінше шешуі, жобаларды орындауы, өзін-өзі тексеруі, сондай-ақ саналы түрде шешудің қолайлы әдісін таңдау және өз іс-әрекеттерін дәлелдеу қабілетін дамыту.

Математика сабактарында дербестік пен саналы таңдауды дамыту білім алушыларға оқытудың белсенді қатысушылары болуға көмектеседі, сынни ойлау дағдылары мен өз күштеріне деген сенімділікті, жоспарлау, дәлелдеу, шешім қабылдау және олар үшін жауапкершілік алу қабілеттерін қалыптастырады. Мысалы, шешудің онтайлы әдісін таңдауды қажет ететін есептерді ұсынуға болады (тендеулер жүйесін графикалық, алгебралық, алмастыру әдісімен шешу); математикалық білімді нақты өмірде қолдану бойынша жобалармен жұмысты үйымдастыру (мысалы, мектеп бюджетін жоспарлау үшін модель құру); білім алушыларға өздері үшін қызықты тақырыптарды таңдай алатын және оларды шешу үшін әртүрлі математикалық әдістерді қолдана алатын өз тапсырмаларын құруды ұсыну.

Мысалы, қаржылық сауаттылық пен жауапкершілікті қалыптастыруға арналған тапсырмаларды қолдануға болады (бір айға отбасылық бюджетті құрыңыз: шығындар, кірістер, жинақтар, қажетсіз сатып аулардан бас тарту арқылы қанша үнемдеуге болатындығын анықтаңыз); ресурстарға ұқыпты қарауды дамытуға бағытталған тапсырмалар (шағын жоба: «Отбасы бір айда қанша су тұтынады? Қалай үнемдеуге болады?»); мамандық таңдаудың маңыздылығын түсінуге көмектесетін тапсырмалар (мысалы, статистикаға сәйкес, түлектердің 25%-ы әле-

уметтік мамандықтарды таңдайды. Бұл қоғамның дамуына қалай әсер етеді? Сыныпта сауалнама жүргізіп, нәтижесін диаграммамен көрсету).

### **Информатика пәні аясында құндылықтарды кіріктіру және құзыреттіліктерді қалыптастыру бойынша ұсыныстар:**

**Тәуелсіздік және отаншылдық.** Қазақстанның жетістіктерін бейнелейтін цифрлық жобаларды орындау, тақырыптық хакатондар мен цифрлық көрмелерге қатысу арқылы қалыптасады. Күтілетін нәтижелер: білім алушылар Қазақстанның тарихы, мәдениеті және рәміздеріне құрметпен қарайды, ұлттық мұраны насихаттайтын цифрлық контент жасайды.

**Бірлік және ынтымақ.** Командалық жобаларды жүзеге асыру, мультимедиалық өнімдерді бірлесе жасау, цифрлық ортада өзара әрекеттесу барысында дамиды. Күтілетін нәтижелер: білім алушылар топта тиімді қарым-қатынас жасай алады, өзгенің пікірін тыңдайды, келісіп жұмыс істейді, ортақ тапсырмаларды шешеді.

**Әділдік және жауапкершілік.** Цифрлық этиканы сақтау, авторлық құқық нормаларын ұстану, ақпараттық ресурстарды жауапкершілікпен пайдалану және ақпаратты сын тұрғысынан бағалау арқылы қалыптасады. Күтілетін нәтижелер: білім алушылар ақпарат көздерінің шынайылығын ажыратса алады, авторлық құқықты құрметтейді, өз жұмысына жауапкершілікпен қарайды, желіде өзін дұрыс ұстайды.

**Заң және тәртіп.** Киберқауіпсіздік, цифрлық құқықтар тақырыптарын оку және мектеп пен желідегі ережелерді сақтау барысында дамиды. Күтілетін нәтижелер: білім алушылар цифрлық қоғамда заңдарды сақтаудың маңызын түсінеді, жеке деректерді қорғауды және құқықтық нормаларды менгереді.

**Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік.** Бағдарламалық қамтамасыз етумен тұрақты жұмыс, алгоритмдеу, бағдарламалау, деректерді өңдеу және визуализациялау арқылы қалыптасады. Күтілетін нәтижелер: білім алушылар өз жұмысын жоспарлайды, жүйелі және мүқият орындайды, оку мен тәжірибеде АҚТ-ны тиімді қолдана алады.

**Жасампаздық және жаңашылдық.** Бағдарламалар, ойындар, интерактивті модельдер жасау, олимпиадалар мен IT-жобаларға қатысу арқылы дамиды. Күтілетін нәтижелер: білім алушылар өз цифрлық шешімдерін ұсынады, әртүрлі салалардағы білімді біріктіреді, креативті шешімдер табады, бастамашыл және жаңашыл болады.

**«Математика және информатика» білім беру саласы пәндері аясында білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру.**

Функционалды сауаттылық бұл білім алушылардың пән мазмұнын менгеру барысында қол жеткізе алатын білім деңгейі және адамның қолданбалы білімге неғізделген өмір мен қызметтің әртүрлі салаларындағы стандартты өмірлік мәселе-

лелерді шешу қабілеті екені белгілі. Функционалдық сауаттылықтың бір бағыты математикалық сауаттылық болып табылады. Бұл білім алушының математикалық ойлау, тұжырымдау, қолдану және әртүрлі практикалық бағыттағы тапсырмаларды шешу үшін математикалық білімін қолдану қабілеті. Математикалық сауаттылық құбылыстарды сипаттау, түсіндіру және болжай үшін математикалық үғымдарды, фактілер мен құралдарды қолдануды көздейді. Бұл математиканың әлемдегі рөлін түсінуге, негізі бар пікірлер айтуда, белсенді шешімдер қабылдауда көмектеседі.

Функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың арналған тапсырмалар білім алушылардың шығармашылық қабілеттері мен танымдық қызығушылықтарын дамытатын әртүрлі математикалық материалдармен жұмыс жасауда мүмкіндік береді. Сонымен қатар, білім алушылардың пән бойынша білімін бекіту мен тереңдегу, практикалық дағдыларын қалыптастырумен қатар олардың түрлі иллюстрациялармен жұмыс жасаудың көздейді.

Математиканың мектеп курсын оқу процесінде осы міндеттерді жүзеге асыруда жаттығулар жүйесі ерекше рөл атқарады, оның ішінде білім алушылардың математикалық сауаттылығын қалыптастыруды және дамыту және математиканы басқа пәндермен интеграциялауда бойынша жұмысты үйімдастырудың бір әдісі ретінде практикаға бағытталған тапсырмалар, контекст негізіндегі тапсырмалардың маңызы зор.

Мәнмәтіндегі тапсырма мазмұны алдымен оқу бағдарламасына сәйкес болуы қажет. Мұндай тапсырмаларды құрастыру барысында онда қолданылатын терминдердің білім алушыға таныс болуына немесе түсіндірме үшін сілтеменің көрсетілуіне; мазмұнда білім алушыны қызықтыратында жаңалықтардың болуына; сұрақтарының арасында жүйелі байланыстың болуына; тапсырма мәтіннен ғана емес иллюстрациядан тұруына назар аударылуы керек.

Математиканың тапсырма мәтінінде басқа пәндердегі немесе құнделікті нақты өмірдегі жағдайлар баяндалуы, әртүрлі пәндік салалардың негізінде құрастырылуы мүмкін. Бұл орайда білім алушыларға әртүрлі контекст беру маңызды.

Контекст негізіндегі тапсырма білім алушылардан есептеулер жүргізуді ғана емес, сонымен қатар өз жауаптарын негіздеуді қажет етеді. Осы орайда білім алушылар өз қадамдарын түсіндіру үшін дәлелдер көлтіруі керек. Бұл өз алдына білім алушылардың логикалық ойлау қабілетінің дамуына ықпал етеді.

Контекст негізіндегі тапсырманы орындау барысында білім алушыларда берілген жағдайды талдау, түсіну және түсіндіру, шығару тәсілін таңдау дағдылары қалыптасады; білім алушылардың танымдық қызығушылығы артады, математикалық, оқу, қаржылық, ақпараттық сауаттылығы дамиды.

Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру бойынша жұмысты жетілдіру үшін PISA, PIRLS және т. б. халықаралық салыстырмалы зерттеулердің материалдарымен, тест жинақтарымен және нәтижелерімен «Талдау» АҚ сайтынан танысуға болады. <https://taldau.edu.kz/storage/app/media/PISA/%20%D0%B5%D1%81%D0%B5%D0%BF%20PISA-2022.pdf>

«Информатика» оқу пәні бойынша білім алушылардың алған білімдерін әртүрлі өмірлік жағдайларда қолдану қабілетін дамыту – білім беру процесінің маңызды мақсаты. Білім алушылардың ақпараттық сауаттылығын қалыптастыру білім беру әдістері мен стратегияларының кең спектрін қамтитын мынадай кешенді тәсілдерді талап етеді:

- оқу материалын информатика саласындағы нақты сценарийлер мен жағдайларға біріктіру білім алушыларға ақпараттық технологиялардың күнделікті өмірде қолданылуын көруге мүмкіндік береді. Оған мобиЛЬДІ қосымшаларға арналған программалық қосымшаларды өзірлеу, медициналық диагностикаға деректерді талдау, қоршаған ортаны басқару жүйелерін құру және өнеркәсіптегі процестерді оңтайландыру;
- практикалық жұмыстарды жүргізу информатика саласында дағдыларды игеруге бағытталған. Мысалы, программалау, деректерді талдау, веб-сайттар құру және басқа компьютерлік қосымшалар бойынша тапсырмаларды орындау;
- нақты жағдайларға байланысты компьютерлік мәселелер мен міндеттерді шешу аналитикалық ойлауды дамытуға және алған білімдерін қолдануға ықпал етеді. Мысалы, қауіпсіздік жүйелеріндегі ақпараттық процестерді талдау, күнделікті өмірдегі киберқауіпсіздікке қатысты мәселелер, өндірістік процестерді оңтайландыру алгоритмдерін өзірлеу және басқа да осыған үқсас міндеттер;
- информатикада оқытудың интерактивті әдістерін қолдану материалды тиімдірек игеруге және алынған білімді қолдану дағдыларын дамытуға ықпал етеді;
- виртуалды ортадағы ақпараттық процестермен тәжірибе жасау білім алушыларға денсаулық пен қоршаған ортаға қауіп тәндірмей информатиканың негізгі тұжырымдамаларын түсінуге, практикалық дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мысалы, виртуалды зертханалық жұмыстарды жүргізу, өзірлеудің мамандандырылған ортасында алгоритмдерді модельдеу және программалау;
- білім деңгейін бағалап қана қоймай, білім алушыларды алған білімдерін әртүрлі сценарийлерде талдауға және қолдануға ынталандыратын кері байланыс беру информатикадағы білім беру процесінің негізгі аспекті болып табылады. Мұндай кері байланыс тапсырмаларды орындаудың дұрыстырығын

бағалауды ғана емес, сонымен қатар шешім әдістерін талдауды және ақпараттық процестерді зерделеуде зерттеу тәсілін ынталандыруды қамтуы мүмкін.

Мектептегі информатика бағдарламасында икемді дағдыларды дамыту оқыту мақсаттары аясында жүзеге асырылады:

**6-кесте. Информатика бағдарламасында икемді дағдыларды дамыту**

5.2.1.1 әртүрлі ақпарат түрлерінің мысалдарын көлтіру және ақпаратты әртүрлі нысандарда ұсыну	ақпарат түрлерін тану және оларды мәтін, графика, аудио, видео және т. б. сияқты әр түрлі формада ұсыну дағдылары
8.4.1.1 әртүрлі электрондық құрылғылардың адам ағзасына әсері туралы мысалдар келтіріп, қорғау әдістерін тиімді пайдалану	компьютерлік техникамен жұмыс істеу кезінде қауіпсіз мінез-құлық дағдылары
6.4.2.2 «авторлық құқық» және «плагиат» ұғымдарын түсіндіру	құндылықтар және академиялық адальықтың дағдылары
7.4.2.1 компьютерді зиянды бағдарламалардан қорғау	жүйенің қауіпсіздігін сақтау үшін компьютерді вирустардан қорғау және программалық қосымшаларды жаңарту дағдылары
8.4.2.1 желідегі пайдаланушының қауіпсіздігін қамтамасыз ету ережелерін сақтау (интернетте алаяқтық пен агрессия)	кибералаяқтық пен кибербулингті қорғау үшін онлайн ортада қауіпсіз мінез-құлық дағдылары
10.1.2.1 «ақпараттық қауіпсіздігі», «құпиялылық» және «тұтастық» терминдерінің мағынасын түсіндіру	ақпараттық қауіпсіздік, ақпаратты және зияткерлік меншікті қорғау, деректердің тұтастығы мен құпиялылығын қауіп-қатерден қорғау дағдылары.
11.1.1.1 бұлтты технологияның не екенін түсіндіру	бұлтты технологиялармен жұмыс жасау дағдылары
11.4.1.1 конструкторде ыңғайлы мобильдік қосымшасының интерфейсін құру	мобильдік қосымшалармен жұмыс жасау дағдылары
11.4.2.1 Startup (стартап) түсінігін баяндау	- әдетте инновациялар, технологиялар немесе қызметтер саласында жаңа бизнесі немесе жобаны құру және дамыту дағдылары; - жобаларды қаржыландыру әдісі ретінде краудфандинг принциптерін түсінуі; - өнімді жылжыту және сату дағдылары, соның ішінде маркетингтің әртүрлі әдістері, жарнамалар және өнімді нарыққа тарату стратегияларынан тұратын қаржылық сауаттылық дағдылары

## ЖАРАТЫЛЫСТАНУ

Жаратылыстану-ғылыми білім беру білім алушылардың бойында табиғи құбылыстар мен занұдылықтар туралы түсініктерді қалыптастырып, табиғатты танудың ғылыми әдістерін ашып көрсетеді. Ол табиғаттың бір бөлігі ретінде адамға, табиғат әлемін ұғыну ғана емес, осы өзгермелі әлемдегі өз орнын сезінуге бағытталған және жеке тұлғалық құндылық қасиеттер жүйесін тәрбиелеуге, жеке тұлғаның дүниетанымдық, мәдени, тәжірибеге бағдарланған қасиеттерін қалыптастыруға негізделген.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндettі стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына сәйкес:

- бастауыш білім беру деңгейінде «Жаратылыстану» (1-4-сыныптар);
- негізгі орта білім беру деңгейінде «Жаратылыстану» (5-6-сыныптар), «Физика», «Химия», «Биология», «География» (7-9-сыныптар);
- жалпы орта білім беру деңгейінде екі бағыт бойынша «Физика», «Химия», «Биология», «География» (10-11-сыныптар) пәндері оқытылады.

### Бастауыш білім беру

Бастауыш білім беру деңгейінде «Жаратылыстану» оқу пәні тек білім беру құралы ғана емес, сонымен қатар білім алушылардың тұлғалық қасиеттері мен құндылықтың бағдарларын дамытуға бағытталған тиімді құрал ретінде қарастырылуы тиіс. Пән мазмұны «Адал азамат» тәрбие бағдарламасының бағыттарымен тығыз байланысты және білімдік әрі тәрбиелік нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған. Пәнді іске асыру табиғат, адам және қоршаған орта туралы білімді біріктіру арқылы жүзеге асырылады және ол қоршаған орта мен қоғамға құрметпен, жауапкершілікпен қарашақасын қалыптастырумен үштасады.

Пәнді меңгеру барысында білім алушылардың бойында мынадай негізгі құзыреттер мен құндылықтарды табиғи құбылыстарды бақылау және тәжірибелік тапсырмалар арқылы; жанды және жансыз табиғат, қоршаған ортаны қорғау тақырыптарын оқу барысында; туған өлкенің табиғаты, оның бірегей ресурстары мен ел үшін маңызын зерделеу арқылы; зерттеу жұмыстары, табиғи нысандармен, үлгілермен және тәжірибелермен жұмыс жүргізу арқылы; себеп-садарлық байланыстарды анықтап, табиғи процестерді түсіндіру арқылы; бақылау нәтижелері бойынша зерттеу жұмыстарын талқылау, таныстыру және қорытынды жасау арқылы қалыптастыруға болады.

Бастауыш мектептегі құндылықтарды «Жаратылыстану» пәні арқылы кіріктіру ерекшелігі бастауыш сынып білім алушыларының жас және танымдық ерекшеліктеріне сәйкес келетін табиғи, белсенді және эмоционалды түрде жүзеге асырылады. Оқу бағдарламасының бөлімдері құндылықтармен үйлесімді түр-

де байланыстырылып, бақылаулар, тәжірибелер, серуендер және зерттеулер арқылы жүзеге асады.

«Жаратылыстану» пәніндегі құндылықтарды кіріктіру – бұл оқу процесіне кейіннен қосылатын элемент емес, керінше, оның ажырамас бөлігі. Мұнда оқу мақсаттары білім алушы тұлғасын қалыптастырумен тығыз байланыста болады. Бұл пәндеңдегі құндылықтар нақты өмірлік бақылаулар, тәжірибелер, қоршаған ортамен және адамдармен өзара әрекеттесу арқылы көрініс табады, сондықтан олар терең әрі саналы түрде меңгеріледі.

Төменде нақты оқу мақсаттары аясындағы мысалдар ұсынылады (7-кесте).

#### **7-кесте. Оқу мақсаттары**

Оқу мақсаттары (мысалы ретінде)	Қалыптастырылатын құзыреттіліктер	Қалыптастыру тәсілдері
1.1.1.1 қоршаған әлем құбылыштары, процесстері мен нысандарын зерттеудің қажеттілігін түсіндіру	- Зерттеу және жобалау құзыреттілігі	- Табиғи ортада бақылау жүргізу
2.1.2.1 «ақпарат көзі» ұғымын және оның зерттеу жүргізудегі маңызын түсіндіру;	- Ақпараттық құзыреттілік - Коммуникативтік құзыреттілік	- Ақпарат көздерінен деңек жинау және талдау - Топпен талқылау және қорытынды шығару
3.1.2.1 ақпарат көзінің түрлерін, артықшылығы мен кемшілігін анықтау;		
4.1.1.1 зерттеудің өзекті бағытын өз пайымдауы негізінде анықтау		
1.5.2.2 жарықтың, табиғи және жасанды көздерін ажырату;	- Экологиялық құзыреттілік - Проблема шешу және сын тұрғысынан ойлау құзыреттілігі	- Табиғи құбылыштарды бақылау арқылы себеп-салдарды анықтау - Құбылыштарды модельдеу және түсіндіру
3.2.1.1 өсімдіктердің фотосинтез процесінде оттек бөлуін түсіндіру;		
3.2.1.2 өсімдіктердің қоршаған орта жағдайларына (жылу, жарық, ылғал) бейімделу жолдарын түсіндіру;	- Экологиялық құзыреттілік - Жауапкершілік және азаттық құзыреттілік	- Ағзалардың бейімделуін зерттеу - Қоршаған ортаға деген саналы көзқарасты қалыптастыруға арналған талқылаулар мен тапсырмалар
4.2.2.2 бунақденелілердің тіршілік циклін сипаттау;		

Оқыту барысында ерекше назар цифрлық этика, авторлық құқық, киберқауіпсіздік және технологияларды саналы пайдалану мәселелеріне аударылуы қа-

жет. Бұл білім алушыларда цифрлық кеңістікте қауіпсіз және жауапкершілікпен әрекет ету дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

### **Негізгі орта және жалпы орта білім беру**

«Жаратылыстану» оқу пәні (5-6 сыныптар) – бастауыш мектеп курсының логикалық жалғасы, ол білім алушылардың қызығушылығын, зерттеу дағдыларын, ғылыми түсінігін және дүниеге тұтас көзқарасын дамытуға, сондай-ақ қоршаған ортаға құндылық қатынасын қалыптастыруға бағытталған.

Әр түрлі тақырыптарды зерттеу процесінде білім алушылар зерттеу жоспарын құруды, объектілерді жіктеуді, бақылауды, эксперименттер жүргізуді, нәтижелерді ауызша және жазбаша түрде сипаттауды және бағалауды, қорытынды жасауды үйренеді. Бағдарламаны жүзеге асыру алған білімді құнделікті өмірде табиғат құбылыстарын түсіндіру үшін қолдануға бағытталған.

Аймақтағы экологиялық жағдайды жақсартуға және табиғатқа ұқыпты қарауды насиҳаттауға бағытталған жобаларды өзірлеу және оған қатысу ұсынылады. «Дүниені өзгертетін жаңалықтар» бөлімінде қазақстандық ғалымдардың жаратылыстану ғылымдарының дамуына қосқан үлесіне және жасанды интеллектінің адам өмірінің сапасын және қоршаған ортаның тұрақтылығын арттыру үшін қолданылуына назар аудару маңызды. Сондай-ақ, ғылыми жаңалықтарға қызығушылықты, ақпарат алмасуды және ғылыми мәселелерді талқылауға қатысады ынталандыру қажет.

«Экология және тұрақты даму» бөлімі білім алушыларда келесі негізгі құндылықтарды қалыптастырады:

- Әділдік және жауапкершілік: қоршаған ортаның және болашақ үрпақтың жағдайына жеке және ұжымдық жауапкершілікті түсіну, теріс әсерді азайтуға дайын болу, табиғатты тек ресурс ретінде емес, құндылық ретінде қабылдау, өсімдіктерге, жануарларға және экожүйелерге ұқыпты қарau.
- Бірлік және ынтымақ: барлық тірі организмдердің өзара байланысын және экологиялық мәселелерді шешу үшін ынтымақтастық пен өзара көмек көрсету қажеттілігін түсіну, тиісті бастамаларды қолдау және тәжірибе алmasу.
- Заң және тәртіп: болашақ үрпақтың қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндігіне нұқсан келтірмей, қазіргі уақыттағы қажеттіліктерді қанағаттандырудың маңыздылығын түсіну, ресурстарды ұтымды пайдалану және экологиялық таза технологияларды енгізу.
- Тәуелсіздік және отаншылдық: өз елі мен аймағының экологиялық мәселелеріне қатыстылығын сезіну, оларды шешуге қатысуға дайын болу.
- Жасампаздық және жаңашылдық: экологиялық мәселелерді шешудің жаңа идеялары мен шешімдерін, соның ішінде STEM/STEAM технологияларын пайдалануды ынталандыру.

**География (7-9-сынып).** «География» оқу пәнін оқытудың мақсаты – дүниенің гео-

графиялық бейнесін тұтас қабылдайтын, географиялық ойлау қабілеті дамыған, географияның әдістері мен тілін біletін және қолданатын, географиялық мәдениеті бар тұлға тәрбиелуеу.

Географиялық мәдениетті қалыптастыру үшін білім алушылардың бойында қоршаған ортаға деген сүйіспеншілікті, табиғатты аялау сезімін ояту; әртурлі халықтардың мәдениетімен және географиялық ерекшеліктерімен таныстыруды; географиялық білімді күнделікті өмірде және практикалық қызметте қолдану дағдыларын қалыптастыруды; экологиялық мәдениетке тәрбиелеп, табиғатты қорғауға бағытталған жобаларға қатысуға ынталандыруды қажет.

Оқытудың инновациялық әдістерін қолдану мақсатында интерактивті әдістерді (пікірталас, рөлдік ойындар, жобалық жұмыстар, т.б.) және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (электрондық оқулықтар, интерактивті карталар, GPS, ГИС, т.б.) қолдану, оқыту процесінде виртуалды саяхаттарды, бейнематериалдарды және фотосуреттерді пайдалану, білім алушылардың өздігінен білім алуын үйымдастыруды маңызды. Атластар мен контурлық карталар оқулықтар мен үлгілік оқу бағдарламаларының мазмұнына толыққанды сәйкес келмейтіндігіне байланысты география ғылымының түсініктері мен терминдерін меңгеруіне ықпал жасау, кеңістіктік ойлауды мен картографиялық дағдыларды қалыптастырудада ГАЖ және цифрлық карталардың түрлерімен жұмыс жасап, тақырыптық карталарды құру және сипаттауды қажет. Оқу материалын тиімді игеру және зерттеу дағдыларын дамыту үшін білім беру процесінде қол жетімді цифрлық құралдармен жұмысты, олардың ішінде Google Maps, Google Earth Web және OpenStreetMap рельеф пен кеңістіктік заңдылықтарды зерттеуге арналған; worldometer, ourworldindata статистикалық платформалары және портал stat.gov.kz демографиялық және әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерді талдау және базалық дағдыларды пысықтауды үшін географиялық тренажерлер (Seterra, LearningApps) құруға арналған іс-әрекеттер; сондай-ақ Google Sheets және презентациялар негізінде қаралайым визуализациялар қосу ұсынылады.

Қазіргі таңда «Адал азамат» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 26 мамырдығы №123 бұйрығы) бағдарламасы аясында жас үрпақтың бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінуде. «География» пәні білім алушылардың дүниетанымын кеңейтіп, елге деген сүйіспеншілігін арттыруға, табиғатты аялауды және қоғамдық өмірге белсенді қатысуға ықпал ететіндіктен, 7-9-сыныптарда географияны оқыту базалық құндылықтарды жүзеге асыру үшін өте қолайлы.

«Тәуелсіздік және отаншылдық», «бірлік және ынтымақ», «әділдік және жауапкершілік», «зан және тәртіп», «еңбекқорлық және кәсіби біліктілік», «жасампаздық және жаңашылдық» құндылықтарын географиялық материалдармен байланыстыра отырып түсіндіру, оқу бағдарламасындағы әрбір тақырыпты оқыту барысында аталған құндылықтарды ашатын нақты мысалдарды қолдану қажет. Мысалы, экономикалық географияны оқыту кезінде еңбекқорлық және кәсіби біліктілік құндылықтарын өндіріс орындарындағы еңбек адамдарының жетістіктері арқылы көрсетуге болады.

**География 10-11 сынып.** Жалпы орта білім берудегі «География» пәнінің мақсаты – білім алушылардың қоғам мен географиялық кеңістіктің барлық деңгейлерінде туындаған геоэкологиялық, геоэкономикалық, әлеуметтік, геосаяси және ғаламдық проблемаларды шешуге бағытталған географиялық білімдерін, біліктері мен дағдыларын қолдану үшін жағдай жасау.

Білім алушыларды әртүрлі географиялық ақпарат көздерімен, олардың ішінен қажетті материалдарды табу, талдау, түсіндіру, бағалау және қойылған мақсатқа жету үшін қолдану. Ақпарат көздеріне байланысты жұмыс түрлерін ұйымдастыру маңызды болып табылады.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияны (АКТ) сабакта қолдану ұсынылады, бұл білім алушылардың танымдық қызығушылығын арттыру арқылы оку сапасына ықпал етеді. АКТ білім алушыға ақпаратты әртүрлі формада беруге мүмкіндік береді: тест, графика, аудио, видео, анимация және т.б.

Танымдық белсененділікті ынталандыратын, пәнге деген қызығушылықты дамытатын, білім сапасын арттыруға ықпал ететін оқытудың әртүрлі әдістеріне, құралдары мен формаларына ерекше назар аудару керек.

Осындай оқыту әдістері мен формаларының қатарына картамен жұмыс, шығармашылық жұмыс, тірек конспектілерді қолдану, нақты тақырыптар мен практикалық жұмыстардан тұратын Өлкетану материалдары негізінде оку материалын саралау, оқулықтардың (оқулық, басылымдарының) электрондық нысандарын, ГАЗЖ құралдарын, жеке бөлімдерді терең зерттеу мақсатында бейнематериалдарды пайдалану ұсынылады.

**Физиканы оқыту процесінде базалық құндылықтарды кіріктіру** формалды сипатта емес, пән мазмұнынан үйлесімді түрде туындауы тиіс және бұл пәндік әрі метапәндік оку нәтижелеріне қол жеткізуге ықпал етуі қажет.

«Физика» пәні іргелі ғылым ретінде білім алушылардың дүниетанымын қалыптастыруға, сынни ойлауын дамытуға және жеке тұлғалық қасиеттерін жетілдіруге мол мүмкіндік береді.

Базалық құндылықтардың «Физика» пәнінің оку мақсаттарымен байланысы:

### 1. Тәуелсіздік және отаншылдық

Энергетикалық тәуелсіздік

Оку мақсаты: 7.2.2.1 Энергия және оның әртүрлі түрлерін (кинетикалық, потенциалдық, ішкі) түсіндіру. Үқпалдастыру мысалы: энергияның әр түрлерін оқыған кезде, Қазақстандағы энергия көздерін (мұнай, газ, көмір, уран) және олардың елдің энергетикалық тәуелсіздігін қамтамасыз етудегі рөлін талқылау.

Оку мақсаты: 8.3.1.2 Жылу қозғалтқыштарының жұмыс істеу принциптерін және

олардың ПӘК-ін түсіндіру. Үіқпалдастыру мысалы: энергия ресурстары импортына тәуелділікті азайту және өзіндік энергетиканы дамыту тұрғысынан дәстүрлі және баламалы энергия көздерін пайдалану тиімділігін қарастыру.

Оқу мақсаты: 9.4.2.1 Ядролық бөліну және синтез реакцияларын сипаттау. Үіқпалдастыру мысалы: Қазақстанда атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалануды, уранның рөлін және энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін ядролық энергетиканы дамыту перспективаларын талқылау.

#### Технологиялық тәуелсіздік

Оқу мақсаты: 8.4.1.1 Радиотолқындарды тарату және қабылдау принциптерін түсіндіру. Үіқпалдастыру мысалы: отандық телекоммуникациялардың, спутниктік технологиялардың дамуын және олардың елдің технологиялық егемендігіне қосқан үлесін талқылау.

Оқу мақсаты: 9.2.3.1 Ғарыш аппараттары қозғалысының заңдарын талдау. Үіқпалдастыру мысалы: Қазақстанның ғарышты игерудегі жетістіктерін (Байқоңыр, қазақстандық ғарышкерлер, жеке спутниктерді әзірлеу) технологиялық тәуелсіздік факторы ретінде оқып үйрену.

#### Ғылыми зерттеулерді дамыту

Оқу мақсаты: 10.1.1.1 Ғылыми зерттеу кезеңдерін сипаттау. Үіқпалдастыру мысалы: қазақстандық ғалымдардың физика саласындағы ғылыми жаңалықтарына мысалдар көлтіру, отандық ғылымды дамытудың егемендік пен прогресс үшін маңыздылығын атап өту.

**2. Құндылықтың мәні:** ұлттық ғылымға мақтаныш сезімін, физиканың ел дамуына қосқан үлесін түсінуді, Отанға деген сүйіспеншілікті және мәдениетке құрметті қалыптастыру.

#### «Физика» пәнінің оқу мақсаттарымен байланысы

##### Ұлттық ғылым мен технологияға мақтаныш сезімін қалыптастыру

Оқу мақсаты: 7.1.1.1 Көрнекті физик ғалымдарды және олардың ашқан жаңалықтарын атап. Үіқпалдастыру мысалы: көрнекті ғалымдар тізіміне қазақстандық физиктерді (мысалы, Қаныш Сәтбаевтың геологиямен байланысты еңбектерінің терең физикалық негіздері немесе қазіргі физика саласында жұмыс істейтін ғалымдар) және олардың әлемдік және отандық ғылымға қосқан үлесін қосу.

#### Физиканың ел дамуына қосқан үлесін түсіну

Оқу мақсаты: 8.3.2.1 Электр тогының тұрмыста және техникада қолданылуын түсіндіру. Үіқпалдастыру мысалы: физикалық принциптердің Қазақстанның инфрақұрылымын (энергетика, көлік, байланыс) дамытуда қалай қолданылатынын

талқылау, ғылымның ел прогрессіне қалай қызмет ететінін көрсету.

Тұған жерге деген сүйіспеншілік пен қамқорлық

Оқу мақсаты: 7.2.1.2 Климатқа байланысты физикалық құбылыстарды түсіндіру. Ұқпалдастыру мысалы: Қазақстанның бірегей табиғи құбылыстарының немесе географиялық нысандарының физикалық аспектілерін (мысалы, сейсмикалық белсенділік, өзендер мен көлдердің қалыптасу ерекшеліктері) қарастыру, табиғатқа ұқыпты қарауды тәрбиелуеу.

Ұлттық құндылықтар мен мәдениетке құрмет

Оқу мақсаты: 9.2.1.1 Денелер қозғалысының физикалық негіздерін түсіндіру. Ұқпалдастыру мысалы: дәстүрлі қазақ ойындарының («Көкпар», «Асық ату») немесе ұлттық музыкалық аспаптардың (домбыра, қобyz) негізінде жатқан физикалық принциптерді талдау, ғылым мен мәдени мұраның байланысын көрсету.

### **3. Бірлік және ынтымак**

Бірлескен зерттеулердің философиялық және әлеуметтік аспектілерін түсіну, ғылымның әлеуметтік және этикалық жауапкершілігін терең түсіну.

Құндылықтардың «Физика» пәнінің оқу мақсаттарымен байланысы:

Ғылыми қауымдастықтың бірлігі және әлемдік мәселелерді шешу

Оқу мақсаты: 10.5.1.1 Физиканың адамзаттың жаһандық проблемаларын (энергетикалық дағдарыс, экологиялық проблемалар) шешудегі рөлін талқылау. Ұқпалдастыру мысалы: Бұл проблемаларды шешу бүкіл әлем ғалымдарының, ұлтына қарамастан, бірлескен күш-жігерін және ғылыми ізденістегі ынтымақтастырың қажет ететінін атап өту.

Ғылымның әлеуметтік және этикалық жауапкершілігі

Оқу мақсаты: 9.4.2.2 Ядролық энергияның қоршаған ортаға әсерін талдау. Ұқпалдастыру мысалы: Ядролық технологияларды қолданумен байланысты тек ғылыми аспектілерді ғана емес, сонымен қатар этикалық дилеммаларды талқылау, ғалымдардың өз жаңалықтарының салдары үшін қоғам алдындағы жауапкершілігін атап өту.

### **4. Әділдік және жауапкершілік**

Зан мен қоғам алдындағы жауапкершілікті сақтау.

«Физика» пәнінің оқу мақсаттарымен байланысы:

Білімді қолдануға жауапкершілік

Оқу мақсаты: 7.5.1.1 Зертханалық жұмыстарды орындаудағы қауіпсіздік ережелерін түсіндіру. ҮІқпалдастыру мысалы: қауіпсіздік үшін жауапкершілік әркімге жүктелетінін және әділдік барлық белгіленген ережелерді сақтауды талап ететінін атап өту.

Оқу мақсаты: 9.2.2.8 Үйкеліс күшінің пайдасы мен зиянына мысалдар келтіру («Техникада үйкеліс әрекетін ескеру» контекстінде). ҮІқпалдастыру мысалы: инженерлер мен конструкторлар барлық физикалық факторларды ескере отырып, жасалған механизмдердің қауіпсіздігі үшін жауапкершілік арқалайтынын талқылау. Адал болмау немесе стандарттарды сақтамау (тұтынушыға қатысты «әділдікті» бұзу) елеулі салдарларға әкелуі мүмкін.

Оқу мақсаты: 9.2.2.7 Ғарыш аппараттары орбиталарының ерекшеліктерін жылдамдық мәндері бойынша салыстыру («Қазақстанның алғашқы шағын ғарыш аппараттары» контекстінде). ҮІқпалдастыру мысалы: отандық космонавтиканың дамуын талқылаған кезде, ғарышты бейбіт мақсатта пайдалану, халықаралық нормаларды сақтау және аппараттарды ұшырудың экологиялық қауіпсіздігі үшін жауапкершілікке назар аудару.

## **5. Заң және тәртіп**

Заңдарды білу және түсіну, оларды құрметтеу, заңды талаптарды орындау, құқықтық сауаттылық, заң бұзушылықтарға қарсы тұру және құқықтық тәртіпті қолдау.

«Физика» пәнінің оқу мақсаттарымен байланысы:

Заңдарды білу және түсіну

Оқу мақсаты: 7.1.2.1 Ньютон заңдарын есептер шығаруға қолдану. ҮІқпалдастыру мысалы: Физика заңдары әлемді басқаратын әмбебап және өзгермейтін «ережелер» еkenін атап өту. Бұл қофамда да үйлесімді өмір сүру үшін білу және түсіну қажет заңдар бар еkenін білуді дамытады.

Заңдар мен ережелерге құрмет

Оқу мақсаты: 8.5.1.1 Электр аспаптарымен қауіпсіз жұмыс істеу ережелерін сақтау. ҮІқпалдастыру мысалы: қауіпсіздік техникасы ережелері – физика кабинетінің өзіндік «заңдары» еkenіне, оларды құрметтеу және қатаң сақтау тәртіпті және қауіпсіздікті қамтамасыз ететініне назар аудару. Бұзушылықтар қофам заңдарын бұзу сияқты, болжаяға болатын жағымсыз салдарларға әкеледі.

Құқықтық тәртіпті қолдау

Оқу мақсаты: 10.1.1.2 Ғылыми әдісті сақтай отырып, эксперименттер жүргізу. ҮІқпалдастыру мысалы: ғылыми әдіс – зерттеудегі қатаң тәртіп еkenін, онда әрбір қадамның негізделгенін және тексерілгенін түсіндіру. Бұл белгіленген про-

Цедураларды орындау дағдысын қалыптастырады және кез келген істе тәртіпті сақтауға ықпал етеді.

## 6. Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік

Оқудағы және болашақ қызметтегі ынта, сапаға ұмтылу, шеберлік.

«Физика» пәнінің оқу мақсаттарымен байланысы:

Ынталы еңбектің құндылығы

Оқу мақсаты: 7.1.3.1 Кинематиканың негізгі формулаларын қолдануға арналған есептер шығару. Ұқпалдастыру мысалы: күрделі физикалық есептерді табысты шешу еңбекқорлықты, табандылықты және көп рет қайталап практикалық дағдыларды қажет ететінін атап өту. Физикадағы табыс – жүйелі еңбектің нәтижесі.

Шеберлікке және кәсібілікке ұмтылу

Оқу мақсаты: 8.2.1.2 Физикалық шамаларды дәл өлшеуді жүргізу. Ұқпалдастыру мысалы: зертханалық жұмыстарды орындауда ұқыптылық пен дәлдікті талап ету. Фалымның немесе инженердің кәсібілігі егжей-тегжейге назар аударуымен және жұмыс сапасының мінсіз болуына ұмтылуымен көрінетінін түсіндіру.

## 7. Жасампаздық және жаңашылдық

Шығармашылық ойлауды, бастамашылдықты және жаңа нәрсе жасауға деген ұмтылысты ынталандыру.

«Физика» пәнінің оқу мақсаттарымен байланысы:

Білімді жасампаздық үшін практикалық қолдану

Оқу мақсаты: 9.3.1.2 Әртүрлі оптикалық аспаптардың жұмыс істеу принциптерін сипаттау. Ұқпалдастыру мысалы: білім алушыларға қарапайым оптикалық құрылғыларды (камера-обскура, телескоп) немесе физикалық принциптерді көрсететін модельдерді жасау бойынша жобалар ұсыну. Бұл физикалық білімнің пайдалы нәрселерді жасауға қалай мүмкіндік беретінін көрсетеді.

Шығармашылық және жаңашылдық ойлауды дамыту

Оқу мақсаты: 10.6.1.1 Физикалық принциптерді қолдана отырып, өзекті проблемаларға шешімдер ұсыну. Ұқпалдастыру мысалы: білім алушыларды нақты проблемаларға жаңашыл шешімдер іздеуге ынталандыру (мысалы, үйдің энергия тиімділігін қалай жақсартуға болады, мектепте жаңартылатын энергия көздерін қалай қолдануға болады). Физика мен техникадағы соңғы инновациялар туралы пікірталастар ұйымдастырып, жеке идеяларға шабыт беру.

Бұл тәсіл физиканы ғылым ретінде оқып қана қоймай, сонымен қатар елдің да-  
муы үшін қажетті құндылықтық бағдарлар мен құзыреттіліктерге ие азаматтарды  
тәрбиелеуге мүмкіндік береді.

### **«Химия» пәні (7-9-сыныптар)**

«Тәуелсіздік және отаншылдық», «бірлік және ынтымақ» құндылықтары. Құзырет-  
тіліктер: Қазақстан азаматының міндеттерін орындауға, өз елінің мұдделері мен  
құндылықтарын қорғауға дайын болу; басқалармен жағымды қарым-қатынас  
орната білу және қоғамдық өмірге үлес қосу.

«Химия және қоршаған орта» бөлімінің «Жер химиясы» бөлімшесі. Оқу мақсатта-  
ры: 7.4.2.4 Қазақстан қандай минералды және табиғи ресурстармен бай екендігін  
және олардың кен орындарын білу; 9.4.2.2 фосфор қосылыстарының Қазақстан-  
дағы кен орындарын атау; 9.4.2.5 Қазақстандағы металдардың кен орындарын  
атау және оларды өндіру процестерін, қоршаған ортаға әсерін түсіндіру.

«Жер химиясы» тақырыбына «тәуелсіздік және отаншылдық», «бірлік және ынты-  
мақ» құндылықтарын кіріктіруге болады.

Білім алушыларға еліміздің әлемдік пайдалы қазбалар қоры бойынша алатын  
орнын, мысалы, уран, хром, мыс, алтын, мұнай т.б. жөнінде мәліметтер беру ке-  
рек. Сол арқылы туған жердің байлығын бағалауға баулып, Қазақстанның табиғи  
байлықтарына деген құрмет пен мақтаныш сезімі оянады.

Пайдалы қазбалардың экологиялық аспектілерін, мысалы, пайдалы қазбалар-  
ды өндірудің қоршаған ортаға әсерін талқылау арқылы экологиялық жауапкер-  
шілікті дамытуға, өз елінің мұдделері мен құндылықтарын қорғауға дайын бо-  
луға тәрбиелеу қажет.

Пайдалы қазбалардың ел экономикасына әсері және оларды тиімді, әділ пайда-  
лану қажеттілігі жайлы пікірталас үйымдастыру арқылы басқалармен жағымды  
қарым-қатынас орната білу және қоғамдық өмірге үлес қосуға дағдыланады.

«Жасампаздық және жаңашылдық» құндылығы.

Шығармашылық құзыреттілігі: бақылау, өлшеу, эксперименттер мен тәжірибе-  
лер жүргізу; модельдеу, таным объектілерінің құрылымын анықтау, бір бүтін-  
нің әртүрлі бөліктері арасындағы қатынастарды іздеу және бөлу, процестерді  
кезеңдерге бөлу, себеп-салдарлық байланыстарды анықтай алу; оқу есептерін  
шешудің оңтайлы тәсілдерін таба білу, ол үшін жаңаларын қолдану және бұрын-  
нан таныс алгоритмдерді біріктіру, оларды стандартты емес есептерді шешуге  
қолдана алу.

«Зат массасының сақталу заңы» бөлімшесі. Оқу мақсаттары: 8.2.3.1 заттар қура-  
мындағы элементтердің массалық үлесін табу, элементтердің массалық үлесі  
бойынша заттардың формуласын шығару; 8.2.3.2 әрекеттесетін заттар қатына-

сын эксперименттік жолмен анықтау; 8.2.3.3 реакцияға қатысатын және түзілетін заттардың формуласын жаза отырып, химиялық реакциялар теңдеулерін құру; 8.2.3.4 заттар массасының сақталу заңын білу; 8.2.3.5 химиялық реакция теңдеулері бойынша зат массасын, зат мөлшерін есептеу; 8.2.3.6 Авогадро заңын білу және қалыпты және стандартты жағдайлардағы газдар көлемін есептеуде молярлық көлемді қолдану; 8.2.3.7 газдардың салыстырмалы тығыздығын және заттың молярлық массасын салыстырмалы тығыздық бойынша есептеу.

«Зат массасының сақталу заңы» тақырыбын оқыту барысында білім алушыларда оқу есептерін шешудің тиімді тәсілдерін қолдану, алгоритмдерге сүйене отырып стандартты емес тапсырмаларды орындау сияқты құзыреттіліктерді қалыптастыру үшін білім алушыларға бір есепті бірнеше тәсілмен шешуді ұсыну (мысалы, кесте арқылы, формуламен, реакция теңдеуі негізінде), есептерді кері бағытпен шешу: берілген өнімнен бастап бастапқы заттардың массасын табу сияқты тәсілдерді қолдануға болады. Төменде аталған құзыреттіліктерді қалыптастыруға арналған ұсыныстар берілген.

Нысандардың құрылымын модельдеу және анықтау:

- химиялық реакцияны жүйе ретінде көрсету үшін сызбалар, кестелер мен діаграммаларды қолдану;
- білім алушыларға реагенттерден бастап өнімдерге дейін, масса, зат мөлшері және коэффициенттерді ескере отырып, химиялық процестің моделін құрастыруға арналған тапсырмалар беру, мысалы: темір мен құқірттің әрекеттесу реакциясының моделін құру. Реакцияға дейін және кейін жүйеге қандай заттар кіретінін, массаның қалай бөлінетінін түсіндіру.

Есептерді шешудің оңтайлы тәсілдері және алгоритмдерді қолдану:

- бір есепті бірнеше тәсілмен шешуді ұсыну: реакция теңдеуі арқылы, пропорция әдісімен, кері әдіспен және т.б.;
- әдістерді жылдамдық, қарапайымдылық және әмбебаптылық түрғысынан салыстыру, мысалы: көміртектің толық жануына қажетті оттек массасын табу. Шешу жолдары: пропорция құрастыру арқылы, зат мөлшерін есептеу арқылы, реакция теңдеуіндегі коэффициенттерді пайдалану арқылы шешу.

## «Химия» пәні (10-11 сыныптар)

Жасампаздық және жаңашылдық

Шығармашылық құзыреттілігі: заманауи цифрлық құралдар мен технологияларды менгеру; мақсаттарға жету үшін бастаманы ұсыну, жаңа мүмкіндіктер іздеу және идеяларды іске асыру барысында ресурстарды тиімді пайдалану.

«Химия және қоршаған орта» бөлімі «Жаңа заттарды және материалдарды өндіру» бөлімшесі. Оқу мақсаттары: 11.4.2.18 синтетикалық дәрілік препарат үлгісі ретінде аспиринді алу процесін сипаттау; 11.4.2.19 дәрілік заттарды өндіру про-

блемаларын атау; 11.4.2.20 «нанобөлшек», «нанохимия» және «нанотехнология» ұғымдарының физикалық мәнін түсіндіру; 11.4.2.21 нанобөлшектерді синтездеу және зерттеу әдістерін сипаттау; 11.4.2.22 нанобөлшектердің қолдану аймағын атау; 11.4.2.23 наноматериалдардың ерекшеліктерін сипаттау.

«Жаңа заттар мен материалдарды жасау» тақырыбын оқыту барысында цифрлық құралдар мен технологияларды меңгеру, сондай-ақ бастамашылдықты, креативтілікті және идеяларды жүзеге асыру қабілетін дамытуға бағытталған құзыреттіліктерді қалыптастыру жобалық қызметті, цифрлық ресурстарды және пәнаралық тәсілді кіріктіру арқылы жүзеге асыруға болады.

Цифрлық құралдар мен технологияларды меңгеру, оның ішінде ЖИ қолдану:

- химиялық процестерді модельдейтін онлайн жаттықтырғыштарды қолдану;
- молекулалық құрылымдарды модельдеуге арналған бағдарламаларды пайдалану;
- инновациялық материалдар туралы цифрлық презентациялар, интерактивті постерлер мен инфографика жасау;
- заттарды синтездеуге арналған виртуалды зертханаларды қолдану.

Тапсырма үлгілері:

Интернет-ресурстарды қолдана отырып, графеннің қасиеттерін зерттеу. Нәтижелерді инфографика түрінде ұсыну.

3D модельдеу арқылы жаңа полимердің молекулалық моделін жасау.

Бастамашылдық, идея генерациялау және ресурстарды тиімді пайдалану:

- білім алушыларға белгілі бір қасиеттері бар жаңа заттар немесе материалдар жасауға арналған жеке идеяларын ұсынуды тапсыру (мысалы, биосәйкестендірілетін пластик, ыстыққа төзімді жабын);
- идеядан бастап цифрлық таныстырылымға немесе өнімнің макетіне дейінгі шағын жобаларды ұйымдастыру;
- топтық жұмысты ынталандыру: рөлдерді бөлу, ақпарат іздеу, идеяны қорғау.

Тапсырма үлгісі: Жоба: қоршаған ортаға немесе тұрмысқа қатысты өзекті мәселені шешетін жаңа материалдың тұжырымдамасын жасау (мысалы, еритін пластик, суды тазартуға арналған материал). Оның құрамын, қасиеттерін және қолданылуын негіздеу.

Косымша әдістер: цифрлық портфолио құру; кейс-стади – жаңа заттарды жасаудың нақты мысалдарын зерттеу; химиялық стартаптар – идеядан бастап өнімді таныстыруға дейінгі процесті модельдеу; хакатондар / идеялар сайсы – сабак аясында шығармашылық жарыстар өткізу.

«Биология» пәні 7-9 сыныптар.

Заң және тәртіп. Азаматтық борыш және парасаттылық құзыреттілігі. Құтілетін нәтижелер: құқықтық жүйе мен адам құқығы негіздерін білу; тәртіп пен әділдік, нормалар мен ережелерді сақтау қажеттілігін түсіну; қоғамды қорғау мен қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі заң мен тәртіптің маңыздылығын білу.

Биология сабактарында «азаматтық борыш және парасаттылық» құзыреттілігін қалыптастыруды «Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы. Жергілікті өнірдің ҚР Қызыл кітабына енгізілген жануарлары мен өсімдіктері» тақырыбын оқығанда кіріктіруге болады. Оқу мақсаты: 7.3.2.4 жергілікті өнірдің Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген жануарлары мен өсімдіктеріне мысал келтіру.

Сабактарда пікірталастар, дөңгелек үстелдер, сұрақ-жауаптар ұйымдастыруға болады.

Талқылау үшін сұрақтар: сирек кездесетін түрлердің жойылып кетуіне азаматтар жеке жауап беруі керек пе? Жергілікті аумақта сирек кездесетін Грейг қызғалдағы өсетін жер кесіледі. Сіз қалай әрекет етер едіңіз?

Білім алушылардан өз аймағындағы волонтерлік эко акциялар туралы ақпарат табуды, жергілікті жойылып кету қаупі төнген түрді қорғау бойынша шағын жобаны (мысалы, ақпараттық науқсан, мектеп стенді, әлеуметтік желілер) ұсынуды сұрау.

7-сыныптағы «Экожүйе» бөлімшесіндегі «Қазақстанда ерекше қорғалатын аймақтар. Жергілікті жердің ерекше қорғалатын аймақтары» тақырыбы құндылықтарды кіріктіру үшін өте қолайлы, әсіресе төмендегі құндылықтарды осы сабактарға кіріктіруге мол мүмкіндік бар: тәуелсіздік және отаншылдық; әділдік және жауапкершілік; заң және тәртіп.

Педагог тұжырымдамасының мысалы: Бұғынгі таңда Қазақстан қорықтарының тізіміне 10 қорық кіреді. Олар: Ақсу-Жабағылы қорығы, Алматы қорығы, Алакөл қорығы, Наурызым қорығы, Барсакелмес қорығы, Қорғалжын қорығы, Марқакөл қорығы, Үстірт қорығы, Батыс-Алтай қорығы, Қаратая қорығы. «Қорықтар мен ұлттық саябақтар – біздің Отанымыздың асыл маржандары. Бұл – жай ғана қорғалатын аумақтар емес, бұл біз болашақ үрпақ үшін сақтауымыз керек болатын мұра».

«Микробиология және биотехнология» бөлімшесі.

Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік, бірлік және ынтымақ.

Құзыреттілік: инновациялық ойлау.

Құтілетін нәтижелер: өзінің және басқалардың еңбегінің нәтижелерін бағалау;

түрлі мамандықтар мен олардың қызмет ерекшеліктерін зерттеуге қызығушылық таныту; бірлескен іс-әрекет пен өзара іс-әрекет кезінде басқалардың пікірлері мен сезімдерін құрметтей білу; басқалармен жағымды қарым-қатынас орната білу және қоғамдық өмірге үлес қосу.

«Микробиология және биотехнология» білімшесінде биотехнологиялық процестің схемалары және биотехнологияда (медицина, өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы үшін) алынатын өнімдер зерттеледі.

Осы білімшедегі «Инсулин өндірісі» тақырыбы – биология сабағында өте өзекті әрі маңызды тақырыптардың бірі. Бұл тақырыпты оқыту барысында тек ғылыми мазмұнмен ғана шектелмей, білім алушылардың тұлғалық және әлеуметтік дамына әсер ететін түрлі құндылықтарды кіріктіруге болады. Мысалы, еңбеккорлық және кәсіби біліктілік, бірлік және ынтымақты кіріктіруге осы тақырып арқылы қол жеткізуге болады.

Ұсыныстар:

- инсулин өндірісінің түрлі сала (медицина, биотехнология, фармацевтика) мамандарының бірлескен еңбегі арқылы жүзеге асатынын көрсету;
- топтық жұмыс арқылы білім алушыларға бірлесіп мәселе шешудің құндылығын үйрету;
- қант диабетімен ауыратын адамдардың өмірі туралы айту — оларға түсіністікпен қарап, көмектесу керектігін түсіндіру.

## Жалпы орта білім беру

«Биомедицина және биоинформатика» білімшесі. 11-сынып.

Бірлік және ынтымақ.

Құзыреттілік: тиімді коммуникация. Күтілетін нәтижелер: әлеуметтік, іскерлік және ресми контексте жалпы және ұлттық этикет нормаларын қолдану; басқа адамның сезімін және эмоционалды жай-күйін түсіну.

11-сыныпта «Биомедицина және биоинформатика» білімшесінде «Экстракорпоральды ұрықтандыру әдісі және оның маңызы. Экстракорпоральды ұрықтандырудың (ЭКҰ) этикалық аспектілері» тақырыбы қарастырылады. Бұл тақырып бірлік пен ынтымақтастық, жанашырылық, жеке таңдау мен мәдени қарым-қатынас нормаларына құрмет сияқты құндылықтарды дамытуға өте қолайлы.

Әдіс-тәсілдер: ЭКҰ процедурасынан өткен адамдардың шынайы немесе гипотекалық оқыфаларын талқылау. Білім алушылардан жанында отырған адамның ұзақ уақыт бала сую бақытына жете алмай, ЭКҰ арқылы ата-ана атанғанын еле стетуін сұрауға болады.

Талқылауға арналған сұрақтар:

- ЭКҰ-ға жүгінген адам қандай сезімде болуы мүмкін?
- Біз қандай жолмен қолдау көрсете аламыз?
- Неліктен айыптау немесе ыңғайсыз сұрақтар қоюдан аулақ болу маңызды?
- Әр отбасының ата-ана болуға апарар жолын өз бетінше таңдауға құқығы бар ма?

Талқылау барысында тек биологиялық аспектілерге ғана емес, сонымен қатар таңдау еркіндігі, зорлықсыз қарым-қатынас пен жеке шешімдерге құрмет көрсету құндылықтарына баса назар аудару ұсынылады.

### **«Ботехнология» бөлімшесі. 10-сынып.**

Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік, жасампаздық және жаңашылдық. Құзыреттілік: инновациялық ойлау, шығармашылық. Қутілетін нәтижелер: тапсырмаларды тиімді орындау үшін қажетті академиялық және техникалық, заманауи технологиялар мен әдістер туралы білімінің болуы; өзін-өзі үйімдастыру, міндеттерге басымдық беру, жұмыс уақытын жоспарлау; нәтижелерге қол жеткізу және жақсарту үшін күш салуға дайын болу; еңбек әдебі мен сапа стандарттарын түсіну; дамуға және окуға үнемі үмтүлу; әлеуметтік, іскерлік және ресми kontekste жалпы және ұлттық этикет нормаларын қолдану, мақсаттарға жету үшін бастаманы ұсыну, жаңа мүмкіндіктер іздеу және идеяларды іске асыру барысында ресурстарды тиімді пайдалану.

Сабақтың тақырыбы: Полимеразды тізбекті реакцияны қолдану. Полимеразды тізбекті реакцияның таксономия, медицина, криминалистикадағы маңызы. Оқу мақсаты: 10.4.3.2 полимеразды тізбекті реакцияның таксономияда, медицинада және криминалистикадағы маңызын сипаттау.

Ұсыныс: ПТР (полимеразды тізбекті реакция) қолданылатын жағдайларды еле стету және оның ықтимал этикалық салдарын ой елегінен өткізу.

Талқылауға арналған сұрақтар: ПТР арқылы әкелік байланысты анықтауға болады. Сіздің ойыңызша, бұл ақпаратты әрқашан білім алушыға ашып айту қажет пе? Адамның келісімінсіз ПТР-ды криминалистикада қолдануға бола ма? Ауыр сырқатпен ауырып жүрген науқасқа ПТР-диагностикадан өтудің маңыздылығын қалай түсіндіресіз?

Медицинадағы қолданылуы: қамқорлық, пен жанашырлық

ПТР мына бағыттарда көмектеседі: қауіпті жұқпалы ауруларды (АИТВ, туберкулез, COVID-19) анықтау; генетикалық ауруларды ерте кезеңде анықтау.

Криминалистикадағы ПТР: кінәсіз адамды ақтауға көмектеседі; әділ үкім шығаруға ықпал етеді.

Талқылауға арналған сұрақ: «Егер сіз судья болсаңыз, ПТР нәтижесін істегі жалғыз дәлел ретінде қабылдар ма едініз?»

Эссе тақырыбы: «Неліктен ғылыми білім этикалық көзқарасты талап етеді».

**«Жаратылыстану» білім беру саласы пәндері аясында білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру.**

«Жаратылыстану» білім беру саласындағы пәндерді оқытуда функционалдық сауаттылық мәселелерін шешу үшін алынған білімді бейімдеу қабілетін қамтитын аналитикалық ойлауға үлкен мән беріледі. Бұл оқу сауаттылығын, математикалық құралдарды және «Жаратылыстану» саласындағы пәндік білімді пайдалануды талап ететін пәнаралық, тәжірибеге бағытталған және жағдаяттық есептер сияқты әртүрлі мазмұндағы сөздік есептерді шешуді қамтиды.

Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру бойынша жұмысты жетілдіру үшін PISA, PIRLS және т. б. халықаралық салыстырмалы зерттеулердің материалдарымен, тест жинақтарымен және нәтижелерімен «Талдау» АҚ сайтынан танысуға болады

<https://taldau.edu.kz/storage/app/media/PISA/%20%D0%B5%D1%81%D0%B5%D0%BF%20PISA-2022.pdf>

Бастауыш білім беру деңгейіндегі «Жаратылыстану» пәні зерттеу, ойлау операцияларының негіздерін, коммуникативтік дағдылар мен іскерліктерді қалыптастыруға, қоршаған орта құбылыстарын түсіндіру үшін алған білімдерін қолдана білуғе, әртүрлі көздерден алынатын табиғи-ғылыми және өмірлік маңызы бар мазмұндағы ақпаратты қабылдауға бағытталған.

Бастауыш білім беру деңгейінде «Жаратылыстану» пәнін оқу процесінде білім алушылардың әртүрлі өмірлік жағдайларда алған білімдерін қолдана білу дағдылары қалыптасады. Бұл процесс «3.1.2.4 жүргізілген эксперимент нәтижесін құрылған жоспарға сәйкес диаграмма түрінде көрсету, қорытынды жасау» оқу мақсаттарын жүзеге асыру барысында берілген жоспарға сәйкес эксперимент жүргізу, нәтижелерді ыңғайлы түрде жазу және алынған деректер негізінде тұжырым жасау білігін талап етеді. Алынған дағдыларды одан әрі іс-әрекетте қолдану білім алушылардың эксперименттер жүргізіп, олардың негізінде болашақта оқуда және күнделікті өмірде пайдалы болатын қорытындылар жасай алатынын болжайды (8-кесте).

**8-кесте. Оқыту мақсатының академиялық және функционалдық құрамдас бөліктегі**

Оқыту мақсаты	Оқыту мақсатының пәндік (академиялық) бөлігі	Оқыту мақсатының функционалдық (әртүрлі өмірлік жағдайларда қолдану) бөлігі
3.2.2.1 жануарларды омыртқалыларға және омыртқасыздарға жіктеу;	Білім алушылар жануарлардың негізгі сипаттамаларын зерделейді және омыртқалылар мен омыртқасыздардың арасындағы омыртқаның болуы немесе болмауы, дене бітімінің түрі, қозғалыс әдістері және т.б. айырмашылықтарды түсінеді.	Жануарлар әлемінің әртүрлілігін түсіну, оны омыртқалылар мен омыртқасыздарға жіктеу, табиғи ортаны және оны сақтаудың маңыздылығын тереңірек түсінуге ықпал етеді.
4.2.2.1 өз өлкесіндегі жануарларды жіктеу;	Білім алушылар сүт қоректілерді, құстарды, балықтарды, жәндіктерді, қосмекендерді мен бауырымен жорғалаушыларды қоса алғанда, өз жерлерінде мекендейтін жануарлардың алуан түрлілігін зерделейді.	Жергілікті жануарлар әлемі және оның класификациясын түсіну табиғи ресурстарды пайдалану және туристік маршруттарды үйімдастыру кезінде жануарлардың қажеттіліктері мен ерекшеліктерін ескере отырып, адамдарға қоршаған ортаны көбірек білуге мүмкіндік береді.

Негізгі және жалпы орта білім беру деңгейлерінде жаратылыстану-ғылыми сауаттылық география, биология, физика және химия сияқты жаратылыстану ғылымдарының пәндік салаларын қамтиды.

Білім алушылардың «Химия» оқыпәні бойынша әртүрлі өмірлік жағдайларда білімді пайдалану қабілетін қалыптастыру білім беру процесінің маңызды міндеті болып табылады, ол негізгі химиялық тұжырымдамаларды түсінуді ғана емес, оларды нақты өмірде қолдану қабілетін де қамтиды.

«Химия» пәні бойынша функционалдық сауаттылықты қалыптастыру химияның негізгі қағидаттарын жүйелі түрде зерделеуді, теориялық білімді бекіту үшін зертханалық жұмыстарды жүргізу (химиялық процестерді қадағалау, тәжірибелер мен демонстрациялар жүргізу білімді нығайтады) қамтитын кешенді тәсілді талап етеді. Білім алушыларға нақты өмірлік жағдайда (медицинада, өндірісте, ауыл шаруашылығында, экологияда және басқа салаларда) химиялық білімнің қайда қолданылатынын көрсету маңызды. Химиялық білім берудің ерекшелігі тек теориялық білімді ғана емес, сонымен қатар академиялық және күнделікті өмірде туындастырылған мәселелерді талдауға және шешуге ықпал ететін практикалық дағдыларды (мысалы, № 4 «Тағам құрамында қоректік заттарды анықтау» практикалық жұмысы) дамытуға ұмтылу болып табылады.

Химияны оқытудың басты міндеттерінің бірі – білім алушылардың математикалық әдістерді де, табиғи процестер туралы білімді де пайдалана отырып, күрделі химиялық құбылыстарды талдай білу қабілетін дамыту. Бұл химиялық реакция-

ларды концептуалды деңгейде түсініп қана қоймай, алған білімдерін қоспалардың құрамын есептеу мен суды тазарту процестері сияқты практикалық есептерді шешуге қолдануға мүмкіндік береді.

Білім алушылардың әртүрлі өмірлік жағдайларда білімді пайдалану қабілетін қалыптастыру «**Физика** оқу пәнінде іске асырылады. Мектептегі физика бағдарламасында өмір қауіпсіздігінің дағдыларын дамыту оқыту мақсаттары негізінде жүзеге асырылады. Мысалы, 7-сыныпта «7.2.2.1 Инерция құбылысын түсіндіру және мысалдар келтіру» оқыту мақсатын жүзеге асыруда адамдар көп жиналатын орындардың (концерттер, футбол матчтары және түрлі фестивальдар, тіпті мерекелік отшаушулар) қауіпті екеніне тоқталып өтеді, өйткені кез-келген уақытта адамдардың бірін-бірі қысуы туындауы және тапталып қалуы мүмкін. «8.4.2.17 қысқа тұйықталудың пайда болу себептері мен алдын алу тәсілдерін түсіндіру» оқыту мақсатында электр қуатын қауіпсіз пайдалану туралы түсіндіреді, өйткені қауіпсіздікті сақтамаса ток соғуы немесе өрт шығуы мүмкін, ал «9.2.5.16 дыбыс сипаттамаларын дыбыс толқындарының жиілігі және амплитудасымен сәйкестендіру» мақсатында білім алушылар құлаққап динамиктеріндегі тым жоғары дыбыс мидың жүйке жасушаларының қабығын зақымдайтынын, бұдан естімей қалу қауіпі туындаитынын біледі.

Сейсминалық қауіп жағдайында білім алушылардың қауіпсіздік дағдыларын дамыту «**География** оқу пәнін іске асыру шеңберінде көзделген. Мысалы, 7-сыныптағы «7.3.1.1 литосфераның құрылымы мен заттық құрамын айқындауды» оқыту мақсатарында сейсминалық белсенділіктің негізгі ұғымдары және рельефтің қалыптастасуына әсері, «9.3.1.1 Жергілікті компонентті қосымша қамти отырып, Қазақстанның құрылымын геологиялық тарихы мен тектоникалық тарихын айқындауды» оқыту мақсаты жер сілкінің кезінде өзін қалай ұстау керектігі және атмосфералық катаклизмдер кезіндегі қауіпсіздік ережелері туралы білім мен дағдыларды қалыптастырады.

**«Биология» оқу пәнінің** сабактарында білім алушылардың әртүрлі өмірлік жағдайларда білім мен дағдыларды қолдану қабілеттерін қалыптастыру үшін әртүрлі әдіс-тәсілдер ұсынылады. Мысалы, нақты өмірлік жағдайларда білімді қолдануды қажет ететін сабактарға практикалық тапсырмаларды қосу; биологиялық эксперименттер жүргізу, тірі организмдерді бақылау немесе жергілікті флора мен фаунаны зерттеу; білім алушылар өз білімдерін нақты мәселелерді шешу үшін пайдалана алатын жобаларды ұсыну. Экожүйені сақтау жобасын құру, адам қызметінің қоршаған ортаға әсерін зерттеу ұсынылады.

## АДАМ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бүйрүғына сәйкес «Адам және

қоғам» білім беру саласы аясында:

- бастауыш білім беру деңгейінде – «Дүниетану» (1-4-сынып);
- негізгі орта білім беру деңгейінде – «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» (5-9-сынып), «Құқық негіздері» (9-сынып);
- жалпы орта білім беру деңгейінде – қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыштану-математикалық бағыттары бойынша «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы», «Құқық негіздері» (10-11-сынып) оқу пәндері оқытылады.

Бастауыш білім беру деңгейінде «Адам және қоғам» білім беру саласы мазмұны «Адам – Қоғам» жүйесі аясында пропедевтикалық білімді қамтамасыз етуге бағытталған. Білім алушылардың өткен және қазіргі әлеуметтік құбылыстарды және олардың өзара байланысын зерделеу, өз Отанына деген мақтаныш сезімін қалыптастыру, отбасындағы, жергілікті, аймақтық, ұлттық және жаһандық қауымдастықтағы өз орнын түсінуге бағытталған.

Оқу пәндері бойынша оқу жүктемесінің көлемі «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БФМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығының (2023 жылғы 26-қазандағы №323 және 2024 жылғы 8-ақпандағы №27 өзгерістер және толықтырулармен) 1-3, 11-15 (1-4 сыныптар) қосымшаларында, 6-8, 16-20 (5-9 сыныптар) қосымшаларында, 21-30, 85-90 (10-11 сыныптар) қосымшаларында берілген.

«Дүниетану», «Қазақстан тарихы» (61-қосымшаға сәйкес 5-9-сыныптар; 118-қосымшаға сәйкес 10-11-сыныптар), «Дүниежүзі тарихы» (62-қосымшаға сәйкес 5-9-сыныптар; 119-қосымшаға сәйкес ЖМБ 10-11-сыныптары; 120-қосымшаға сәйкес ҚГБ) және «Құқық негіздері» (63-қосымшаға сәйкес 5-9-сыныптар; 121-қосымшаға сәйкес ЖМБ 10-11-сыныптары; 122-қосымшаға сәйкес ҚГБ) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығына сәйкес «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» үлгілік оқу бағдарламалары бойынша жүзеге асырылады.

## **Бастауыш білім беру**

«Дүниетану» оқу пәні білім алушылардың адам және қоғам туралы бастапқы ғылыми түсініктерін қалыптастырады. Бұл пән азаматтық жауапкершілікті, отансүйгіштік пен адамгершілік құндылықтарды тәрбиелеуде маңызды рөл атқарады. Оқу мақсаттары тек білімдік нәтижелерге ғана емес, сонымен қатар құндылықтық бағдарларды қалыптастыруға бағытталған.

«Дүниетану» пәні арқылы білім алушыларды туған өлкенің табиғатын, мәдениетін және тарихи ескерткіштерін зерттеуге бағыттау арқылы Отанға деген сүйіспеншілік пен мақтаныш сезімін қалыптастыру көзделеді; топтық жұмыс, бірлескен жобалар мен пікірталастар барысында тыңдай білу, келісімге келу және өзара құрмет көрсету дағдылары дамиды; отбасындағы және қоғамдағы өз рөлін

түсіну, ережелерді сақтау, табиғатқа ұқыпты қарау арқылы жауапты мінез-құлық, табиғи ортада өзін-өзі ұстau ережелері, қауіпсіз жолды жоспарлау және төтенше жағдайларға дайын болу қабілеті қалыптасады; бақылау, зерттеу, ақпарат жинау және сауалнама жүргізу арқылы жүйелі жұмыс істеуге қажетті табандылық дағдылары дамиды; жобалық тапсырмалар, виртуалды модельдер құру, табиғи апаптардың картасын жасау арқылы зерттеушілік және шығармашылық қабілеттері артады.

Оқу тапсырмалары, мазмұны мен әдістері осы құндылықтарды білім беру процесінде жүйелі түрде қалыптастыруға ықпал етеді.

### **Негізгі және жалпы орта білім беру**

Негізгі орта білім беру деңгейінде «Адам және қоғам» білім беру саласы оқу пәндерінің мазмұны - білім алушылардың тарихи ойлау, бүгін және өткенді түсіну және пайымдау дағдыларын және олардың өзара байланысы, тарихи, құқықтық, экономикалық, саяси, әлеуметтанулық ақпарат көздерінің материалдары бойынша негізделген қорытындылар жасау, зерделеу, талдау дағдыларын қалыптастыру және олардың негізінде тәуелсіз пайымдаулар жасау, өз шешімдерін қабылдау; патриотизмге тәрбиелеу, құқықтық сауаттылықты қалыптастыруға бағытталған.

Жалпы орта білім беру деңгейінде «Адам және қоғам» білім беру саласы оқу пәндерінің мазмұны білім алушылардың саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени тарихы мен құқықтық сауаттылығының негізгі мәселелері бойынша білімдерін қалыптастыруға, демократиялық құқықтық қоғамның құндылықтарын түсінуге бағытталған. Білім алушыларда тарихи оқынушылар, құбылыстар мен процестерін талдау, жіктеу, жүйелеу, жинақтау және бағалауға негізделген тарихи ойлау дағдыларын, құқықтық нормалар, занбар мен нормативтік құқықтық актілер негізінде құқықтық жағдаяттарды талдау, бағалау үшін қажетті құқықтық сауаттылығын дамытуды көздейді.

«Адам және қоғам» білім беру саласы бойынша негізгі орта жалпы орта білім беру деңгейлерінде «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» және «Құқық негіздері» оқу пәндерін оқытуда КР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бүйрекімен бекітілген Негізгі орта, жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндettі стандартында айқындалған базалық құндылықтармен қатар, КР Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы №123 бүйрекімен бекітілген «Адал азамат» бағдарламасындағы «Әділетті Қазақстан-Адал азамат-Озық ойлы үлт» идеясына негізделген түйінді құндылықтар білім алушыларды оқыту, тәрбиелеу және дамытудың өзара үйлесімді бірлігін қамтамасыз ету үшін білім беру мазмұнына интеграциялау маңызды. Түйінді құндылықтардың оқу процесіне интеграциясы білім алушылардың Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу, қоғам игілігі үшін қызмет ету, үлттық мұраға ұқыпты қарау, адал еңбекті құрметтеу, сынни және креативті ойлау, уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау т.б. құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталады.

«Адал азамат» бағдарламасы аясында құндылықтар мен құзыреттіліктерді оқу процесіне кіріктіру ерекшелігі

Оқу процесінде «Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» оқу пәндерін оқыту барысында білім мазмұнына тәрбиенің түйінді құндылықтарын кіріктіру азаматтық жауапкершілікті, тарихи сана мен ұлттық бірегейлікті қалыптастыруға бағытталады.

**«Тәуелсіздік және отаншылдық»** білім алушыларда ұлттық бірегейлікті және тарихи сананы қалыптастырудың өзекті құндылық «Қазақстан тарихы» пәнін оқытуда тәуелсіздік пен отаншылдық құндылығы білім алушылардың туған еліне деген сүйіспеншілігін арттырып, ұлттық тарихты терең ұғынуға жол ашады. Оқу процесінде Тәуелсіз Қазақстанның жетістіктерін зерделеу, тарихи оқиғалар мен тұлғалардың ел тағдырындағы рөлін саралау арқылы білім алушылардың азаматтық ұстанымы мен елге деген жауапкершілігі нығаяды. Ал, Дүниежүзі тарихын оқытуда білім алушылар әр халықтың тәуелсіздік үшін құресін, ұлттық мемлекеттіліктің қалыптасу процесін, отарлық езгіге қарсы қозғалыстарды зерделеу арқылы өз елінің тәуелсіздік құндылығын бағалауды үйренеді. Мысалы, Тәуелсіздік үшін құрес және Америка Құрама Штаттарының құрылуы, Француз революциясының көрінісі, XIX ғасырдағы империялар және олардың бәсекелестігі білім алушының тарихи параллель жүргізу, отанға деген құрмет сезімін қалыптастыруға ықпал етеді. 7.3.1.1 республикалық құрылымның ерекшеліктерін анықтау; 7.3.2.4 империалистік соғыстардың әлемдік саясатың өзгеруіне ықпалын бағалау (Наполеон соғыстары мысалында); 7.2.3.2 Ағартушылық дәуір идеяларының қоғамдық дамуға ықпалын анықтау; 7.1.1.3 европалық державалардың отаршылдық экспансиясы кезеңіндегі Азия мемлекеттерінің (Қытай, Ұндістан, Жапония) әлеуметтік құрылымындағы ерекшеліктерді анықтау оқу мақсаттары арқылы жүзеге асырылады.

**«Бірлік және ынтымақ»** құндылығы тарихи процесстер мен оқиғаларды зерделеу барысында білім алушылар Қазақстан халқының бірлігі мен ынтымағының тарихи негіздерін түсінеді. Мысалы, Біртұтас Қазақ хандығының құрылуы, , Ұлы Отан соғысы жылдарындағы халықтың ынтымағы, XX ғасырдың соңындағы қоғамдық келісім мен этносаралық саясатты оқу барысында білім алушылар бірліктің қоғамдағы орны мен маңызын ұғынады. Сабактарда топтық жұмыстар арқылы ынтымақтастық әрекеттер жүзеге асады. «Дүниежүзі тарихы» оқу пәнін оқытуда түрлі тарихи кезеңдерде халықтар мен ұлттардың бірігуі, мемлекетаралық одақтар мен халықаралық ұйымдардың құрылуы, бейбітшілік пен өзара түсіністікке негізделген бастамалар білім алушылардың ынтымақ пен бірлікке деген көзқарасын нығайтады. Мысалы, Біріккен Ұлттар Ұйымының құрылуы, Еуропалық Одақтың дамуы, XX ғасырдағы бейбіт бастамалар туралы сабактарда ынтымақтастықтың жаһандық маңызын ұғындыруға болады.

**«Әділдік пен жауапкершілік»** тарихи тұлғалар мен шешімдерді бағалаудағы

объективті көзқарасты қалыптастыруға бағытталған. Бұл бағытта дерек пен дәлелге сүйеніп, әртүрлі тарихи интерпретацияларды салыстыру тапсырмалары тиімді болып табылады. Дереккөздерді зерделеу барысында білім алушылар оқиғалар мен тарихи тұлғалар қызметіне әділ көзқарас танытып, әр шешім мен әрекетті тарихи контексте бағалауды үйренеді. Мысалы, XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы әкімшілік-аумақтық реформалар, XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыштарының көрнекті өкілдері, Қазақстандағы ұлттық автономиялар, Қазақстандағы ұжымдастыру, 1920-1930 жылдардағы саяси репрессиялар т.б. тақырыптарды оқытуда білім алушы тарихи оқиғалар мен процестерді, тұлғалар қызметін дереккөздер арқылы дәлел мен контекст негізінде баға береді, сын түрғысынан бағалау құзыреттілігі қалыптасады.

**«Зан және тәртіп»** құндылығы білім алушының азаматтық құқық пен міндеттерді түсінуі, зан талаптарын орындауға дайын болуы, әділдікке негізделген қоғамдық тәртіпті сақтауға ұмтылысы. Қазақстан тарихындағы құқықтық жүйелер – Есім ханның «Ескі жолы», Қасым ханның «Қасқа жолы», Тәуке ханның «Жеті жарғысы» және ҚР Конституциясын оқыту арқылы білім алушылардың құқықтық ойлау мен занға құрмет сезімін дамытады. Сабакта құқықтық нормалардың тарихи дамуын талдау, билік пен заның эволюциясын түсіндіру зан мен тәртіптің қоғамдағы рөліне баға беруге мүмкіндік береді. «Дүниежүзі тарихы» оқу пәнін оқытуда Неліктен Біріккен Ұлттар Ұйымы Жалпыға бірдей адам құқығы Декларациясын жариялады?, Соғыстан кейінгі уақыттағы еуропалық интеграцияның себептері қандай? зерттеу сұрақтары аясында 9. 2. 3. 2 адам құқықтарын қорғау идеяларының қазіргі халықаралық құқық қорғау ұйымдарының қызметіне ықпалын сипаттау; 9.3.1.2 Еуропа мен Азияның жетекші мемлекеттеріндегі конституциялық-құқықтық идеологияның қалыптасу жолдарын талдау (Жалпыға бірдей адам құқығы Декларациясы, ЕҚЫҰ, Еурокеңес, Гаагадағы Халықаралық сот) оқу мақсаттары арқылы білім алушылардың құқықтық сауаттылық, азаматтық ұстаным және занға құрмет құзыреттіліктері қалыптасады.

**«Еңбеккорлық және кәсіби біліктілік»** еңбектің тарихи рөлін ұғыну және білім алушылардың зерттеушілік дағдыларын дамыту. Мысалы, индустрияландыру, тың игеру, қазіргі заманғы жаһандық өзгерістер еңбекке құрмет пен жаңашыл көзқарас қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, тарихи деректермен жұмыс, құжаттарды талдау, шағын-зерттеулер жүргізу білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, зерттеушілік дағдыларын дамытады. «Дүниежүзі тарихы» пәнінде Өнеркәсіп төңкерісі әлемді қалай өзгерту? зерттеу сұрағы бойынша 7.4.1.2 Англияның әлемдік жетекші держава ретінде қалыптасуындағы өнеркәсіп төңкерісінің рөлін сипаттау; 7.4.1.1 себеп-салдарды анықтау арқылы Еуропадағы феодалдық құрылыстар капиталистік шаруашылыққа (мануфактура, фабрика) өту процесін түсіндіру оқу мақсаттары жүзеге асыру білім алушылардың еңбекке деген құрметін, табандылықты, кәсіби даму идеясын тарихи контексте түсінуіне мүмкіндік береді.

**«Жасампаздық және жаңашылдық»** – тарих сабактарында білім алушылардың сыни және креативті ойлау дағдыларын дамыту арқылы жүзеге асырылады. Білім алушылар тарихи оқиғалар мен процестерді талдай отырып, балама шешім-

дер үсыну арқылы жаңашыл көзқарас қалыптастырады. Аталған құндылықты пән мазмұнына кіріктіруде XX ғасырдың бірінші жартысындағы қандай ғылыми ашулас мен жаңа технологиялар ерекше маңызды болды? зерттеу сұрағы бойынша 8.2.4.2 тарихи оқиғалардың себептерін, нәтижелерін, маңызын тұжырымдау арқылы ғылымның әлем мемлекеттерінің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы рөлін бағалау; 8.4.1.1 XX ғасырдың басындағы техникалық революция жетістіктерінің (конвейер өндірісі, стандарттау) мемлекеттердің шаруашылық жүйесінің дамуына ықпалын бағалау оқу мақсаттары арқылы білім алушылар XX ғасырдың ғылыми жаңалықтарын тек факті ретінде емес, өркениеттік серпілістің нәтижесі әрі шығармашылық ізденістің жемісі ретінде бағалауға үйрениді, жаңашыл ойлаудына жол ашады.

«Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» пәндері бойынша оқу процесінде білім алушылардың тарихи ойлау дағдыларын дамыту келесі тарихи концептілер (түсініктер) арқылы жүзеге асырылады: өзгеріс пен сабактастық; себеп пен салдар; дәлел; ұқсастық; пен айырмашылық; маңыздылық; интерпретация. «Адал азамат» бағдарламасының аталған түйінді құндылықтарын «Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» оқу пәндерінің мазмұнына кіріктіру тарихи концептілері арқылы жүзеге асырылады. Үл өз кезегінде білім алушылардың бойында үлттық мұддені ілгерілету, қоғамға адал қызмет етуге дайын болу, адалдық және заңның ұstemдігін сақтау, қоғам талаптарын құрметтеу, жоғары нәтижелерге қол жеткізуге үмтүлу мен тарихи-әлеуметтік құбылыстарды сын тұрғысынан бағалау, шешім қабылдау, өз көзқарасын дәлелдеу сияқты құзыреттіліктері қалыптастырып, дамытуға мүмкіндік береді.

«Құқық негіздері» оқу пәні білім алушылардың құқықтық санасын, құқықтық мәдениеті мен құқықтық сауаттылығын қалыптастыруды маңызды рөл атқарады. Оқу пәнінің мазмұны білім алушылардың қунделікті өмірде кездесетін құқықтық жағдаяттарды талдау және нормативтік құқықтық актілер арқылы дәлелдеу, құқық нормаларын қолдану, құқықтық жүйенің жұмыс істеу тетіктерін түсіну қабілеттерін дамытуға бағытталған. Сондықтан оқу процесінде білім алушылардың тұлғалық және азаматтық құндылық ретінде зан нормаларын сақтаудың маңыздылығын түсінуіне назар аудару қажет.

Оқу процесін келесі тәсілдер негізінде үйімдастыру үсынылады:

- әділдік, жауапкершілік, зан және тәртіп, жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтарына құрмет құндылықтарын оқу пәнінің әрбір тақырыптық бөлімінде жүйелі түрде кіріктіру;
- өмірлік жағдаяттарды шешуде белсенді оқыту әдістерін, кейстерді, рөлдік және іскерлік ойындарды қолдану;
- құқықтық құжаттарды, Конституция нормаларын, нақты құқықтық жағдайларды талдауға арналған тапсырмалар негізінде білім алушылардың сынни ойлаудын дамыту;
- білім алушылардың құқықтық білімнің қунделікті өмірдегі маңызын түсінуге көмектесетін өмірмен байланысты әлеуметтік тәжірибеден алғынған мысал-

дарға, өзекті құқықтық мәселелер мен нақты жағдайларға назар аудару.

«Құқық негіздері» пәнін оқыту білім алушылардың белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыруға, өз құқықтарын заңды тәсілдермен қорғауға және қоғам өміріне қатысуға дайындығын дамытуға бағытталуы тиіс.

«Құқық негіздері» пәнінің мазмұны мен оқыту әдістерін құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамның мәнін бейнелейтін заңға, мемлекеттік құрылым негіздеріне және негізгі құндылықтарға құрметпен қараудың тиімді құралы ретінде жүйелі түрде ұйымдастыру ұсынылады.

Сондықтан «Құқық негіздері» пәні бойынша оқу процесін ұйымдастыруда «Адал азамат» бағдарламасының базалық құндылықтарын пән мазмұнына кіріктіру құқықтық сана, азаматтық белсенділік, адам мен азаматтық құқықтары мен міндеттеріне құрметпен қарауды қалыптастыруға бағытталған әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы жүзеге асырылуы қажет.

**Тәуелсіздік және отаншылдық.** Оқу процесінде «9.2.1.1 – конституциялық құрылымы негіздерін түсіндіру» оқу мақсатын іске асыру барысында Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін алудағы негізгі кезеңдермен байланысты тарихи мысалдарды көлтіру ұсынылады. Бұл білім алушылардың конституциялық құрылымды жаңғыру процесіндегі он өзгерістерді түсінуіне мүмкіндік береді. «9.2.1.2 – Қазақстан Республикасы Конституциясын талдау арқылы адамның және азаматтың конституциялық құқықтары, бостандықтары мен міндеттерін анықтау» оқу мақсатын зерделеу барысында, Қазақстандағы негізгі конституциялық құқықтар мен бостандықтардың іске асырылу мысалдарын басқа мемлекеттермен салыстыра отырып қарастыру ұсынылады.

Білім алушыларға әр азаматтың заң мен тәртіпті сақтаудағы рөлін, мысалы, азаматтық белсенділіктің, еріктілік (волонтер) және адам құқықтарын қорғаудың он мысалдары арқылы зерттеуді ұсынуға болады.

**Бірлік және ынтымақ.** «9.1.1.1 әлеуметтік нормалар жүйесінде құқықтың ұфымы мен рөлін түсіндіру» оқу мақсатын іске асыруда құқықтың қоғамдық қатынастарды реттеудегі рөлін көрсететін өмірлік нақты жағдайларды, сондай-ақ құқық бұзушылықтың алдын алу мысалдарын талқылау ұсынылады. Талқылау барысында білім алушыларда заңдарды және өзге тұлғалардың құқықтарын құрметтеудің қоғам мен мемлекеттің тұрақтылығын сақтаудағы маңызды қурал екендігі туралы түсінік қалыптасусы тиіс.

**Әділдік және жауапкершілік.** «9.1.2.2 азаматтық қоғам институттарының рөлі мен маңызын анықтау» оқу мақсатын зерделеуде мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам арасындағы ынтымақтастықтың құқықтық аспектілерін ашу, сонымен қатар осы ынтымақтастықтың он мысалдары мен нәтижелерін көрсету қажет. Талқылауға қатысушы барлық тараптардың мүдделерін ескере отырып, құқықтық кейстерді шешуге бағытталған топтық жұмыс ұйымдастыру ұсынылады. «9.2.2.1 Конституция негізінде мемлекеттік органдардың қызметтерін анықтап,

салыстыру» оқу мақсатын жүзеге асыруда мемлекеттік органдар мен азаматтардың құқықтық мәселелерді бірлесіп шешудегі өзара іс-қимылын жетілдіру мақсатында ұсыныстар мен ұсынымдарды өзірлеу және оларды талқылау үшін топтық жұмыс ұйымдастыру ұсынылады. Оқу процесіндегі топтық жұмыс аясында білім алушылардың ортақ тапсырманы орындау кезінде ұжым алдындағы жеке жауапкершілік сезімін қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінуі тиіс.

**Зан және тәртіп.** Білім алушылардың бойында құқықтық сана мен қоғамдық нормаларға құрметті қалыптастыру мақсатында зан мен тәртіптің қоғам өміріндегі маңыздылығына назар аудару ұсынылады. «9.6.2.2 құқықтық жағдаяттарды талдау арқылы әкімшілік жауапкершілік түрлерін және оларды қолдану тәртібін түсіндіру» оқу мақсаты шенберінде құқықтық кейстерді, нормативтік-құқықтық құжаттармен жұмысты ұйымдастыру, сонымен қатар әкімшілік құқық нормаларын қолдануды көрсететін практикалық жағдаяттарды талқылау ұсынылады. Әділеттілік пен құқықбұзушылықтың салдарын түсіну үшін рөлдік ойын әдістерін қолдану қажет. Сабактың барлық элементтері білім алушылардың жауапкершілік сезімін, құқықтық нормаларды сақтау және құқық тәртібін қолдауға дайын болуын қалыптастыруға бағытталуы тиіс.

Еңбеккорлық және кәсіби біліктілік құндылығын кіріктірудің негізі ретінде еңбек қатынастарын, жұмыскерлер мен жұмыс берушілердің құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ зияткерлік меншік мәселелерін реттейтін құқықтық нормаларды зерделеу ұсынылады. Мысалы, «9.4.4.1 құқықтық жағдаяттарды талдап, еңбек шартының мазмұнын ашу» оқу мақсатын жүзеге асыруда тапсырмалар еңбек шарттарын, әртүрлі шығармашылық саладағы авторлық құқықты қорғаудың құқықтық аспектілерін талдау, еңбек дауларының мысалдарын талқылауға бағытталуғаны жөн.

**Жасампаздық және жаңашылдық.** Оқу процесінде бұл құндылықты қалыптастыру құқықтық сауаттылықты үнемі арттырып отырудың маңыздылығын талқылау арқылы жүзеге асырылады. Оқу жоспарын қоғамның дамуына мысалдар келтіре отырып, өмір бойы құқықтық білім деңгейін арттыру бойынша жобалау ұсынылады.

«Құқық негіздері» оқу пәні бойынша құндылықтарды кіріктіру мақсатында сабактарды жоспарлауда келесі ерекшеліктерге назар аудару қажет:

- Құқықтың қоғамдық қатынастарды реттейтін, қоғам мен мемлекеттің сақталуы мен дамуына ықпал ететін негізгі тетік ретіндегі маңызын ерекше атап көрсету өзекті болып табылады. Осыған байланысты оқу тапсырмаларын білім алушылардың мемлекет пен ұлт алдындағы жеке жауапкершілігі мен азаматтық рөлін саналы түрде ұғынуына бағытталған мазмұнда құрастыру ұсынылады;
- ынтымақтастықты құқықтық қатынастардың маңызды элементі ретінде азаматтардың мұдделерін үйлестіруге және өзара әрекеттестікті нығайтуға ықпал ететін құқықтық институттар (мысалы, медиация, келіссөздер, шарт жасасу) арқылы қарапастыруға болады;

- Еңбек құқығын адамның негізгі құқығы ретінде қарастыру қажет. Заңнаманың азаматтардың еңбек құқықтарын қалай қорғайтынын және еңбек қатынастарын қандай нормалар реттейтінін түсіндіру маңызды. Еңбек құқығын зерделеу практикалық жағдайлар мен нақты мысалдарды талқылау негізінде үйымдастырылуы тиіс.

Білім алушылардың құқық пен заңнаманы білім беру процесінің бір бөлігі ретінде ғана емес, өмір бойы маңызын жоймайтын қоғамдық реттеу механизмі ретінде түсінуі маңызды. Құқықтық сауаттылық деңгейін үздіксіз арттырудың, сондай-ақ азаматтық жауапкершілікті терең түсінудің маңыздылығын нақтылау білім алушылардың құқықтық санасын қалыптастыруға және құқықтық білімді өмірлік қажеттілік ретінде үғынуына ықпал етеді.

Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» және «Құқық негіздері» оқу пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламасында әр тоқсанның соңында зерттеу жұмыстарының тақырыптары берілген.

Білім алушылардың зерттеу құзыреттерін қалыптастыру және дамыту, сондай-ақ сыйни ойлау, коммуникация және ынтымақтастық дағдыларын жетілдіру мақсатында әр тоқсанның соңында жобалық-зерттеу жұмыстарын үйымдастыру ұсынылады. Жобалық-зерттеу жұмысын үйымдастырудың мақсаты – зерделенген бөлімнің негізгі аспектілері бойынша теориялық материалды жинақтау, талдау және жүйелеу, сондай-ақ оқу-зерттеу жұмысы аясында алынған білімді практикада қолдану дағдыларын дамыту. Сондықтан оқу процесін жоспарлау мен білім алушылардың зерттеу жұмысын үйымдастыру барысында осы ұсынымдарды басшылыққа алу ұсынылады.

Оқу процесінде зерттеу жұмыстарын үйымдастыруды жобалық әдістерді, цифрлық ресурстар мен тарихи оқиғаларды талдауға мүмкіндік беретін форматтарды пайдалану ұсынылады. Зерттеу жұмыстарын орындауда тарихи материалдың тәрбиелік әлеуетіне ерекше назар аударылуы тиіс. Ол білім алушылардың мәдени мұраға құрметпен қарауын, азаматтық көзқарасын және өмірлік белсенеді ұстанымын қалыптастыруға ықпал ететіндей болуы қажет.

Оқу процесінде зерттеу жұмысын үйымдастырудың сыйни ойлау дағдысын дамытуға және тарихи оқиғаларды талдауға әсер ететін жобалық әдістерді, цифрлық әлеует пен цифрлық форматтарды пайдалану ұсынылады.

Заманауи өзекті білім беру сұраныстары білім алушылардан білімді менгерумен қатар ақпаратты өз бетінше іздең, талдап, жүйелеп, түсіндіре білуді де талап етеді. Осы тұрғыда жасанды интеллект құралдарын пайдалану жоғары сыйнып білім алушыларының зерттеушілік жұмыс тиімділігі мен сапасын арттырады.

ЖИ құралдары қазір ақпаратты жылдам табуға және өндеуге, зерттеу сұрақтарын тез құрастыруға, тарихи деректерді талдауға және нәтижелерді көрнекілеуге көмектеседі. Соның арқасында білім алушылар білім жаңартуға негізделген

тұжырым жасауға, анықталған әртүрлі фактілерді салыстыруға, өзінің жеке ұсташымдарын дәлелдеуге және алынған зерттеу нәтижелерін көсіби форматта ұсынуға үйренеді.

ЖИ-мен жұмыс жасау цифрлық сауаттылық, сынни ойлау, шығармашылық және коммуникация сияқты XXI ғасыр дамуында маңызды құзыреттерді қалыптастырады. Білім алушылардың көсіби бағдарлануы, тарих мәселелері, адам болмысы, құқық талаптары, әлеуметтің дамуына талдау жасау және заманауи цифрлық көсіптер саласынан білім алуға қызығушылығын оятуға әсер етеді.

ЖИ құралдарын күрделі ұғымдарды түсіндіру мен айфактарды тұжырымдау үшін, әртүрлі деректер мен көзқарастарды жылдам талдау және салыстыру үшін, мәтіндерді стилистикалық және логика жағынан өңдеу үшін, презентациялар мен инфографика жасау үшін пайдалану білім алушылардың зерттеуге алынатын фактілерді терең талдауына, фактілер арасындағы логикалық байланысты ашуына және зерттеу жұмыстары нәтижелерін инфографикалармен құруына мүмкіндік береді. Мысалы, «Мәдениет пен дәстүр ұлттық код ретінде» тақырыбындағы зерттеу жұмысы бойынша ЖИ құралдарын пайдалану әр кезеңде материалды тереңдетіп, оны заманауи форматта көрсетуге мүмкіндік береді. Ақпаратты жинау және талдау кезінде қазақ мәдениетінің этнографиясы мен тарихына байланысты дереккөздерін, оның ішінде материалдық жәдігерлер мен ескерткіштер, әдет-ғұрыптар, салт-дәстүр мен тұрмыстық, шаруашылық туралы материалдарды табуға және салыстыруға көмектесетін ЖИ құралдарын қолдану ұсынылады.

Зерттеу нәтижелерін тұжырымдау кезінде білім алушыға өз пайымдауларын негіздеуге, деректерді жалпылауға, тарихи және мәдени контексте дәстүрлер сабактастығын түсіндіруде ЖИ құралдарын тиімді пайдалану ұсынылады. Қорытынды презентацияны дайындау көрнекі түрде беруге мүмкіндік беретін ЖИ құралдары қызметіне жүгіну ұсынылады, олардың көмегімен білім алушы халықтардың ұлттық дәстүрлері туралы инфографика, Отанның тарихи және мәдени ерекшелігін бейнелеңтің диаграммалар жасай алады.

«Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» оку пәндері бойынша білім алушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастыруда оку процесінде мұражай және өлкетану материалдарын кіріктіру – тәжірибеге негізделген тиімді тәсілдердің бірі. Бұл жұмыстар білім алушылардың теориялық білімін тәжірибемен ұштастырып, тарихи деректерді өзіндік түрғыдан зерделеу, мұражай жәдігерлері мен құжаттар негізінде қорытынды жасау дағдыларын дамытады. Осындай зерттеу әрекеттері білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, олардың азаматтық ұстанымын, ел тарихына деген құрметі мен жауапкершілігін арттыруға ықпал етеді. Сонымен қатар 10-11-сынып білім алушылары үшін зерттеу және өлкетану жобаларына қатысу көсіби бағдарлау құралы бола алады. Тарихи мұраға деген қызығушылық тарих, археология, мұражай және мұрағат ісі, құқық, халықаралық қатынастар, туризм және мәдениет саласындағы болашақ мамандықтарды санауды түрде таңдауға ықпал етеді.

«Құқық негіздері» оқу пәні бойынша зерттеу жұмыстарын орындау білім алушылардың құқықтық жағдайларды, құбылыстарды, процестер мен қоғамдық қатынастар субъектілерінің әрекеттерін сини түрғыдан талдап, бағалау дағдыларын қалыптастыруға, нормативтік-құқықтық актілер негізінде дәлелді пікір айту қабілетін дамытуға, сондай-ақ нақты құқықтық жағдайларды зерттеу дағдыларын жетілдіруге ықпал етеді.

«Құқық негіздері» оқу пәні бойынша жобалық-зерттеу жұмысын орындау барысында білім алушыларға зерттеу сұрақтарын қою, құқықтық ақпаратты талдау, әртүрлі көзқарастарды салыстыру, құқықтық талдау негізінде болжаяу, қорытындылар шығару және тұжырымдау, өз ұстанымын дәлелдеу, сондай-ақ ауызша және жазбаша түрде ойларын анық және сауатты жеткізе білу сияқты зерттеу дағдыларын қалыптастыру және дамыту ұсынылады.

Жалпы орта білім беру деңгейінде «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы», «Құқық негіздері» оқу пәндері бойынша базалық құндылықтарды білім беру процесіне кіріктіру мақсатында келесі әдістемелік-педагогикалық ерекшеліктерді басшылыққа алу ұсынылады:

- Сабакта шығармашылық пен жасампаздық ортасын қалыптастыру. Маңыздылық, өзгеріс пен сабактастық, интерпретация концептілері арқылы білім алушылар өз ойларын еркін білдіруге, тарихи мазмұнды жаңаша пайымдауға және жеке көзқарасын креативті түрде ұсынуға ұмтылады. Бұл мақсатта көркем эссе, тарихи рөлдік ойындар, сахналық көріністер, колаж, постер, цифровық презентациялар, пікірталас, дереккөздерді талдау, креативті модельдеу, жобалық жұмыстар, ЖИ көмегімен инфографика, видеоролик әзірлеу, цифровық көрме, т.б. қолдану ұсынылады;
- Оқу процесінде білім алушыларды бірлескен шығармашылық әрекетке тарту. Сабак барысында креативті форматтағы топтық тапсырмалар арқылы өзара жауапкершілік пен ынтымақтастық дағдыларын дамыту ұсынылады. Мұндай тапсырмалар білім алушыларды өз ойын дәлелді жеткізуге, тарихи себеп-салдарды талдауға, тарихи ұйымдарды қолдануға және сын түрғысынан ойлауға жетелейді. Топтық форматта ұйымдастырылған тапсырмалар білім алушылардың өзара ынтымақтастығын, жауапкершілігін, пікір алмасу мәдениетін дамытады. Бұл тәсіл арқылы білім алушылар тарихи мәселелерді топ ішінде талқылап, бірлескен шешім қабылдауға, ортақ нәтиже үшін жауапкершілік алуға үйренеді. Командалық дебаттар, бірлескен зерттеу жобалары, тарихи баспасөз конференциялары осы бағытта тиімді болады;
- Коммуникативтік және шығармашылық құзыреттіліктерді дамыту. Білім алушылардың өз идеяларын, пікірлерін, тұжырымдарын білдіру нәтижесінде тарихи және заманауи мәселелерді байланыстыра отырып, білім алушылар өз ұстанымын қалыптастырады, пікір алмасады, құндылықтар аясында саналы таңдау жасайды. Сабак барысында білім алушылар себеп-салдарлық байланыстарды анықтау, тарихи контексте ой қорыту, өз көзқарасын дәйектеу арқылы коммуникативтік және креативті қабілеттерін дамытады. Мысалы, тарихи эссе жазу, сұхбат алу, ауызша баяндама жасау, дәлелді пікір айту

тапсырмалары тиімді нәтижеге жеткізеді. Нәтижесінде білім алушылардың бойында тарихи санамен қатар үлттық мұддені қорғау, қоғамға адал қызмет ету, әділеттілік, бірлік, жауапкершілік және шығармашылықпен әрекет ету құзыреттіліктері қалыптасады.

Білім беру процесін үйімдастырудың тиімді формаларының бірі – сабакты мұражайда өткізу. Мұражай сабактары білім алушылардың тұрақты танымдық қызығушылығын қалыптастыруға, сынни ойлау дағдыларын дамытуға, тарихи процестерді көзбен елестетуге және теориялық білімді нақты мәдени-тарихи мұралармен байланыстыруға мүмкіндік береді. Мұндай сабактарда тарихи жәдігерлерді зерттеу арқылы білім алушылардың өткенге дегенсаналы көзқарасы қалыптасып, тарихи құндылықтарға құрметпен қарауға үйренеді. Сонымен қатар мұражайда шығармашылық тапсырмаларды орындау білім алушылардың елжандылық, рухани жаңғыру, тарихи жадыны сақтау сияқты маңызды құндылықтарды терен түсінуіне жағдай жасайды.

Қазіргі заманғы құқықтық білім беру жүйесінің мақсаты – құқықтық сауатты, занғы құрметтейтін, азаматтық жауапкершілігі жоғары тұлға қалыптастыру. Сондықтан «Заң және тәртіп» қағидатын жүйелі түрде іске асыру, өмірлік жағдаяттарды талдау, кейс әдісін, пікірталастар мен рөлдік ойындарды белсенді түрде қолдану ұсынылады. Бұл білім алушылардың сынни ойлау қабілеттерін және құқықтық құзыреттіліктерін дамытуға ықпал етеді. Білім алушылардың занғы құрметтеу және құқықтық жауапкершілікті сезіну дағдыларын қалыптастыру олардың құқықтық мәдениетін және азаматтық ұстанымын нығайтуға мүмкіндік береді.

Сабакты жоспарлауда мемлекеттің тәуелсіздігі мен егемендігін сақтауға және нығайтуға бағытталған құқықтық нормалар мысалдарын енгізу, құқықтық тәрбиеңін қазақстандық патриотизмді қалыптастырудың рөліне мән беру қажет. Білім алушылардың өздерінің азаматтық жауапкершілігін сезінуі, құқықтық нормаларды бұзудың жеке және қоғамдық салдарына саналы көзқарасының қалыптасуы ел болашағына жауапкершілікпен қараудың негізі ретінде қарастырылуы тиіс.

Адам мен азаматтың құқықтарын, оның ішінде жеке өмірге қол сұқпау, жеке қауіпсіздік, бостандық және әділ сот тәрелігі құқығын құрметтеуге ерекше назар аудару керек.

Сабакты жоспарлауда жұптық және топтық жұмыстарды үйімдастыруға көңіл бөлген дұрыс. Коммуникативтік және ынтымақтастық дағдыларын дамыту білім алушыларға құқықтық аланда, сондай-ақ мемлекеттік органдарға жүргіну барысында тиімді әрекет етуге мүмкіндік береді. «Іс жүргізу құқығының негіздері» бөлімінің тақырыптары аясында сот процестерін үлгілеу арқылы олардың ашиқтығы мен заңнамаға сай жүргізілуін көрсету ұсынылады.

Қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын дамыту.

Жалпы орта білім беру деңгейінде «Құқық негіздері» пәні бойынша қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын дамыту мақсатында сабактарды жоспарлау кезінде келе-

сі ерекшеліктерді басшылыққа алу ұсынылады:

- Сабакты жоспарлауда азаматтың жеке басына қол сұғылмаушылық, бостандық, қауіпсіздік және ар-намысты қорғау құқықтың сияқты негізгі құқықтарын түсіндіруге ерекше назар аудару керек. Заң аясында аталған құқықтарды қалай қорғайтынын және білім алушылар оларды бұзған жағдайда қандай шаралар қолданылуы мүмкін екенін түсіндіру маңызды. Бұл нормалардың күнделікті өмірдегі маңыздылығын білім алушылардың жақсы түсінуі үшін заңнама тәжірибесінен нақты мысалдарды қолдану ұсынылады.
- Білім алушылардың оқу материалын терең әрі саналы меңгеруін қамтамасыз ету мақсатында олардың құқықтық қауіпсіздікке қатысты жағдаяттарды сипаттайтын кейстерді шешуіне арналған тапсырмалар беру ұсынылады. Элеуметтік ортадағы (мысалы, қоғамдық көлікте, интернет кеңістігінде, келіспеушілік туындаған сәттерде тиімді әрекет ету) қауіпсіз мінез-құлыш мәселелеріне арналған пікірталастар құқықтық түрғыдан өзін-өзі қорғау дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Бұл білім алушылардың күрделі жағдайларда дұрыс шешім қабылдау қабілетін қалыптастыруға және құқықтық сана мен жауапкершілікті ығайтуға мүмкіндік береді.
- Сабак барысында сот процесі, құқық қорғау органдарына жүгіну, киберқауіптерден қорғану сияқты шынайы өмірлік жағдайларды үлгілеу мен рөлдік ойындарды қолдану ұсынылады. Мұндай іс-әрекеттер білім алушыларға түрлі күрделі жағдайларда құқықтық әрекет ету тетіктерін мен жауапкершілікті мемлекеттік және құқық қорғау органдарымен тиімді қарым-қатынас жасау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.
- Цифрландыру жағдайында «Құқық негіздері» пәні бойынша оқыту процесінде білім алушылардың ақпараттық қауіпсіздік бойынша құзыреттіліктерін қалыптастыру маңызды. Сондықтан Интернет желісіндегі жеке деректерді қорғаудың құқықтық аспектілеріне, алаяқтық пен ақпараттық кеңістіктерінде қауіптерден қорғану шараларына назар аудару қажет. Білім алушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру үшін өмірден алынған нақты жағдаяттар мен мысалдарды қолдану ұсынылады. Бұл білім алушыларға нормативтік-құқықтық актілердің практикалық маңызын түсінуге, өз құқықтары мен мұдделерін онлайн ортада қорғауға дағдыландыруға мүмкіндік береді.
- Білім алушылардың өзге адамдардың құқықтарына құрметпен қарауын, өз әрекеттері үшін жауапкершілік сезімін және қоғамдағы қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі заңнаманы сақтаудың маңызын түсінуін қалыптастыруға назар аудару қажет. Моральдық және құқықтық мәселелерді талқылау, күрделі құқықтық жағдаяттарды талдау, пікірталастарға қатысу арқылы білім алушылардың дауларды сындарлы жолмен шешу және азаматтық белсенділікті көрсету дағдылары дамиды.

Бұл ұсынымдар 10-11-сыныпта «Құқық негіздері» пәні бойынша сабакты үйимдастыруда білім алушылардың құқықтық білімдерін тереңдетумен қатар олардың өмірлік жағдайларда қауіпсіз әрі сенімді әрекет ету дағдыларын қалыптастыруға бағытталған педагогикалық процесті жүйелі түрде құруға мүмкіндік береді.

## «Дүниетану» пәні арқылы бастауыш сынып білім алушыларының функционалдық және қаржылық сауаттылығын қалыптастыру

«Дүниетану» оку пәні бастауыш сынып білім алушыларының қоғамдағы құбылыстар мен әлеуметтік қатынастардың өзара байланысы және олардың бір-біріне ықпалы туралы түсініктерін қалыптастыруға бағытталған. Пән мазмұны білім алушыларды адам өмірінің түрлі салаларымен таныстырып, әлеуметтік және технологиялық ортада жаупкершілікпен әрекет етуге баулиды.

Функционалдық сауаттылықты дамытуда оку мақсаттарының бірізділігі мен жүйелілігіне сүйену білім алушылардың ақпаратты іздеу, түсіну, талдау және оны өмірлік жағдаяттарда қолдану дағдыларын біртіндеп қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мысалы: 1-сыныпта «1.1.3.2 өзі тұратын елді мекеннің басты көшесін, ғимараттарын және көрнекі жерлерін сипаттау» оку мақсаты білім алушының өз ортасымен танысып, оны сипаттау қабілетін дамытады; 2-сыныпта «2.1.3.2 Қазақстан картасынан ірі өзен-көлдерді, қалаларды, жолдарды, өз облысын көрсету» оку мақсаты картадан ақпарат іздеу және оны қолдану білігін қалыптастырады; 3-сыныпта «3.1.3.2 қала мен ауылдың байланысын зерттеу, мысалдар келтіру» оку мақсаты білім алушының әлеуметтік қатынастар мен аймақтық өзара әрекеттестік туралы түсінігін терендейтеді; 4-сыныпта «4.1.3.2 түрлі дереккөздерге негізделе отырып, өз аймағының экономикалық қызмет атқаратын субъектілеріне сипаттама беру» оку мақсаты ақпаратты жинақтап, дереккөздермен жұмыс істеу арқылы қорытынды жасау дағдыларын дамытады.

Сонымен қатар, «Дүниетану» оку пәні қаржылық сауаттылықтың бастауын қалайды. Пән мазмұны арқылы білім алушылар қарапайым экономикалық ұфымдармен танысып, жеке қаржыны басқару бойынша алғашқы білім мен дағдыларды менгереді. Атап айтқанда: 1-сыныпта «1.1.1.4 тауар-ақша қатынасының қарапайым түрлерін түсіндіру» оку мақсаты арқылы білім алушылар ақша мен тауардың рөлі туралы алғашқы түсінік алады; 2-сыныпта «2.1.1.4 бақылау мен сауалнама негізінде тұтыну заттарына деген отбасы қажеттіліктегінің құрылымын, олардың тұсу көзін анықтау» оку мақсаты отбасылық шығындарды жоспарлау туралы бастапқы түсінік қалыптастырады; 3-сыныпта «3.1.1.5 өз шығындарын оңтайландыру жолдарын ұсыну» оку мақсаты тиімді шығын жасау, басым қажеттіліктегі анықтау және артық шығыннан аулақ болу тәсілдерін менгереді; 4-сыныпта «4.1.1.3 отбасы бюджетінің негізгі кіріс-шығыстарын талдау» оку мақсаты отбасы бюджетін талдау және оны жоспарлау қабілетін дамытуға бағытталған.

Оку тапсырмалары білім алушыларды түрлі дереккөздермен жұмыс істеуге, ақпаратты саралауға және өмірлік шешімдер қабылдауға бейімдейді. Мұның өзі функционалдық және қаржылық сауаттылықтың өзара кіріге дамуына мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, «Дүниетану» оку пәні бастауыш білім беру деңгейінде білім алушылардың функционалдық және қаржылық сауаттылығын қалыптастыруда маңызды құрал болып табылады. Ол білім алушыларды әлеуметтік ортада салалы әрекет етуге, ақпаратты талдап, өмірлік жағдаяттарда тиімді шешім қабылда-

үға бағыттайды.

**Білім алушылардың тарих сабактарында оқу сауаттылығын дамыту мақсатында төмендегі жұмысты ұйымдастыру ұсынылады:**

- деректі, публицистикалық, көркем, оқу мәтіндерін немесе олардың үзін-ділерін тарихи дереккөз ретінде талдау, бұл дереккөзден сұрақтарға жауап іздеу, ақпаратты таңдау және талдау дағдыларын дамытады;
- тарихи оқиғалардың түрлі нұсқаларын ұсынатын тарихи дереккөздерден алынған ақпаратты салыстыру, бұл білім алушылардың сыни ойлау және әртүрлі көзқарасты салыстыру қабілетін дамытуға көмектеседі;
- «Қазақстан тарихы» сабактарында «6.3.1.1 оқиғалардың өзара байланысын табу арқылы Түрік қағанатының құрылуының тарихи маңызын анықтау»; «7.1.2.1 дәстүрлі қазақ қоғамындағы өзгерістерді өткен тарихи кезеңдермен салыстыру арқылы анықтау»; «9.3.1.1 қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктерін түсіндіру және өзіндік интерпретация жасау» оқу мақсаттарын іске асыруда білім алушылардың қабылданған ғылыми терминологияны қолдана отырып, тарихи дереккөздерді сипаттай білу дағдысын қалыптастыру ұсынылады;
- «Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша «8.2.2.1 XIX – XX ғасырдың басындағы өнердегі негізгі ағымдарды сипаттау (модернизм, символизм, реализм, авангардизм)»; «8.4.1.2 индустріялық қоғамның даму процесін түсіндіру үшін «модернизация» ұғымын пайдалану»; «7.2.2.2 өнердегі негізгі стильдер мен ағымдардың белгілерін (неоклассицизм, романтизм, импрессионизм, реализм) анықтау» оту мақсаттарын жүзеге асыруда білім алушыларға оқиғалар мен құбылыстар арасындағы байланысты жақсы түсінуге көмектесетін тарихи мәнмәтіндер негізінде тарихи түсініктер қатарын құру ұсынылады.

Тарих сабактарында аталған жұмыс түрлері білім алушылардың тарихи оқиғаларды терең түсінуіне және олардың тарихи дереккөздермен жұмыс істеу дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру бойынша жұмысты жетілдіру үшін PISA, PIRLS және т. б. халықаралық салыстырмалы зерттеулердің материалдарымен, тест жинақтарымен және нәтижелерімен «Талдау» АҚ сайтынан танысуға болады

<https://taldau.edu.kz/storage/app/media/PISA/%20%D0%B5%D1%81%D0%B5%D0%BF%20PISA-2022.pdf>

Тарихты зерделеу кезінде тарихи фактілер мен оқиғаларда кеңістіктік бағдарлау, тарихи картаны «оқу» және оны дереккөзі ретінде пайдалану дағдыларын дамыту ұсынылады. Білім алушыларда тарихи картамен жұмыстың негізі 5-сыныптан қаланады, ол картаның шартты белгілерін қолдана білуі, тарихи және географиялық нысандарда дұрыс бағдарлана білуді қажет етеді.

Мысалы, 6-сыныпта «6.3.1.2 VI-IX ғасырлардағы түркі мемлекеттерінің даму ерекшеліктерін түсіндіру, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау» мақсатында мұғалім білім алушыларға уақыт пен кеңістікте бағдарлау дағдыларын дамытуға ықпал ететін тарихи картаны пайдалану бойынша тапсырма бере алады. Сондықтан білім алушыларға кеңістікті бағдарлауға мүмкіндік беретін картография дағдыларын дамыту ұсынылады.

7-9-сыныптарда картамен жұмысты нәтижелі деңгейде күшету ұсынылады. Ол үшін тарихи дереккөздерді пайдалана отырып, тарихи картаның мазмұнын талдауға бағытталған тапсырмаларды қолдану қажет. Оқу карталарын оқытуудың барлық кезеңдерінде: жаңа оқу материалын зерделеу, зерттелген материалды бекіту және жалпылау, білім мен дағдыларды тексеру кезінде қолдану ұсынылады.

Тарих сабактарында себеп-салдарлық байланыстарды анықтау бойынша тапсырмалар білім алушылардың белгілі бір оқығалардың себептері мен салдарын анықтап қана қоймай, оларды берілген белгілер бойынша (мазмұны, уақыты мен рөлі бойынша) жіктей алатындей түрде әзірленуі керек. Бұл білім алушылардың әртүрлі себептер арасындағы байланыстарды тауып, оларды маңыздылық дәрежесі бойынша саралай алуына (маңыздылығы) мүмкіндік береді. Тапсырмаларды құрастыру кезінде тарихи дереккөздерді түсіндіру дағдыларын дамытуға ерекше назар аудару керек. Білім алушылардың тарихи дереккөздермен жұмысы олардың жасы және танымдық мүмкіндіктері, сондай-ақ дайындық деңгейін ескере отырып, біртіндеп күрделене түсіу керек. Оқу процесінде тарихи деректер, аудио және бейне материалдар, иллюстрациялар сияқты әртүрлі дереккөздерді пайдалану ұсынылады.

«Құқық негіздері» пәні бойынша сабакты жоспарлау кезінде адам құқықтары туралы практикалық дағдылар мен терен білімді қалыптастыруда кей ерекшеліктерге назар аудару керек. Мысалы, 9-сыныпта «Конституциялық құқық» бөлімінде «9.2.1.2 Қазақстан Республикасының Конституациясын талдау арқылы адам және азаматтың конституциялық құқықтары, бостандықтары мен міндеттерін анықтау» оқу мақсатын жүзеге асыруда топтық жұмыс арқылы Конституацияға түсініктемені пайдалана отырып, негізгі құқықтарға түсініктеме беру және Қазақстан Республикасы Конституациясының II бөліміне салыстырмалы талдау жүргізу ұсынылады. ҚР Конституациясында көрсетілген құқықтарды БҰҰ-ның Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында көрсетілген негізгі құқықтармен салыстырып, олардың күнделікті өмірдегі маңызын талқылау ұсынылады. Қазақстандық және әлемдік контекстегі адам құқықтарының әрқайсысының мәні мен маңызы тура-лы сұрақтар қоя отырып, білім алушыларды сыни түрғыдан ойлауға ынталандыру қажет. Бұл оларға күнделікті өмірдегі адам құқықтарының маңызын жақсы түсінуге көмектеседі. Сондай-ақ адам құқықтарына он қозқарасты қалыптастыру мақсатында білім алушылармен адам құқықтары жөніндегі өмірлік мысалдар арқылы оларды қазіргі қоғамда жүзеге асырудан жетістіктер мен проблемаларын талқылауға болады. Эр адамның адам құқықтарын қорғауға қосқан үлесінен назар аудару ұсынылады.

Оқу процесінде практикалық зерттеулер, шығармашылық жұмыстар, нормативтік-құқықтық актілермен жұмыс, жағдаяттық тапсырмаларды талдау және пікір алмасуға ерекше назар аудару үсінелады. «Құқық негіздері» пәні бойынша жағдаяттық тапсырмалар білім алушылардың метапәндік құзыреттіліктерінің дамуын тиімді үйімдастыруға мүмкіндік береді. Мәселен «9.3.2.2 меншік құқығына ие болудың және тоқтатылудың жолдарын, құқықтық жағдаяттарды талдау арқылы анықтау» оқу мақсатын жүзеге асыру барысында білім алушылар қолданыстағы заңнамалық нормаларға сүйене отырып, құқықтық жағдайларды талдауға, өз көзқарастарын дәлелдеуге үйренеді. Бұл дағдылар құнделікті өмірде кездесетін жағдайларды шешуде маңызды болады.

## ТЕХНОЛОГИЯ ЖӘНЕ ӨНЕР

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына сәйкес «Технология және өнер» білім беру саласы аясында:

- бастауыш білім беру деңгейінде «Бейнелеу өнері», «Еңбекке баулу» (1-4-сыныптар), «Музыка» (1-4-сыныптар);
- негізгі орта білім беру деңгейінде «Музыка» (5-6-сыныптар), «Көркем еңбек» (5-9-сыныптар);
- жалпы орта білім беру деңгейінде «Графика және жобалау» (10-11 сыныптар) оқу пәндері оқытылады.

### **Бастауыш білім беру**

Бастауыш сыныптағы оқу процесінде «Технология және өнер» білім беру саласы тек қолөнер мен көркем еңбек дағдыларын қалыптастырумен шектелмей, білім алушылардың эстетикалық талғамын, шығармашылық қабілеттерін, еңбекке деңген сүйіспеншілігін және үлттық мәдениетке құрметін дамытуға бағытталуы тиіс. Бұл сала пән мазмұны мен тапсырмалары арқылы білім алушының тұлғалық қасиеттерін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Пән мазмұнына үлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды жүйелі түрде кіріктіру арқылы білім алушылардың негізгі құзыреттері: шығармашылық ойлау, еңбек дағдылары, топта жұмыс істеу, жауапкершілік және ынтымақ сияқты өмірлік маңызды қабілеттері қалыптасады. Сонымен қатар, «Адал азамат» тәрбие бағдарламасында белгіленген отансүйгіштік, әділеттілік, еңбекқорлық, ынтымақ, жаңашылдық құндылықтары осы пәннің мазмұны мен орындалатын тапсырмалары арқылы құнделікті оқу тәжірибесінде бекітілуі қажет.

Отансүйгіштік пен тәуелсіздік құндылықтары шығармашылық жұмыстарда үлттық нақыштағы ою-өрнектер мен таңбаларды қолдану, дәстүрлі қолөнер түр-

лерімен танысу, тарихи-мәдени элементтерді пайдалану арқылы дарытылады. Бұл арқылы білім алушылар өз елінің мәдени мұрасын танып, құрметтеуге үйрепеді.

Бірлік пен ынтымақтастық құндылықтары ұжымдық жобалар, топтық көрмелер, ортақ бұйымдар жасау секілді жұмыстар барысында қалыптасады. Мұндай әрекеттер білім алушылардың тыңдай білу, өзара пікірлесу, қомектесу және келісімге келу дағдыларын дамытады.

Әділеттілік пен жауапкершілік шығармашылық тапсырмаларды мұқият орындау, өз еңбегін бағалау, материалдармен ұқыпты жұмыс істеу барысында қалыптасады. Бұл білім алушылардың өз ісіне деген жауапкершілік пен әділеттілік сезімін қүшетеді.

Заң мен тәртіпке құрмет қауіпсіздік техникасын сақтау, нұсқаулықтарды орындау, технологиялық карталар бойынша әрекет ету арқылы дамиды. Мұндай тәжірибе балаларды еңбек процесінде тәртіпке баулып, белгіленген ережелерді сақтауға үйретеді.

Еңбеккорлық пен кәсіби дағдылар бұйымдарды жоспарлау, орындауда дәлдік таныту және жаңа материалдармен жұмыс істеу барысында қалыптасады. Бұл білім алушылардың ұқыптылыққа, тәзімділікке және еңбекке деген ынталынын арттырады.

Шығармашылық пен жаңашылдық креативті тапсырмаларды орындау, авторлық жобалар дайындау, қайта өндөлетін материалдарды қолдану арқылы дамиды. Мұндай жұмыстар балалардың қиялын, еркін ойлауын, жаңаша идеялар ұсыну қабілетін жетілдіреді.

Құндылықтар оқу процесінде табиғи түрде, қунделікті тапсырмалар арқылы кіріктіріледі және арнайы уақыт бөлуді қажет етпейді. Құндылықтарға бағдарланған оқыту шығармашылық тапсырмалар, практикалық жұмыстар мен жобалар арқылы іске асырылады. Мұндай тәсіл білім алушылардың тек пәндік дағдыларын ғана емес, сонымен қатар тұлғалық қасиеттерін дамытатын қуатты құрал болып табылады.

«Музыка» оқу пәні арқылы білім алушылар қазақ халқының дәстүрлі музыкасын, оның ішінде күй, ән және халық аспаптарын зерттейді. Музыка сабағында әртүрлі этностың музыкалық шығармаларын тыңдау және орындау арқылы білім алушылар басқа мәдениеттерге құрметпен қарауды үйренеді. «Музыка» пәні музыкалық білім беруді, музыкалық дағдыларды дамытуды ғана емес, сонымен қатар ұлттық құндылықтарды, шығармашылықты және әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастыруды мақсат етеді.

Білім алушылардың музыкалық мәдениетін қалыптастыру – олардың эмоционалды-эстетикалық қабылдауын, шығармашылық қабілеттерін, музыка өнеріне қызығушылығын дамыту, сондай-ақ отандық және әлемдік музыкалық дәстүрлер

арқылы рухани-адамгершілік құндылықтарды тәрбиелеу. Музыкалық шығармашылық жұмыс, топтық орындау және жобалық жұмыс арқылы білім алушылар өз ойларын білдіреді, тыңдай біледі және ұжыммен жұмыс жасай алады. Қазақстанның көпұлтты қоғамында «Музыка» пәні арқылы патриотизм мен толеранттылықты тәрбиелеу маңызды рөл атқарады. Бұл көпмәдениетті қоғамда бейбітшілік пен келісімді нығайтуға ықпал етеді, жауапкершілікке, ынтымақтастыққа және өзара құрметке тәрбиелейді.

«Музыка» пәнінде ұлттық музыкалық шығармаларды орындау, музыкалық аспаптарда ойнау, шығармашылық жобалар жасау және әртүрлі мәдениеттердің музыкасын зерттеу арқылы тәрбие құндылықтарын, ұлттық құндылықтар мен шығармашылық қабілеттерін қалыптастырып, дамытады.

### **«Адал азамат» бағдарламасы бойынша құндылықтарды сабак барысында да- рыту жолдары**

**1. «Тәуелсіздік және отаншылдық» құндылығы.** Тәуелсіздік тақырыбындағы музыкалық шығармаларды тыңдату және талдау арқылы патриоттық сезімін ояды. Мысалы, «1.1.2.1 ән айтуда оның сипатына және әндегі ережелеріне сәйкес орындау»; «2.1.2.1 түрлі сипатты әндерді жеке, ансамбль және хор құрамында ән айту ережесін сақтап орындау»; «3.1.2.1 көркем образдарды аша отырып, түрлі сипаттағы әндерді орындау»; «4.1.1.1 музыкалық көркемдеуші құралдардың көмегімен әуеннің жанрын, көркемдік образдарын анықтау және салыстыру»; «4.1.2.1 ән айту ережесін сақтай отырып, түрлі сипаттағы екі дауысты қарапайым элементтері бар әндерді орындау»; «4.1.3.1 музыкалық көркемдеуші құралдардың көмегімен шығарманы орындау және импровизациялау»; «5.1.3.1 әнді орындау барысында музыканың көңіл-күйі мен көркем бейнесін жеткізу»; «6.1.3.1 әуеннің көңіл-күйі мен көркем бейнесін жеткізе отырып, екі дауысты немесе канон элементтерін пайдаланып, әртүрлі стильдегі және жанрдағы әндерді орындау»; «5.1.3.2 қазақ халқының дәстүрлі түрмис-салт әндерінің орындау тәсілдерін заманауи интерпретациясымен салыстыру»; «6.1.3.2 әртүрлі стильдегі және жанрдағы әндердің орындау түрлерін салыстыру»; «5.1.3.3 музыкалық шығармалардың қарапайым үзінділерін музыкалық аспаптарда бірлесіп орындау»; «6.1.3.3 музыкалық шығармалардың қарапайым үзінділерінің сипатын жеткізу, партия бойынша және (немесе) ансамбльмен аспаптарда орындау» сияқты оқу мақсаттары құндылықтарды білім алушы бойында нығайта түседі.

Ұлттық музыкалық мұраны менгерту арқылы отансүйгіштік сезімін дамыту; қазақтың күй өнері, жыраулық дәстүр арқылы ұлттық сана мен тарихи жадты қалыптастыру қалыптастыруды қуатты құрал болып табылады. Нұржан Өмірбаевтың сөзіне, Жарасқан Төлебайдың музыкасына жазылған «Мен қазақтын» әні Қазақстанның тәуелсіздігі мен бірлігін бейнелейді. Бұл ән мектеп бағдарламасына енгізіліп, білім алушыларына патриоттық тәрбие беруге бағытталған, осы мазмұндас «Менің Отаным – Қазақстан», «Менің Отаным» әндері бар. Құрманғазының «Сарыарқа» күйі қазақ халқының ұлттық мәдениетін бейнелейді. Қазақстан композиторларының тәуелсіздікке арналған шығармаларын үреткен жөн.

**2. «Бірлік және ынтымақ» құндылығы.** Хорда, ансамбльде бірлесе ән айту арқылы командалық рух пен өзара сыйластықты қалыптастыруға, түрлі этностардың музикалық шығармаларын орындау арқылы ұлтаралық татулықты насиҳаттауға, топтық жобалар (музыкалық қойылым, концерт ұйымдастыру) арқылы ынтымақтастыққа үйретуге болады. «5.1.1.2 музикалық шығармаларды ансамбльде, топпен немесе жұппен орындау», «6.1.1.1 хор, ансамбль, жеке орындауда музикалық шығармаларды орындау» кезінде серіктестік қарым-қатынас қалыптастырады.

**3. «Әділдік және жауапкершілік» құндылығы** музикалық байқаулар мен бағалау кезінде әділ сын айту, өзінің және өзгенің еңбегін әділ бағалау; сахналық мәдениет пен дайындыққа жауапкершілікпен қарау, ортақ орындау кезінде өз рөлін жауапкершілікпен атқару (мысалы, аспапта ойнау, партитураны оқу); уақытты тиімді пайдалану, берілген тапсырманы мерзімінде орындау арқылы қалыптасады. «3.1.3.1 әнді негізгі дирижерлік қымылдар көмегімен орындау», «5.1.4.1 музикалық шығарманы орындауда өзін-өзі бағалау және өзгені бағалаудың әділ жолдарын қолдану», «6.1.3.1 өзінің музикалық әрекетін және жетістіктерін бағалау және рефлексия жасау» оқу мақсаттары арқылы білім алушыны әділ пікір айтуға, жауапкершілікке үйретуге болады.

«Музыка» пәні білім алушылардың музикалық сауаттылығын арттырып, шығармашылық қабілеттерін дамытады; ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизм мен толеранттылықты тәрбиелейді; топтық жұмыстар мен шығармашылық жобалар арқылы ынтымақтастық пен жауапкершілік дағдыларын қалыптастырады; қауіпсіз мінез-құлық пен салауатты өмір салтына үйретеді.

**4. «Заң және тәртіп» құндылығы** сахнада өзін-өзі ұсташа ережелерін (сахнаға шығу, иілу, тыныштық сақтау) үйрету; сынып ішінде тәртіп сақтау, өзгені тыңдау, музикалық құрылғыларға ұқыпты қарау; топта жұмыс істеу барысында тәртіп пен ережені сақтау мәдениетін қалыптастыру арқылы дариды.

Авторлық құқық, музикадағы заңдылықтар туралы қарапайым түсінік беру (мысалы, шығарманы рұқсатсыз көшірудің заңсыз екені туралы) маңызды. «5.2.1.1 музикалық-шығармашылық жұмыстарды жасау үшін идеялар ұсыну, жоспарлау және материал жинақтау»; «6.2.1.1 музикалық-шығармашылық жұмыс жасау үшін идеялар ұсыну, жоспарлау және музикалық материалға интерпретация жасау»; «5.2.2.1 музикалық көркем құралдарды, музикалық аспаптар мен дауысты қолдана отырып, қарапайым композициялар шығару және импровизация жасау»; «6.2.2.1 музикалық көркем құралдарды, музикалық аспаптар мен дауысты қолдана отырып, музикалық композициялар шығару және импровизация жасау» оқу мақсаттары сахна мәдениеті мен әдебін қалыптастыра алады.

**5. «Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік» құндылығы** еңбекке баулу, музика саласындағы мамандықтармен (әнші, композитор, дирижёр және т.б.) таныстыру, табандылық пен мақсатқа жету жолдарын көрсету арқылы қалыптастырады. Мысалы, «5.1.3.3 музикалық шығармалардың қарапайым үзінділерін аспапта бірге орындау», «6.1.3.1 музикалық мамандықтармен және олардың рөлімен танысу»

сияқты оқу мақсаттарын қолдануға болады.

**6. «Жасампаздық және жаңашылдық»** құндылығы білім алушыларға өз шығармасын (ән, әуен, ырғақ) шығаруға мүмкіндік беруге; заманауи музикалық бағдарламалармен (GarageBand, FL Studio) жұмыс істеу арқылы шығармашылық қабілеттерін дамытуға; жасанды интеллект мүмкіндіктерін сауатты қолдануды дамытуға; музикалық технологиялар мен жаңа форматтағы музикалық бағыттарды таныстыруға (мысалы, этно-фьюжн, заманауи DJ өнері); жаңа жобалар жасау (бейнеролик, музикалық подкаст) арқылы жаңашылдыққа ынталандыруға бағытталған. Мысалы, «5.3.2.2 музикалық импровизация жасау, өз шығармасын шығару», «6.3.2.2 заманауи музикалық технологияларды (цифрлық аспаптар, дыбыс жазу, бағдарлама) қолдану арқылы музикалық жоба жасау» оқу мақсаттарын қолдануға болады.

**Цифрлық технологияларды кіріктіру.** Музыка сабағында цифрлық технологияларды қолдану білім алушылардың музикалық қабілеттерін дамытумен қатар заманауи құралдар мен платформаларды менгеруге мүмкіндік береді. Нейрорежілі арқылы музикалық шығармаларға арналған визуалды контент жасау білім алушылардың шығармашылық әлеуетін арттырады. Бұл құралдар арқылы білім алушылар музикалық туындылардың атмосферасын, көңіл-күйін және мәнін бейнелейтін суреттерді жасай алады.

Музыка сабағында көрнекі контент жасау білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, олардың музикалық туындыларға деген көзқарасын кеңейтуге және заманауи цифрлық құралдарды менгеруге мүмкіндік береді. Жасанды интеллект құралдарын пайдалану арқылы білім алушылар музикалық шығармаларға арналған альбом мұқабаларын, тректердің визуалды бейнелерін және мультимедиялық жобаларды жасай алады. Бұл тәсілдер білім алушылардың музикалық білімін терендетіп, олардың шығармашылық әлеуетін толық жүзеге асыруға ықпал етеді: «5.2.2.2 компьютерлік бағдарламаларды (Audacity, Soundation, Windows Movie Maker, Киностудия) қолдана отырып, музикалық композицияларды редакциялау және интерпретация жасау», « 6 . 2 . 2 . 2 компьютерлік бағдарламаларды (Audacity, Soundation, Windows Movie Maker, Киностудия) қолдана отырып, музикалық композицияларды редакциялау және интерпретация жасау» оқу мақсаттары.

1. Цифрлық дыбыс жұмыс станцияларын қолдану. GarageBand, FL Studio, Ableton Live, Logic Pro және басқа да цифрлық дыбыс жұмыс станциялары білім алушыларға келесі мүмкіндіктерді береді:

- өз музикалық шығармаларын жасау;
- аудионы біріктіру (микширование) және мастеринг жасау;
- вокал мен аспаптардың дыбысын жазу;
- музикалық аранжировканың негіздерін менгеру.

2. Музикалық қосымшалар мен онлайн платформаларды пайдалану.

Қазіргі заманғы музыкалық қосымшалар мен онлайн платформалар білім алушыларға:

- нота жазуды үйренуге, ноталарды оқуға, аккордтар мен интервалдарды түсінуге көмектеседі;
- Sibelius, Finale, MuseScore сияқты бағдарламалар музыкалық шығармалар құрастыруға және оларды басып шығаруға мүмкіндік береді;
- музыкалық ойындар мен тренажерлер арқылы есту қабілетін, ырғақты және музыкалық жадты дамытуға болады.

### 3. Виртуалды музыкалық аспаптар.

Piano Marvel, Synthesia сияқты виртуалды аспаптар, сондай-ақ онлайн синтезаторлар мен драм-машиналар білім алушыларға нақты аспап болмаған жағдайда да түрлі аспаптарда ойнауды үйренуге мүмкіндік береді. Виртуалды пианино мен гитараларды келесі мақсаттарда қолдануға болады:

- түрлі аспапта ойнаудың негіздерін меңгеру;
- музыкалық есту қабілеті мен құрылымдарды түсінуін дамыту;
- түрлі аспапты қолдана отырып, музыкалық шығармалар жасау.

### 4. Мультимедиалық жобалар мен презентациялар.

Цифрлық дағдылар білім алушыларға мультимедиалық жобалар жасауға көмектеседі. Мысалы:

- видеоредакторлармен (Adobe Premiere, iMovie) жұмыс істей отырып, музыкалық орындау видеоларын жазу;
- Adobe After Effects немесе оның тегін аналогтері арқылы музыкалық бейнебаяндар немесе анимациялар жасау.

Сондай-ақ әртүрлі музыкалық аспапта ойнауға арналған видеосабактарды онлайн көруге болады.

### 5. Дыбысты цифрлық өңдеу.

Білім алушылар дыбысты цифрлық өңдеудің негізгі қырларын үйрене алады, соның ішінде:

- дыбысты жазу және өңдеу (Audacity немесе Adobe Audition бағдарламалары арқылы);
- түрлі жобалар мен видеоларға арналған саундтректер мен дыбыстық эффектілер жасау;
- эквалайзерлер сияқты эффектілермен жұмыс істеу және дыбысқа манипуляциялар жасау.

Білім алушылар музыканы арнайы бағдарламалар мен жасанды интеллект көмегімен талдай алады. Ол аккордтарды, ырғакты және композицияның басқа да элементтерін анықтай алады: «5.1.1 музыкалық жанрын, стилін, түрін және көркемдеуші құралдарды анықтау, тыңдалған шығарманы (туған өлкедегі музыкалық өнердің ерекшеліктері туралы түсінігінің болуын) талдау»; «6.1.1 туған өлкенің жыршы-термеші, әнші және сазгерлерінің шығармашылығы туралы тыңдаған музыкалық шығарманы талдау және өнердің түрлері, стилі мен жанрларын, сонымен қатар, өнердің өзге түрлері мен байланысын анықтау»; «5.3.1 өз жұмысын шығармашылықпен көрсету, критерийлерге сәйкес бағалау және өзінің жұмысын жақсарту үшін ұсыныстар енгізу»; «6.3.1 шығармашылық көрсетілімнің бағдарламасын таныстыру, оларды критерийлерге сәйкес бағалау, өзінің және өзгелердің жұмысын жақсарту үшін түрлі ұсыныстар енгізу» оқу мақсаттары.

Бұл мақсаттарды іске асыру үшін модель әртүрлі музыкалық шығармаларды, соның ішінде дәстүрлі қазақ жанрларын (жыр, терме және айттысты) тануға және жіктеуге, сондай-ақ олардың музыкалық-көркемдік құралдарын анықтауға қабілетті.

**Музыка сабактарында жасанды интеллектіні қолдану:** «Жасанды интеллект фортепианода ойнауды үйренуге қалай көмектесе алады?» деген сияқты нақты сұраныс ЖИ-дің сіздің сұранысыңызды нақты түсініп, дәл жауап беруіне көмектеседі.

### **Құрылымдық тәсіл: «Мақсат – Әдіс – Нәтиже»**

Мақсаты: музыкалық шығарманы талдау, музыкалық ерекшеліктерін анықтау.

Әдіс: жасанды интеллект және арнайы бағдарламалар арқылы ырғак, аккорд, стиль, жанрды тану.

Нәтиже: Музыканы тереңірек түсіну, дәстүрлі музыкамен байланысын көру, орындаушылық және аналитикалық дағдыларды дамыту.

Мысалы, «5.1.1 музыкалық жанрын, стилін, түрін және көркемдеуші құралдарды анықтау, тыңдалған шығарманы (туған өлкедегі музыкалық өнердің ерекшеліктері туралы түсінігінің болуын) талдау»; «6.1.1 туған өлкенің жыршы-термеші, әнші және сазгерлерінің шығармашылығы туралы тыңдаған музыкалық шығарманы талдау және өнердің түрлері, стилі мен жанрларын, сонымен қатар, өнердің өзге түрлері мен байланысын анықтау» сияқты оқу мақсаттарына ЖИ мүмкіндіктерін пайдалануға болады.

Жасанды интеллект музыкалық шығармалардың түрін, стилін және жанрын анықтауда, сондай-ақ оларды басқа өнер салаларымен байланыстыруда көмектесе алады. Модель дәстүрлі қазақ музыкалық формалары мен олардың ерекшеліктері туралы ақпарат ұсына алады.

Жасанды интеллект қазақ музыкалық мәдениетін талдау және түсіндіру, соның ішінде шығармалардың музыкалық сипаттамаларын анықтау мен оларды туған өлке дәстүрлерімен байланыстыру үшін пайдалы құрал бола алады.

Музыкалық шығармалардың құрылымын түсіну мен үйренуге көмектесетін музыкалық қосымшаларды пайдалануға болады, мысалы: әртүрлі жанрлар мен стильдерді зерттеу үшін SoundCloud, Spotify немесе YouTube.

Музыка сабағында онлайн ресурстарды пайдалану кезіндегі жеке деректердің қауіпсіздігі

Музыкалық білім беру үшін онлайн ресурстар мен платформаларды (мысалы, виртуалды музыкалық аспаптар, цифрлық дыбыс жұмыс станциялары, музыкалық қосымшалар) қолданған кезде білім алушылардың жеке деректерінің қорғалуына назар аудару маңызды.

Білім алушыларға құпиялықтың маңыздылығы туралы үйрету: Интернетте жеке деректерді білім беру мақсатында және қажет болған жағдайда ғана бөлісуге болатынын түсіндіру.

Виртуалды коммуникациялардағы этикет пен қауіпсіздік

Музыка бойынша виртуалды сабактар бейнеконференциялар, чаттар және өзара әрекет етудің басқа түрлерін қамтуы мүмкін. Мұндай жағдайларда қауіпсіздік ережелерін сақтау маңызды.

Виртуалды коммуникация этикетін үйрету: білім алушыларға онлайн ортада өзін қалай ұстая көрктігін, жеке шекараларды құрметтеуді, агрессиядан немесе басқа адамдардың жеке деректеріне рұқсатсыз қол жеткізуден аулақ болу көрктігін түсіндіру керек.

### **Негізгі орта және жалпы орта білім беру**

«Көркем еңбек» оқу пәні (5-9-сыныптар) бастауыш мектеп курсының келесі білім беру деңгейіндегі жалғасы болып табылады. Бұл пән білім алушылардың жанжақты дамуына бағытталған: зерттеу дағдыларын қалыптастыру, ізденімпаздықты, ғылыми қабылдауды және әлемді тұтас түсінуді дамыту, сондай-ақ қоршаған ортаға және мәдени мұраға құндылық қатынасын тәрбиелеу.

Жалпы орта білім беру жүйесіндегі «Көркем еңбек» оқу пәнінің ерекшелігі әртүрлі өнер түрлерін зерделеу, өнер құралдарымен идеяларды көрсету, әмбебап (тұрмыстық) және арнайы (пәндік) білім мен дағдыларды, материалдар мен заттарды түрлендіру және көркемдік өндеу дағдыларын, сондай-ақ үй мәдениеті және технологияларды қолдану дағдыларын игеру болып табылады. Қазіргі білім беру жүйесі ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дамуымен тығыз байланыста дамуда. Бұл өзгерістер әсіресе көркем еңбек пән шығармашылық жұмысқа қатты әсер етеді. Дәстүрлі әдістермен қатар, цифрлық техно-

логияларды қолдану өнер және дизайн саласында білім алушылардың дағдыларын дамытуда жаңа мүмкіндіктер ашады. 3D модельдеу негізінде интеръерді құру және редакциялау сияқты қурделі міндеттер білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді және оларды инновациялық ойлау мен технологиялық сауаттылыққа үйретеді.

Цифрлық технологиялар, әсіресе өнердегі заманауи стильдік бағыттарды зерттеу негізінде тәжірибелік жұмыс (2D немесе 3D форматында) орындау. Бұл «Көркем еңбек» пәнін оқыту процесіне деген жаңа көзқарас қалыптастырады. Қазіргі уақытта оқу құралдары мен ресурстарға дәстүрлі әдістермен шектелмей, білім алушылардың техникалық шығармашылық мүмкіндіктерін кеңейтетін жаңа цифрлық платформалар мен бағдарламалық қамтамасыз ету кіреді. Бұл шығармашылық ойлауды дамытуға, білім алушылардың кеңістікке деген көзқарасын кеңейтуге, нақты объектілер мен кеңістіктерді жобалауда жаңа тәсілдерді қолдануға мүмкіндік береді.

3D форматындағы интеръер дизайнны мен құрылышта маңызды құралға айналды. Бұл әдіс арқылы білім алушылар техникалық дағдыларды игеріп, эстетикалық талғаммен және инновациялық тәсілмен жұмыс істеуді үйренеді. Сонымен қатар, цифрлық технологияларды қолдана отырып, дизайнның кез келген кезеңінде түзетулер мен өзгерістер енгізу мүмкіндігі білім алушылардың дағдыларын жетілдіруге және қателіктерден сабак алуға ықпал етеді. Мысалы, «7.1.6.4 шығармашылық жұмыстар жасау үшін әртүрлі (заманауи) технологиялар мен өнер материалдарын анықтау, таңдау және біріктіру»; «7.1.6.2 бірқатар заманауи және дәстүрлі емес материалдарды білу, оларды өндеу, пайдалану және үйлестірудің тиімді жолдарын (немесе әдістерін) анықтау»; «7.2.1.1 қурделі шығармашылық идеялары мен сезімдерін білдіру үшін, өнер құралдары мен әртүрлі техникада таңдалған қасиеттері мен тәсілдерін визуалды элементтерді таңдау және негізделген түрде анықтау» үшін графикалық редакторларда жарық пен камераны баптау принциптерін қолдану керек.

Сондықтан «Көркем еңбек» пәні сабактарында 3D форматын қолдану оқу процесінің тиімділігін арттырады және білім алушыларға заманауи жұмыс әлеміне дайындалуға көмектеседі.

Бұл ұсынымдар 3D форматтау құралдары мен әдістерін тиімді қолдануға бағытталған, сондай-ақ білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін жан-жақты дамытуға ықпал етеді.

«Көркем еңбек» пәнін оқытуда цифрлық технологияларды қолдану бойынша педагогтерге арналған ұсынымдар (5-9-сыныптар):

1. Цифрлық құралдарды пайдалану:

- оқу процесіне 3D форматтауға арналған бағдарламаларды (мысалы, Tinkercad, Fusion 360), графикалық редакторларды және виртуалды шеберлік сафаттарын өткізуға арналған онлайн платформаларды енгізу;

- көркем және техникалық еңбекті зерттеу үшін виртуалды зертханалар мен модельдерді қолдану.

2. Технологияны дәстүрлі әдістермен біріктіру:

- цифрлық технологияларды практикалық міндеттермен үйлестіру, мысалы, макет жасау, сурет салу, модельдеу процесінде. Бұл материалды тереңірек сіңірге көмектеседі.
- білім алушылардың оқу процесінде де, болашақ кәсіби қызметтінде де пайдалы дағдыларын дамытуға назар аудару.

3. Шығармашылық қабілеттерін дамыту:

- цифрлық технологияларды білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашу құралы ретінде пайдалану, оларды жобалар жасауға және инновациялық өнімдерді әзірлеуге ынталандыру.

4. Білім алушылардың өзін-өзі дамуы үшін жағдай жасау:

- білім алушыларды цифрлық құралдармен өз бетінше жұмыс істеуге ынталандыру, оларға жеке жобалар жасауға және тәжірибе алмасуға мүмкіндік беру;
- жұмыстарды көрсету және талқылау үшін платформаларды енгізу, бұл білім алушылардың көпшілік алдында сөйлеу және сынни талдау дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Бұл ұсынымдар педагогтерге оқу процесіне цифрлық технологияларды тиімді енгізуге, білім беру сапасын арттыруға және білім алушылардың болашақ кәсіби өміріне қажетті маңызды дағдыларды дамытуға көмектеседі.

«Көркем еңбек» пәні бойынша қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын дамыту үшін, әсіресе цифрлық технологиялар мен 3D форматтауды пайдалану кезінде, білім алушылар үшін де, олардың жобалары үшін де қауіпсіздіктің бірнеше негізгі аспектілерін ескеру қажет. Оқу процесіне қауіпсіз мінез-құлықты енгізу білім алушылардың технологияларды жауапкершілікпен және қауіпсіз пайдалануына, сондай-ақ шығармашылық қызметпен байланысты ықтимал тәуекелдерді түсінуіне дайындауға мүмкіндік береді. Міне, осы сабакта қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалай дамытуға болатыны туралы бірнеше нұсқаулар:

1. Цифрлық технологияларды пайдалану кезіндегі қауіпсіздік.

Киберқауіпсіздік негіздерін оқыту: білім алушыларға 3D форматтау бағдарламалық жасақтамасымен және графикалық редакторлармен қауіпсіз жұмыс істеуді, соның ішінде антивирустық бағдарламаларды пайдалануды және Интернетте жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік шараларын сақтауды (мысалы, құдікті файлдарды жүктемеу немесе жеке деректерді рұқсатсыз пайдаланбау) үйрету.

Бағдарламалармен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік ережелері:

Tinkercad және Fusion 360 сияқты бағдарламалық жасақтаманы қауіпсіз пайдалану бойынша сабактар өткізіп, құралдармен дұрыс жұмыс істеуді және компьютерлік жүйені зақымдауына немесе деректердің жоғалуына әкелуі мүмкін қателіктерден аулақ болуды түсіндіру керек.

2. Құралдармен және материалдармен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік.

Физикалық құралдарды қауіпсіз пайдалануға үйрету: материалдардың ықтимал қауіптерін түсіндіру, білім алушыларға тиісті сақтық шараларын қолдана отырып (мысалы, респираторларды немесе жақсы желдетуді қолдану), бояулар, желімдер немесе химиялық заттар сияқты әртүрлі материалдармен қауіпсіз жұмыс істеуді үйрету.

3. Виртуалды ортада жұмыс істеу және қауіпсіз цифрлық кеңістікті құру.

- Виртуалды ортада, цифрлық жобаларды құру кезінде білім алушылардың жауапкершілігін арттыру. Мысалы, авторлық құқықты сақтау, жобалар үшін тек рұқсат етілген кескіндер мен материалдарды пайдалану және зияткерлік меншікті құрметтеу;
- Сыни ойлауды дамыту: виртуалды нысандар мен интеръерлерді жасау кезінде сыни көзқарастың маңыздылығымен таныстыру. Білім алушыларды әргономика немесе физикалық кеңістікке әсер ету (мысалы, интеръердегі заттарды пайдалану қауіпсіздігі) сияқты жобаларының қауіпсіздігіне қатысты ықтимал мәселелерді талдауға үйрету маңызды.

4. Топтық дизайндағы қауіпсіз мінез-құлық принциптері.

- Бірлескен жұмыс және топтық қауіпсіздік: қауіпсіз қарым-қатынас және сыйластық қағидаттарын сақтай отырып, білім алушыларды топта жұмыс істеуге үйрету. Бұл жоба мүшелерімен әртүрлі көзқарастар мен сындарлы көзқарастарды ескере отырып, жұмыс істеуді қамтиды;
- Бірлескен талқылау және шешім қабылдау дағдыларын дамыту: интеръерді жобалау немесе күрделі модельдер жасау кезінде білім алушыларды барлық қатысушылар үшін жобаның қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып, идеяларды ескере отырып, басқаның пікірімен санаса білуге үйрету.

5. Деректермен жұмыс істеу және жұмысты сақтау кезіндегі қауіпсіздік.

Деректердің сақтық көшірмесін жасауды үйрену: білім алушыларға нәтижелерді жоғалтып алмау үшін жобалармен жұмыс істеу барысында деректерді үнемі сақтап отырудың және резервтік көшірудің маңыздылығын түсіндіру.

### **Қауіпсіздікке баса назар аудара отырып, «Көркем еңбек» пәнін оқытудағы жасанды интеллектіні қолдану**

1. Шығармашылық жобаларда ЖИ идеялар мен тұжырымдарды құруға, жобалар үшін түпнұсқа идеяларды табуға көмектеседі (мысалы, 3D модельдері үшін

пішіндерді құру, түс схемалары мен стильдерін таңдау). ЖИ көмекші ретінде дизайнның болашақ бөлігін немесе интеръерді визуализациялау үшін кескін генераторларын пайдаланады.

2. ЖИ-мен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік, цифрлық гигиена: ЖИ қызметтерімен қауіпсіз өзара әрекеттесуді үйрену, жеке деректерді енгізбеу, дереккөзді тексеру, авторлық құқықты сақтау үшін ЖИ қолданбау.

Жасанды интеллектіні қолданудың этикалық жағы: білім алушылармен жасанды интеллектіні қалай дұрыс пайдалану керектігін талқылау, басқаның жұмысын иемденбеу, қорлайтын немесе зиянды мазмұн жасау үшін жасанды интеллектіні пайдаланбау.

3. Кері байланыс және бағалау. ЖИ-ді жұмыс сапасына кері байланыс беру үшін ЖИ қолдануға болады, мысалы, si талдауы.

«Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік» құндылығы «Үй мәдениеті» бөлімінде бұйымдардың эскиздерді әзірлеуге және сәнді интеръер элементтерін жасауға байланысты тапсырмаларды орындау арқылы көрінеді (2D/3D). Білім алушылар жобалау дағдыларын меңгереді, бөлшектерге назар аударуға, пропорцияларды түсінуге үйренеді және сапалы бұйымдар жасауға ұмтылады. Шеберліктің жоғары деңгейіне жету үшін шыдамдылық, дәлдік және жауапкершілік қажет.

Мысалы, жиһазға немесе үй декорына эскиз жасау кезінде білім алушылар кәсіпи білікпен тікелей байланысты заттардың функционалдығын, эстетикасын және беріктігін ескеруі керек.

Тапсырманың мысалы: білім алушылар эргономика мен жайлыштық қағидаларын ескере отырып, бөлмені безендіруге арналған эскиздер жасайды, арнайы бағдарламаларды қолдана отырып, өз жобаларының 3D форматын жасайды, жұмысқа жауапкершілікпен және басқа адамдардың еңбегіне құрметпен қарауға үйренеді.

Басқаның жұмысына деген жауапкершілік пен құрметті бірлескен жобалар құру және сыныптастарының жұмысына құрметпен қарау арқылы дамытуға болады. Білім алушылар өз жобаларын құрып, сонымен қатар басқалардың идеяларын, күш-жігерін және уақытын құрметтеуге, пікірталастар мен ұжым жұмысына қатысуға үйренеді.

Инновациялық ойлау мен шығармашылық интеръерге арналған сәнді бұйымдарды жобалауда, соның ішінде өсімдіктер мен экологиялық таза материалдарды пайдалануда маңызды. Білім алушылар бірегей интеръер жасау үшін табиғат элементтері (өсімдіктер, табиғи материалдар) біріктірілген 2D/3D форматтарын жасай алады. Мысалы, өсімдік, ағаш, тас сияқты табиғи элементтерді қолдана отырып, жиһазды немесе декорды жобалау және тұрақты 3D модельдерін жасау сияқты заманауи технологияларды енгізу.

Қоршаған ортаға қамқорлық интеръер заттарын жасау үшін экологиялық таза және тұрақты материалдарды пайдалануға қатысты бөлімде көрініс табады. Білім алушылар табиғатты аялаудың, қоршаған ортаға зиян келтірмейтін өнімді жасау үшін материалды таңдаудың қаншалықты маңызды екенін үйренеді.

Табиғатпен өзара үндесу және салауатты өмір салты өсімдіктерді интеръерде, дәрілік шөп медицинасында және косметологияда қолдану контекстінде маңызды аспектілер болып табылады. Білім алушылар өсімдіктердің интеръер дизайнында қалай қолданылатынын, үйде денсаулық пен атмосфераға әсер ететінін зерделейді. Табиғат элементтері адамның психологиялық және физикалық жағдайын қалай жақсарта алатынын түсіну маңызды. Білім алушыларға мынаай тапсырма беруге болады: тірі өсімдіктерді пайдаланып, шағын бақ немесе жасыл қабырға сияқты үйге сәндік элементтер жасау және олардың денсаулыққа әсерін зерттеу; қайта өңделген материалдарды немесе биоыйдырайтын заттарды пайдалана отырып, интеръерді жобалау, 2D/3D форматында тұрақты, экологиялық таза нысандарды жобалау. Білім алушылар өз жобаларын сынныпта таныстырады, басқалардың жұмысын бағалайды, сындарлы пікір айтады және оны жақсарту бойынша ұсыныстар береді.

«Графика және жобалау» оқу пәні графикалық материалдарды, сызбаларды және дизайнды жасауға байланысты ауқымды тақырыптарды қамтиды. Негізгі тақырыптардың бірі – 3D модельдеу мүмкіндіктерін қолдана отырып, сызбаларды жобалау. Бұл тақырыпты менгеруде объектілердің үш өлшемді модельдерін жасау үшін заманауи технологиялар мен бағдарламалық жасақтаманы қолданылады, бұл дизайн мүмкіндіктерін едәуір кеңейтеді және әртүрлі бөлшектер мен конструкцияларды визуализациялауды жеңілдетеді. 3D модельдеу дизайн процесін дәлірек және көрнекі ету үшін әртүрлі бұрыштан көрсетуге болатын үшөлшемді нысан үлгілерін жасауға мүмкіндік береді. Дәстүрлі 2D сызбалардан айырмашылығы: 3D модель нысанның пішіні, өлшемі, дизайн ерекшеліктері туралы толық түсінік береді.

#### Заманауи технологиялар мен инновацияларды қолдану

Жаңа технологияларды енгізу 3D жобаларын тереңірек визуализациялау үшін білім алушыларды виртуалды және кеңейтілген шындық (VR және AR) сияқты инновациялық технологияларды пайдалануға ынталандырады. Мысалы, «10.3.4.1 бағдарламалық жасақтама, 3D басып шығару мүмкіндіктерін қолдана отырып, сызба жасай білу» оқу мақсатын менгеру кезінде 3D басып шығару негіздерін қосып, оны жасалған модельдерді көрсету үшін пайдалануға болады. Бұл білім алушылардың өз жобаларының нысандарға қалай айналатынын көруге мүмкіндік береді.

#### **Бағдарламалық жасақтамамен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік**

3D модельдеу бағдарламаларымен жұмыс істеу кезінде деректерді қорғау және жағымсыз жағдайларды болдырмас үшін қауіпсіздік шараларын сақтау қажет:

- вирустар мен зиянды бағдарламалардан қорғау: вирустар немесе зиянды

бағдарламалар болуы мүмкін сенімсіз нұсқаларды жүктеп алмау үшін лицензияланған бағдарламалық құралды пайдалану;

- сыртқы қауіптерден қорғауды қамтамасыз ету үшін 3D форматтауға қолданылатын барлық компьютерде антивирустық бағдарламаларды үнемі жаңартып отыру;
- тұрақты сақтық көшірмелер жасап отыру: бағдарламалық жасақтама қателері немесе компьютерлердің істен шығуы деректердің жоғалуына әкелуі мүмкін. Білім алушылар сыртқы медиага немесе бұлтты сақтау орындарына өз модельдері мен жобаларының тұрақты сақтық көшірмесін жасап отыруға үйрету маңызды;
- қолжетімді болу: білім алушылардың бағдарламалар мен жобаларға қолжетімділігін бақылау маңызды. Деректердің кездейсоқ жойылуын немесе бүлінуін болдырмау үшін құқықтары шектеулі есептік жазбаларды пайдалану.

#### **«Графика және жобалау» пәнінде жасанды интеллектіні қолдану:**

1. Дизайнды автоматтандыру. Кейбір Cad жүйелері (мысалы, Autodesk Fusion 360) дизайнды оңтайландыру, жүктемелерді есептеу және материалдарды сәйкестендіру үшін ЖИ қолданады. Генеративті ЖИ білім алушыларға инженерлік ойлаудың балама тәсілдерін үйрететін берілген параметрлер негізінде дизайн нұсқаларын жасауға көмектеседі.
2. Сызбалар мен 3D форматтаудағы ЖИ. Сызбаларда логикалық немесе симметриялық қателерді таба алады, эргономиканы жақсартуды ұсынады. ЖИ қолданылатын бағдарламалар автоматты түрде өлшемдерді, белгілерді орната алады, техникалық сипаттамаларды жасай алады.
3. Цифрлық баламасын жасау нақты нысандарды модельдеуге мүмкіндік береді. Жасанды интеллект фотосуреттер мен сканерленген бейнелерді талдап, олардың негізінде 3D пішімін жасай алады, бұл нақты нысандарды жобалауды жеңілдетеді.

ЖИ-ді қауіпсіз және жауапкершілікпен пайдалану дағдылары:

- педагог жасанды интеллект нәтижелерін талдауға үйретуі керек: жасанды интеллектіге толықтай сенбей, оның ұсыныстарын қателіктер мен қайшылықтарға тексеру маңызды;
- сыни ойлауды дамыту: білім алушылар ЖИ олардың шығармашылығы пен жауапкершілігін алмастыратын құрал емес екенін түсінуі керек;
- деректерді қорғау: жұмыс нәтижелерін, әсіресе бұлтты қызметтер мен ЖИ құралдарын пайдалану кезінде қалай сақтау керектігін үйрету керек.

**«Технология және өнер» білім беру саласы пәндері аясында білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру.**

«Көркем еңбек» – білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытумен қатаролардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға ықпал ететін мектеп бағдарламасындағы маңызды пәндердің бірі.

Өзінің және айналасындағылардың қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарау «Көркем еңбек» пәнін оқытудың маңызды бөлігі болып табылады. Осылан байланысты білім алушылардың үшін қауіпсіз әрекет ережелерін, еңбек гигиенасы мен қауіпсіздік ережелерін сақтауы, құралдарды мақсатына қарай ғана пайдалануы, оларды арнайы орындарда сақтауы, сондай-ақ жұмыс орындарында тазалық пен тәртіпті сақтауы маңызды.

Бұл білім беру саласындағы пәндердің мазмұны құнделікті өмірде қажетті дағдыларды қалыптастыруға ықпал етуі керек. «5.2.6.1 қадағалап, материалдар мен құралдарды қолдану» оқу мақсатын жүзеге асыру шенберінде техника қауіпсіздігін сақтай отырып, құнделікті тұрмысқа қажетті материалдардан әртүрлі бұйым тоқудың, әртүрлі материалдан құнделікті өмірде қажетті заттарды жасаудың және білім алушыларға матаның бір немесе бірнеше түстерін қолдана отырып, бұйымдарды тоқудың әдістерін үйрету ұсынылады. Мысалы, ас үй құралдарына арналған заттарды, жүннен жасалған жіптен сәндік панельдерді және т.б. бұйымдарды (шарф, стенд, ұялы телефонға арналған қапшық) тоқу.

Өнімді модельдеу құнделікті өмірге қажетті дағдылардың бірі ретінде осы білім беру саласының сабактарында да дамиды. «7.1.5.2 түрлі графикалық құралдардың көмегімен бұйым дайындау үшін эскиздер орындау және графикалық пен технологиялық құжаттар әзірлеу» оқу мақсатын жүзеге асыру кезінде сабакта білім алушылардың бұйымдар жасауға арналған материалды (мата, моншактар және т.б.) ескере отырып, қол техникасын немесе компьютерлік бағдарламаларды пайдалана отырып, бұйымдардың графикалық эскиздерін әзірлеу дағыларын дамыту ұсынылады.

Білім алушылар технология және өнер тілі контекстке байланысты өзгеретінін түсініп, осы тілдерді дұрыс қолдана білулері керек. Технология сөздігі көбінесе техникалық сипатта болады және ұғымдарға, процестерге және өндіріске арналған арнайы терминдерді қамтиды. Білім алушылар суреттер, диаграммалар, блок-сyzбалар, үлгілер, кестелер және графиктер түрінде берілген технологиялық ақпаратты түсінуді үйренуі керек. Білім алушылар технологиялық процестерде, әсіресе идеяларын тұжырымдау, талдау және бағалау кезінде тыңдау, диалог жүргізу пікірталасқа қатысу және талқылау дағыларын менгеруі керек.

Музыка сабактарында білім алушылардың оқу сауаттылығын дамыту бойынша жұмыс жүйелі және мақсатты түрде жүргізуі ұсынылады, өйткені музыкалық терминдерді, белгілер мен ұғымдарды оқы білу әртүрлі жанрдағы музыкалық шығармаларды түсінуге және орындауға әсер етеді.

Музыка математикалық сауаттылықты дамытуға да ықпал етеді, өйткені музыка кеңістіктік ойлауға ықпал етеді және музыкалық шығармалар симметрияға, ырғаққа және басқа математикалық зандалықтарға негізделген. Музыкалық

нотаны үйренуде қатаң сақталуы тиіс математикалық заңдылығы бар. Музыка уақыт ұзактығын (мысалы, сегізінші нота, ширек нота, жарты нота) түсінуге үйретеді: 4/4 немесе 3/4 сияқты музикалық метрлер немесе «аккорд» термині – бірнеше дыбыстардан тұратын фраза. Музыка уақытқа негізделген, ноталардың ұзактығы әртүрлі, ал ритм музыканың қарқынын белгілейді. Музыкадағы уақыттық қатынастарды түсіну білім алушыларға уақыт сезімі мен санау дағдыларын, сондай-ақ қайталауы, контрасты және дамуы бар логикалық құрылымдарды дамытуға көмектеседі. Бұл білім алушыларға фуга, соната сияқты құрделі шығармаларды түсінуге, логикалық ойлау мен жағдаяттарды шешу дағдыларының дамына көмектеседі.

Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру бойынша жұмысты жетілдіру үшін PISA, PIRLS және т. б. халықаралық салыстырмалы зерттеулердің материалдарымен, тест жинақтарымен және нәтижелерімен «Талдау» АҚ сайтынан танысуға болады

<https://taldau.edu.kz/storage/app/media/PISA/%20%D0%B5%D1%81%D0%B5%D0%BF%20PISA-2022.pdf>

## ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ

«Дене шынықтыру» пәні физикалық қасиеттерді дамытуға, жалпы дамыту жаттығуларын өз бетінше орындауға қызығушылықты арттыруға; салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға; дене шынықтырудың адам өміріндегі рөлі туралы түсініктерін қалыптастыруға, спорт, ұлттық спорт түрлері туралы өз бетінше ақпарат тауып, оны денсаулықты нығайту үшін пайдалана білуғе; оқу, ойын және бәсекелестік жағдайында сыныптастарымен қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға бағытталған.

Жалпы білім беретін мектепте дене тәрбиесі өзінің бағыты, мазмұны, ұйымдастыру формалары, іске асыру әдістері бойынша біртұтас процесс болып табылады. «Дене шынықтыру» оқу пәні, дене шынықтыру-сауықтыру іс-шаралары, дене шынықтыру пәнінен сыныптан тыс жұмыстар, жалпы мектептік және бұқаралық спорттық іс-шаралар арқылы жүзеге асырылады.

Үлгілік оқу бағдарламасы бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлеріндегі оқу-тәрбие процесінің мақсаттарын, міндеттерін, жоспарланған күтілетін нәтижелерін, мазмұны мен ұйымдастырылуын айқындейды. Санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормалардың талаптарын сақтай отырып, білім беру ұйымымен сыныптық және мектептен тыс жұмыстар арқылы жүзеге асырылады. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2100023890>

Білім беру ұйымының қысқартылған оқу жүктемесі бар үлгілік оқу жоспарла-

рын таңдау кезінде «Дене шынықтыру» пәніне вариативтік компонент есебінен 1 сағат міндепті түрде спорттық ойындарды өткізуге бөлінеді.

Дене шынықтырудың үшінші сағатында педагог оқу бағдарламасының мазмұнын өзгертуестен, оқу процесіне заманауи әдістер мен педагогикалық технологиялар өзірлеп, енгізеді. Педагог сабакты үшінші сағатқа үйымдастырған кезде МЖМБС және үлгілік оқу бағдарламасына сүйенуі қажет.

Дене шынықтырудың үшінші сағатын өткізу кезінде үлгілік оқу бағдарламасына енгізілген бірнеше спорттық ойындарды пайдалану ұсынылады. Спорттық ойындарға сағаттарды біркелкі бөлу жан-жақты дамуды, жеке қызығушылықты арттыруды және салауатты дене тәрбиесі принциптерін сақтауды қамтамасыз етеді. Физикалық дайындықты бағалау кезінде максималды нәтиже де, нәтиженің өсуі де ескеріледі. Сонымен қатар жеке жетістіктерге жетуі (яғни нәтижелердің өсуі) маңызды. Дене шынықтыру бойынша бағалау кезінде теориялық білім, қозғалыс әрекетін орындау техникасы және дене шынықтыру-сауықтыру қызметін жүзеге асыру қабілеті ескеріледі. «Дене шынықтыру», «Музыка», «Көркем еңбек», «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері», «Графика және жобалау» пәндері бойынша сынақ тапсыруға қойылатын талаптармен Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының әдістемелік ұсынымдарынан танысуға болады (2019 жылғы 17 қыркүйектегі № 8 хаттамамен Ғылыми кеңес басылымға ұсынды).

<https://uba.edu.kz/storage/app/media/Metod%20usynymdama/2019/shynytyru-muzyka-korkem-ebek-ozin-ozi-tanu-ksipkerlik-zhne-biznes-negizderi-grafika-zhne-zhobalau-ou-pnderi-boyyunsha-syna-talaptary.pdf>.

Дене шынықтыру сабағын өткізуде педагогтің басты назары білім алушылардың техникалық дайындығына бағытталуы керек:

- 1-4-сыныптарда жалпы физикалық дайындық құралдары туралы ақпаратты қоса алғанда, негізгі қозғалыс дағдыларын игеруге және білім алушылардың физикалық дайындығын арттыруға назар аудару;
- 5-9-сыныптарда жалпы физикалық дайындық құралдары туралы ақпаратты қоса алғанда, білім алушылардың физикалық дайындығын арттыруға назар аудару;
- 10-11-сыныптарда білім алушылардың физикалық қасиеттері мен техникалық-тактикалық дайындығын жетілдіруге назар аудару.

«Дене шынықтыру» пәні бойынша оқу процесін үйымдастыру және өткізу кезінде қауіпсіз жағдай жасалуы және құралдармен қамтамасыз етілуі қажет. Білім беру үйымының аумағындағы спорттық жабдықтар, құрылғылар, олардың мөлшері, материалдары білім алушылардың жас және психофизикалық ерекшеліктеріне сәйкес келуі, сәйкестік сертификаты болуы және қауіпсіздік сынағынан өтуі тиіс.

«Дене шынықтыру» пәні бойынша сабак кестесін құру кезінде бір спорттық залда бірнеше сыныпқа сабакты қатар жүргізу кезінде білім алушылардың жас ерек-

шеліктерін ескеру керек. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2100023890>

Мектепте сыныптан тыс жұмыстарды үйымдастыру кезінде дene шынықтыру педагогтеріне «Білім беру үйымдарында мектептен тыс спорттық жұмыстарды үйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдарды, бұқаралық спорттық және дene шынықтыру-сауықтыру іс-шараларын үйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдарды» пайдалану ұсынылады (<https://www.nnpcf.kz/index.php/ru/metodicheskie-materialy>, «Әдістемелік материалдар» бөлімі).

## АЛҒАШҚЫ ӘСКЕРИ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ДАЙЫНДЫҚ

### Жалпы орта білім беру

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндettі стандартының (4-қосымша) 23-тармағы 8-тармақшасына, 38 және 44-тармақтарына сәйкес 10-11-сыныптарда білім беру саласының мазмұны «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» (бұдан әрі – АӘТД) пәні арқылы іске асырылады.

Оқу пәнінің мазмұны әскери істің негіздері туралы түсініктер мен білімдерді қалыптастыруды қамтамасыз етуі және келесі бөлімдер бойынша пәндік құзыреттілікті дамытуы қажет:

- Қазақстан Республикасының Қарулы Қүштеріндегі қызмет туралы, робототехника және IT-технологиялар туралы тұрақты түсінік қалыптастыру, әскери істің негіздері, жалпы әскери жарғылар талаптарының мазмұны бойынша білім беру;
- жастардың азаматтық дүниетанымын қалыптастыру, Қазақстан Республикасының егемендігін қорғаудың қажеттілігіне деген сенімділікті орнықтыру, әскери мамандыққа деген оң көзқарасты, қызығушылықты дамыту;
- төтенше жағдайларда адамның өмір қауіпсіздігінің негіздерін менгерту.

Оқу жүктемесінің көлемі «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығының (2023 жылғы 26 қазандағы № 323 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) 21-30, 85-90-қосымшаларында (10-11-сыныптар) көрсетілген.

«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізу дің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығының 2-тарауына сәйкес «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша білім алушылардың оқу жетістіктеріне формативті бағалау жүргізіледі. Бұл пән бойынша БЖБ және ТЖБ өткізілмейтін жағдайда да форма-

тивті бағалауды жүргізуге шектеу қойылмайды.

10-сыныпта білім алушылардың практикалық біліктері мен дағдыларын дамыту, сондай-ақ әскери іске қызығушылығын қалыптастыру мақсатында оқу жылының сонында үл балалармен бес күндік оқу-далалық (лагерлік) жиындар өткізіледі. Олар әскери бөлімдердің базаларында (әскери бөлім командирлерімен келісу арқылы) немесе тиісті оқу-материалдық базасы бар білім беру ұйымдарында 30 сағат көлемінде үйымдастырылады.

Оқу-далалық (лагерлік) жиындарға қойылатын талаптар «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бүйрүғының 127-қосымшасында көрсетілген.

10-11-сыныптарда «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша сабактарда қауіпсіздік техникасын қатаң сақтау шараларымен таныстыру қажет:

- жалпы қауіпсіздік шаралары: сабак басталар алдында қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулық өткізіліп, арнайы журналға тіркеледі. Сабакқа бөгде заттарды (пышак, шырпы немесе оттық, үшкір заттар) әкелуге қатаң тыйым салынады. Білім алушылар өз бетінше әрекет етпей, педагогтің барлық бұйрықтары мен нұсқауларын дәл орындауға міндетті. Фимарат ішінде және саптық алаңда тәртіп сақтау қажет;
- оқу қаруымен (муляждармен) жұмыс істеу кезінде: оқу қаруымен тек педагогтің рұқсатымен және қадағалауымен жұмыс істеу керек. Қаруды (тіпті оқу мұляжін де) адамдарға бағыттауға болмайды. Педагогтің бұйрығынсыз қаруды бөлшектеуге немесе өзгертуге тыйым салынады. Қару макеті болса да, оны пайдаланбас бұрын, бос екеніне көз жеткізуі қажет;
- саптық және дene дайындығы кезінде: киім мен аяқ киімнің ыңғайлышы, тайғақ болмауы тексерілуі тиіс. Сабакқа тек спорттық немесе әскери киім мен, ауа райына сәйкес (ашық ауада) қатысу керек. Арақашықтықты сақтау, бір-бірін итермеу, күрт немесе рұқсат етілмеген құмылдар жасамау қажет. Денсаулығы нашарлаған жағдайда оны дереу педагогке хабарлауы керек;
- жергілікті жерде сабак өткізу кезінде: қыын жерлермен қозғалғанда жеке қауіпсіздік шараларын сақтауы қажет. Бейтаныс нысандарға, күмәнді заттарға жақындауға болмайды. Ашық су көздерінен су ішуге тыйым салынады. Ауа райының жағдайына мән беру керек, қызып кетпеу немесе тоңып қалмау керек;
- тәтенше жағдай кезінде әрекет ету: педагогтің бұйрықтарын шапшаң және сабырмен орындауы қажет. Эвакуация жолдарын, жиналу орындарын білуі керек;
- алғашқы медициналық көмекті көрсете білуі қажет.

# 3

## Ішкі және сыртқы бағалауды өткізу ерекшеліктері



«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінде жасанды интеллек-тіні (ЖИ) қолдану жолдары

1. Виртуалды жаттығулар мен тренажерлер: ЖИ арқылы жасалған жаттықтырғыштар арқылы саптық дайындық, қарумен жұмыс істеу, алғашқы медициналық көмек көрсету жаттығуларын қауіпсіз ортада үйренуге болады.
2. Қауіпсіздік техникасы бойынша интерактивті нұсқаулықтар: ЖИ көмегімен бейне, графика арқылы түсіндіретін, автоматты түрде тест алатын қауіпсіздік бойынша интерактивті платформа жасауға болады.
3. Оқу процесін жекелендіру: ЖИ білім алушының білім деңгейін талдап, әлсіз тұстарын анықтап, жеке оқу жоспарын ұсына алады.
4. IT және робототехника бөлімінде: ЖИ арқылы роботтарды басқару, автоматтандыру жүйелерін модельдеу және бағдарламалу дағдыларын дамытуға мүмкіндік бар.
5. Төтенше жағдайларды модельдеу: ЖИ көмегімен өрт, су тасқыны, жер сілкінісі сияқты жағдайларды модельдеп, іс-қимыл әрекеттерін үйретуге болады.

«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні аясында білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру

Білім алушылардың «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша өмірде кездесетін әртүрлі жағдаяттарда білімдерін пайдалану қабілетін қалыптастыру білім беру процесінің маңызды міндеті болып табылады. Ол бағдарламаның теориялық бөлігін түсінуді ғана емес, оларды нақты өмірде қолдану қабілетін де қамтиды. Әскери іс негіздерін қалыптастыру кешенді тәсілдемені талап етеді. «Экстремизм және терроризм ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіреді. Экстремизм түрлері» тақырыбында терроризмге және экстремистік әрекетке толық сипаттама беру, террористік әрекеттің Конституцияға қарсы әрекет екенін, экстремизм мен терроризмнің пайда болу себептерін түсіндіру, олардың сипаттамалық ерекшеліктерін атау және қауіптің дәрежесін анықтау; зерттелген материалды жас ерекшеліктерін ескере отырып, әлемде болып жатқан оқиғалармен салыстыруға болады. «Атыс дайындығы» бөлімінде «Калашников автоматын толық бөлшектемеу және оны құрастыру тәртібі» нормативін орындауда

қажетті білім мен дағдыларды дамыту, автоматтың бөліктері мен механизмдерін игеруде дағдыларды пысықтау керек. Мұнда білім алушыларға қаруды бөлшектеу және құрастыру тәртібін қатаң сақтау қажеттілігін түсіндіру ұсынылады.

Геосаяси жағдайда әскери робототехника және роботтарды әскери істе қолданудың негізгі бағыттары туралы түсініктерді дамыту; роботтарды олардың мақсаты бойынша жіктеу, сондай-ақ білім алушылардың ату негіздері мен ережелері туралы білімдері мен дағдыларын қолдау; практикалық атыстарды орындау кезінде алған дағдыларын қолдану; қауіпсіздік техникасын сақтау маңызды.

Білім беру сапасы білім беру қызметінің тиімділігін, сондай-ақ білім алушы мен тәрбиеленушіні даярлығының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына, жеке тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің қажеттіліктеріне сәйкестігін сипаттайтын.

Қазақстан Республикасындағы білім сапасын бағалау жүйесі білім алушылардың оқу жетістіктерін ішкі және сыртқы бағалау рәсімдерін қамтитын кешенді тәсілдемеге негізделген. Бұл рәсімдер педагогтерге білім алушылардың ілгерілеуін, оқу бағдарламаларын менгеру деңгейі мен сапасын, негізгі құзыреттердің қалыптасу дәрежесін бақылауға, сондай-ақ білім беру процесін одан әрі жетілдіру бағыттарын айқындауға мүмкіндік береді.

## **БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТИСТІКТЕРІН ІШКІ БАҒАЛАУ**

Нормативтік құжаттар: «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізу дің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БжFM 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы; «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» ҚР БжFM 2016 жылғы 21 қантардағы № 52 бұйрығы.

Бағалау бойынша әдістемелік әзірлемелермен Академияның ресми сайтында таңысуға болады: [www.uba.edu.kz](http://www.uba.edu.kz).

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау білім сапасын қамтамасыз етудің маңызды құралы болып табылады. Ол оқыту мен оқу материалын менгеру тиімділігін талдауға мүмкіндік беретін тетік ретінде қызмет етеді. Ішкі бағалау педагогтерге оқыту динамикасын бақылауға, әрбір білім алушының күшті және әлсіз тұстарын айқындауға, сондай-ақ оқу процесін уақтылы түзетуге мүмкіндік береді.

Ішкі бағалаудың негізінде критериалды бағалау жүйесі жатыр, оған жиынтық бағалау (ЖБ) және формативті бағалау (ФБ) кіреді.

### **Жиынтық бағалау**

Жиынтық бағалау – білім алушылардың оқу бағдарламасының бөлімдерін менгеру және оқу тоқсанының соңындағы білім деңгейін анықтау мақсатында жүргізіледі.

ЖБ ұйымдастыру кезінде педагог келесі нормаларды басшылыққа алуы тиіс:

- бөлім бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) түрін (бақылау жұмысы, практикалық немесе шығармашылық жұмыс, жоба, эссе, диктант, мазмұндама, шығарма, тест) және оның өткізу уақытын педагог өзі айқындейді;
- академиялық адалдықты сақтау – басты қафида: педагог бағалау тапсырмаларын адаптациялық жағдайда оларды өндіріп, орындаудың қажеттілігін анықтау;
- ЖБ тапсырмалары үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес және өткізу оқу материалдары негізінде педагогтер тарарапынан өзірленеді;
- тоқсан бойынша жиынтық бағалау (ТЖБ) тапсырмалары жүргізілмес бұрын педагогтердің әдістемелік бірлестігінде қаралып, олардың оқу мақсаттарына сәйкестігі, көлемі, нұсқаулығы және орындалу уақыты бойынша талқыланады;
- БЖБ өткізу жиілігі тоқсанда 3 реттен артық болмауы тиіс. Егер тоқсанда төрт немесе одан да көп бөлім қарастырылса, оларды біріктіріп, БЖБ-ны екі кезеңде өткізуге болады;
- ТЖБ өткізу жиілігі бір күнде 3 реттен артық болмауы және пәндердің курделілігі ескерілуі тиіс. ТЖБ оқу тоқсанының соңғы күні, сондай-ақ сол күні сол пән бойынша БЖБ өткізілген жағдайда ұйымдастырылмайды.
- бағалаудың обьективтілігін қамтамасыз ету: жазбаша ТЖБ бойынша даулы жағдай туындаған кезде педагогикалық кеңестің шешімімен модерация тағайындалады. Модерация қорытынды бағалар қойылардан бір күн бұрыннан кешіктірілмей өткізілуі тиіс.

ФБ, БЖБ және ТЖБ бойынша балл қою кезінде педагогтер келесі аспектілерді ескереді:

- нәтижелерді тіркеу: формативті бағалау (ФБ), бөлім бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) және тоқсан бойынша жиынтық бағалау (ТЖБ) бойынша алынған балдар электронды журналға енгізіледі;
- тоқсандық бағаны қалыптастыру: ФБ нәтижелері – 25%, БЖБ нәтижелері – 25%, ТЖБ нәтижелері – 50% үлесте ескеріледі.
- ФБ бойынша балдар: 2-11-сыныптарда ең жоғары балл – 10 балл (ФБ үшін балл әр сабакта қойылуы міндетті емес);

- БЖБ бойынша балдар: 1-4-сыныптар үшін – 7-ден 15 баллға дейін; 5-11(12)-сыныптар үшін – 7-ден 20 балға дейін;
- ТЖБ бойынша балдар пәндер мен сыныптардың техникалық ерекшеліктеріне сәйкес белгіленеді;
- бағалаудың объективтілігі: БЖБ және ТЖБ бойынша қорытынды балл қойған кезде тапсырма шарттарының рәсімделуі немесе білім алушының тәртібі есепке алынбайды;
- балды бағаға ауыстыру шкаласы: 0%–39% – «2»; 40%–64% – «3»; 65%–84% – «4»; 85%–100% – «5»;
- жылдық баға (2-11(12)-сыныптар үшін) тоқсандық бағалардың арифметикалық ортасы ретінде есептеледі және бұтін санға дөңгелектенеді. Жылдық баға қорытынды баға болып табылады.

### **Формативті бағалау**

Формативті бағалаудың басты мақсаты – білім алушылардың оқу барысындағы ілгерілеуін ерте кезеңде бақылау арқылы оқыту әдістерін бейімдеу және білім беру процесінің тиімділігін арттыру.

Формативті бағалауды тиімді іске асыру үшін педагогке қажет:

- әрбір сабактың / оқу процесінің мақсатын, соның ішінде бағалау критерийлері мен жоғары сапалы жұмыстардың үлгілерін көрсету арқылы жүйелі түрде түсіндіріп отыру;
- сыныптағы бағалау нәтижелерін жүйелі түрде талдап, оқыту әдістерін қайта қарau және түзету үшін пайдалану;
- білім алушыларға оқын тиімді жоспарлауына көмектесетін тұрақты, мазмұнды, нақты және жедел кері байланыс ұсыну;
- білім алушыларды өзін-өзі және бірін-бірі бағалау дағдыларын дамыту мақсатында бағалау процесіне белсенді қатыстыру.

### **Қорытынды аттестаттау**

9(10) және 11(12)-сыныптардан кейінгі қорытынды аттестаттау Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау мен аттестаттауды жүргізуіндегі үлгілік қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады. Аттестаттаудың мақсаты – мемлекеттік стандартқа сәйкес оқу пәндерін менгеру деңгейін анықтау.

Аттестаттау 9(10)-сыныптарда қорытынды емтихандарды және 11(12)-сыныптарда мемлекеттік емтихандарды қамтиды. Аттестаттаудың мазмұны мен нәтижелері әр пән бойынша әзірленген техникалық ерекшеліктерімен реттеледі.

9(10)-сынып білім алушылары үшін емтихан материалдарын, тапсырмалар мен

балдарды қою схемасын облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары (бұдан әрі – білім басқармалары) дайындаиды, орта білім беру үйымдарының 11(12)-сынып білім алушылары үшін, сондай-ақ республикалық мектептердегі 9(10) және 11(12)-сыныптардың білім алушылары үшін КР Фылым және жоғары білім министрлігінің «Ұлттық тестілеу орталығы» ШЖҚРМК (бұдан әрі – ҰТО) дайындаиды.

9(10)-сыныптағы емтихан нәтижелері электрондық журналға қойылады және қорытынды баға ретінде келесі арақатынаспен шығарылады: 30% – емтихан нәтижесі, 70% – тоқсандық бағалар. Қорытынды баға бүтін санға дейін дөңгелектеледі. Емтихан нәтижелері педагогикалық кеңесте қаралып, білім беру сапасын арттыруға бағытталған шаралар қабылданады.

### **Қазақ тілі пәні бойынша емтихан**

2023-2024 оку жылынан бастап 5-8 және 10-сынып білім алушылары оқу жылының соңында қазақ тілі бойынша емтихан тапсырады. Емтихан аттесттатау жургізудің үлгілік қағидаларына сәйкес өткізіледі, жазбаша және ауызша бөлімдерден тұрады.

Пән педагогтері тапсырмаларды академиялық адалдық талаптарын сақтай отырып құрастырады, білім беру үйимшының әкімшілігі бекітеді. Емтихан қазақтілінде өткізіледі. Қазақ тілінде оқытатын мектептерде емтихан оқылым, жазылым және сөйлеу нормаларын сақтау дағдыларын тексеруді қамтиды. Оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін мектептерде «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша емтихан тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым дағдыларын бағалауға бағытталады.

Емтихан нәтижелері бес балдық шкала бойынша бағаланады, бұл ретте рубрикалар арқылы жұмыс деңгейлері сипатталады: жоғары деңгей – 5 балл, орта деңгей – 3-4 балл, тәмен деңгей – 1-2 балл. Қорытынды баға емтихан нәтижесінің 30% және жылдық бағаның 70% үлесі негізінде есептеледі. Қорытынды нәтиже ең жақын бүтін санға дейін дөңгелектеледі.

### **Академиялық адалдықты сақтау**

Академиялық адалдық сапалы білім берудің негізі болып табылады және білім беру процесінің барлық қатысуышыларынан жауапкершілікке, этикалық нормаларға негізделген мінез-құлышты талап етеді. Мектептерде академиялық адалдықты тиімді дамыту үшін академиялық адап мінез-құлышқ талаптарын және оларды бұзғаны үшін қолданылатын жауапкершілік шараларын айқындайтын мектепшілік ережелерді әзірлеп, енгізу керек.

Білім алушылар үшін білім беру процесіндегі академиялық адалдықтың негізгі қағидаттары:

- барлық оқу тапсырмаларын адап орындау;

- алдау, көшіру мен плағиатқа жол бермеу;
- білім алушылардың орындаған жұмыстарының шынайылығына сенім білдіру;
- тапсырмаларды адаптациянда, іс-әрекеттің салдарын түсінгенде және заңбұзушылықтар туралы айтуға дайын болғанда, әділеттілік пен жауапкершілік болады.

Білім беру процесіндегі білім алушылардың этикалық нормаларына:

- өзгенің зияткерлік еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарау, басқа білім алушылардың идеялары мен жұмыстарын иемденуге жол бермеу;
- сыныптастарымен және педагогтермен өзара сенімге негізделген диалог құруда ашықтық пен шынайылық таныту;
- көшірмеу немесе өзгенің жауаптарын пайдаланбау және тапсырмаларды өз бетінше орындауға жауапкершілікпен қарау жатады.

Білім алушылардың академиялық адалдық қағидаттарын бұзы әрекеттеріне:

- жиынтық бағалау мен емтихандар барысында көшіру, шпаргалканы, түрлі көмекші материалдарды немесе техникалық құралдарды пайдалану;
- автордың көрсетпей, өзгенің идеяларын, мәтіндерін немесе шығармаларын өзінің ретінде ұсыну;
- шындықты жасыру мақсатында эксперименттер, сауалнамалар, зерттеулердің нәтижелерін бұрмалау;
- өз жұмыстарын басқа білім алушыларға беріп, олардың бұл жұмыстарды өз еңбегі ретінде көрсетуіне жағдай жасау жатады.

Білім беру үйімінде академиялық адалдық мәдениетін қалыптастыру үшін мынадай іс-әрекеттер ұсынылады:

- академиялық адалдық бойынша мектепішілік ережелерді өзірлеу және енгізу. Бұл ережелерге әділетсіз мінез-құлық түрлері, жасанды интеллектін пайдалану ережелері және ереже бұзушылықтар бойынша әрекет ету алгоритмдері кіруі тиіс. Құжат мектептің стратегиялық материалдарына (МДЖ, МБЖ және т.б.) енгізілуі қажет;
- білім алушылармен және олардың ата-аналарымен жүйелі түрде ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу (жадынамалар, ақпараттық буклеттер, ата-аналар жиналышы, постерлер, мессенджерлердегі хабарламалар және т.б. арқылы);
- педагогтердің академиялық адалдық қағидаттарын сақтауы, бағалау рәсімдерінің ашықтығы, сабакта сенім мен ашық диалог атмосферасын қалыптастыруы білім алушылардың бойында жауапкершілікті дамытуға ықпал етеді;
- академиялық адалдық және этика мәселелері жөніндегі мектепішілік бір-

лестіктерді (кеңестерді, комитеттерді) құру, олардың қызметі мектепте академиялық адалдық қағидалаттарының іске асырылуын және сақталуын бақылауға, сондай-ақ ереже бұзушылық жағдайларын қарастыруға бағытталуы тиіс.

Назар аударыңыз! Мектепте академиялық адалдықты қамтамасыз ету бойынша Әдістемелік ұсынымдармен танысу ұсынылады: <https://uba.edu.kz/storage/app/media/22222%20%20RRRRRR%20%20SSSSS.pdf>

## **БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТИСТІКТЕРІН СЫРТҚЫ БАҒАЛАУ**

Білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингі (ББЖМ) – бұл оқу жетістіктерінің МЖМБС талаптарына сәйкестігін бағалау мақсатында білім беру үйімдарынан тәуелсіз түрде өткізілетін сыртқы мониторинг. Мақсаты – бастауыш және негізгі орта білім беру деңгейлерінде білім сапасын арттыру бойынша шешімдер қабылдау үшін объективті деректер алу.

ББЖМ аясында тестілеу үйімдастырылып, өткізіледі, нәтижелерге өндеу мен талдау жүргізіледі, осылардың негізінде білім беру сапасын қамтамасыз ету үшін әдістемелік қолдау көрсетіліп, ұсынымдар әзірленеді. ББЖМ ҚР «Білім туралы» Заңына және ҚР Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 5 мамырдағы № 204 бұйрығымен бекітілген «Білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу қағидаларына» сәйкес жүзеге асырылады.

**Өткізу мерзімі.** ББЖМ 2026 жылдың сәуір айында еліміздің барлық өңірлерінде бірыңғай форматта бекітілген кесте бойынша өткізу жоспарланып отыр. Өткізу мерзімдері туралы ақпарат бұйрықпен бекітіліп, білім беру үйімдарына алдын ала хабарланады.

**Бағаланатын бағыттар.** Білім алушылардың функционалдық сауаттылығы келесі үш бағыт бойынша бағаланады:

- оқу сауаттылығы;
- математикалық сауаттылық;
- жаратылыстану-ғылыми сауаттылық.

Тест мазмұны мектеп бағдарламалары негізінде әзірленген және халықаралық зерттеулердің талаптарын ескере отырып бейімделген.

**Өткізу форматы.** ББЖМ онлайн режимде компьютерлік форматта өткізіледі. Білім алушылар тестілеуді мектептердің компьютерлік сыйныптарында жеке компьютерде интернетке қосыла отырып орындаиды. Тестілеуді қағаз форматында өткізу көзделмеген.

## Процесті үйымдастыру

Қатысуышылар: еліміздің барлық өнірлерінен іріктелген мектептердің 4 және 9-сынып білім алушылары қатысады, жалпы білім беретін мектептердің шамамен 25%-ы қамтылады. Тестілеуді үйымдастыру және өткізу үшін жауапты мектеп үйлестірушісі үйим басшысының бұйрығымен тағайындалады.

Тест әкімшілері ретінде пән мұғалімдері болып табылмайтын мектеп қызметкерлері (мысалы, психологтер, кітапхана шылар) тағайындалады. Тест әкімшілері тестілеу рәсімдерінің сақталуын және деректердің құпиялылығын қамтамасыз етеді.

Сыртқы тәуелсіз бақылаушылар тестілеу кезінде аудиторияларды аралап, рәсімдердің сақталуын бақылайды, бұзушылықтарды тіркеиді және есептік құжаттар жасайды. Олар мониторинг процесінің ашықтығын және академиялық адалдық қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету.

Үйлестірушілерге, әкімшілерге және IT-мамандарға арналған оқыту вебинарлары Zoom немесе Microsoft Teams платформаларында өткізіледі, онда барлық қатысуышының рөлдері мен міндеттері түсіндіріледі. Әдістемелік материалдар алдын ала ұсынылады.

Тестілеу барысында қатаң түрде тыйым салынады:

- ұялы телефондарды, смарт құрылғыларды және басқа да электрондық гаджеттерді пайдалану;
- көмекші материалдарды (шпаргалкалар, формуулалар, оқулықтар) алып кіру;
- тест мазмұнын жариялау, көшіру, суретке түсіру және тапсырмаларды тарату;
- ресми өкілеттігі жоқ бөгде адамдардың аудиторияда болуы.

Ереже бұзушылықтар анықталған жағдайда қатысуышыны аудиториядан шығару, нәтижелерін жою және акт жасау сияқты тиісті шаралар қолданылады. Білім алушылар тестілеу барысында және одан кейін де тапсырмалар туралы ақпаратты, оның ішінде әлеуметтік желілерде таратуға жол берілмейтіні туралы алдын ала хабардар етіледі.

ББЖМ нәтижелері тек диагностикалық мақсатта жүргізіледі, білім алушылардың аттестациясына және мектептердің рейтингіне әсер етпейді. Бұл нәтижелер білім беру жүйесінің жағдайына талдау жасау, проблемалық аймақтарды анықтау және оларды жою бойынша ұсынымдар әзірлеу үшін қолданылады. Әр мектепке өз білім алушыларының және жалпыұлттық мәліметтердің нәтижелері көрсетілген диагностикалық есеп ұсынылады.

Ескерту: ББЖМ қорытындыларын шығару кезінде сенімсіз және қалыптан тыс жоғары нәтижелерді анықтау үшін деректерге кешенді талдау жүргізіледі. Академиялық адалдықты бұзу құдігі туындаған жағдайда мұндай деректер қоры-

тынды есептерден алынып тасталады. Қорытынды есепте тек объективті түрде алынған нәтижелер ескеріледі.

ББЖМ нәтижесінде анықталған білім алушылардың типтік қындықтары:

Оқу сауаттылығы бойынша 4 және 9-сынып білім алушылары арасында ортақ үрдіс байқалады: тапсырма құрделілігінің деңгейі артқан сайын оны орындау пайызы тәмендейді. 4-сынып білім алушылары әртүрлі типтегі мәтіндерді тақырыбы, құрылымы мен тілдік құралдары бойынша салыстыруда қындықтарға кезігеді. 9-сынып білім алушылары үшін ең құрделісі – стильдік және жанрлық ерекшеліктерді талдау, авторлық ұстанымды түсіну, сондай-ақ көркемдік бейнелеу құралдарын (ирония, әсірелеу, астарлау және т.б.) қолдану.

**Математикалық сауаттылық** бойынша бастауыш және негізгі орта білім деңгейлерінде оқу бағдарламасының менгерілуі құрделі бөлімдері арасында сабактастық байқалады. Атап айтқанда, еліміздің 4-сынып білім алушылары «Математикалық модельдеу», «Жыныдар, логика элементтері» және «Геометрия элементтері» бөлімдерін оқуда айтартылған қындықтарға тап болуда. Ал 9-сыныптарда соңғы үш жыл ішінде «Геометрия», «Математикалық модельдеу және талдау», сондай-ақ «Статистика және ықтималдықтар теориясы» бөлімдерін менгеру деңгейі жеткіліксіз болып отыр.

**Жаратылыстану-ғылыми сауаттылық** бойынша 4 және 9-сынып білім алушыларының кей бөлімдерді менгеруі қын. Бұл жағдай мазмұндық сабактастықтың бар екенін көрсетеді. Бастауыш мектепте қындық туғызатын тақырыптар негізгі орта білім беру деңгейінде жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерде (физика, химия, биология, география) жалғасын табады.

Назар аударыңыз! ББЖМ-2024 нәтижелері бойынша аналитикалық есеппен ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының ресми сайтында танысу ұсынылады: <https://uba.edu.kz/qaz/metodology/3>

## TIMSS

TIMSS-2023 халықаралық зерттеуін Халықаралық оқу жетістіктерін бағалау қауымдастыры (IEA) үйымдастырды және 64 елді қамтыды. Зерттеу 4 және 8-сынып білім алушыларының математика және жаратылыстану ғылымдары бойынша дайындық деңгейін анықтауға бағытталды. Зерттеу нәтижесі бойынша Қазақстанның 4-сынып білім алушылары математикадан орта есеппен 487 балл жинап, 41-орынды иеленді, ал 8-сынып білім алушылары 454 баллмен 28-орынға тұрақтады. Жаратылыстану пәні бойынша 4-сынып білім алушылары 467 балл, ал 8-сыныптар 443 балл жинады. Білім алушылар білімді қолдану және ой қорытуға бағытталған тапсырмаларды жақсы орындағанымен, «Деректер» (математика) және «Биология» (жаратылыстану) бөлімдерінде қатысты тапсырмалар ең көп қындық тудырды. Қала мен ауыл мектептеріндегі білім алушылардың нәти-

желері арасындағы алшақтық сақталып отырғанымен, бұл айырмашылықтың біртіндеп азаю үрдісі байқалады.

Назар аударыңыз! TIMSS-2023 халықаралық зерттеуінің нәтижелерімен келесі сілтеме арқылы танысу үсынылады: <https://www.iea.nl/studies/iea/timss/timss2023>

### **Ұсынылады!**

Пән педагогтеріне оқу процесін жоспарлау кезінде ББЖМ және TIMSS зерттеулерінің нәтижелерін ескеру үсынылады, әсіресе білім алушылардың ең төмен нәтиже көрсеткен оқу бағдарламасының бөлімдері мен тақырыптарына ерекше назар аудару қажет.

Білім алушыларды нақты тест тапсырмаларына бағытталған «дайындыққа» емес, көрісінше, менгерілуі құрделі тақырыптарды оқу процесіне үйлесімді енгізуге назар аударған жөн. Бұл ретте пәндік қана емес, метапәндік құзыреттерді де дамыту көзделуі тиіс.

Атап айтқанда, **тілдік пәндер педагогтеріне** білім алушылардың көркем және ақпараттық мәтіндерді талдау дағдыларын дамытуға назар аудару, соның ішінде: кейіпкерлердің уәждері мен сезімдері туралы тұжырым жасау; жасырын мағына мен детальдарды анықтау; аралас мәтіндерді (мәтін + инфографика, диаграмма және т.б.) бағалау және түсіндіру үсынылады.

**Жаратылыстану пәндері педагогтеріне** білім алушылардың келесі бағыттар бойынша құзыреттерін дамытуға баса назар аудару үсынылады: ғылыми білімді қоршаған орта құбылыстарын түсіндіру үшін қолдану; ғылым, технология және экология арасындағы өзара байланысты түсіну; тәжірибеге бағытталған зертханалық жұмыстар мен жобалық зерттеулер жүргізу. Бұл тәсілдеме білім алушылардың теориялық білімдерін өмірлік жағдаяттарда қолдану қабілетін арттырып, жаратылыстану-ғылыми сауаттылықты тереңдетуге мүмкіндік береді.

**Математика пәні педагогтеріне** «Геометрия», «Статистика және ықтималдықтар теориясы», «Математикалық модельдеу және талдау» бөлімдерін оқытуға ерекше назар аудару үсынылады. Білім алушылардың логикалық ойлауын, деректерді талдау, модель құру және практикалық жағдаяттарда шешім қабылдау дағдыларын дамыту мақсатында өмірлік нақты жағдаяттарға негізделген тапсырмаларды өзірлеу аса маңызды.

Педагогтерге қолданылатын әдістер мен стратегиялардың тиімділігін арттыру мақсатында мектеп, аудан, қала және облыс деңгейлерінде әріптестік байланыс орнатып, тәжірибе алмасуға және білім беру деректерін бірлесе талдауға арналған көсіби қауымдастықтар құру үсынылады.

Технологиялар қарқынды дамып, білім беруге қойылатын талаптар жаһандық деңгейде өзгеріп жатқан қазіргі жағдайда функционалдық сауаттылықты бағалау мазмұны мен құрылымы үнемі жаңартылып отырады. Осыған байланысты PISA-2025 зерттеуінің шеңберін мұқият зерделеу ерекше маңызды. Аталған зерттеуде басым бағыт ретінде жаратылыстану-ғылыми сауаттылық белгіленген, сонымен қатар шетел тілдерін менгеру, цифрлық құралдар мен тәжірибелерді қолдана отырып, мәселелерді шешу дағдыларын бағалауға қосымша көңіл бөлінеді. Жасанды интеллект пен цифрлық технологиялар кеңінен енгіzlіp жатқан кезеңде білім алушылардың сынни ойлау, ақпаратты талдау, бейімделгіштік және жедел өзгеретін ортада негізделген шешім қабылдау қабілеттерін дамыту ерекше маңызды.

PISA-2025 зерттеуінің мазмұндық шеңберімен келесі сілтеме арқылы танысу ұсынылады: <https://pisa-framework.oecd.org/science-2025/kaz>

# 4

## Тәрбие жұмысын үйімдастырудың ерекшеліктері



Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысында «Біртұастәрбие» бағдарламасының атауын «Адал азamat» деп өзгерту туралы шешім қабылдады. (бұдан әрі – Бағдарлама). Бағдарлама бұған дейін іске асырылған бастаманың толыққанды жалғасы болып табылады. Бағдарламаның түпкі мақсаты «Адал азamat» тұжырымдамасының идеалдарына сай, патриоттық рухта тәрбиеленген, білімді әрі жасампаз үрпақты қалыптастыру.

Жаңа оқу жылында тәрбие жұмысы МЖМБС сәйкес айқындалған 6 негізгі 6 құндылық негізінде үйімдастырылады.

Бағдарлама мазмұнына сәйкес ай сайын өткізілетін тұрақты іс-шаралар білім алушылардың біртұастұлғасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс:

- Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
- Қазан – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
- Қараша – әділдік және жауапкершілік айы;
- Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;
- Қаңтар – заң және тәртіп айы;
- Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы;
- Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
- Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
- Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.
- Маусым – жасампаздық және жаңашылдық айы;
- Шілде – заң және тәртіп айы;
- Тамыз – заң және тәртіп айы.

2024–2025 оқу жылының қорытынды сауалнамасының нәтижесіне сәйкес, жаңа оқу жылында Бағдарлама аясында ұсынылған 6 әлеуметтік жоба мен алдын алу шаралары бойынша жұмыстық күшейту ұсынылады.

### Жүзеге асырылуға ұсынылған жобалар:

- «Қамқор» – әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- «Еңбегі адаптация – жас өрен» – білім алушылардың әртүрлі мамандыққа деген қызығушылығын арттыру және еңбекқорлық идеясы арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- «Шабыт» – білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- «Ұшқыр ой алаңы» – тілдік дағдыларды дамыту және тақырыптық талқылау арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- «Smart bala» – инновациялық жобалар конкурсы арқылы құндылықтарды дәріптеу. «Балалар кітапханасы» – кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру.
- «Балалар кітапханасы» – кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру.

Құндылықтарды қалыптастырудың жүйелі және кешенді жұмыс оқу-тәрбие процесінде құн сайын және апта сайын іске асырылатын іс-шараларды қамтиды (кесте-9):

#### 9-кесте. Тәрбие процесінің жүйелі ұйымдастырылуы

№	Құнделікті	Апта сайын
1	«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»: үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру (асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.)	<p>«Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші сабакта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды.</p> <p>Аптаның дәйексөздері – бүкіл ұйымның сабакта және сабактан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтеддер, нақыл сөздер, халық даналығы, ұлы тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендерде, Led-екрандарда, сынып тақталарда орналастырылады</p>
2	«Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінез-құлышқа және адамгершілік туралы құнделікті жеке әңгімелесуі	<p>«Қауіпсіздік сабаки» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру, әңгіме өткізу</p>

- 
- |  |   |
|--|---|
| <p>3 «Үнемді тұтыну» – жадынамалар, нұсқа-<br/>улықтар мен парапшалар арқылы<br/>суды, тамақты, энергияны және табиғи<br/>ресурстарды үнемді тұтынуды және<br/>іс-әрекет барысында табиғи ресур-<br/>старға (су, энергия және т.б.) ұқыпты<br/>қарауды қалыптастыру.</p> | <p>Білім алушылардың қауіпсіз мі-<br/>нез-құлық мәдениеті мен салауатты<br/>өмір салтын қалыптастыруға бағыт-<br/>талған сынып сағаттарын ұйымдасты-<br/>ру</p> |
| <p>4 «Күй күмбірі» – қоңыраудың орны-<br/>на қүйді пайдалану, сондай-ақ үлкен<br/>үзіліс кезінде арнайы күй тыңдату.</p>   |   |
- 

**Сынып сағаттарының мазмұнына келесі алдын алу шаралары біріктіріледі:**

- Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам;
- Буллингтен қорған!
- Ойынға салауатты көзқарас;
- Өмірге салауатты қадам;
- Қоғамдық мүлікті қорға!
- Қауіпсіз қоғам.



Әдістемелік ұсынымдар көрсетілген QR-код бойынша ұсынылады.

### **«Білім күні» өткізу бойынша ұсынымдар**

«Білім күні» өткізу форматын білім беру ұйымдары дербес анықтайды және мектептің барлық қауымдастырының қатысуын қамтамасыз етеді.

Ұсынылатын тақырып - **«Мектебім – мейірім мекені!».**

Мемлекеттік туды көтеру және гимнди орындау Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін пайдалану ережесіне сәйкес жүргізіледі.

Жаңа оқу жылында педагогтер «Адал азamat» біртұтас тәрбие бағдарламасының аясындағы құндылықтарды дәріптеуге және жыл көлемінде білім алушылардың бойына дарытуға ерекше мән беруі қажет.

Салтанатты іс-шараға **бірінші сынып білім алушыларының ата-аналарының/ занды өкілдерінің қатысуының маңыздылығына** назар аудару қажет.

#### **Педагогтерге ұсынылады:**

- Жаңа оқу жылынан қутетін үміттер мен жазғы демалыс туралы ашық диалог ұйымдастыру.
- «Балалар кітапханасы» жобасы аясында оқылған кітаптарды талдап, ұнаған кейіпкерлері мен оқиғалары туралы және өзге де маңызды тұстары жөнінде пікір білдіру.
- Заманауи технологияларды пайдалану (интерактивті тақта, презентация, бейнематериалдар, жасанды интеллект).

«Мектебім – мейірім мекені» республикалық интервью-челленджін өткізу (2025 жылғы 1 қыркүйекте білім алушылардың, олардың ата-аналарының және педагогтердің қатысуымен ұзақтығы 1-2 минут болатын қасқаша сұхбат).

#### **Челленджтің тақырыбы:**

- 2-4-сынып білім алушылары: «Жазғы демалыстың жарқын естеліктері»
- 5-8-сынып білім алушылары: «Жаз – жаңа тәжірибе уақыты»
- 9-11-сынып білім алушылары: «Арманым мен мақсатым»

Бейнероликтерді 1 қыркүйек күні **17.00 – 21.00 аралығында #Bilim\_quni #Mektebim\_meirim\_mekenі** хештегтерін пайдалану арқылы жұмыстарын жариялау ұсынылады.

#### **«ДОСБОЛІКЕ» БАҒДАРЛАМАСЫН ЕНДІРУ ТУРАЛЫ**

**Жобаның мақсаты:** Қазақстан Республикасындағы орта білім беру ұйымдарында буллингтің алдын алуға бағытталған кешенді жүйені іске асыру.

#### **Іске асырудың негізгі қадамдары:**

1. Ішкі нормативтік құжаттарды бекіту.
2. Мектептік буллингке қарсы команда құру.
3. Қақтығыс болуы мүмкін аймақтарды бейнебақылау жүйелерімен жабдықтау (мүмкін болған жағдайда).
4. Педагигикалық ұжымға түсіндіру семинарларын өткізу.
5. Іс-шараларды тәрбие жұмысы жоспарына енгізу.
6. Әлеуметтік-психологиялық ахуалды диагностикалау жұмысын жүргізу.
7. Мамандардың біліктілігін арттыру.

8. Қызметкерлерге әрекет ету алгоритмдері жөнінде нұсқаулық беру.
9. Білім алушылардың қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын және эмоциялық интеллектін қалыптастыру.
10. ППҚО-да ата-аналарға арналған сабактар өткізу.
11. Әлеуметтік ахуалға тұрақты мониторинг жүргізу.
12. <https://orken-instituty.kz/ru/dashboard/main> цифрлық ресурстарды пайдалану.



Бағдарламаны енгізу бойынша жоғарыда көрсетілген тармақтарды орындау міндетті болып табылады. Бағдарлама мен әдістемелік материалдарға сілтеме.

## **«ЖЕКЕ ҚАУІПСІЗДІК САБАҚТАРЫ» БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАР**

**«Жеке қауіпсіздік сабактары» бағдарламасының мазмұнын өзектендіру** мақсатында бағдарламаға білім алушылардың қабылдауын жақсарту үшін бейнематериалдар және ақпараттық-әдістемелік материалдар толықтырылды.

Жеке қауіпсіздік сабактарында «жасырын тасымалдаушы» рөліне ілінбеу жолдары, алғашқы медициналық көмек көрсету, интернет қауіпсіздігі, төтенше жағдайларда нақты әрекет ету стратегиялары сияқты маңызды тақырыптар қарастырылады. Сондай-ақ, білім алушыларда дұрыс мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, пайдалы әдептерді дамыту, қоғамдағы қауіпсіз мінез-құлыққа үйрету, әлеуметтік желілердегі мәдениетті қарым-қатынас, салауатты өмір салты және балалар мен жасөспірімдер арасында позитивті әрі қолайлы орта қалыптастыру мәселелері қамтылады. Практикалық дағдылар ұсынылып, олар өз өмірінді және қоршаған адамдардың өмірін сақтауға, зиянды әрекеттерден алдын ала қорғануға мүмкіндік береді.

### **Педагогикалық қоғамдастықтың міндеттері:**

- қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру;
- қауіпсіздік мәдениетін қалыптастырып, оны пайдалы мінез-құлық дағдысына айналдыру.
- білім алушыларды қауіптерді анықтауға, көмек сұрауға және дұрыс шешім қабылдауға үйрету.

- мектепте және мектептен тыс жағдайда зорлық-зомбылықтың, буллингтің және жазатайым оқиғалардың қаупін азайту.

Психология саласындағы зерттеулер көрсеткендей, білім алушыларды қауіпсіздік негіздеріне жүйелі түрде үйрету мынадай нәтижелерге ықпал етеді:

- мазасыздық пен күйзеліс деңгейін төмендетуге;
- қауіпсіз әрі салауатты орта қалыптастыруға;
- эмоциялық интеллекті және қолдау сұрай білу дағдыларын дамытуға (ППРК №748 от 31.08.2023 ж);
- Білім беру үйімінің тәрбие жұмысының жоспары.

### **Жеке қауіпсіздік сабағын үйімдастыру регламенті:**

1. Сынып сағаттарында жеке қауіпсіздікке қатысты сабактарды апта сайын 10 минуттан өткізу.
2. Қалыптасқан дағдыларды бақылау үшін чек-парапттар, сауалнамалар, байқау-сайыстар және бақылау әдістері арқылы мониторинг жүргізу.
3. Қауіпсіздік сабактарына ата-аналарды тарту және ақпараттандыру.
4. Дайын жауптарды тануға жол бермей, пікірталас үйімдастыру арқылы білім алушыларды ой қозғауға ынталандыру.
5. Жасөспірімдер түсіне алатын шынайы оқиғаларды пайдаланыңыз.
6. Мінез-құлық алгоритмдерін қарапайым әрі түсінікті қадамдар түрінде ұсыну.
7. Сабактарға төтенше жағдайлар қызметтінің, полицияның, денсаулық сақтау саласының және басқа да сала мамандарын шақыру.

### **Қауіпсіздік техникасын оқытудың жас ерекшеліктері мен тәсілдері**

#### **1–4 сыныптар (7–10 жас)**

**Негізгі мақсат:** өзін-өзі қорғаудың, қауіпті тану және көмек сұрау негізгі дағдыларын дамыту.

#### **Әдістемелік тәсілдер:**

- алгоритмдерді көрнекі суреттермен немесе нақты қадамдармен көрсету (мысалы, «Көмекке шақырудың 5 қадамы»);
- «Не істеу керек, егер...» көріністері мен жаттығулары, рифмалары;
- «Қауіпті және қауіпсіз жағдайлар» суретін салу;

#### **5-9 сыныптар (11-15 жас)**

**Негізгі мақсат:** жағдайларды талдаудың тұрақты дағдысын, стандартты емес жағдайларда шешім қабылдау және әрекет ету қабілетін дамыту.

**Әдістемелік тәсілдер:**

- нақты жағдайлармен және жаңалықтармен тәжірибелік жұмыс;
- интерактивті сабак, жағдайды талдау, шағын топтарда жұмыс, бейне мазмұнын көру және талқылау, ситуациялық тапсырмалар.
- рөлдік ойындар, жарыстар/викториналар;
- цифрлық тәуекелдерді, кибербуллингті, келенсіз қатынастарды талқылау;
- бейне форматтары, цифрлық квесттер, бейнероликтер.

**10-11 сынып (16-17 жас)**

**Негізгі мақсат:** рефлексияны дамыту, тәуекелдерді бағалау, тәуекелдерді/қауіптерді бағалау қабілеті, тәуекел, қауіптер мен беймәлім жағдайларындағы жауапты мінез-әрекет – нақты және цифрлық ортада.

**Әдістемелік тәсілдер:**

- қысым астындағы ойсыз әрекеттердің салдарын, айла-шарғы жасаудың, қысым көрсетудің немесе қауіпті әрекеттерге қатысадын нақты жағдайларын талқылау (мысалы: «жасырын тасымалдауға» қатысу, «достық» бопсалау, «келенсіз оқиғаға шақыру», қорқыту);
- YouTube немесе TikTokta оқиғаларды талдау: «Бұл жерде қауіп қайда?»
- цифрлық визуализациясы бар интерактивті тапсырмалар;
- дағдарыс жағдайындағы мінез-әрекетті модельдеу;
- алғашқы, жедел көмек көрсету бойынша практикумдар және т.б.

Жеке қауіпсіздік сабактары жүйелі және қалыпты түрде білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытатын, өз елінің жауапты азаматы болуға үйретеді және қауіпсіз қоғамды дамытуға үлесін қосады. Дұрыс мінез-құлыш дағдыларын қалыптастыру, пайдалы әдептерді кеңінен насихаттау және салауатты өмір салтын ілгерілету маңызды.



«Жеке қауіпсіздік сабактары» бойынша әдістемелік өзірлемелерге сілтеме.

### **«АДАЛ АЗАМАТ» БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҚЫНЫң ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАРЫ АРҚЫЛЫ ЕҢГІЗУ**

**Мақсаты:** Елдің бірегейлігін нығайта алатын, үлттық құндылықтарға негізделген әділетті қоғамды құруға қабілетті, білімді, адал және парасатты үрпақты тәрбие-леу.

**Жобалар:** «Балалар және театр», «Жасыл клубтар», «Балалар-жастар қозғалысы»

«Балалар және театр» танымдық жобасы өскелең үрпақтың адамгершілік мәдениетін қалыптастырудың ресурсы, тұлғаның әлеуметтену құралы, көркемдік талғамның қалыптасуы, эстетикалық дамыған, шығармашыл тұлғаны тәрбиелеу механизмі және балаларды қоғамның ережелері мен нормаларына үйрету ретінде қызмет етуі мүмкін.

«Жасыл клуб» экологиялық жобасы қоршаған ортаны қорғауға қызығатын білім алушыларды өз еркімен құрған бірлестігі, энергия мен ресурстарды үнемдейтін ғылыми жобаларға, экология саласындағы StartUP және бизнес жобаларына арналған.

«Жас ұлан», «Жас қыран» ұйымдарының қызметі арқылы балалар мен жасөспірімдер қоғамдық өмірге белсенді араласып, Отанға деген сүйіспеншілік рухында тәрбиеленеді, көшбасшылық қасиеттерді менгереді және өз елінің жауапты азаматтары болуға үйренеді.

Балалар-жастар қозғалысын жандандыру, балаларды әлеуметтендіру және өскелең үрпақтың бойында патриотизмді, азаматтық жауапкершілікті, іске адальықты тәрбиелеу. Бұл мақсат жалпыадамзаттық және үлттық құндылықтар негізінде жүзеге асырылады.

«Балалар-жастар қозғалысы» білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, кәсіби бағдар беруге, сондай-ақ олардың әлеуметтік маңызды жобаларға қатысуына бағытталған; балаларды қоғамдық өмірге тартуға, он тәжірибе жинақтауға мүмкіндік береді, олардың мұдделері мен құқықтарын білдіру мен

қорғау құралы болып қызмет етеді (10-кесте).

#### **10-кесте. Негізгі іс-шаралар кестесі**

Nº	Негізгі іс-шаралар	мерзімі
1	Республикалық балалар-жастар қозғалысын дамыту жөніндегі үйлестіру кеңесінің отырысы	қазан
2	Мұғалімдер қуніне орай «UstazToDay»	қазан
3	Мектеп/студенттік парламент президенттерін сайлау	қазан
4	«Іс-әрекет уақыты» Республикалық білім алушылар өзін-өзі басқару көшбасшыларының балалар құрылтайы	қараша
5	«Үздік балалар-жасөспірімдер үйымы» республикалық байқауы	желтоқсан

Барлық жастағы балалардың ата-аналарына арналған **«Ата-аналарға педагогикалық қолдау көрсету орталықтары» бағдарламасын жаңартылып**, «Ішкі күш», «Баланың қауіпсіздігі» модульдері және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың ата-аналарына арналған сабактар толықтырылды. Өткен оқу жылындағы сабак мазмұны онлайн қауіпсіздігі, жас ерекшеліктері мен гендерлік мәселелер, зорлық-зомбылықтың алдын алу және жасөспірім қыздарды қолдау тақырыптарын ескере отырып жаңартылды.

#### **1. Ата-аналарға педагогикалық қолдау орталықтарының қызметін үйымдастыру ғылыми тұжырымдамасы:**

**Ата-аналардың педагогикалық құзыреттілігін арттыру:** ата-аналарды балалар мен жасөспірімдердің жас және психологиялық ерекшеліктерін білуге бағытталған педагогика және жас ерекшелік психологиясының негіздеріне үйрету.

**Психологиялық қолдау және кеңес беру:** ата-аналарға балалармен және жасөспірімдермен қарым-қатынаста туындаған қындықтардың алдын алу және оларды шешу мақсатында кеңес беру қызметтерін ұсыну.

**Қақтығыстардың және девиантты мінез-құлықтың алдын алу:** жасөспірімдер арасында девиантты және деструктивті мінез-құлықтың, сондай-ақ отбасындағы қақтығыстардың алдын алу әдістері мен бағдарламаларын енгізу.

**Эмоционалды құзыреттілік пен ата-ана рефлексиясын дамыту:** ата-аналардың өз сезімдерін түсіну және балалардың эмоционалды жағдайын дұрыс интерпретациялау мен басқаруға қабілеттілігін арттыруға ықпал ететін эмоционалды құзыреттілікті дамыту.

#### **2. Ата-аналарға педагогикалық қолдау көрсетудің міндеттері:**

- Балалардың салауаттығын қамтамасыз ету үшін **ЖАҚСЫ АТА-АНА МӘДЕНИ-ЕТИН** дамыту, олардың психологиялы-педагогикалық және әлеуметтік құзыреттерін дамыту үшін жүйелі педагогикалық қолдауды ұйымдастыру;
- Орта білім беру үйымы мен отбасы арасындағы балаларды тәрбиелеу мен дамытудағы өзара іс-қимылды нығайту;
- Балаларды тәрбиелеу мен дамытуға ата-аналардың жауапкершілігін арттыру.

### **3. Ата-аналарға педагогикалық қолдау орталықтарының қызметін ұйымдастырудың ерекшеліктері:**

Басшының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары орталықтың қызметін ұйымдастыруды жүзеге асырады: жоспарлау, кесте құру, бақылау.

Ата-аналарға педагогикалық қолдауды сыннып жетекшілері, педагог-психологтар, әлеуметтік педагогтер, қосымша білім беру педагогтері жүзеге асырады.

Ата-аналардың сұранысын ескере отырып, ұсынылатын бағдарламаның 30% дейінгі көлемде сабактардың тақырыптарын өздігімен анықтауға болады.

Қосымша ата-аналар арасынан аға буынының белсенді өкілдерін тарта отырып, «Даналық мектебі» клубын ұйымдастыру ұсынылады.

### **4. Ата-аналарға педагогикалық қолдау көрсетудің әдістері мен тәсілдері**

- 1. Диагностика және кеңес беру:** ата-аналар мен олардың балаларының қажеттіліктерін тұрақты түрде диагностикалау, сондай-ақ психологтар мен педагогтармен жеке және топтық кеңестер ұйымдастыру.
- 2. Оқыту тренингтері мен семинарлары:** ата-аналар үшін жас ерекшелік дағдарыстары, балалардың қорқыныштары, қақтығыстық мінез-құлық және балалармен позитивті қарым-қатынас орнату жолдары тақырыптарына оқыту іс-шараларын ұйымдастыру.
- 3. Интерактивті өзара әрекеттесу нысандары:** ата-аналардың балалармен өзара әрекеттесу дағдыларын қалыптастыру үшін отбасылық кеңес беру әдістерді, рөлдік ойындарды, кейс-әдістерді және жағдайлық тапсырмаларды қолдану.
- 4. Қолдау және сүйемелдеу бағдарламалары:** қыын балалар мен жасөспірімдері бар ата-аналар үшін психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламаларын өзірлеу.
- 5. Саналы ата-ана тәжірибелері:** рефлексия және эмпатия дағдыларын дамыту үшін саналы болу мен түсінуді қамтитын ата-ана тәжірибелері мен техникаларын енгізу.

### **5. Күтілетін нәтижелері**

1. Отбасылық құндылықтар жүйесінің ата-ана мен бала қарым-қатынасындағы және жақсы ата-аналық арқылы біртұастай қалыптасуы.
2. Отбасындағы психоэмоционалды жағдайдың жақсаруы және қақтығыстық жағдайлардың деңгейінің, жасөспірімдерде агрессивті және девиантты мінез-әректтің төмендеуі.
3. Ата-аналардың балаларды тәрбиелеуге саналы, жақсы көзқарастың артуы.
4. Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтары балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу және үйлесімді дамыту үшін қолайлы жағдай жасауға маңызды құралға айналуы.

### **ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА КӘСІБИ БАҒДАР БЕРУ ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ**

Еңбек нарығында өз орнын табатын мамандарды сапалы даярлау мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып табылады.

2025 жыл «Жұмысшы мамандықтарының жылы» болып жарияланды. Жұмысшы мамандықтарының жылын өткізу жоспарының 7 бағытының бірі – кәсіби бағдар беру ісін дамытуға арналған. 1000 бейінді сынып ашу бастамасы осы жыл аясында жүзеге асырылуда.

Бейінді сыныптарды ашудың негізгі мақсаты мен міндеттері: жұмысшы мамандықтарының беделін арттыру, мектеп білім алушыларының техникалық және кәсіптік білімге деген тұрақты қызығушылығын қалыптастыру, сондай-ақ өнірлік еңбек нарығында сұранысқа ескере отырып, ерте кәсіби бағдар беруді қамтамасыз ету.

**Бейіндік сыныптар** – бұл мектеп білім алушыларының кәсіби өзін-өзі анықтауын ерте кезеңнен бастап жүзеге асыруға бағытталған жаңа білім беру тәжірибесі. Олар академиялық бейіндік сыныптардан айырмашылығы – өнірлік еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтармен практикалық танысуға бағытталған, жоғары оқу орындары, колледждер және жұмыс берушілермен тығыз байланыста жүзеге асырылады.

Бейіндік сыныптың бағыты оқу жылы ішінде екі рет өзгертулуга мүмкін.

#### **Орта мектептерде бейіндік сыныптарды құрудың негізгі қадамдары.**

1. Қажеттілікті анықтау. Білім алушылар мен олардың ата-аналарына саулнама жүргізу арқылы сұранысқа ие бағыттарды айқындау.
2. Бейіндік бағытты таңдау. Бейіндік сыныптар өнірдің экономикалық ерекшеліктерін ескере отырып қалыптастырылады. Мысалы: Атырау облысы: мұнай-газ өнеркәсібі, геология, технологиялар; Қарағанды облысы: тау-кен ісі, металургия; Солтүстік Қазақстан облысы: агрономия, зоотехния, ветеринария; Ауылдық өнірлер: ауыл шаруашылығы, тігін ісі, аспаздық, үй экономи-

касының негіздері және т.б.

3. Серіктестікті орнату. Жұмыс берушілермен және көсіптік білім беру ұйымда-рымен ынтымақтастық туралы меморандумдар жасасу.
4. Оқу процесін ұйымдастыру. Бейіндік бағытты ескере отырып, іс-шаралар ке-стесін жасау.
5. Нәтижелерді бағалау және кері байланыс. Білім алушылардың бейіндік білім мен дағдыларды менгеру деңгейін тұрақты бақылау; таңдаған бағытқа деген қызығушылық пен мотивацияны арттыру; кәсіби бағыттағы арнайы іс-шара-ларға үнемі қатысуы мен белсенділігі; оқыту мазмұнының өнірлік еңбек на-рығы талаптарына сәйкестігі. Білім алушылар мен ата-аналардан кері байла-ныс алу.

Қажет болған жағдайда бейіндік бағытты түзету.

Мектепте кәсіби бағдар беру және әдістемелік жұмыстарды педагог- кәсіби бағдар беруші жүргізеді.

Мектептегі кәсіби бағдар беру жұмысының негізгі мақсаты:

- өзінің қызығушылықтары мен бейімділіктерін, құшті және әлсіз жақтарын тану;
- мамандықтар әлемімен және еңбек нарығының талаптарымен танысу;
- мамандық пен білім беру бағытын саналы түрде таңдау.

Кәсіби бағдар беру жұмысын ұйымдастыруға арналған әдістемелік материал-дарды мына сілтеме арқылы таба аласыз: <https://uba.edu.kz/ru/metodology/3>

# 5

## Инклюзивті білім беру



Инклюзивті білім берудің тиімділігінің басты критерийі барлық балаларды, оның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін балаларды табысты әлеуметтендіру, оларды мәдениетке баулу, қоғаммен өзара әрекеттесу және қатысу тәжірибесін қалыптастыру болып табылады.

Қазақстандық білім беру жүйесінде инклюзивті процестерді табысты ілгерілету үшін,

біріншіден, мемлекеттік-қоғамдық институт ретінде білім берудің ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету;

екіншіден, инклюзивті білім берудің барлық субъектілерінің өзара іс-қимылын, жауапкершілігін және қатысуын күшейту қажет.

Бұл ратификацияланған БҰҰ конвенциялары мен ЮНЕСКО-ның білім берудегі инклюзия және теңдік стратегиялары аясында Қазақстанның халықаралық міндеттемелерінде белгіленген қағидаттарды жүзеге асыруды көздейді.

«Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» еліміздің білім беру саясатының жаңа көзқарасын көрсетеді. Осы Тұжырыымдамада ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қолдау кабинеттерін қоса алғанда, білім беру үйімдарының базалық инфрақұрылымын жақсарту, сондай-ақ халықаралық талаптарға сәйкес заманауи жабдықтармен жарақтандыру жөніндегі міндеттер айқындалған (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249>).

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының (бұдан әрі – МЖМБС) мазмұнындағы өзгерістер оқу бағдарламаларының мазмұны мектептерде білім берудің инклюзивті тәсілін арттыруға бағытталған. Осылайша, «ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған жеке дамыту бағдарламасы», «ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған оқу бағдарламаларын бейімдеу» секілді ұғымдардың анықтамалары берілген, білім алу үшін арнайы жағдайлар жасау, ерекше білім беруді қажет ететін балаларды бағалау және т.б. нормалар қарастырылған (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031>).

Барлық деңгейдегі білім басқармалары, білім беру үйімдарының әкімшілік-

тері инклюзивті білім беру саласындағы нормативтік құжаттарға барлық жаңалықтарды, өзгерістер мен толықтыруларды педагогикалық ұжымдарға уақытылы жеткізуі қажет.

2025 жылғы 29 сәуірде «Білім беру үйымдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің № 92 бұйрығы бекітілді, ол күші жойылған екі бұйрық негізінде құрылды: КР Білім және ғылым министрінің «Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру үйымдарында психологиялық-педагогикалық қолданап отыру қағидаларын бекіту туралы» 2022 жылғы 12 қантардағы №6 бұйрығы және КР Оқу-ағарту министрі м.а. «Орта білім беру үйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» 2022 жылғы 25 тамыздағы №37 бұйрығы.

№ 92 бұйрыққа сәйкес жалпы орта білім беру үйымдарында Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің (бұдан әрі – ППҚҚ) жұмысын қүшешту қажет. ППҚҚ - бұл білім беру үйымындағы алқалы орган болып табылады және оның негізгі міндепті – білім алушылардың, соның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін балалардың, психологиялық әл-ауқатын қамтамасыз ету, оқу мотивациясын, үлгерімін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға жағдай жасау, кәсіби бағдар беруді жүзеге асыру, сондай-ақ білім беру процесіне қатысуышыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету болып табылады.

Білім беру үйымының басшысы бекітетін ППҚҚ құрамына басшының орынбасарлары, педагог-психологтер, әлеуметтік педагогтер, арнайы педагогтер, педагог-ассистенттер, педагог-кәсіби бағдар берушілер кіреді.

**Сыныптағы қолдау** – пайда болатын қажеттіліктерге ең көп таралған және әдетте бірінші жауап. Ол сыныптағы басқа балаларға қолданылатын тәсілдерді толықтыратын немесе одан ерекшеленетін оқыту тәсілдерін қажет ететін ерекше немесе жеке білім беруді қажет ететін білім алушыларға бағытталған.

**Мектептегі қолдау.** Кейбір жағдайларда сыныптағы қолдау деңгейіндегі іс-шаралар білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін толық қанағаттандыру үшін жеткіліксіз болады. Сондықтан сынып жетекшісі келесі кезеңге өтіп, ППҚҚ мамандарын қындықтарды шешуге тартады. Бұл процесс ақпаратты жүйелі түрде жинауды, мектепті қолдау жоспарын немесе білім алушыларды оқытудың жеке бағдарламаларын әзірлеуді және бақылауды қамтиды.

**Мектептен тыс қолдау.** Білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері ауыр және/немесе тұрақты болған жағдайда (мысалы, балалар аутизмі мен есту немесе көру қабілеттерінің ауыр деңгейдегі закымдалуы секілді қындықтар), оларға тар мамандардың қарқынды қолдауы қажет болуы мүмкін (мысалы, сурдопедагог, тифлопедагог, клиникалық психолог және т.б.). Мектептен тыс қолдау (жеке қолдау), әдетте, мектеп үйымына кірмейтін қызметкерлерді қындықтарды шешу, ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау және тікелей арнайы қолдау көрсету процесіне тартуды білдіреді. Алайда сыныптағы және

мектептегі қолдау жұмыстарынан алынған ақпарат осы деңгейдегі мәселелерді шешудің бастапқы нүктесі болады. Сыныптағы қолдау және мектептегі қолдау баланың жеке оқу жоспарының маңызды элементтері болып қала береді.

Педагогтердің, ППҚҚ және педагогикалық кеңестің білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау жөніндегі міндеттерінің, сондай-ақ қабылдау шарттары мен үлгілік ережелерін жасамағаны үшін басшылардың жауапкершілігінің кеңеюін ескере отырып, қазіргі мектеп жағдайында педагогтердің білімге және қолдауға тен қолжетімділікті қамтамасыз етудегі рөлі артады. Осылан байланысты әкімшілік, барлық деңгейдегі білім беру үйымдарының педагогтері өздерінің кәсіби құзыреттілігін, оның ішінде үздіксіз психологиялық-педагогикалық қолдауды үйымдастырудың заманауи тәсілдерін қолдану бойынша жүйелі негізде жетілдіруі қажет. (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2500036047>)

ҚР БФМ 2022 жылғы 12 қантардағы №4 «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізілді, оған сондай-ақ ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау бағдарламалары енгізілді, сол себепті бұйрықтың атауы «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын және бағдарламаларын бекіту туралы» болып өзгертілді.

Бұйрықтың жаңа редакциясына сәйкес психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі окуда қындықтары бар балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін мынадай параметрлер бойынша бағалайды:

1. когнитивтік және орындаушылық функциялар;
2. сөйлеуді дамыту;
3. оқу, жазу және санау дағдыларының болуы/болмауы;
4. эмоционалды-еріктік сала;
5. мектепке бейімделу;
6. сенсорлық және моторлық жүйе;
7. отбасындағы әлеуметтік проблемаларды анықтау (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200026618>).

Инклюзивті білім беру үшін жағдай жасау жөніндегі іс-шараларды жоспарлау және іске асыру кезінде ҚР Оқу-ағарту министрі м.а. 12.07.2024 ж. №178 бұйрығымен бекітілген «Білім беру үйымдарында инклюзивті білім беру үшін жағдай жасау жөніндегі әдістемелік ұсынымдар» пайдаланылады. Әдістемелік ұсынымдар мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру үйымдарында инклюзивті білім беру үшін жағдай жасаудың бірыңғай тәсілін айқындау мақсатында әзірленді. Инклюзивті білім беру көрсеткіштері бойынша деректерді білім беру үйымдары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 тамыздағы №354 бұйрығымен бекітілген «Ұлттық білім беру деректер қоры» ақпараттық жүйесін қалыптастыру, сүйемелдеу, жүйелік-техникалық қызмет көрсету, интеграция және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету

қағидаларына сәйкес «Ұлттық білім беру деректер қоры» ақпараттық жүйесінде (ҰБДҚ) толтырады.

«Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің ұлгі штаттарын бекіту туралы» 2023 жылғы 21 шілдедегі № 224 бұйрықтың қабылдануымен ҚР Оқу-ағарту министрлігі еліміздің білім беру жүйесінде инклюзивті практиканы нығайту жағына маңызды қадам жасады.

Ұлгі штаттары инклюзивті білім беруді жүзеге асыру үшін қажетті мамандардың қосымша ставкаларын енгізу үшін нормативтік негізді бекітеді. Бұл ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды жүйелі және тұрақты қолдау үшін жағдай жасайды.

Педагог-ассистенттің штат бірлігін белгілеу штат санының лимиті және тиісті шығыстар шегінде жүзеге асырылады.

Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның ұсынымы бойынша білім беру ұйымдарындағы жеке көмекшілаузының штат бірлігі белгіленеді.

Білім беру ұйымдарындағы жеке көмекшінің штат бірлігін белгілеу штат санының лимиті және тиісті шығыстар шегінде жүзеге асырылады (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300033166>).

Зияты зақымдалған балаларды оқыту «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын қоспағанда, тиісті типтердегі және түрлердегі білім беру ұйымдары қызметінің ұлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген арнайы білім беру ұйымдары қызметінің ұлгілік қағидаларының 75-тармағымен регламенттеледі.

Зияты зақымдалған балаларға арналған арнайы оқыту шарттары:

1. зияты зақымдалған білім алушыларды оқыту жалпы білім беретін мектептердің Ұлгілік оқу бағдарламаларының мазмұнына бағдарланбаған арнайы оқу бағдарламалары және арнайы оқулықтар бойынша;
2. зияты зақымдалған білім алушыларды сынып педагогінің және психологиялық-педагогикалық қолдау мамандарының балалардың мүмкіндіктерін психологиялық-педагогикалық зерделеу негізінде жасалған және жарты жылдан аспайтын мерзімге арналған жеке оқу бағдарламаларына сәйкес оқыту;
3. өлшемді сипаттамалық бағалау және бес балдық шкаланы пайдалана отырып, оқу жетістіктерін бағалау. Орташа түрде зияты зақымдалған білім алушылардың жетістіктерін бағалау кезінде балдық бағалау пайдаланылмайды;
4. сөйлеу тілі мен мінез-құлышының айқын түрдегі бұзылыстары болған жағдайда логопедиялық және психологиялық көмек көрсету;

5. емдік дене шынықтыру, әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау бойынша сабактар (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029329>).

Жалпы білім беретін мектепте зияты зақымдалған балаларды оқыту 9-сыныптан кейін, арнайы мектепте 10-сыныптан кейін аяқталады. Екі жағдайда да «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттардың түрлерін, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың нысандарын және оларды есепке алу мен беру қағидаларын, сондай-ақ білім беру үйымдарында білім алушы аяқтамаған адамдарға берілетін анықтаманың нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы №39 бүйрығына сәйкес БТ сериясының аттестаты беріледі. Осыған байланысты білім беру үйымдары ата-аналарды жалпы білім беретін мектепте зияты зақымдалған балаларды оқыту шарттары туралы, оның ішінде БТ сериясы аттестатын беру туралы, сондай-ақ жеке мүмкіндіктері мен ерекше білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік білім беру үйымдарында кәсіп алу қажеттілігі туралы уақытылы хабардар етуі қажет (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500010348>).

Жоғарыда аталған нормалар барлық білім алушылар үшін білім беру ортасының қолжетімділігін, жайлышығын және қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған. Эрбір педагог үшін бұл әлеуметтік әділдеттілік мәселесі ғана емес, сонымен қатар адамгершілік қафидаттарында қалыптасатын қоғамның тұрақты дамуы, ерекшеліктерді құрметтеу және барлық азаматтардың еліміздің өміріне тән қатысуға үмттылуы үшін маңызды шарт екенін түсіну маңызды.

ҚР Оқу-ағарту министрлігінің тапсырысы бойынша инклюзивті практиканы дамыту мәселелері бойынша педагогтерді әдістемелік қолдау мақсатында жыл сайын Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының сайтында (<https://uba.edu.kz/qaz/metodology/3>) қолжетімді әдістемелік ұсынымдар әзірленеді, сонымен қатар Арнайы және инклюзивті білім берудің Ұлттық ғылыми-практикалық орталығының материалдарымен (<https://special-edu.kz/news/86/single/812>) танысуға көнеш береміз.

# 6

## Арнайы білім беру



Арнайы мектептерде/сыныптарда балаларды оқыту және тәрбиелеу «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспары), «Жалпы білім беретін үйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына (06.11.2024 жылғы № 327 өзгерістермен және толықтырулармен) сәйкес жүзеге асырылады.

Арнайы мектептерде/сыныптарда оқыту білім алушылардың дамуындағы бұзылыстардың түрлері бойынша үйымдастырылады:

1. есту қабілеті зақымдалған балаларға арналған;
2. көру қабілеті зақымдалған балаларға арналған;
3. сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар балаларға арналған;
4. тірек-қимыл аппаратының бұзылыстары бар балаларға арналған;
5. психикалық дамуы тежелген балаларға арналған;
6. зияты зақымдалған балаларға (женіл және орташа түрдегі зият зақымдалуы).

Арнайы мектептер болмаған жағдайда, жалпы білім беретін мектептерде көру қабілеті (нашар көретін/көрмейтін), есту қабілеті зақымдалған (нашар естітін/естімейтін), сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар, тірек-қимыл аппаратының бұзылыстары бар, зияты жеңіл түрде зақымдалған, психикалық дамуы тежелген балаларға арналған сыныптар және зияты орташа түрде зақымдалған балаларға арналған өмірлік дағдылар сыныптары құрылады.

Арнайы мектептерде/сыныптарда бір сыныпта толымдылығы екі баладан аспайтын қарым-қатынас және әлеуметтік өзара іс-әрекет бұзылыстары немесе қындықтары (оның ішінде аутизмі немесе аутисттік спектр бұзылыстары) бар балаларды оқыту көзделеді.

Жергілікті жағдайлар мен қаржылық мүмкіндіктерге байланысты арнайы мектептерде/сыныптарда сыныптардың толымдылығы ұсынылған шекті мөлшер-

ден төмен болуына рұқсат етіледі.

Оқу күнінің тәртібі білім алушылардың тез шаршауын ескере отырып, бірінші ауысымда және үзілістерде жеткілікті демалу уақытымен белгіленеді.

Қажетті жағдайлар (ұйқы және демалыс) жасау кезінде бастауыш білім беру деңгейінде арнайы мектептердің/сыныптардың жұмысы бұзылған функцияларды еңсеру және орнын толықтыруға, қажетті қорғау (сөйлеу, қозғалыс) педагогикалық режимін қамтамасыз ету, әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру үшін ұзартылған күн режимінде ұйымдастырылады.

Оқу жылының ұзақтығы Үлгілік оқу жоспарына сәйкес 0-сыныпта – 32 апта, 1-сыныпта — 33 апта, 2 – 12 сыныптарда — 34 аптаны құрайды.

Бастауыш білім беру деңгейін аяқтағаннан кейін мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті білім беру жағдайында оқу мәселесін қарастыру мақсатында ПМПК арқылы ерекше білім беру қажеттіліктеріне бағалау жүргізу ұсынылады.

Есту, көру, тірек-қимыл аппаратының бұзылыстары, сөйлеу тілінің қүрделі бұзылыстары бар, психикалық дамуы тежелген білім алушыларға арналған үлгілік оқу жоспарларының инвариантты бөлігінің жалпы білім беретін пәндерінің тізбесі және олардың негізгі мазмұны ҚР МЖМБС талаптарына сәйкес келеді.

Екінші (қазақ, орыс) және үшінші (шетел) тілдерді оқыту білім алушылардың сөйлеу тілінің даму деңгейін ескере отырып жүзеге асырылады, дene шынықтыру сабактарының сағаттық жүктемесін азайту – білім алушылардың психофизикалық жай-күйінің ерекшеліктерін ескере отырып жүргізіледі.

Үлгілік оқу жоспарымен қарастырылған сафаттар шегінен шықпай, тілдік пәндер мен дene шынықтыру сабактары арасында сафаттарды қайта бөлуге жол беріледі.

Оқыту білім алушылардың психофизикалық ерекшеліктері мен танымдық мүмкіндіктерін ескере отырып, негізгі орта білім берудің оқу бағдарламалары негізінде әзірленген арнайы оқу бағдарламаларын (бағдарламалар АИБД ҰФПОның [special-edu.kz](http://special-edu.kz) сайтында орналастырылған), сондай-ақ жалпы орта білім берудің оқу бағдарламаларын қолдану арқылы жүзеге асырылады.

Оқу процесінде арнайы оқулықтар мен ОӘК, сондай-ақ жалпы білім беретін мектептерге арналған оқулықтар мен ОӘК қолданылады.

Арнайы мектептерде/сыныптарда оқытудың түзету-дамыту бағыты түзету пәндері, жалпы білім беру циклі пәндері шенберінде, сондай-ақ қосымша білім беру жүйесінде іске асырылады.

Үлгілік оқу жоспарының түзету компоненті арнайы білім беру жағдайында оқытын мүмкіндіктері шектеулі балалардың бұзылған функцияларын түзетуге және

орнын толтыруға бағытталған арнайы оқу сабактарының жиынтығын қамтитын міндепті компонент болып табылады.

Үлгілік оқу жоспарларының түзету компонентінің сабактарын «Арнайы педагогика» («Дефектология») мамандығы бойынша жоғары педагогикалық білімі бар және арнайы мектеп түріне сәйкес білім беру бағдарламасы бар педагогтер жүргізеді. Түзету компоненті пәндері бойынша білім алушылардың жетістіктерін бағалау кезінде балдық бағалау қолданылмайды.

Арнайы мектеп-интернаттарда түзету компонентінің жеке/ кіші топтық/ топтық сабактары білім беру үйымының басшысы бекіткен кестеге сәйкес күннің бірінші және екінші жартысында өткізіледі.

Есту, көру қабілеті зақымдалған және тірек-қымыл аппаратының бұзылыстары бар балаларда зияттың зақымдалуы анықталған жағдайда 4–6 білім алушыны қамтитын арнайы сыныптар құрылады. Аталған сыныптарда оқыту зияты зақымдалған балаларға арналған Үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламалары бойынша, негізгі бұзылыс түріне сәйкес Үлгілік оқу жоспарының түзету компонентін енгізе отырып, жүзеге асырылады.

Арнайы мектептер/сыныптар жағдайында көру қабілеті зақымдалған (көрмейтін, нашар көретін), есту қабілеті зақымдалған (естімейтін, нашар еститін), тірек-қымыл аппаратының бұзылыстары бар білім алушылар 11-12 сыныптарда жалпы орта білімді алады, онда оқыту қофамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық бағыттар бойынша бейіндік оқыту негізінде жүзеге асырылады. Білім беру процесінің түзету-дамыту бағыты жалпы білім беретін пәндер бойынша сабактарда, түзету компонентінің сабактарында қамтамасыз етіледі.

Есту, көру қабілеті зақымдалған, тірек-қымыл аппаратында бұзылыстары бар, сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар, психикалық дамуы тежелген балаларға арналған арнайы мектептердің/сыныптардың түлектері ҚР Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қантардағы № 39 бұйрығына сәйкес алған білім деңгейін растайтын мемлекеттік үлгідегі атtestat алады.

Көру қабілеті зақымдалған балаларға арналған арнайы мектептерде/сыныптарда оқу процесін үйымдастырудың ерекшеліктері

Көру қабілеті зақымдалған балаларға арналған арнайы мектепке/сыныпқа көрмейтін, нашар көретін балалар қабылданады, онда оқыту бөлек жүзеге асырылады, тиісті типтегі сынып болмаған кезде бірлескен оқытуға жол беріледі немесе оқыту шағын жинақты мектептердің типі бойынша үйымдастырылады.

Көру қабілеті зақымдалған балаларға арналған арнайы мектептерде/сыныптарда бастауыш білім беру деңгейінде (оның ішінде үйден жеке тегін оқыту жағдайында) білім беру қызметін «Арнайы педагогика» («Дефектология») бағыты бойынша жоғары педагогикалық білімі бар және «Тифлопедагогика» білім беру бағдарламасы бойынша даярланған немесе қайта даярлау туралы құжаты бар

арнайы педагогтер жүзеге асырады.

5-10 сыныптарда (оның ішінде үйде жеке тегін оқыту кезінде) білім беру қызметін тифлопедагогика бойынша біліктілікті арттыру курсарынан өткен пән мұғалімдері жүзеге асырады.

Көрү қабілеті зақымдалған балаларды зияты зақымдалған балаларға арналған арнайы оқу бағдарламалары бойынша оқыту кезінде мемлекеттік үлгідегі БТ се-риялы білім туралы құжат беріледі.

Жалпы орта білім беру деңгейінде түзету компонентінің сабактары әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау, кеңістіктікте бағдарлау, мимика мен пантомимиқаны дамыту бойынша топтық және жеке түрде өткізіледі.

Есту қабілеті зақымдалған балаларға арналған арнайы мектептерде/сыныптарда оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері

Есту қабілеті зақымдалған балаларға арналған арнайы мектепке/сыныпқа естімейтін және нашар еститін, соның ішінде кохлеарлы имплантты бар балалар қабылданады, онда оқыту бөлек жүзеге асырылады, тиісті түрдегі сынып болмаған кезде бірлесіп оқытуға жол беріледі немесе оқыту шағын жинақты мектептердің типі бойынша ұйымдастырылады.

Есту қабілеті зақымдалған балаларға арналған арнайы мектептерде/сыныптарда бастауыш білім беру деңгейінде (оның ішінде үйден жеке тегін оқыту жағдайында) білім беру қызметін «Арнайы педагогика» («Дефектология») бағыты бойынша жоғары педагогикалық білімі бар және «Сурдопедагогика» білім беру бағдарламасы бойынша даярланған немесе қайта даярлау туралы құжаты бар арнайы педагогтер жүзеге асырады.

5-10 сыныптарда (оның ішінде үйде жеке тегін оқыту кезінде) білім беру қызметін сурдопедагогика бойынша біліктілікті арттыру курсарынан өткен пән мұғалімдері жүзеге асырады.

Есту қабілеті зақымдалған балаларды зияты зақымдалған балаларға арналған арнайы оқу бағдарламалары бойынша оқыту кезінде мемлекеттік үлгідегі БТ се-риялы білім туралы құжат беріледі.

Жалпы орта білім беру деңгейінде түзету компонентінің сабактары дыбыстардың айтылуын қалыптастыру және есту қабілетін дамыту, аузызекі және тұрмыстық сөйлеуді дамыту, ым-ишараптық сөйлеу тілін оқыту бойынша топтық және жеке түрде өткізіледі.

Трек-қимыл аппаратының бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектептерде/сыныптарда оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері

Трек-қимыл аппаратының бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мек-

тепке/сыныпқа өз бетінше жүріп-тұратын, арнайы құралдар арқылы жүріп-тұратын, жеке көмекші арқылы жүріп-тұратын балалар қабылданады.

Тірек-қимыл аппаратының бұзылыстары бар балаларға арналған мектептерде/сыныптарда білім беру қызметін тиісті бейіндегі біліктілікті арттыру курсаралының сертификаты бар бастауыш сынып мұғалімдері жүзеге асырады.

5-10 сыныптарда (оның ішінде үйде жеке тегін оқыту кезінде) білім беру қызметін бұзылыс түріне сәйкес біліктілікті арттыру курсарынан өткен пән мұғалімдері жүзеге асырады.

Тірек-қимыл аппаратының бұзылыстары бар балаларды зияты зақымдалған балаларға арналған арнайы оку бағдарламалары бойынша оқыту кезінде мемлекеттік үлгідегі БТ сериялы білім туралы құжат беріледі.

Жалпы орта білім беру деңгейінде түзету компонентінің сабактары емдік дене шынықтыру, әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау бойынша топтық және жеке түрде өткізіледі.

Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектептерде/сыныптарда оку процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері

Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектепке/сыныпқа 1-2 деңгейдегі сөйлеу тілі жалпы дамымаған, оның ішінде кохлеарлы имплантты бар балалар қабылданады.

Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар балаларға арналған мектептерде/сыныптарда білім беру қызметін «Арнайы педагогика» («Дефектология») бағыты бойынша жоғары педагогикалық білімі бар және «Логопедия» білім беру бағдарламасы бойынша даярланған немесе қайта даярлау туралы құжаты бар арнайы педагогтер жүзеге асырады.

5-10 сыныптарда (оның ішінде үйде жеке тегін оқыту кезінде) білім беру қызметін логопедия бойынша біліктілікті арттыру курсарынан өткен пән мұғалімдері жүзеге асырады.

Психикалық дамуы тежелген балаларға арналған арнайы мектептерде/сыныптарда оку процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері

Психикалық дамуы тежелген балаларға арналған арнайы мектепке/сыныпқа әртүрлі генездегі психикалық дамуы тежелген, оның ішінде кохлеарлы имплантты бар балалар қабылданады.

Психикалық дамуы тежелген балаларға арналған мектептерде/сыныптарда білім беру қызметін тиісті бейіндегі біліктілікті арттыру курсарының сертификаты бар бастауыш сынып мұғалімдері жүзеге асырады.

5-10 сыныптарда (оның ішінде үйде жеке тегін оқыту кезінде) білім беру қызметін бұзылыс түріне сәйкес біліктілікті арттыру курсарынан өткен пән мұғалімдері жүзеге асырады.

Психикалық дамуы тежелген балаларда он екі жастан кейін шектік зияткерлік жеткіліксіздік жағдайы белгіленеді.

Зияты зақымдалған балаларға арналған арнайы мектептерде/сыныптарда оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері

Зияты зақымдалған балаларға арналған арнайы мектепке/сыныпқа жеңіл және орташа түрде зияты зақымдалған балалар қабылданады.

Зияты зақымдалған білім алушыларға арналған мектептерде/сыныптарда білім беру қызметін жоғары педагогикалық білімі бар және олигофренопедагогика саласында біліктілікті арттыру курсарынан өткен «Дене шынықтыру», «Музыка», «Кәсіби еңбекке баулу» пәндерін оқытатын мұғалімдерді қоспағанда, «Арнайы педагогика» («Дефектология») мамандығы және «Олигофренопедагогика» білім беру бағдарламасы бойынша жоғары педагогикалық білімі бар педагогтер жүзеге асырады.

Зияты зақымдалған білім алушыларға арналған ұлгілік оқу жоспарлары, оқу бағдарламалары мен оқулықтар ҚР МЖМБС мазмұнын іске асырмайды.

Оқу процесі зияты жеңіл және орташа түрде зақымдалған білім алушыларға Үлгілік оқу жоспарларына сәйкес, арнайы оқулықтар мен ОӘК пайдалана отырып, арнайы оқу бағдарламалары бойынша жүзеге асырылады.

Зияты орташа түрде зақымдалған білім алушыларды оқыту педагогикалық кеңестің шешімі бойынша жекелеген сыныптарда немесе зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушылармен (3 білім алушыдан аспайтын) бірлесіп ұйымдастырылады.

Зияты орташа түрде зақымдалған білім алушыларды оқыту зияты орташа түрде зақымдалған білім алушыларға арналған ұлгілік оқу бағдарламалары негізінде құрастырылған жеке оқу бағдарламалары бойынша жүзеге асырылады.

Кәсіби еңбекке баулу, жалпы еңбекке даярлау, әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау, шаруашылық еңбек, қолөнер сабактары үшін сыныптар екі топқа бөлінеді.

Зияты зақымдалған түлектер белгіленген үлгідегі БТ сериялы атtestat алады.

# 7

## Білім беру үйымдарының педагогтері мен басшыларының қызметін әдістемелік сұйемелдеу



Білім беру үйымдарында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты үйымдастыру «Мәдениет саласындағы білім беру үйымдарын қоспағанда, білім беру үйымдарында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты үйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 10 тамыздағы №253 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

Білім беру үйымдарында оқу-әдістемелік құжаттаманы әзірлеу білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестікпен жүзеге асырылуы тиіс.

Мектептегі әдістемелік бірлестіктердің жұмысына ерекше назар аудару қажет, себебі академиялық зерттеулер олардың педагогтердің кәсіби дамуы мен білім алушылардың оқу жетістіктеріне айтарлықтай әсер ететінін көрсетеді. Сондықтан оқу-тәрбие процесін жетілдіруге және оқу нәтижелерін жақсартуға ұмтылатын мектеп әкімшілігі ең алдымен әдістемелік бірлестіктердің жүйелі жұмысын қамтамасыз етуі тиіс.

Әдістемелік бірлестіктердің жұмыс жоспарында пәндер бойынша оқу-тәрбие процесін тиімді үйымдастыруға бағытталған қажетті шараларды қарастыру ұсынылады. Атап айтқанда, білім алушылардың тақырыптық білім олқылықтарын анықтау және жою бойынша іс-шаралар, оқу мотивациясы тәмен балалармен қосымша жұмыс, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс, цифровық технологияларды қолдану арқылы оқыту әдістері, білім алушылардың сынни ойлауын және зерттеу дағдыларын дамыту мәселелері қамтылуы тиіс.

Әдістемелік бірлестік шеңберінде сабак өткізуге қатысты мәселелерді тұрақты түрде талқылап отыру, сабак жоспарларын бірлесе әзірлеу, жекелеген білім алушылардың үлгеріміндегі он және теріс динамикаларды талдау, оқу мотивациясы тәмен балаларға қолдау көрсету бойынша қосымша шаралар қабылдау, сондай-ақ дарынды балалармен жұмыс жүргізу маңызды болып табылады.

Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттырудың бір түрі – әдістемелік және ғылыми-әдістемелік материалдарды (авторлық бағдарламаларды) әзірлеу. Зерттеушілік қызметтің нәтижесінде педагогтердің кәсіби деңгейі артады, алынған білім өз тәжірибесін түрлі деңгейде таратуға, аттестациядан сәтті өтуге, кәсіби

байқауларда танылуға мүмкіндік береді.

Педагогтер әзірлеген әдістемелік және ғылыми-әдістемелік материалдар (авторлық бағдарламалар) білім беру үйімдарындағы әдістемелік бірлестіктер мен әдістемелік кеңестердің отырыстарында қарастырылып, оң қорытынды алғаннан кейін білім беру үйімінің басшысы бекітеді. Бұл мақсатта барлық деңгейде «Әдістемелік (оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік) кеңес қызметінің үлгілік қағидаларын және оны сайлау тәртібін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2007 жылғы 21 желтоқсандағы №644 бүйріғына сәйкес әдістемелік кеңестер құрылады. Педагогтің әдістемелік материалдары мен әзірлемелері бойынша шешім әдістемелік кеңес отырысында кеңес мүшеслерінің көпшілік даусымен қабылданып, хаттама-мен рәсімделеді.

Педагогтердің әдістемелік және ғылыми-әдістемелік материалдарын (авторлық бағдарламаларын) сараптау, жинақтау және республикалық деңгейде енгізу 2020 жылғы 29 желтоқсанда бекітілген Республикалық оқу-әдістемелік кеңес жанындағы Сараптамалық кеңестің ережесіне сәйкес жүзеге асырылады. Сараптамалық кеңестің отырыстары тоқсан сайын бір рет өткізіледі (<https://uba.edu.kz/qaz/metodology/6>).

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы педагогтер үшін «Иновациялық педагогикалық тәжірибелі зерделеу, жинақтау және тарату жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды» әзірлеген (<https://uba.edu.kz/qaz/metodology/3?page=12>)

Педагогтердің кәсіби шеберлік конкурстарына қатысуы олардың кәсіби дамуының маңызды шарты. «Үздік педагог», «Үздік авторлық бағдарлама», «Дарынды балаларға – талантты ұстаз» және басқа да осындай конкурстар педагогтердің кәсіби деңгейін арттыруға, олардың әдістемелік және шығармашылық құзыреттерін дамытуға ықпал етеді.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының мен спорттық жарыстардың тізімі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы №514 бүйріғымен бекітілген. Қажетті конкурс осы тізімде болмаса, қосымша ақпарат алу үшін өнірлік әдістемелік кабинетке (орталыққа) жүгінуге ұсынылады.


Педагогтердің біліктілігін арттыру үздіксіз білім берудің ажырамас бөлігі. Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы «Педагог мәртебесі туралы» Заңына сәйкес, кәсіби қызмет атқаратын педагогтер үш жылда кемінде бір рет білім беру білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген бағдарламалары бойынша курсардан өтуі қажет. Курсарды аяқтаған соң педагогтер жаңа алған білімдерін оқу-тәрбие процесіне енгізуі, тәжірибелерімен әріптерімен бөлісіүі және мектептегі әдістемелік жұмыстарға белсенді қатысуы тиіс (<https://www.gov.kz/memlekет/entities/kdso/documents/2?lang=ru>).

Жас педагогтердің кәсіби жолының басында оларға қолдау көрсету, олардың құзыреттерін дамыту және педагогикалық тәжірибелің үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін олардың біліктілігін жүйелі түрде арттыру маңызды. Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңына сәйкес, орта білім беру ұйымында алғаш рет кәсіби қызметке кіріскең педагогқа оку жылы бойы тәлімгерлік ететін педагог бекітіледі. Тәлімгерлікті ұйымдастыру тәртібі «Тәлімгерлікті ұйымдастыру қағидаларын және тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №160 бұйрығына сәйкес жүргізіледі. Осы құжатта тәлімгерлік процесін ұйымдастыру талаптары мен жағдайлары, мектеп әкімшілігінің, тәлімгердің және жас педагогтің міндеттері, тәлімгерлерді тағайындау және ауыстыру тәртібі және басқа да мәселелер айқындалған.

Тәлімгерлікті ұйымдастыру кезінде тәлімгерлік жоспарын әзірлеу, жас педагогтің кәсіби дайындығын диагностикалау және кәсіби дамуын қолдау, тәлімгер мен жас педагог арасындағы кәсіби қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру сияқты бірқатар сұрақтар туындаиды. Осыған байланысты Академия тарапынан «Орта білім беру ұйымдарында тәлімгерлікті жетілдіру бойынша әдістемелік ұсынымдар» әзірленді (<https://uba.edu.kz/ru/metodology/3>).

Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы «Педагог мәртебесі туралы» Заңының 14-бабына сәйкес, аттестаттау рәсімі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығымен (2025 жылғы 25 ақпандадағы ҚР Оқу-ағарту министрінің №32 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен) бекітілген Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарына сәйкес жүзеге асырылады (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013317>).

## ПЕДАГОГТІҢ ТӘЖІРИБЕСІН ТАРАТУ БОЙЫНША АЛГОРИТМ



1-сурет. Педагогтің тәжірибесін тарату бойынша алгоритм

Педагог-зерттеушілер мен педагог-шеберлердің тәжірибесін тарату білім беру саласында уәкілетті органның жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңес ұсынған оқу-әдістемелік материалдар немесе бағдарламалар негізінде жүзеге асырылады (1-сурет).

# 8

## Ауыл мектептерінің әлеуетін дамыту



Ауыл мектептерінің әлеуетін дамыту 2024 жылғы 3 желтоқсанда өткен Қазақстан Республикасы Үкіметінің отырысының №40 хаттамалық тапсырмасы негізінде Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі тапсырмасына сәйкес жүзеге асырылады.

Хаттамалық тапсырмалар негізінде 2025 жылғы 31 қаңтарда Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің №21 «Қазақстан Республикасында ауыл мектептерін дамытудың «Ауыл мектебі – сапа алаңы» тұжырымдамалық тәсілдері» бұйрығы бекітілді.

«Ауыл мектебі – сапа алаңы» тұжырымдамалық тәсілдері» негізгі 4 тәсілді қамтиды:

1. ШЖМ-ны оңтайландыру және тірек мектептерінің бөлімшелерін құру;
2. «Ауыл мектебі – сапа алаңы» («Тірек мектебі – ШЖМ») республикалық жобасын масштабтау;
3. Ауылдық мектептерді мәдени-ағарту кешендеріне (комьюнити-орталықтар) трансформациялау;
4. ШЖМ-ның 5-11-сынып білім алушылары үшін «Білім-Инновация» лицейіне, Назарбаев Зияткерлік мектептеріне үқсас жаңа формациядағы мектеп-интернattар құру.



**Назар аударыңыз!**

2025-2026 оку жылында Республика бойынша ауыл мектептерінің әлеуетін арттыру мақсатында 203 тірек мектебі мен оған бекітілетін 739 шағын жинақты мектеп санитарлық нормаларды сақтай отырып, 5-11-сыныптарда 5 пәнді аптасына 1 рет (математика, физика, химия, биология, ағылшын тілі) қашықтан оқытуды жүзеге асырады.

Ауыл мектептерін дамыту – ел болашағына бағытталған ұзақ мерзімді инвестиция. Нақты талдауға және мүдделі тараптардың қатысуына сүйене отырып қабылданған шешімдер ауылдық жерлерде болашақ үрпақты табысқа жетелейтін тұрақты білім беру жүйесінің қалыптасуына негіз болады.

# Оқу процесіне жасанды интеллектіні кіріктіру




2023 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы, 2024–2029 жылдарға арналған жасанды интеллектті дамыту тұжырымдамасы, сондай-ақ Орта білім беру жүйесінде жасанды интеллектті қолдану жөніндегі әдістемелік ұсынымдар (Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, №5 хаттама, 10.06.2024 ж.) негізінде білім беру үйымдарына оқыту мен тәрбие беру процесіне жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын жүйелі түрде енгізу ұсынылады.

## Орта білім беру үйымдарына арналған ұсынымдар:

- Педагогикалық ұжымды әдістемелік ұсынымдардың мазмұнымен таныстыру, оларды оқыту тәжіриbesіне кезең-кезеңімен енгізуді үйымдастыру;
- Жасанды интеллектті пайдалануға байланысты этикалық қафидаттар, рұқсат етілетін қолдану формалары, академиялық адалдықты сақтау алгоритмдері мен бұзушылықтарды қарau механизмдері қамтылатын мектепішілік саясаты әзірлеу;
- ЖИ-ді оқу процесіне кіріктіру жолдары:
  - ЖИ-ді қолдана отырып сабактар әзірлеу (әдістемелік ұсынымдардың 3.4.1–3.4.4 тарауларына сәйкес);
  - жаңа материалды түсіндіру, жоспарлау, бағалау және рефлексия барысында ЖИ құралдарын пайдалану;
  - педагогтердің цифрлық сауаттылығы, ЖИ этикасы және генеративті модельдер бойынша біліктілігін арттыру курсарын үйымдастыру және әдістемелік қолдау көрсету;
  - білім алушылардың ЖИ өнімдерімен жұмыс істеуі кезінде ЖИ қолдану этикасын насиҳаттау (әдістемелік ұсынымдардың 1.3 бөлімі);
  - білім алушылардың сыни пайымдау, ақпараттық гигиена және цифрлық технологияларды саналы пайдалану дағдыларын қамтитын цифрлық құзыреттерін дамытуға жағдай жасау.

## Жасанды интеллект – бұл педагогтің жаңа мүмкіндіктері мен цифрлық көмекшісі



Жасанды интеллект (ЖИ) – келесі мүмкіндіктерге ие:

- оқу деректерін жинайды, талдайды;
- материалдарды білім алушының деңгейі мен қызығушылықтарына бейімдейді;
- күнделікті тапсырмаларды автоматтандырады (тест, есептер);
- көрнекі және интерактивті ресурстарды жасауға көмектеседі.

### Педагогке ЖИ не үшін қажет?

Педагогтің міндеті	ЖИ көмегі	Нәтиже
Сабак жоспарлау	Идеяларды, мақсаттарды, критерийлер мен материалдарды ұсынады	Уақытты үнемдеу (жоспарға ≤ 1 сағат)
Сабак өткізу	Презентациялар, тапсырмалар, көрнекі материалдар әзірлейді	Оқу материалын көрнекі түрде ұсыну
Бағалау	Тест тапсырмаларын автоматты түрде құрастырып, текстереді	Жедел кері байланыс
Білім алушыны қолдау	Жеке кеңестер ұсынады	Жекелеген прогресс
Сыныптан тыс жұмыс	Мақалаларды қысқаша мазмұндайды, жобаларға арналған идеялар ұсынады	Зерттеу дағдыларын дамыту

### Педагогтің жетекші рөлі

- ЖИ – педагогтің көмекші құралы.** Қорытынды шешімдерді (контентті таңдау, бағалау, педагогикалық қолдау) педагог қабылдайды.
- Педагогтің технология мүмкіндіктері мен шектеулерін түсінуі, материалдардың дұрыстығын тексеруі және этикалық нормаларды (деректер, авторлық құқық, психологиялық қауіпсіздік) сақтау маңызды.
- Педагог ЖИ ресурстарымен саналы және қауіпсіз пайдалануға үйретеді.

Халықаралық мектеп тәжірибесінде кеңінен қолданылатын генеративті ЖИ құралдарының ең танымал түрлері төмендегі кестеде көлтірілген. Бұл құралдар-

дың таныстыру және ақпарат беру мақсатында ғана ұсынылғанын, ешбір компанияның немесе платформаның мүддесін қолдамайтынын ескерген жөн. ЖИ құралдары тізбесінің мақсаты – оқу-тәрбие процесінің әртүрлі аспектілерінде педагогтер мен білім алушыларға пайдалы болатын мүмкіндіктерін көрсету.

#### САБАҚҚА ДАЙЫНДЫҚ / КУРСТЫ ҚҰРУ

Nº	ЖИ-құралдары	Сілтеме	Сипаты
1	Zotero, Mendeley, Scite	<a href="https://www.zotero.org/">https://www.zotero.org/</a> <a href="https://www.mendeley.com/">https://www.mendeley.com/</a> <a href="https://scite.ai/">https://scite.ai/</a>	зерттеулерді іріктеуге, жүйелеуге, дәйексөз келтіруге және бөлісуге арналған құралдар
2	DeepL	<a href="https://www.deepl.com/ru/translator">https://www.deepl.com/ru/translator</a>	ғылыми мәтіндер мен үлкен көлемдегі файлдарды аударуға арналған аударма құралы
3	YesChat, ChatGPT	<a href="https://www.yeschat.ai/">https://www.yeschat.ai/</a> <a href="https://chatgpt.com/">https://chatgpt.com/</a>	суреттерді генерациялау, тапсырмалар мен глоссарийлер құрастыру
4	Picsart,	<a href="https://picsart.com/ru/create">https://picsart.com/ru/create</a>	онлайн фото және видео өндеуші редактор
5	Nolej	<a href="https://nolej.io/">https://nolej.io/</a>	окулықтар мен онлайн-контент негізінде интерактивті материалдар өзірлейтін платформа
6	Diffit	<a href="https://web.diffit.me/">https://web.diffit.me/</a>	сабакқа арналған ресурстар генераторы
7	Perplexity	<a href="https://www.perplexity.ai/">https://www.perplexity.ai/</a>	дереккөздерді көрсете отырып, жауап беретін ЖИ жүйесі
8	Google Arts & Culture	<a href="https://artsandculture.google.com/">https://artsandculture.google.com/</a>	әлемдік өркениеттердің 2000+ музейі мен мәдени көрмелеріне онлайн қолжетімділік
9	Convai	<a href="https://convai.com/">https://convai.com/</a>	оқыту ойынын өзірлеу
10	Gemini	<a href="https://gemini.google.com/app/">https://gemini.google.com/app/</a>	мәтін, сурет, аудио және видеоны өндайтін ЖИ үлгісі
11	Kandinsky	<a href="https://www.sberbank.com/promo/kandinsky/">https://www.sberbank.com/promo/kandinsky/</a>	сурет пен анимация жасауға арналған қосымша

\*Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы ешбір ұйымның мүддесін насиҳаттауды немесе қолдауды мақсат етпейді. Жасанды интеллектіні қолданатын қосымшалар туралы мәлімет тек таныстыру және ақпараттық сипатта ұсынылған.

САБАҚ ӨТКІЗҮ			
№	ЖИ-құралдар	Сілтеме	Сипаты
1.	Tome, Gamma, Slidebean	<a href="https://tome.app/">https://tome.app/</a> <a href="https://gamma.app/">https://gamma.app/</a> <a href="https://slidebean.com/">https://slidebean.com/</a>	Презентациялар жасауға арналған платформалар
2.	MagicSchool,	<a href="https://app.magicsschool.ai/">https://app.magicsschool.ai/</a>	Жаттығулар, сабак жоспарлары мен тапсырмалар әзірлеу платформасы
3.	Questgen Quizrise	<a href="https://www.questgen.ai/">https://www.questgen.ai/</a> <a href="https://www.quizrise.com/">https://www.quizrise.com/</a>	MCQ сұрақ-жауап генераторы, «Ақиқат немесе жалған», «Бос орынды толтыр»
4.	Quizgecko, Quiz Wizard, PrepAI	<a href="https://quizgecko.com/">https://quizgecko.com/</a> <a href="https://app.getquizwizard.com/">https://app.getquizwizard.com/</a> <a href="https://www.prepai.io/us/">https://www.prepai.io/us/</a>	ұсынылған мәтін бойынша тест тапсырмаларын құрастыру
5.	EduCapplay	<a href="https://domore.ai/">https://domore.ai/</a>	оқыту ойынын әзірлеу
БАҒАЛАУ			
№	ЖИ-құралдар	Сілтеме	Сипаты
1	PrepAI, Teachology, ChatGPT	<a href="https://www.prepai.io/">https://www.prepai.io/</a> <a href="https://www.teachology.ai/">https://www.teachology.ai/</a> <a href="https://chatgpt.com/">https://chatgpt.com/</a>	материалдарды әзірлеу
2	Edint	<a href="https://www.edint.io/">https://www.edint.io/</a>	жасанды интеллект негізіндегі прокторинг платформасы
3	Copyleaks, Smolin, Turnitin, Gptzero	<a href="https://copyleaks.com/">https://copyleaks.com/</a> <a href="https://app.smolin.io/">https://app.smolin.io/</a> <a href="https://search.vyager.com/">https://search.vyager.com/</a> <a href="https://gptzero.me/">https://gptzero.me/</a>	тапсырма жазу кезінде ЖИ қолданылғанын анықтайтын платформалар
СЫНЫПТАН ТЫС ЖҰМЫС			
№	ЖИ-құралдар	Сілтеме	Сипаты
1	Scholarcy	<a href="https://www.scholarcy.com/">https://www.scholarcy.com/</a>	ғылыми мақала немесе оқулықтың қысқаша мазмұны
2	Elicit	<a href="https://elicit.com/">https://elicit.com/</a>	зерттеу тапсырмаларын автоматтандыру

\*Ы. Алтынсарин атындағы Үлттүк білім академиясы ешбір үйымның мүддесін насиҳаттауды немесе қолдауды мақсат етпейді. Жасанды интеллектіні қолданатын қосымшалар туралы мәлімет тек таныстыру және ақпараттық сипатта ұсынылған.

### ПЕДАГОГТІҢ ЦИФРЛЫҚ АССИСТЕНТТЕРИ

Nº	ЖИ-құралдар	Сілтеме	Сипаты
1	Diffit	<a href="https://app.diffit.me/">https://app.diffit.me/</a>	оқу материалдарын әзірлеу құралы
2	MagicSchool,	<a href="https://app.magicsschool.ai/">https://app.magicsschool.ai/</a>	интерактивті жаттығулар мен сабак жоспарларын әзірлеу платформасы
3	Gradescope	<a href="https://www.gradescope.com/">https://www.gradescope.com/</a>	сканерленген, қолмен жазылған және қағазға жазылған жұмыстарды бағалауға арналған құрал
4	Elicit	<a href="https://elicit.com/">https://elicit.com/</a>	зерттеу тапсырмаларын автоматтандыру: мақалаларды жалпылау, де-ректерді алу, нәтижелерді жинақтау
5	Mathigon	<a href="https://ru.mathigon.org/">https://ru.mathigon.org/</a>	математикалық ойын аланы

**Дереккөз: EduProject**

### Жасанды интеллектінің енгізу бойынша ұсыныстар

- Шағыннан бастаңыз:** бір-екі қарапайым сервисі таңдал, оларды сабаққа дайындалу кезінде қолданып көрініз.
- Саралап қолданыңыз:** алынған материалдарды білім алушылардың жасына сәйкес өндеп, бейімденіз.
- Қауіпсіздікті сақтаңыз:** білім алушылардың құпия деректерін ашық сервисге жүктеменіз.
- Тәжірибе алмасыңыз:** мектептің әдістемелік бірлестіктерінде тиімді қолданылған платформаларды талқылаңыз.

ЖИ – бұл уақытты үнемдейтін және оқыту мүмкіндіктерін көңейтетін құрал. Басты құндылық – сіздің педагогикалық шеберлігіңіз.

Педагогикалық қызмет тиімділігін арттыру мақсатында жасанды интеллект құралдарын қолдану бойынша ұсынымдар

Сабаққа дайындық пен оны өткізу барысын онтайландыру, сондай-ақ педагогтердің құнделікті қайталанатын жұмыстарын женілдету мақсатында жасанды интеллект технологияларын келесі бағыттарда қолдану ұсынылады:

#### 1. Сабақты жоспарлау және дайындау:

- Улгілік оқу бағдарламасының талаптарына сай сабак мақсаттарын құрастыру үшін ЖИ технологияларын пайдалану;

---

\*Ы. Алтынсарин атындағы Үлттық білім академиясы ешбір ұйымның мүддесін насиҳаттауды немесе қолдауды мақсат етпейді. Жасанды интеллектіні қолданатын қосымшалар туралы мәлімет тек таныстыру және ақпараттық сипатта ұсынылған.

---

- сабак мақсаттарына сәйкес келетін бағалау критерийлерін (дескрипторларды) өзірлеу;
- сараланған оқытуды қамтамасыз ету үшін білім алушылардың жас ерекшеліктеріне және әртүрлі құрделілік деңгейлеріне сай тапсырмаларын іріктеу;
- негізгі ұғымдарға қатысты тірек-конспектілерді, көрнекі материалдарды, сыйбаларды, анықтамалар мен түсіндірмелерді өзірлеу.

## **2. Сабақтың ұйымдастыру кезеңі:**

- білімді өзектендіру және проблемалық сұрақ элементтерін қамтитын сабақтың кіріспе бөлімін жоспарлау;
- білім алушылардың танымдық қызығушылығын ынталандыратын көрнекі және мәтіндік материалдарды таңдау үшін ЖИ қолдану.

## **3. Жаңа материалды түсіндіру және менгеру:**

- талдау, салыстыру, жалпылау және білімді қолдану дағдыларын дамытуға бағытталған тапсырмаларды құрастыру;
- сабак тақырыбы мен білім алушылар деңгейіне бейімделген мысалдарды құрастыру үшін ЖИ мүмкіндіктерін пайдалану.

## **4. Функционалдық және оқу сауаттылығын қалыптастыру:**

- түсініп оқу және интерпретациялау, әртүрлі форматтағы ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларын дамытуға бағытталған тапсырмаларды өзірлеу;
- сынни ойлау дағдыларын дамытуға ықпал ететін жағдайларды модельдеу үшін ЖИ қолдану.

## **5. Оқу жетістіктерін бақылау және бағалау:**

- түрлі форматтағы (көп нұсқалы жауаптар, ашық сұрақтар, сәйкестендіру) тестиқ және бақылау тапсырмаларын түрлендіру;
- білім алушылардың ағымдағы ілгерілеуін қадағалауға бағытталған форматті бағалау тапсырмаларын дайындау;
- автоматтандырылған құралдарды қорытынды тапсырмаларды өзірлеу және өзін-өзі бағалау үшін пайдалану.

### **Практикалық ұсынымдар**

- ЖИ қандай мәселені шешетінін нақты анықтаңыз (жоспарлау, көрнекілеу, тестілеу және т.б.).
- ЖИ құралды тек уақытты үнемдейтін немесе оқытудың сапасын арттыратын жағдайда ғана пайдаланыңыз.

- Түрлендірілген мәтіндер, суреттер мен сұрақтарды міндетті түрде қарап шығыңыз.
- Жас ерекшелігіне, оқу бағдарламасына және сабактың тақырыбына сәйкес келетіндей етіп түзетулер енгізіңіз.
- Сабактың мазмұнына, бағалауға және білім алушыны қолдауға қатысты соңғы шешімді педагог қабылдайды.
- ЖИ -ді «автопилот» ретінде емес, кенесші ретінде пайдаланыңыз.
- ЖИ нәтижелерін (дәлдігі, шынайылығы, маңыздылығы) сынни тұрғыдан бағалай біліңіз.
- Ақпаратты қауіпсіз әрі жауапкершілікпен іздеуге, дереккөздерді дұрыс дәйектеуге дағдыланыңыз.

### Этикалық нормалар

Норма	Нені білдіреді	Педагогтің әрекеті
Ашықтық	Білім алушы ЖИ қай жерде қолданылғанын біледі	ЖИ көмегімен жасалған, бейімделген немесе тексерілген материалдар туралы алдын ала хабарлайды
Құпиялық	Білім алушының де-ректері қорғалған	Білім алушылардың жеке деректерін және өзге де құпия мәліметтерді ашық немесе қауіпті цифрлық сервистерге орналастыруға жол бермейді
Қауіпсіздік	Зиянды контенттің болмауы	Білім алушыларды зиянды, қауіпті контенттен қорғауды қамтамасыз етеді
Әділдік	Кемсітушілікке жол бермеу	ЖИ жасаған материалдарды сараптамалық тексеруден өткізеді
Дәлдік	Контент нақты және тексеруге болады	Фактілерді тексеріп, дереккөздерді көрсетеді
Жауапкер-шілік	Педагог — жауапты тұлға	ЖИ қатесін түзетеді, оның шектеулерін түсіндіреді
Психоло-гиялық әл-ауқат	Білім алушының ынтасы мен өзін-өзі бағалауына ықпалы	ЖИ қолдану кезінде білім алушылардың эмоционалдық жағдайы мен танымдық жүктеме деңгейін бақылайды

Білім беруде жасанды интеллектіні қолдану тәсілдерін толығырақ зерттеу үшін ы. Алтынсарин атындағы Үлттық білім академиясының сайтында орналастырылған әдістемелік ұсынымдармен танысуға болады.

Толық мәтіні ы. Алтынсарин атындағы ҰБА-ның ресми сайтында қолжетімді:

<https://uba.edu.kz/storage/app/media/ISKUST%20INTELLEKT%20%20KAZ%2026.06.24.pdf>



### **Назар аударыңыз!**

ЖИ-педагогтің орнын алмастырушы емес, көмекшісі.

Тексеріңіз, бейімдеңіз, түсіндіріңіз, этиканы сақтаңыз.

# 10

## Педагогтер жарияланымдары: Академиялық жазылым бойынша Нұсқаулық



Ғылыми мақала – педагог өзінің зерттеу нәтижелерін немесе әдістемелік тәжірибесін ұсынатын жазбаша жұмыс. Мақала басқа педагог-әріптер нәмесе оқырмандар сіздің идеяларыңызды түсініп, қолдана алуы үшін анық, логикалық және дәлелді болуы тиіс.

Ғылыми мақаланың негізгі ерекшеліктері:

- Объективтілік – тек фактілер, талдаулар мен қорытындылар.
- Ғылыми стиль – анық тұжырымдар, ауызекі сөздерді қолданбау.
- Нақты құрылым – мақаланың әр бөлімі өз мазмұнын ашуы қажет.
- Дереккөздерге сілтемелер – барлық дәйексөздер, деректер, басқа авторлардың/зерттеушілердің идеялары сілтемемен расталуы керек.

Ғылыми мақала – бұл нақты мысалдармен және жұмыстың нәтижелерімен расталған, басылым ережелеріне сәйкес құрастырылған сіздің педагогикалық тәжірибеліздің нақты баяндамасы.

Мақаланы жазу кезінде мақаланың мақсаты анықталатын және оның мәтіні қалыптастырылатын тақырыпты таңдау ұсынылады. Ғылыми мақаланың мәтінінде қорытындылар мен тұжырымдар фактілерге негізделуі керек. Сондай-ақ, мақаланы рәсімдеу кезінде басылымның талаптары бойынша метадеректерді толтыру қажет.

### Мақала жазу алгоритмі

#### 1. Тақырыпты таңдау

Мақала тақырыбын дұрыс таңдау – өте маңызды қадам және оған жауапкершілікпен қарау керек. Тақырып мақалада қарастырылатын мәселені, оның өзектілігі мен шешу жолдарын қамтуы қажет.

Тақырып таңдаудың негізгі критерилері:

- зерттеу мазмұнына сәйкестігі;

- ғылыми қызығушылық тудыра алуы;
- жаңашылдығы және бұрын жарық көрген мақалаларды қайтала мауы;
- тақырып тым ауқымды немесе өте тар болмауы.

Ең өнімді тақырыптар – автордың көсіби қызметімен тікелей байланысты тақырыптар. Атап айтқанда, педагогтің өзі өзірлеген әдістемелер, жүргізген зерттеулері немесе жұмысында кездесетін өзекті мәселелерге арналған тақырыптар.

## **2. Мақаланы жоспарлау және құрылымы**

Тақырыпты анықтағаннан кейін автор мақала жазуды жоспарлайды. Мақала жазуды жоспарлау ойды дәйекті және түсінікті жеткізуге мүмкіндік береді. Мақаланы рәсімдеу ережелерін, оның ішінде көлеміне, қаріптеріне және құрылымына қойылатын талаптарды алдын-ала нақтылау маңызды.

Мақаланың негізгі бөлімдері бойынша тезистерді тұжырымдаудан бастау ұсынылады. Тезистер мазмұны әр бөлімнің негізгі сипатын ашуы тиіс. Кестелер, диаграммалар мен суреттер деректерді көрнекі түрде ұсынуға көмектеседі. Теориялық тұжырымдарды практикалық тәжірибемен үйлестіру мақсатын да ескеру керек. Яғни, оқыту әдістерін ғана емес, сонымен қатар оқу-тәрбие процесінде қолдану бойынша ұсыныстарды және алынған нәтижелерді сипаттап жазу қажет.

Ұсынылатын мақала құрылымдары:

**«Білім-Образование»** журналы құрылымы: тақырып, андатпа, кілтті сөздер, негізгі тұжырымдамалар, кіріспе, материалдар мен әдістер, нәтижелер, талқылау, қорытынды, қаржыландыру туралы ақпарат (бар болса) және пайдаланылған дереккөздер тізімі.

**«Алтынсарин академиясының хабаршысы»** журналы құрылымы: тақырып, андатпа, түйінді сөздер, кіріспе, әдістеме, практикада қолдану, ұсыныстар, қорытынды және пайдаланылған дереккөздер тізімі.

## **3. Әдебиетке шолу**

Автор орта білім саласына арналған тақырыбы бойынша басқа да зерттеушілердің жарияланымдарын (еңбектерін) оқып зерделеуі қажет. Аталған еңбектердегі идеялар мен әдістемелік тәсілдерге талдау жасап, тақырыптың зерттелу деңгейін анықтайты. Мұндай талдау зерттеу тақырыбын тереңірек түсінуге ықпал етеді, бұрыннан белгілі нәтижелерді қайталауға жол бермейді және ғылыми жұмыс үшін перспективалы бағыттарды айқындайды.

Ерекше назарды Қазақстан зерттеушілері мен ғалымдарының ғылыми еңбектеріне және жарияланымдарына аудару қажет. Өзекті дереккөздерді іздеу үшін Google Академия, ҚР Үлттүк академиялық кітапханасының онлайн-ресурсы

және еліміздің жетекші университеттерінің электрондық дерекқорлары сияқты интернет-ресурстарын пайдалану ұсынылады.

Мақала жазуда әдебиет дереккөздерін іздеу үшін келесі сілтеме ұсынылады: <http://surl.li/trlzm>

#### **4. Мәтінді жазу**

Ғылыми мақаланың құрылымы нақты, баяндау тілі дәйекті, кәсіби және түсінікті болуды талап етеді. Автор субъективті бағалауға жол бермеуі тиіс, тек фактілерге және практикалық мысалдарға сүйенуі керек. Тұжырымдарды нақты деректермен растап, жүргізілген зерттеулермен салыстыру қажет. Мақала жобасының қорытынды бөлімінде негізгі қағидаларды қысқаша түйіндеп, нәтижелерді мектеп практикасында қолдану мүмкіндіктерін көрсету және әрі қарай зерттеу үшін перспективалы бағыттарды белгілеу маңызды.

#### **5. Редакциялау және түзету**

Мақала мәтінін жазып болған соң, оны мұқият редакциялап түзету қажет. Ерекше назарды мақаланың грамматикалық және стилистикалық қателерін жоюға, баяндаудың логикалық тізбегін тексеруге, сонымен қатар академиялық ресімдеу стандартына сәйкестігін қадағалауға аудару керек.

#### **6. Жариялауға дайындау**

Бұл кезеңде мақаланы ғылыми басылымның техникалық талаптарына сәйкес дайындау қажет. Журналдың редакциялық саясатымен белгіленген барлық ресми критерлерінің, атап айтқанда, дәйектемелерді қою ережелерінің, библиографияны ресімдеудің және құрылымдық элементтерінің сақталуын тексеру қажет.

#### **7. Журнал редакциясымен көрі байланыс**

Рецензиялау процесінде мақала мазмұнына да, ресімделуіне де қатысты рецензенттің ескерту-ұсыныстары болуы мүмкін. Мұндай жағдайда автор рецензент ескерту-ұсыныстары бойынша мақаласына түзетулер мен толықтырулар енгізе отырып редакциямен көрі байланысқа шығуы тиіс.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы «Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – Ереже) және осы Ереженің 61-тармағына сәйкес Аттестациялық комиссия (бұдан әрі – Комиссия) мұғалімнің портфолиосын Ереженің 12 және 13-қосымшаларда бекітілген бағалау параграфы бойынша бағалайды. Ереженің 12 және 13-қосымшалары талаптарына сәйкес, зерттеу қызметі негізінде дайындалған басылымдардағы жарияланымдар мұғалім материалдарын (портфолионы) бағалау критерийлерінің тізіміне енгізілген.

Осыған орай, ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының «Білім-Образование» ғылыми-педагогикалық журналы мен «Алтынсарин академиясының хабаршысы» әдістемелік журналы мұғалімдерді аттестациялау үшін жарамды деп танылады.

### **Алтынсарин академиясы басылымдарында мақала жариялау шарттары**

- Әдістемелік зерттеулердің тұтастығын қамтамасыз ету үшін автор Академия басылымдарымен белгілеген мақаланы ресімдеу талаптарын ұстануы қажет.
- Академиялық жазылымды (мақаланы) журнал поштасына жолдағанда автор мақаланың түпнұсқа екеніне, бұрын өзге басылымдарда ағымдағы немесе үқсас түрде жарияланбағанына және басқа баспаларға қарауға берілмегеніне кепілдік береді. Басқа тілдерде жарияланған мақалалардың аудармалары жариялануға қабылданбайды.
- Мақалада авторларды көрсету ретін авторлардың өздері анықтайды және қолжазбаны редакцияға тапсырғаннан кейін өзгертулмейді. Мақаламен редакциялық жұмыс барысында және оны қабылдағаннан кейін авторлар құрамына өзгертулер енгізуге жол берілмейді.
- Журналдың бір шығарылымында бір автордан (бірлескен автор ретінде қатысқандарды да қоса алғанда) бір ғана қолжазба жариялауға рұқсат етіледі.
- Бір мақаладағы бірлескен авторлар саны 4 (төрт) адамнан аспауы тиіс.
- Мақаланың түпнұсқалық (бірегейлік) деңгейі: «Білім-Образование» журналы үшін кемінде 70%, ал «Алтынсарин Академиясының хабаршысы» журналы үшін кемінде 60% болуы қажет.
- Егер мақала балалар қатысқан зерттеулерге қатысты мәселелерді қозғаса, этикалық комитеттің қорытындысын ұсыну қажет.

### **«Білім-Образование» журналына мақаланы қалай жіберуге болады?**

«Білім-Образование» ғылыми-педагогикалық басылымына мақаланы жариялау үшін жолдау журналдың ресми сайты арқылы жүзеге асырылады. Авторлар журналдың веб-сайтына алдын ала тіркелуі керек. Басылымның редакциялық саясаты, авторларға арналған ережелер, материалды жіберу нұсқаулығы, рецензиялау тәртібі, жарияланым этикасы нормалары, журнал мұрағаты және т.б. туралы толық ақпарат келесі сілтеме арқылы қолжетімді: <https://bilim-uba.kz/>

«Білім-Образование» басылымы ISSN 16-07-2790 Халықаралық сериялық базылымдарды тіркеу орталығында және Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағаттар комитетінде 2000 жылы (куәлік № 1308-Ж) тіркелген, 2023 жылы Ақпарат комитетінде қайта тіркелген (қайта тіркеу туралы куәлік № KZ94VPY00064976).

2024 жылдың шілде айынан бастап ғылыми еңбектің негізгі нәтижелерін жариялау үшін ҚР ғылым және жоғары білім министрлігінің ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын ғылыми басылымдар тізбесінің 2-Тізіміне енді (ҚР ғылым және білім министрлігі ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2024 жылғы 12 шілдедегі № 603 бұйрығы).

### **«Алтынсарин академиясының хабаршысы» журналына мақаланы қалай жариялауға болады?**

Мақаланы жіберу үшін авторлар келесімен танысуы қажет:

1. Редакциялық саясат (журналдың мақсаты, тақырыптық бағыттары, мерзімділігі және т.б.);
2. Мақаланы ресімдеу талаптары;
3. Мақала үлгісі;
4. Шығарылымдар мұрағаты.

Осы көрсетілген материалдар Алтынсарин академиясының ресми сайтында қолжетімді: <https://uba.edu.kz/ru/vestnik-akademii-altynsarina>

«Алтынсарин академиясының хабаршысы» әдістемелік журналына арналған мақаланың құрылымы келесідей болуы тиіс: **кіріспе, әдістеме, практикада қолдану, ұсыныстар, қорытынды және пайдаланылған дереккөздер тізімі.**

#### **Кіріспе**

«Кіріспе» бөлімі ғылыми-педагогикалық мақала тақырыбының өзектілігін және оның практикалық маңызын негіздеуі тиіс. Автор зерттеудің мақсаты мен міндеттерін нақты тұжырымдап жазуы қажет. Осы бөлімде ҚР Конституциясы, «Білім туралы» Заны, МЖМБС, үлгілік оқу бағдарламалары, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің бұйрықтары және басқа да регламенттеуші құжаттарды қамтитын нормативтік-құқықтық негізdemесін жазу міндетті болып табылады. Сонымен қатар кіріспеде қарастырылып отырған мәселе бойынша отандық және шетелдік зерттеулердің қысқаша талдауын ұсыну қажет.

Отандық және шетелдік әдебиеттерге шолу зерттелетін мәселе бойынша қазақстандық және халықаралық дереккөздерде жарияланған ғылыми еңбектерге (мақалалар, монографиялар, диссертациялар) сынни талдаудан тұрады.

Әдебиетке шолуға мысал ретінде «Мағыналы оқу дағдыларын меңгерту арқылы білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту» атты мақаласы: Отандық және шетелдік зерттеулерді талдау функционалдық сауаттылықты дамыту мәселесіне ғылыми қауымдастықтың ерекше назарын аударатынын көрсетеді. Қазақстан ғылымында аталған мәселе Г.А. Рудик, А.А. Жайтапова және С.Г. Стогтың еңбектерінде қаралған, олар терминологиялық аспектілерді, білім сапасы мәселелерін және PISA халықаралық зерттеулерін талдаған [5]. В.В. Гаврилюқ, Г.Г. Сорокин және Ш.Ф. Фараҳутдинов функционалдық сауатсыздық мәселесін ақпараттық қоғам контекстінде қарастырады [6].

Басты назарды Н. Ханли, У.А. Оспанова және М.А. Баймаханбетовтың зерттеулеріне аударуға болады, олар функционалдық сауаттылықты дамыту мен бағалаудың жаңа тәсілдері туралы ұлттық және халықаралық ғылыми пікіртласқа өз үлестерін қосқан [7]. Осы тақырып бойынша маңызды деректер «PISA-2022 бойынша Қазақстанның нәтижелері» туралы Ұлттық есебінде берілген, осы құжатта білім алушылардың оқу, математикалық және жаратылыстану сауаттылығының салыстырмалы талдауы көрсетілген [8].

### Әдістеме

Бұл білімде мақалада баяндалған әдістеменің егжей-тегжейлі сипаттамасы жазылады. Әдістеме қалай өзірленгені, оның негізгі кезеңдері мен қағидаттары сипатталады. Оқу процесінде немесе білім алушылармен жұмыс істеу барысында қолданылатын әдістер де талданады.

Төменде «Әдістеме» білімін ресімдеуге арналған ұсыныстар «Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру» тақырыбындағы мақала мысалында берілді.

«Әдістеме» білімінде қолданылған тәсілдердің ғылыми негізdemесі сипатталып, олардың практикада қолданылуы міндепті түрде жазылуы қажет. Ұсынылатын әдістердің тиімділігі мектеп практикасынан алынған нақты мысалдармен расталуы тиіс, оған сабактардың үзінділері мен қолданылған оқу материалдары жатады.

Мәтінмен жұмыс істеу жүйесін егжей-тегжейлі баянdap жазу қажет, оның үш негізгі кезеңін (алдын ала дайындық, оқу процесіндегі талдау жұмысы және мәтінді оқып болғаннан кейінгі рефлексиялық әрекет) дәйекті түрде ашып жазу керек. Әдістемені қолдануды көрнекі түсіндіру мақсатында сызбалар, кестелер мен графикалық суреттерді жазу ұсынылады, соның ішінде «Оқу кезеңдері» модельін де жазуға болады.

Ерекше назарды практикаға бағдарланған мысалдар ретінде топтық және жеке жұмыс тапсырмаларына да аудару керек. Міндепті компонент ретінде білім алушылардың сыни ойлау қабілетінің даму динамикасы мен әртүрлі мәтіндерді терең түсіну деңгейіне талдау жатады.

Әдістеме бөлімінің мазмұны ғылыми критерийлерге, атап айтқанда, сипатталатын әдістердің теориялық негізіне және іс жүзінде апробациядан (сынақтан) өтуіне сәйкес келуі тиіс. Мәтінмен жұмыс істеу технологиялары мектеп білім алушыларының функционалдық сауаттылығын дамытудың тиімді құралы ретінде қарастырылуы керек.

### **Практикада қолдану**

Бұл бөлім әдістеменің практикада қалай қолданылғанын баяндауға арналған. Автор әдістемені қолданудың нақты тәжірибесін (сабактарды, авторлық бағдарламаны, жобаларды немесе басқа білім беру іс-шараларын) іс жүзінде білім беру процесінде қалай жүзеге асырғанын жазуы керек. Әдістемені қолдану нәтижелерін талдап, оның тиімділігін бағалау қажет. Бұл бөлімде әдістемені қолданудың артықшылықтары мен кемшіліктерін де сипаттауға болады.

«Практикада қолдану» бөлімін жазу мысалы («Мәтін орыс тілі сабағында функционалдық сауаттылықты дамытудың негізгі тәсілі ретінде» атты мақаласы негізінде):

Аталған әдістеменің тәжірибелік жұмысы 2023-2024 оқу жылында Астана қаласының №127 мектеп-гимназиясының 7-сыныптарында сәтті жүзеге асырылды. Бастапқы диагностика (тестілеу) білім алушылардың функционалдық сауаттылық саласында айтарлықтай қындықтар барын анықтады. Бұл терең жұмыс жүргізу үшін негізгі бағыттарды айқындауға мүмкіндік берді.

Анықталған қындықтарды шешу үшін зерттеу (мақала) авторы 8-9 сабактан тұратын арнайы топтама (цикл) әзірледі, білім алушылар экология, мораль, тәрбие, еңбек т.б. тақырыптарға арналған және әртүрлі жанрдағы мәтіндерді зерделеп талдады. Қорытынды диагностика нәтижелері тұрақты оң динамиканы көрсетті: мәтінді түсіну 27%-ға жақсарды, мәтіннің көркемдік ерекшелігін, идеясы мен құрылымын талдау дағдысы 30%-ға өсті және мәтін стилін анықтау қабілеті де 30%-ға артты.

Бұл әдістемені қолдану нәтижесінде білім алушылардың пәнге деген қызығушылығы артып, аналитикалық ойлау қабілеті дамып, функционалдық сауаттылық дағдысы айтарлықтай өсті. Бұл деректер апробациядан өткен әдістеменің орыс тілін оқыту процесінде қолдану тиімді екенін дәлелдейді.

### **Ұсыныстар**

Бұл бөлімінде сынақтан өткен әдістемені оқу процесіне енгізу бойынша әріптес педагогтер мен көпшілік оқырмандар үшін ұсыныстар беріледі. Осы әдістемені қолдануға дайындық туралы кеңестерді, нәтижелерді бағалау әдістерін, әртүрлі оқу топтары мен контекстерге бейімдеуді, сондай-ақ басқа да практикалық ұсыныстарды жазуға болады.

## Қорытынды

Қорытынды – ғылыми мақаланың соңғы және өте маңызды бөлімі. Осы бөлімде мақалада көтерілген проблема туралы ойлар мен тұжырымдарға, әдістемелерге және олардың практикада қолданылуына қатысты жалпы қорытынды жасалады. Қорытынды қысқа, мазмұнды болуы тиіс және зерттеудің педагогтердің қызметі мен білім беру процесін дамыту үшін маңызын атап өтуі керек.

## Пайдаланылған дереккөздер тізімі

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі ГОСТ 7.5-98 және ГОСТ 7.1-2003 стандарттарына сәйкес ресімделеді. Барлық дәйексөздер түпнұсқа тілінде көрсетіледі. Мақалада келтірілген сілтемелер мен ескертпелер нөмірленіп, төртбұрышты жақшаға алынады.

«Алтынсарин академиясының хабаршысы» журналы редакциясының мақалаларды қарau тәртібі

Басылым поштасына түскен мақалалар тексерудің үш кезеңінен өтеді:

### **1-кезең – Бастапқы сараптама**

Бұл кезеңде мақала журналдың техникалық ресімделу талаптарына, құрылымына және тақырыптық бағытына сәйкестігіне тексеріледі. Аталған талаптарға сай келетін мақалалар екінші кезеңге өтеді. Бастапқы сараптамадан өткізу мерзімі – 12 жұмыс күні.

### **2-кезең – Плагиатты тексеру**

Редакция саясатына сәйкес бірінші кезеңнен өткен мақалалар міндепті түрде плагиатқа тексеріледі. Журнал редакциясы лицензиясы бар Плагиат бағдарламасын қолданады. Бұл бағдарлама жасанды интеллектпен кіріктірілген, сол себепті мақала жазуда ЖИ көмегіне жүгінбеген жән. Плагиатты тексеру нәтижелері туралы анықтама редакцияда сақталады. Мақаланың түпнұсқалығы (бірегейлігі) 60 пайыздан жоғары болуы тиіс. Осы көрсеткішке жетпеген мақалалар журналда жарияланбайды. Плагиат бойынша тексеруден сәтті өткен мақалалар үшінші кезеңге жіберіледі. Плагиатты тексеру мерзімі – 3 жұмыс күні.

### **3-кезең – Рецензиялау**

Алдыңғы кезеңдерден сәтті өткен мақалалар міндепті түрде сарапшылардың талдауына, яғни рецензиялауға жіберіледі. Рецензенті журнал редакциясы тағайындейді. Рецензиялауға журнал талаптарына сәйкес келетін және мәтін бірегейлігі 60%-дан асқан мақалалар ғана қабылданады. Мақаланы рецензиялау мерзімі – 14 жұмыс күні. Рецензент келесі үш шешімнің бірін қабылдайды: «мақаланы жариялауға ұсыну», «мақаланы қабылдамау» және «ескертүлерді жою және қайта рецензиялаудан кейін мақаланы қабылдау». Рецензенттің шешімі авторға

көрі байланыс түрінде хабарланады.

Мақаланы журналда жариялау туралы түпкілікті шешім редакциялық алқа отырысында қабылданады.

Педагогтерге зерттеу нәтижелерін және әдістемелік материалдарын Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының басылымдарында жариялау ұсынылады:

1. «Білім-Образование» ғылыми-педагогикалық журналы: <https://bilim-uba.kz/index.php/science>
2. «Алтынсарин академиясының хабаршысы» әдістемелік журналы: <https://www.uba.edu.kz/ru/vestnik-akademii-altynsarina>

## **БІЛІМ БЕРУ ЖОБАЛАРЫ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМЫТУДЫҢ ДРАЙВЕРЛЕРІ РЕТИНДЕ**

### **Үшөлшемді әдістемелік оқыту жүйесін енгізу жобасы**

Ұлытау облысы, Сәтбаев қаласында педагогика ғылымдарының докторы, профессор Ж.А. Қараев әзірлеген Үшөлшемді әдістемелік оқыту жүйесін (ҮӘОЖ) енгізу жобасы табысты жүзеге асырылуда. Жоба «Ustaz Ulytau» педагогикалық трансформация орталығының бастамасымен, «Қазақмыс» корпорациясы мен «The Ulytau Educational Foundation» қоғамдық қайырымдылық қорының қолдануымен іске асырылуда. 2021 жылдан бастап ҮӘОЖ Сәтбаев қаласындағы барлық 13 мектепте, сондай-ақ Жезқазған қаласының және Қарағанды облысының басқа да аймақтарындағы бірқатар мектептерде енгізілді. Бұл технологияны енгізу білім сапасын арттыруға және білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған.

ҮӘОЖ оқытудың деңгейлік саралануы, сынни ойлау және білім алушылардың дербес ізденис әрекеті қағидаттарына негізделген. Жүйе синектикалық бөліктен тұрады, онда оқу процесі командалық жұмыс түрінде белсененді әдістерді қолдану арқылы жүзеге асады, және әртүрлі күрделілік деңгейіндегі тапсырмаларды білім алушының дербес орындауына бағытталған жеке бөліктен тұрады. Мұндай тәсіл оқуға тұрақты ынта қалыптастыруға және білім алушылардың негізгі құзыреттерін дамытуға ықпал етеді.

## «Отпан»: Маңғыстау облысының тірек мектептерінің желісін құру» жобасы

Маңғыстау облысы орта білім беру үйімдарында білім сапасын көтеру мақсатында «Отпан»: Маңғыстау облысының тірек мектептерінің желісін құру» жобасы іске асырылуда.

Жоба Білім беру саласын тұрақты дамыту қорының, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру үйімінің, «Білім-инновация» халықаралық қоғамдық қорының және демеушілердің қолдауымен жүзеге асырылуда.

Жоба аясында мектептерді қажетті материалдық-техникалық базамен қамтамасыз ету, оқу кабинеттерін жабдықтау, мектептерге әдістемелік қолдау көрсету және педагогтердің біліктілігін арттыру жұмыстары жүргізілуде.

## «Мансап компасы» жобасы

Академия «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ-мен бірлесіп, білім алушыларға кәсіби бағдарлауды үйімдастыруға арналған инновациялық құрал – «Мансап компасы» цифрлық платформасын өзірлеу және енгізу жобасын іске асыруда. Бұл платформа 7-11-сынып білім алушыларына 400-ден астам сұранысқа ие мамандықтар туралы өзекті ақпаратқа қол жеткізуге, сондай-ақ кәсіби диагностикадан өтуге мүмкіндік береді. Мұның өзі болашақ мамандықты саналы таңдауға жол ашады.

Жоба аясында диагностикалық құралдарды бейімдеу және валидизациялау жүргізілуде. Соның ішінде білім алушылардың бөлгілі бір кәсіби бағыттарға бейімділігін анықтауға мүмкіндік беретін **Agile Work Profiler (AWP)** аналитикалық жүйесі қолданылады.

«Мансап компасы» платформасы **Enbek.kz** порталының әкожүйесіне кіріктірілген және еңбек нарығын, білім беру бағдарламаларын, бос жұмыс орындарын талдау үшін жасанды интеллект пен машиналық оқыту технологияларын қолданады. Пайдаланушылар қажетті дағдылар талаптарымен таныса алады, өнірлер бойынша жалақы мөлшерін салыстырып, өздерінің мансаптық траекторияларын жоспарлай алады.

Алдағы уақытта платформа қызметін кеңейту жоспарлануда. Атап айтқанда, жаңа мамандықтар мен білім беру бағдарламаларын қосу, әртурлі пайдаланушылар санаттарына арналған жеке кабинеттер енгізу арқылы ұсыныстардың даралануын арттыру және кәсіби бағдар жұмысының тиімділігін күшету көзделіп отыр.

## «Hello, Kazakhstan!» жобасы

«Hello, Kazakhstan!» жобасы – Қазақстан Республикасы аумағындағы білім алушылардың цифрлық және IT құзыреттерін дамытуға бағытталған маңызды бастама. Жобаның негізгі мақсаты – әрбір білім алушыны цифрлық сауаттылық пен заманауи IT дағдылары бойынша сапалы біліммен тегін қамтамасыз ету. Жоба іске

қосылған сәттен бастап 2000-нан астам білім алушы осы бағытта оқытудан өтті.

Жобаның ерекшелігі – оның мемлекеттік бюджет қаражатын тартусыз жүзеге асырылуы. Барлық іс-шаралар отандық IT-компаниялар мен салалық сарапшылардың белсенді қолдауы арқасында үйымдастырылып отыр. Олар өз білімдері мен тәжірибелерін өтеусіз негізде бөлісіп, бизнестің жоғары әлеуметтік жауапкершілігін көрсетуде.

Бастаманы кеңейту және білім берудің цифрлық трансформациясын тереңдешту мақсатында Академия халықаралық **Astana Hub** технопаркімен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Бұл серіктестік жоба аясында қосымша білім беруге бағытталған цифрлық білім беру платформасын бірлесе әзірлеуді қамти отырып, жаңа даму көкжиектерін ашады.

Жаңа платформа ақпараттық технологиялар, жасанды интеллект, геймдев және басқа да сұранысқа ие бағыттар бойынша өзекті онлайн курстарға қол жеткізу мүмкіндігін ұсынады. Платформаның мақсатты аудиториясы – мектеп білім алушылары, студенттер мен педагогтер. Бұл, өз кезегінде, түрфылықты мекенжайына қарамастан, баршаға заманауи білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, ынтымақтастық аясында білім беру жүйесін цифрлық трансформациялау бойынша бірлескен жұмыс жоспарланған. Оған әдістемелік материалдарды әзірлеу, педагогтердің біліктілігін арттыру және жаңа білім беру технологияларын енгізу кіреді.

**«Hello, Kazakhstan!»** жобасы мен оның Astana Hub-пен серіктестікте дамуы еліміздегі цифрлық білім беру экожүйесін қалыптастыруға және Қазақстанның цифрлық экономикасы үшін болашақ IT-мамандарды даярлауға елеулі үлес қосуда.

### Комьюнити-орталықты дамыту жобасы

Шығыс Қазақстан облысы Самар ауданына қарасты Құлыңжон ауылының «Мектеп-бөбекжай-балабақша кешені» жаңында, білім алушылардың және ауыл түрфындарының білімін, шығармашылығын және әлеуметтік белсенділігін дамытуға бағытталған социомәдени алаң ретінде комьюнити-орталықты дамыту жобасы іске асырылуда. Жоба Академияның ғылыми-әдістемелік жетекшілігімен жүзеге асырылып, әртүрлі жастағы түрфындарға арналған кең ауқымды бағдарламаларды қамтиды — тілдік курстар мен тұлғалық даму тренингтерінен бастап, қолөнерге қатысты шеберлік сабактары мен әлеуметтік бастамаларға дейін.

Мектеп жаңындағы комьюнити-орталық ата-аналар мен жергілікті қауымдастықты білім беру процесіне тартудың маңызды құралына айналды. Орталық ұрпақтар арасындағы байланысты нығайтуға, ауыл түрфындарының еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және мәдени дәстүрлерді сақтауға ықпал етеді.

Жұық арада Құлышқон ауылындағы мектеп аумағында спорт алаңын және пансионат салу жоспарлануда. Бұл мектепті көршілес ауылдардан келетін білім алушыларды қабылдай алатын толыққанды білім беру кешеніне айналдырып, сапалы білімге қолжетімділікті көңейтеді.



## АТАУЛЫ КҮНДЕР

- Қазақтың ұлы ақыны, ағартушы, саяси қайраткер Абай (Ибраһим) Құнанбаевтың туғанына 180 жыл (1845-1904).
- Жазушы, қоғам қайраткері, Кеңес Одағының батыры Мәлік Ғабдуллиннің туғанына 110 жыл (1915-1973).
- Қазақтың тұңғыш романының авторы, ақын, публицист, мәдениет және қоғам қайраткері Міржақып Дулатовтың туғанына 140 жыл (1885-1935).
- Жазушы, қазақ балалар әдебиетінің негізін салушы Сапарғали Үсқақұлы Бегалиннің туғанына 130 жыл (1895-1983).
- Көрнекті ағартушы, тарихшы, публицист, лингвист, географ, музыка зерттеуші, археолог, этнограф Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың туғанына 190 жыл (1835–1865).
- Халық қаһарманы, жазушы Бауыржан Момышұлының туғанына 115 жыл (1910-1982).
- Қазақ поэзиясының алдыбы, ақын, ұлы жыршы Жамбыл Жабаевтың туғанына 180 жыл (1846-1945).
- Қоғам және мемлекет қайраткері, Алаш қозғалысының жетекшісі Әлихан Нұрмұхамедұлы Бекейхановтың туғанына 160 жыл (1866-1937).
- Педагог, қоғам қайраткері Ахмет Қуанұлы Жұбановтың туғанына 120 жыл (1906-1968).

**1-қосымша****Оқу пәндерінен бөлім бойынша жиынтық бағалау сандары**

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгерімінде ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізу-дің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығы (өзгерістер ҚР БФМ 2022 жылғы 12 мамырдағы №93 бұйрығымен енгізілген) негізінде жүргізіледі.

Әрі қарай Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес оқу пәндерінен өткізілетін бөлім бойынша жиынтық бағалау саны кестелерде берілген.

**1-кесте. «Қазақ тілі» оқу пәнінен бөлім бойынша жиынтық бағалау жұмыстарының саны**

Сынып	Үлгілік оқу жоспары бойынша			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
2	2	2	2	2
3	2	2	2	2
4	2	2	2	2

**2-кесте. «Әдебиеттік оқу» оқу пәнінен бөлім бойынша жиынтық бағалау жұмыстарының саны**

Сынып	Үлгілік оқу жоспары бойынша			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
2	2	2	2	2
3	2	2	2	2
4	2	2	2	2

**3-кесте. «Математика» оқу пәнінен бөлім бойынша жиынтық бағалау жұмыстарының саны**

Сынып	Үлгілік оқу жоспары бойынша			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
2	2	3	3	3
3	3	3	3	3
4	3	3	3	3

4-кесте. «Жаратылыстану» оқу пәнінен бөлім бойынша жиынтық бағалау жұмыстарының саны

Сынып	Үлгілік оқу жоспары бойынша			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
2	1	1	1	1
3	2	2	2	2
4	2	2	2	2

5-кесте. «Дүниетану» оқу пәнінен бөлім бойынша жиынтық бағалау жұмыстарының саны

Сынып	Үлгілік оқу жоспары бойынша			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
2	1	1	1	1
3	1	1	1	1
4	1	1	1	1

6-кесте. «Қазақ тілі» оқу пәнінен бөлім бойынша жиынтық бағалау жұмыстарының саны

11 (КГБ)	Қазақ тілі	2	2	2	2	2	2	2	2
11(ЖМБ)	Қазақ тілі	2	2	2	2	2	2	2	2

**7-кесте. 5-11-сыныптарда «Қазақ әдебиеті» оқу пәнінен бөлім бойынша жиынтық бағалау жұмыстарының саны**

Сынып	Үлгілік оқу жоспары бойынша			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
5	2	2	2	2
6	2	2	2	2
7	2	2	2	2
8	2	2	2	2
9	2	2	2	2
10	2	2	2	2
11	2	2	2	2
Сынып	Оқу жүктемесі төмендетілген Үлгілік оқу жоспары бойынша			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
5	2	2	2	2
6	2	2	2	2
7	2	2	2	2
8	2	2	2	2
9	2	2	2	2
10	2	2	2	2
11	2	2	2	2

**8-кесте. «Қазақ тілі мен әдебиеті» оқу пәнінен бөлім бойынша жиынтық бағалау жұмыстарының саны**

Сынып	Үлгілік оқу жоспары бойынша			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
5	2	2	2	2
6	2	2	2	2
7	2	2	2	2
8	2	2	2	2
9	2	2	2	2
10	2	2	2	2

11	2	2	2	2
----	---	---	---	---

**9-кесте. «Русский язык и литература» оқу пәнінен (оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыйыптарда) бөлім бойынша жиынтық бағалау жұмыстарының саны**

Сынып	Үлгілік оқу жоспары бойынша			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
5	2	2	2	2
6	2	2	2	2
7	2	2	2	2
8	2	2	2	2
9	2	2	2	2
10	2	2	2	2
11	2	2	2	2

**10-кесте. «Шетел тілі» оқу пәнінен бөлім бойынша жиынтық бағалау саны**

Сынып	Үлгілік оқу жоспары бойынша			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
3	2	2	2	2
4	2	2	2	2
5	2	2	2	2
6	2	2	2	2
7	2	2	2	2
8	2	2	2	2
9	2	2	2	2
10	2	2	2	2
11	2	2	2	2

**11-кесте. «Математика», «Алгебра», «Алгебра және анализ бастамалары» және «Геометрия» оқу пәндерінен бөлім бойынша жиынтық бағалау жұмыстарының саны**

Үлгілік оқу жоспары бойынша					
		1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
5	Математика	3	2	3	2
6	Математика	2	2	3	3
		Үлгілік оқу жоспары бойынша (төмендетілген оқу жүктемесімен)			
		1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан

5	Математика	3	2	3	2
6	Математика	2	2	3	3
<b>Үлгілік оқу жоспары бойынша</b>					
		1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
7	Алгебра	2	2	2	1
8	Алгебра	1	2	3	1
9	Алгебра	2	2	2	2
<b>Үлгілік оқу жоспары бойынша (төмендетілген оқу жүктемесімен)</b>					
		1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
7	Алгебра	2	2	2	1
8	Алгебра	1	2	3	1
9	Алгебра	2	2	2	2
1-тоқсан	<b>Үлгілік оқу жоспары бойынша</b>				
		2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан	
7	Геометрия	1	1	1	1
8	Геометрия	1	1	1	1
9	Геометрия	1	1	1	1
<b>Үлгілік оқу жоспары бойынша (төмендетілген оқу жүктемесімен)</b>					
		1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
7	Геометрия	1	1	1	1
8	Геометрия	1	1	1	1
9	Геометрия	1	1	1	1
<b>Үлгілік оқу жоспары бойынша</b>					
		1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
10 ЖМБ	Алгебра және анализ бастамалары	3	3	3	2
10 ҚГБ	Алгебра және анализ бастамалары	2	2	2	1
10 ЖМБ	Геометрия	1	1	2	1
10 ҚГБ	Геометрия	1	1	2	1
<b>Үлгілік оқу жоспары бойынша (төмендетілген оқу жүктемесімен)</b>					
		1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан

10 ЖМБ	Алгебра және анализ бастамалары	3	3	3	2
10 ҚГБ	Алгебра және анализ бастамалары	2	2	2	1
10 ЖМБ	Геометрия	1	1	2	1
10 ҚГБ	Геометрия	1	1	2	1
<b>Ұлттық оқу жоспары бойынша</b>					
		1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
11 ЖМБ	Алгебра және анализ бастамалары	2	2	3	1
11 ҚГБ	Алгебра және анализ бастамалары	1	2	2	1
11 ЖМБ	Геометрия	1	1	1	1
11 ҚГБ	Геометрия	1	1	1	1
<b>Ұлттық оқу жоспары бойынша (төмендегілген оқу жүктемесімен)</b>					
		1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
11 ЖМБ	Алгебра және анализ бастамалары	2	2	3	1
11 ҚГБ	Алгебра және анализ бастамалары	1	2	2	1
11 ЖМБ	Геометрия	1	1	1	1
11 ҚГБ	Геометрия	1	1	1	1

**12-кесте. «Информатика» оқу пәнінен бөлім бойынша жиынтық бағалау жұмыстарының саны**

Сынып	Үлгілік оқу жоспары бойынша			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
5	1	1	2	1
6	1	1	1	1
7	2	1	1	1
8	2	1	1	1
9	2	1	1	1
10 (КГБ)	2	1	1	1
11 (КГБ)	1	1	2	1
10 (ЖМБ)	2	1	1	1
11 (ЖМБ)	1	2	2	1

13-кесте. «Жаратылыстану оқу пәнінен бөлім бойынша жиынтық бағалау жұмыстарының саны

Сынып	Үлгілік оқу жоспары бойынша			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
5	2	1	2	2
6	2	1	2	2

14-кесте. «Физика» оқу пәнінен бөлім бойынша жиынтық бағалау жұмыстарының саны

Сынып	Үлгілік оқу жоспары бойынша			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
7	2	2	2	2
8	2	2	2	1
9	2	2	2	2
10 (ЖМБ)	3	3	3	2
10 (КГБ)	2	2	2	2
11 (ЖМБ)	2	2	2	2
11 (КГБ)	2	2	2	1
Сынып	Үлгілік оқу жоспары бойынша (төмендегілген оқу жүктемесімен)			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
7	2	2	2	2
8	2	2	2	1
9	2	2	2	2
10 (ЖМБ)	3	3	3	2

10 (ҚГБ)	2	2	2	2
11 (ЖМБ)	2	3	3	2
11 (ҚГБ)	2	2	2	1

**15-кесте. «Химия» оқу пәнінен бөлім бойынша жиынтық бағалау жұмыстарының саны**

Сынып	Үлгілік оқу жоспары бойынша			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
7	2	2	2	2
8	3	3	3	3
9	3	3	2	3
10 (ЖМБ)	3	2	3	3
10 (ҚГБ)	3	3	3	2
11 (ЖМБ)	3	3	3	3
11 (ҚГБ)	2	1	2	2
Сынып	Үлгілік оқу жоспары бойынша (төмендетілген оқу жүктемесімен)			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
7	2	2	2	2
8	3	3	3	3
9	3	3	2	3
10 (ЖМБ)	3	3	3	3
10 (ҚГБ)	3	3	3	2
11 (ЖМБ)	2	3	3	3
11 (ҚГБ)	2	1	2	2

**16-кесте. «Биология» оқу пәнінен бөлім бойынша жиынтық бағалау жұмыстарының саны**

Сынып	Үлгілік оқу жоспары бойынша			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
7	3	3	3	3
8	3	2	3	3
9	3	3	3	3
10 (ЖМБ)	2	3	3	3
10 (ҚГБ)	2	2	2	2
11 (ЖМБ)	2	3	3	3

11 (ҚГБ)	2	2	2	2
<b>Сынып</b>	<b>Үлгілік оқу жоспары бойынша (төмендетілген оқу жүктемесімен)</b>			
7	3	3	3	3
8	3	2	3	3
9	3	3	3	3
10 (ЖМБ)	2	3	3	3
10 (ҚГБ)	2	3	3	3
11 (ЖМБ)	3	3	3	2
11 (ҚГБ)	2	3	3	3

**17-кесте. «География» оқу пәнінен бөлім бойынша жиынтық бағалау жұмыстарының саны**

Сынып	Үлгілік оқу жоспары бойынша			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
7	3	2	3	3
8	3	3	3	2
9	3	2	3	3
10 (ЖМБ)	3	1	2	2
10 (ҚГБ)	2	1	2	2
11 (ЖМБ)	3	1	2	2
11 (ҚГБ)	2	1	2	2
<b>Үлгілік оқу жоспары бойынша (төмендетілген оқу жүктемесімен)</b>				
7	2	2	2	2
8	2	2	2	2
9	2	2	2	2
10 (ЖМБ)	3	1	2	2
10 (ҚГБ)	2	1	2	2
11 (ЖМБ)	3	1	2	2
11 (ҚГБ)	2	1	2	2

**18-кесте. «Қазақстан тарихы» пәні бойынша жиынтық бағалау жұмыстарының саны**

<b>Сынып</b>	<b>Үлгілік оқу жоспары бойынша</b>			
	<b>1-тоқсан</b>	<b>2-тоқсан</b>	<b>3-тоқсан</b>	<b>4-тоқсан</b>
5	1	2	2	3
6	1	1	3	2
7	2	2	3	1
8	1	1	2	2
9	2	2	2	2
10 (ЖМБ)	1	1	1	1
10 (ҚГБ)	1	1	1	1
11 (ЖМБ)	1	1	1	1
11 (ҚГБ)	1	1	1	1
<b>Үлгілік оқу жоспары бойынша (төмендетілген оқу жүктемесімен)</b>				
5	1	2	2	3
6	1	1	3	2
7	2	2	2	1
8	1	1	2	2
9	2	2	2	2
10 (ЖМБ)	1	1	1	1
10 (ҚГБ)	1	1	1	1
11 (ЖМБ)	1	1	1	1
11 (ҚГБ)	1	1	1	1

**19-кесте. «Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша жиынтық бағалау жұмыстарының саны**

<b>Сынып</b>	<b>Үлгілік оқу жоспары бойынша</b>			
	<b>1-тоқсан</b>	<b>2-тоқсан</b>	<b>1-тоқсан</b>	<b>4-тоқсан</b>
5	2	2	2	2
6	2	2	2	2
7	2	2	2	2
8	2	2	2	2
9	2	2	2	2
10 (ЖМБ)	1	1	1	1
10 (ҚГБ)	1	1	1	1
11 (ЖМБ)	1	1	1	1
11 (ҚГБ)	1	1	1	1

	Үлгілік оқу жоспары бойынша (төмендетілген оқу жүктемесімен)				
5	2	2	2	2	2
6	2	2	2	2	2
7	2	2	2	2	2
8	2	2	2	2	2
9	2	2	2	2	2
10 (ЖМБ)	1	1	1	1	1
10 (ҚГБ)	1	1	1	1	1
11 (ЖМБ)	1	1	1	1	1
11 (ҚГБ)	1	1	1	1	1

20-кесте. «Құқық негіздері» пәні бойынша жиынтық бағалау жұмыстарының саны

Сынып	Үлгілік оқу жоспары бойынша			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
9	1	1	1	1
10 (ҚГБ)	1	1	1	2
11 (ҚГБ)	1	1	1	2
10 (ЖМБ)	1	1	1	2
11(ЖМБ)	1	1	1	2

Сынып	Үлгілік оқу жоспары бойынша (төмендетілген оқу жүктемесімен)			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
9	1	1	1	1
10 (ҚГБ)	1	1	1	2
11 (ҚГБ)	1	1	1	2
10 (ЖМБ)	1	1	1	2
11 (ЖМБ)	1	1	1	2

